

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

Л.С. Динашева
М.С. Исаев
Б.Т. Ортаев

**«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІНІҢ ОҚЫТУ
ӘДІСТЕМЕСІН АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ
ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ
ДАМУ**

Монография

Алматы, 2025

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)
Қ 18

*Монография Халықаралық туризм және меймандостық университеті
Ғылыми кеңес мәжілісінің 26.09.2025 жылғы №2 хаттамасы негізінде
баспаға ұсынылды.*

Пікір жазғандар:

Түрсүн Хазретәлі Маханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
Альжанова Эльмира Есіркепқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Халықаралық туризм және меймандостық университеті.

Динашева Л.С., Исаев М.С., Ортаев Б.Т.

Қ 18 «Қазақстан тарихы» пәнінің оқыту әдістемесін ақпараттық және цифрлық технологиялар арқылы дамыту: монография. – Алматы: Асыл ЖК, 2025. – 264 бет.

ISBN 978-601-12-4852-5

Монографияда «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту үдерісінде ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың теориялық-әдіснамалық негіздері, оларды пайдалануда туындайтын өзекті мәселелер мен қазіргі жағдайы жан-жақты талданған. Сондай-ақ, бұл технологиялардың білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, танымдық белсенділігін дамытуға ықпал ететін мүмкіндіктері қарастырылған. Жоғары оқу орындарында оқытылатын «Қазақстан тарихы» пәнін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқыту үдерісінің мақсаты мен мазмұны, әдіс-тәсілдері, құралдары жаңа қырынан талданып, әдістемелік жүйесі жасалынған және тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелері мен ұсыныстары берілген.

Монография жоғары оқу орындары «Гуманитарлық пәндер (тарих) мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы білім алушылары мен оқытушыларына, тарихшы мамандарға, мектеп ұстаздарына, оқушыларға және қалың оқырман қауымға арналған.

Монография Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен «Болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дамыту» (ЖТН: АР19679946) тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасы аясында орындалды.

**ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5Қаз)**

ISBN 978-601-12-4852-5

© Динашева Л.С., Исаев М.С., Ортаев Б.Т., 2025

КІРІСПЕ

XXI ғасырдың алғашқы жартысында адамзат өмірінің барлық саласында ақпараттық және цифрлық технологиялардың белсенді пайдаланылуынан тұратын ақпараттық революция орын алды. Интернетті, әлеуметтік желілерді халықтың жаппай пайдалануы, жасанды интеллектінің дамуы адамзат қоғамының қазіргі іс-әрекетінің ажырамас бөлігіне айналды. Білім беру саласы да осы ақпараттық революциядан тыс қала алмады. Оқу пәндерін оқытудың ескі консервативті әдістері жас ұрпақ үшін тек қызықсыз ғана емес, сонымен қатар, түсініксіз болатын жағдайға жете бастады. Сондықтан, теориялық пән саналатын тарихты оқытудың өзі ақпараттық және цифрлық технология құралдарын белсенді пайдаланбай туындаған мәселелерді айналып өте алмайтындығы белгілі болды. Осы орайда, Қазақстан тарихын кеңінен таныту, ақпараттық және цифрлық технологияларды ендіру бағытында біршама жұмыстар жасалды. Тарихи археологиялық жәдігерлер, ескерткіштер, карталар, архив құжаттары мен ғылыми материалдарды, тест сұрақтарын қамтитын көптеген электронды, цифрлық интернет базалары жұмыс істеп тұр. Дегенмен, оларды еліміздің жоғары оқу орындарында ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен Қазақстан тарихын оқыту барысында пайдалану проблемалары бойынша арнайы зерттеулер жүргізілмеді. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінде ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдану оқу үдерісін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі болып отыр. «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда инновациялық технологияларды пайдалану білім алушылардың тарихи санасын қалыптастыруға, танымдық белсенділігін арттыруға және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл зерттеу тақырыбымыздың сөзсіз өзекті екендігін аңғартады.

Тәуелсіз елімізде өткен тарихымызды түбегейлі зерделеп, тарихи сананы қалыптастыру мақсатында Отандық тарих ғылымының мазмұны бірнеше мемлекеттік бағдарламалар негізінде айтарлықтай толықты. Жинақталған бай мұрасы бар тарихымызды болашақ

ұрпаққа жеткізу міндеті әрдайым алдыңғы орынға қойылуда. Оларға «Білім туралы» заңында, «Қазақстан Республикасында тарихи санның қалыптастыру» тұжырымдамасында, «Қазақстандықтарды елжандылыққа тәрбиелеу жөніндегі» бағдарламасында айрықша көңіл бөлінген. Сонымен қатар, ҚР Президенті Қ.-Ж.К. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында Қазақстанның тарихын әрбір ел азаматының жетік білуін [1] ерекше атап көрсетті. Сондықтан, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық маңызына байланысты «Қазақстан тарихын» оқытудың орны ерекше. Өйткені, кез-келген мемлекеттің азаматы өз елінің, мемлекетінің, сол мемлекетті мекендеп отырған халықтың тарихын білуге міндетті. Бұл оның өз халқын, елінің тарихын, мәдениетін сүйе білуге үйретеді. Осы жағдайлар Қазақстан тарихын мектепте, мамандық беретін оқу орындарында оқытуды ғылыми-әдістемелік жағынан жаңа деңгейге көтеруді қажет етеді.

Қазақстан Республикасында Жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік тұжырымдамасы мен оны іске асырудың іс-қимыл жоспарында да мұғалім даярлығы мәселесіне айрықша назар аударылып, «цифрлық технологиялардың қазіргі заманның ажырамас бөлігіне айналып, жоғары білім беруді табысты іске асырудағы әлеуетінің зор» [2] екендігі де айрықша атап көрсетілген.

Болашақ жастарға Қазақстан тарихы пәнін оқыту және соның негізінде патриотизмге, құндылықтарға баулу тарих мұғалімдерінен осы қасиеттердің өздерінде болуын және тарих пәні бойынша білімі терең болуын талап етеді. Бұл болашақ тарих мұғалімдеріне Қазақстан тарихын оқыту әдістемесін, ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы патриотизмін, белсенділігін, танымдық дағдыларын қалыптастыруды зерттеудің көкейкестілігін арттыра түседі. Дегенмен, болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда ақпараттық-коммуникациялық, цифрлық технологияларды пайдалану арқылы жеке пәндерді оқыту әдістемесі бір жүйеге түспей, жеке-леген ұсыныстар деңгейінде қалыптасып отыр.

Қазақстан тарихының ғылыми мазмұнын дамытуға және жоғары оқу орындары мен мектеп бағдарламаларына сәйкес оқулықтар мен оқу құралдарының пәндік мазмұнын жетілдіруге ғалымдар С. Аспендияров [3], Е. Бекмаханов, Н. Бекмаханова [4], М. Қозыбаев [5], Ж. Қасымбаев [6], К. Нұрпейіс [7], М. Қойгелдиев [8], Т. Омарбеков

[9], Б. Аяған [10], К. Байпақов [11], Қ. Алдажұманов [12], Б.Е. Көмеков [13], К.А. Пишулина [14], С. Жолдасбаев [15], З. Қабулдинов [16], Ж.К. Таймағамбетов [17] т.б. еңбектерін арнады. Аталған ғалымдар еңбектерінің ғылыми құндылығы, практикалылығы және білім беру мен оқытудың теориясы бойынша ғылыми зерттеулер негізінде жазылуы зерттеуіміздің теориялық-әдіснамалық алғышарттары ретінде ЖОО-да Қазақстан тарихы мазмұнын анықтауға бағдар береді.

Білім беру үдерісінде ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы болашақ мұғалімдерді даярлаудың педагогикалық қырларын, білім беру сапасын дамыту бойынша Ж.А. Қараев [18], Е.Б. Бидайбеков [19], А.Е. Карымсакова [20], С.М. Кеңесбаев [21], Л.П. Әбішева [22], Г.Ж. Ниязова [23], А.М. Жұмабаева [24], А.К. Мынбаева [25] еңбектерінде қарастырған.

Қоғамның сұранысына сай талаптарды орындай алатын болашақ мұғалімдерді оқыту ісі өзекті іс болып отыр. Сондықтан қазіргі күнге дейін жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдері, оқыту құралдары, оқытудың жаңа технологиялары зерттелуде. Өзгермелі қоғамда білім беру саласындағы жетістіктер – ақпараттандыру, цифрландыру бағытының дамуымен ұштасады. Түрлі жағдайларда өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндігі жеткілікті, мәселені жылдам шешу жолын таба білетін, патриот, елінің тарихы мен тәуелсіздіктің бағасын түсінетін, дамыған қоғамның талаптарын орындауда кездескен қиыншылықтарды жеңіл шеше алатын тұлға қалыптастыруда білімді ақпараттандыру, цифрландыру ерекше орын алады. Бұл қасиеттерді қалыптастыруда тарихты оқытудың маңыздылығы жоғары. Жалпы алғанда, тарих ғылымы өткенді зерттей отырып, сабақ алуды және болашақ ұрпаққа жеткізуді мақсат етеді.

Тарихты оқытудың әдістемелік негіздеріне арналған әдіскер-ғалымдар Ф.П. Коровкин [26], А.А. Вагин [27], П.С. Лейбенгруб [28], Н.Г. Дайри [29], М.Т. Студеникин [30], Е.Е. Вяземский [31], О.Ю. Стрелова [32], Т. Тұрлығұлов [33], Б.Әбдіғұлова [34], Г.А. Аужанова [35], Б. Сәрсекеев [36], Б.Т. Берлібаев [37], А.Ш. Жұрасова [38], Ф.Н. Doppen [39], Р. Hillis [40], S. Lévesque [41], J.A. Taylor, M.Duran [42] және т.б. еңбектерінде тарихты оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған зерттеулер жүргізді.

Қазіргі таңда ақпараттық және цифрлық технологияларды тарихты оқытуда пайдалануға байланысты жүргізілген біршама зерт-

теулерді көрсетуге болады. Шетелдік ғалымдар Ю.М.Корниенко тарих мамандығы студенттерін кәсіби даярлауда интернет-технологияларды пайдалануды [43], И.Х. Өзтүрк тарихты оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолданылуын [44], И.Х. Демиржиоғлу мен И. Туран тарихты оқытуда пайдалануға болатын ақпараттық технологияларды, ұғымын, мақсатын [45], А. Мартин, Л. Смарт, Д. Йоманс ақпараттық технологиялардың тарихты оқыту мен білім алушылардың өз бетінше оқуын қалай өзгертетінін [46], Т.М. Келли цифрлық дәуірде тарихты оқытуда ақпараттық және сандық технологияларды практикалық қолдану мен теориялық талқылаулар арасындағы мәселелерді [47], Т. Гайдн тарихты оқытуды жетілдіру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдаланудың нақты стратегияларын [48], Д. Канту мен В. Уоррен цифрлық технологияларды тарихты және әлеуметтік ғылымдар білімдерімен интеграциялауды және мұғалімнің сыныпта табысқа жетуіне қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыруын [49] қарастырды.

Елімізде Қазақстан тарихын оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалануды зерттеген отандық ғалымдар Г.Ж. Азимбаева Қазақстан тарихынан білім сапасы мен білікті жетілдірудегі жаңа технологияларды [50], Г.А. Қырғызхан мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытуда цифрлық технологияларды пайдаланудың теориялық және практикалық мәселелерін [51] зерттеді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау білім алушылардың белсенділігі мен қызығушылығы мәселесін зерттеуге Ю.К. Бабанский [52], Г.С. Абрамов [53], Л.С. Выготский [54], П.Я. Гальперин [55], Б.С. Блум [56], П.И. Пидкасистый [57], С. Рубинштейн [58], М.Н. Скаткин [59], Н.Ф. Талызина [60], Г.И. Щукина [61] және т.б. қарастырды.

Бұл зерттеулердің негізінде алынған нәтижелердің құндылығына қарамастан білім алушылардың тарихты, оның ішінде Қазақстан тарихын оқыту барысындағы танымдық қызығушылығын ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дамыту жеткілікті қарастырылмағандығын көруге болады. Ақпараттық және цифрлық технологияларды болашақ тарих мұғалімдерінің тарихты оқуға қызығушылықтарын қалыптастыру үшін пайдаланудың және инновациялық-әдістемелік технологиялардың және ақпараттық

және цифрлық құралдардың қажеттілігі мен болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқыту, оның әдістемелік жүйесі бойынша ғылыми зерттеулердің жеткіліксіздігі арасында қарама қайшылық туындап отыр. Аталған қарама-қайшылықтардың шешімін зерттеу монография тақырыбын «Қазақстан тарихы» пәнін ақпараттық және цифрлық технологиялармен оқыту әдістемесі» деп таңдап алуымызға негіз болды.

Зерттеуіміздің мақсаты Халықаралық білім беру бағдарламаларының жаңа талаптары мен ҚР білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын негізге ала отырып, болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқытудың әдістемелік жүйесін жасау негізінде дамыту.

Ғылыми зерттеудің болжамы: Егер, болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесін дамытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың теориялық негіздерін анықтап, оқыту формасының кез келген түрінде ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланумен әдістемесін дамытып, тарихты оқыту әдіс-тәсілдерін зерттеп, оқу-әдістемелік кешен материалдарын қамтитын құралдар мен ақпараттық және цифрлық бағдарламаларды жасап пайдалансақ, онда болашақ тарих мұғалімдерінің пәнге қызығушылығы, өзіндік жұмыс жасауы артады, патриотизмі қалыптасады, білім беру сапасы мен шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал етеді. Практикалық сабақтарда белсенділігі артып, танымдық дағдылары дамиды.

Ғылыми зерттеудің мақсатына және жасалған болжамға сәйкес зерттеудің келесідей міндеттері анықталды.

1. Тарихты оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың мәселелері мен қазіргі жағдайын айқындау;

2. Тарихты оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың маңызы мен ерекшеліктерін анықтау;

3. Білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, зерттеушілік дағдыларын дамытудағы цифрлық әдістердің маңыздылығын айқындау;

4. Болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқы-

тудың әдістемелік жүйесін жасау, дидактикалық және ұйымдастырушылық негіздерін анықтау;

5. «Қазақстан тарихы» пәнін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқыту әдістемелік жүйесінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік зерттеуде тексеру.

Теориялық мәнділігі: «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуға арналған ақпараттық-цифрлық технологияларды кешенді қолдану тәсілдерін жүйелеу және әдістемелік ұсыныстар беру.

Практикалық маңыздылығы: ұсынылған әдістемелер жоғары оқу орындары мен мектептердегі оқу үдерісінде тиімді қолданылып, оқытушыларға оқу сапасын арттыруға қолдау көрсетеді.

Монографияда жүйелілік, прагматикалық, ғылыми және эмпирикалық тұғырлар мен тәсілдер басымдыққа алынды. Зерттеудің жүйелілігі, прагматикалық (алға қойлған мақсат-міндеттерге жету стратегиясын жасау және жоспарлау), ғылымилығы мен эмпирикалығы тарихты оқыту, жиналған мәліметтерді талдау, зерттеу жүргізу тәжірибесіне негізделді. Монографияның мақсатына сәйкес «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дамыту бағытында оқу-тәрбие үдерісіне бағытталған оқыту құралдарының біртұтас жүйесін құру және қойылған міндеттерді шешу үшін тарихты оқыту әдістері мен ақпараттық-цифрлық технологияларды пайдалану бойынша оқу және теориялық әдебиеттерді сыни талдау; педагогикалық эксперимент теориясы; ЖОО-да болашақ тарих мұғалімдерінің оқу процесін ұйымдастық бақылау; ғылыми-педагогикалық жағдайларды қорытатын әзірлемелерді жасау әдістемесі, оларды тәжірибелік оқытуда қолдану, оқытушылар мен білім алушылар арасында әдістемелік сауалнама жүргізу және әңгімелесу; эксперименттік деректерді сандық және сапалық талдау әдістері қолданылды. Аталған әдістермен зерттеу жұмысын жүргізу, монографияны сәтті аяқтауға негіз болды. Зерттеудің барлық әдістері әдістемелік ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқыту бойынша әдебиеттер мен құралдарға негізделген. Сонымен қатар, Болон келісімінің қағидалары, оқытудың құзыретті тұжырымдамасы назарға алынды.

Монографиялық зерттеу нәтижесі бойынша болашақ тарих мұғалімдеріне арналған «Қазақстан тарихы» атты оқулық және электронды оқу құралы оқу үдерісіне енгізілді. Білім беруді оң-

тайландыруға бағытталған оқулықта кіріспе, Қазақстан тарихы бойынша әр тақырыпқа қажетті дәрістік мәтіндер, бақылау сұрақтары, әдістемелік практикалық сұрақтар, тестілер, өзіндік жұмыс тақырыптары, мемлекеттік емтихан сұрақтары, глоссарий, хронологиялық көрсеткіш, видеодәрістер, сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта пайдаланып талдауға ұсынылатын фильмдер, еліміздегі музейлер мен тарихи-мәдени ескерткіштерге виртуалды түрде тур жасауға болатын сілтемелер, әдебиеттер тізімі берілді.

Ғылыми тәжірибелік-эксперимент жүргізу барысында пайдаланылған оқулық пен электронды оқу құралы Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы тарауы Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы және ежелгі металлургия кезеңіндегі көшпелілер өркениеті, Атқа міну мәдениетінің генезисі, Түркі өркениеті және Ұлы дала тарауы Монғол кезеңіне дейінгі Орталық Азиядағы түркі тілдес этностардың этномәдени интеграциясы кезеңдері, Ұлы Дала Алтын Орда кезеңінде (XIII-XV ғғ.), Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығы (XV ғ. – XVIII ғ. басы), Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII ғ. – XX ғ. басы) тарауы XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының саяси жағдайы. Қазақстандағы отарлық дәуірдің басталуы, Қазақстанда Ресейдің әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі (XVIII ғасырдың соңғы ширегі – XX ғ. басы), Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы халық-азаттық күресі, «Алаш» қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясы, Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарауы Қазақстан Қазан төңкерісі және кеңес үкіметінің орнауы кезеңінде, Мемлекеттік құрылыстың кеңестік үлгісінің іске асырылуы, XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен салдары, Тәуелсіз Қазақстан тарауы Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік құрылысы, Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси және рухани дамуы, Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты тақырыптарын қамтыды. Әрбір тақырып мәтінінің соңына дәрісті бекітуге арналған әртүрлі күрделілік деңгейдегі бақылау сұрақтары әзірленіп берілді. Ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесін дамыту мақсатында ұсынылған оқулықтың компьютер, ноутбук, планшет, телефон, интерактивті тақта арқылы пайдалануға болатын (адаптацияланған) электронды нұсқасы да әзірленді.

Монографияның тәжірибелік-эксперимент бөлімінде пайдаланылған электронды оқулыққа әрбір тақырыпқа дәрістік слайд әзірленді және видеодәріс түсіріліп сабақ барысында қолдануға ыңғайлы етіп батырмалармен орналастырылды. Тақырыптар бойынша орналастырылған видеодәріс пен слайдтардағы сызбалар, фотосуреттер, карталар, диаграммалар, тарихи құжаттар және тағы басқа тарихи материалдар тарихты оқытуды едәуір жеңілдетеді, әрі көрнекі етеді, әрі мәліметтерді есте сақтауға мүмкіншілік береді. Электронды оқулықтың көптеген материалды қамту мүмкіндігіне сәйкес фильмдер тізімі мен оны көруге ыңғайлы етіп батырма орналастырылды. Фильмдер білім алушылар үшін жоғары мотивациялық әлеуетке және біліктілік беретін күшке ие. Оқу материалын дыбыс арқылы меңгерту мен ойды бір нүктеге жинақтау, назарды аударту үшін де таптырмас құрал. Ұсынылып отырған тақырып бойынша бейнелер тізбегі, әдетте, білім алушының зейінін ұзақ уақыт аудартады және сол мәселе бойынша ойландырады. Тәрбиелік және педагогикалық мақсатта бейне материалдарды пайдалану білім алушының тұлғасы мен жоғары психикалық қызметтеріне әсер етудің бір тәсілі болып табылады. Сондықтан, фильмдер белгілі бір тақырып бойынша білім алушының белсенді тұлғалық қатынасын, сана-сезімінің рефлексиясы мен жетілуін қалыптастырушы жаңа мүмкіндік деуге де болады. Осыған орай, оқулықта фильммен байланысты сұрақтар қамтылған жұмыс парағы әзірленіп қосымша ретінде ұсынылды. Электронды оқулықтың қосымшасында әрбір тақырып бойынша дәрісті бекітуге арналған әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмаларды (сұрақтарды) білім алушы өз бетінше компьютер, ноутбук, планшет, мобильді телефон, интерактивті такта бетінде орындауға мүмкіндік жасалды. Сондай-ақ, әрбір тақырып бойынша практикалық сабақтарға арналған әртүрлі күрделілік деңгейдегі сұрақтарда аудио, бейне, иллюстрациялық ауызша және жазбаша жаттығулар қамтылды. Практикалық сұрақтарда білім алушылардың тарихи дерекке сипаттама беру, территориясын көрсету, кестені толтыру, пікірталас жасау, ауызша баяндау, түсіндіру, сәйкестікті табу, толықтыру, түсіндірмелерін жазу, блиц сұрақтарға жауап беру, архив деректермен, фотолармен, құжаттармен жұмыс жасау, сторителлинг, ойды аяқтау, көзқарасын білдіру, мәлімет келтіру, дұрыс жауап таңдау, дыбыстық, видео материалды көріп немесе тыңдау арқылы сұрақтарға жауап беру және т.б оқу іс-әрекеттері назарға алынды.

Электронды оқулықта білім алушылардың әрбір тақырып бойынша білімін бағалауға бағытталған үлгі тест әзірленіп, нәтижесін бірден анықтауға арналған батырма орналастырылды. Ақпараттық және цифрлық технологиялар саласындағы даму музейлердің және тарихи-мәдени ескерткіштердің, қасиетті жерлерді виртуалды көрсетуге және зиярат жасауға жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Сондықтан, еліміздегі музейлерді, кесенелерді, ескерткіштерді сабақ барысында немесе сабақтан тыс уақытта көрсетуге арналған веб сайттарға орналастырылған Қазақстандағы видеотурлар тізімі іріктеліп, сілтемелері қосымша ретінде ұсынылды.

Жоғарыда аталған оқулық монографиялық зерттеуіміздің тәжірибелік-эксперимент жұмысы барысында болашақ тарих мұғалімдерінің «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу-танымдық әрекеттерін тексеру үшін пайдаланылды.

Ғылыми зерттеу жұмысымыздың тәжірибелік-эксперименті Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде жүргізілді.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Қазақстан тарихын оқытудағы білім беру парадигмаларының эволюциясы және олардың ақпараттық қоғам жағдайындағы өзгерістері

Тарихты оқыту – тек деректерді жеткізу ғана емес, сонымен қатар тарихи сананы, құндылықтар жүйесін және қоғамдық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды тетігі. Қазақстанда тарихи білім беру жүйесі түрлі идеологиялық бағыттар мен білім саясатының өзгерістеріне, ұлттық мүдделердің ауысуына байланысты күрделі даму кезеңдерінен өтті. Тарихты оқыту парадигмаларының қалай өзгергенін зерделеу қазіргі ахуалды түсінуге және болашақтағы даму үрдістерін болжауға негіз болады.

Тарихты оқытудың парадигмалары уақыт өте келе қоғамның саяси, әлеуметтік және мәдени дамуына байланысты өзгеріп отырған. Әр кезеңдегі білім беру тұжырымдамалары тарихты оқыту мазмұнын, әдістерін және мақсаттарын айқындады.

Сонымен, Қазақстан тарихын оқытудағы парадигмалар эволюциясы – қоғам дамуының айнасы. Бүгінгі күні пәннің басты мақсаты – тарихи ойлауды, ұлттық сана-сезімді және сыни тұрғыда талдау дағдыларын қалыптастыру.

Кеңестік дәуірде Қазақстан тарихын оқыту маркстік-лениндік идеологияға негізделді. Бұл кезеңде тарих пәні ұлттық мазмұннан айрылып, таптық және партиялық тұрғыда түсіндірілді.

Тәуелсіздік жылдары ұлттық тарихты жаңаша пайымдау қажеттілігі туды. Мемлекеттік дербестікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстан тарихын оқыту ұлттық сананы қалыптастырудың, тарихи жадты жаңғыртудың негізгі құралына айналды.

Қазіргі білім беру парадигмасы құзыреттілікке, тұлғалық бағ-

дарға және цифрлық білім беру технологияларын кеңінен қолдануға сүйенеді. Қазақстан тарихын оқытуда жаңа ақпараттық орта, электронды ресурстар, мультимедиалық дереккөздер маңызды рөл атқаруда.

Ресей империясына қосылуға дейін қазақ даласындағы білім беру жүйесі негізінен дәстүрлі исламдық оқу орындары – медреселер мен мектептер арқылы жүзеге асырылып, діни білім мен арабша сауаттылыққа басымдық берілді. Бұл кезеңде зайырлы сипаттағы тарихты оқыту жүйесі қалыптаса қоймаған еді.

Кейін отарлық басқару нығая түскен кезде, қазақ даласында орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. Бұл оқу орындары арқылы империялық құндылықтар мен Ресейдің ресми тарихи түсінігі әкімшілік білім беру жүйесінің бір бөлігі ретінде орнығып, қазақ қоғамының сана-сезіміне ене түсті.

Кеңестік биліктің алғашқы кезеңінде (1920-1930 жылдары) жаппай сауатсыздықты жою және мектеп жүйесін дамыту бағытында ауқымды реформалар жүзеге асырыла бастады. Алайда, тарихты оқыту бірден орталықтандырылған бақылауға және партиялық идеологияға бағынышты болып, білім беру мазмұны мен оқыту әдістеріне қатаң шектеулер енгізілді.

Кеңестік тарихи білім беру парадигмасының басты ерекшелігі – идеологиялық бағдар болды. Тарих марксизм-ленинизм қағидастарын насихаттау, таптық күресті көрсету және революция мен партия рөлін дәріптеу тұрғысынан түсіндірілді. Қазақстанда бұл тәсіл тарихи оқиғалардың күрделілігін жеңілдетуге және ұлттық мәселелердің көлеңкеде қалуына алып келді.

Оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтар қатаң бақылауда болып, ұжымдастыру, қуғын-сүргін, ашаршылық тақырыптары көбіне бұрмаланып немесе мүлде айтылмай қалатын. Дегенмен, кеңестік дәуірдің соңына қарай аймақтық тарихқа қызығушылық артып, жергілікті тарихи мәліметтерді мектеп бағдарламасына енгізуге талпыныстар байқалды, бірақ бұл да партиялық бақылау аясынан шықпады.

1992 жылы жарық көрген М.Қозыбаев пен И.Қозыбаеваның оқулығы тарихи білім беруде маңызды бетбұрыс болды. Бұл оқулықта алғаш рет мектеп деңгейінде ашаршылық, ұжымдастыру саясаты, ұлттық зиялылардың рөлі, әлеуметтік тарих пен жеке адамдардың тағдыры секілді тақырыптар қамтылды. Аталған еңбек тарихты тануға

деген жаңа көзқарасты қалыптастырып, білім алушы бойында тарихи оқиғаларға деген жанашырлық пен түсіністік орнатуға жол ашты [62].

Дегенмен, тарихи білім беру жүйесінің негізінде сол кеңестік парадигма сақталып қалды: негізгі назар ірі тарихи оқиғаларға, таптық күреске және идеологиялық тұрғыда түсіндіруге бағытталды.

Кеңестік кезеңде тарихи зерттеулердің дереккөздік базасы идеологиялық цензураға ұшырап, мұрағаттық материалдарға қолжетімділік шектеулі болды. Марксистік-лениндік методологияның басым болуы баламалы теориялық тәсілдердің дамуына тосқауыл қойды. Нәтижесінде, тарих оқулықтары ғылыми объективтіліктен алшақтап, репрессия, ашаршылық сынды маңызды тақырыптар жеткіліксіз қамтылды.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін Қазақстан кеңестік мұраны қайта қарастырып, ұлттық тарихты неғұрлым шынайы әрі жанжақты сипатта зерделеуге мүмкіндік алды. Осы кезеңде тарихи білім беруді реформалау жұмыстары басталып, бірнеше бағытта елеулі өзгерістер байқалды, атап айтқанда:

- тарихты ұлттандыру үдерісі күшейіп, оқу бағдарламаларына ұлт-азаттық қозғалыстар, репрессиялар, мәдени автономия және ұлттық бірегейлік тақырыптары енгізіле бастады;

- тарихты түсіндірудегі әдіснамалық көптүрлілік артып, түрлі көзқарастар мен салыстырмалы талдауларға жол ашылды;

- оқыту әдістері жаңартылып, дереккөздерді талдау, жобалық жұмыстар, цифрлық технологиялар мен мультимедиалық құралдарды қолдануға негізделген инновациялық тәсілдер енгізіле бастады;

- идеология мен ғылыми көзқарасты үйлестіру мәселесі маңызды сипатқа ие болды. Мемлекет тарихи білімді ортақ ғылыми тұжырымдамаға сүйене отырып дамыту қажеттігін алға тартып, бұл ретте геосаяси мүдделерді де ескеруді міндеттейді.

Қазақстандағы тарихи білім беру парадигмасының эволюциясы кеңестік идеологияға негізделген қатаң жүйеден неғұрлым ашық, көпқырлы және икемді үлгіге өту жолын көрсетеді. Алайда, кеңестік дәуірден қалған догмалық көзқарастар бүгінгі күнге дейін оқулықтар мазмұнында, оқыту әдістерінде және мұғалімдердің дүниетанымында айқын сезіледі.

Қоғамның сұранысына сай қазіргі таңда білім беруде ақпараттық және цифрлық технологиялар мен Internet желісін оқытудың құралы ретінде пайдаланып, материалдар мен ақпараттардың дерек-

көзі ретінде қолдана отырып, тарихты оқыту – өзекті іс болып отыр. Сондықтан қазіргі күнге дейін тарихты оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдері, оқыту құралдары, оқытудың жаңа технологиялары зерттелуде. Өзгермелі қоғамда білім беру саласындағы жетістіктер – ақпараттандыру, цифрландыру бағытының дамуымен ұштасады. Түрлі жағдайларда өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндігі жеткілікті, мәселені жылдам шешу жолын таба білетін, патриот, елінің тарихы мен тәуелсіздіктің бағасын түсінетін, дамыған қоғамның талаптарын орындауда кездескен қиыншылықтарды жеңіл шеше алатын тұлға қалыптастыруда білімді ақпараттандыру, цифрландыру ерекше орын алады.

Ақпараттық және цифрлық құралдардың пайда болуы адамзат технологиялық дамуына жаңа серпін берді. Дамудың мұндай түрі ықпал етпеген қандай да бір сала қалмады. Компьютерлік технологиялардың дамуы, кеңінен таралуы, өз кезегінде, адамның оларды дұрыс қолдануы мен игере білуі тәжірибесінің болуы мәселесін өзекті ете түсті. Бүгінде технологиялардың әртүрлілігі, оған қатысты қолданылатын ұғымдардың, қолданылу мағынасының сан алуандығын туындатып отыр. Дегенмен, еліміздің ЖОО-да тарихты оқыту әдістемесінде оқу процесін компьютерлік қамтамасыз ету, пән бойынша ақпараттық және цифрлық технология бағдарламаларын құру және Internet желісін қолдану проблемалары бойынша арнайы зерттеулер жүргізілмеді. Зерттеулердің нәтижелерін талдау Қазақстан тарихын ақпараттық және цифрлық технологияларды, Internet желісін пайдалану арқылы оқыту әдістемесі бойынша әдістемелік оқулықтар және оқу әдістемелік кешендер қазіргі заман талаптарына толық жауап бермейтіндігін көрсетті.

Бүгінгі білім беру саласындағы жағдай ақпараттық және цифрлық технологиялар негізінде қол жеткізген мүмкіндіктерімізге қарамастан, оларды пайдаланудың шектері бар екендігін, сонымен қатар, бұл технологиялар жеке тұрғыда білім мен тәрбие беру күшіне ие еместігі, яғни адамның ықпалынсыз қауқарсыздығын анық көрсетіп отыр. Ақпараттық және цифрлық технологияларды білім беру мен әртүрлі материалдарды белсенді меңгертуде қолданудағы қызметтері және пайдаларымен қатар, оларды пайдаланудың шектері бар екендігін де білуіміз қажет [63].

Көптеген зерттеушілер белгілі бір деңгейде ақпараттық коммуникациялық технологиялар көмегімен оқыту әдістерінің, әртүрлі

материалдардың қолданылуы білім беруді оңтайландыру және дамыту үшін жеке тұрғыда жеткіліксіз деп есептейді. Сондықтан, ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдану оқытуға жаңашыл әдіс алып келуі және пән ерекшелігіне, қажеттіліктеріне қарай ыңғайлы түрде пайдаланылуы керек. Дегенмен, білім беруде ақпараттық және цифрлық технологиялардың пайдаланылуы білім алушыны ең маңызды деп есептейтін заманауи оқыту принциптеріне, елдің білім беру мүмкіндіктеріне сәйкес қолдануға болатын әдістер негізінде ғана жүзеге асырылады. Басқа жағдайда білім беруде технологиялық құралдар мен мүмкіндіктерді жетілдіру өз алдына толық нәтиже бермейді [63].

Елімізде ЖОО-да «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесі мәселесі кешенді зерттелмеді. Отан тарихын оқытуды жүйелеу және қажетті әдістемелік деңгейде дамыту маңыздылығы алға тартылғанымен, болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың мүмкіндіктері бойынша жасалған ішінара ұсыныстар мен зерттеулер ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда жете қарастырылмаған. Бүгінде қолданыстағы «Қазақстан тарихы» пәнінен дайындалған кешендердің құрамына қосылатын бағдарламалар мен оқулықтар бүгінгі білім алушының танымдық ынталануы мен білімді меңгеру белсенділігін арттырмайды және қоғам дамуының талаптарына сәйкес келмейді. Аталған мәселелер болашақ маманның Қазақстан тарихы бойынша білімінің төмен болуына, танымдық дағдылары мен патриотизмінің қалыптаспауына, кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалана алмауына алып келуде. Сондықтан, қазіргі уақытта болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесін дамытудың қажеттілігі туындап отыр.

Тарихты оқыту әдістемесі – жоғары оқу орындарында болашақ тарих мұғалімдерінің тарихи танымы мен санасын жүйелі түрде қалыптастырудың, отансүйгіштікке баулудың әдістері мен тәсілдерін меңгертуді мақсат ете отырып төмендегідей міндеттерді атқарады (1 сурет):

- тарих пәнінің бағдарламасына сай оқытылатын оқу материалдарының мазмұны мен көлемін анықтау;
- білім алушылардың тарих пәндерінің бағдарламасына сәйкес материалды толық, жеңіл меңгеруіне мүмкіндік беретін тиімді әдіс-

тәсілдерді қолдана алуына бағдар беру, дағдыларын қалыптастыру, оқыту үдерісіне жаңашылдық енгізе алу;

– тарихи пәндер бойынша аудиториялық (лекция, семинар, өзіндік жұмыс) және аудиториядан тыс (музейлерге, тарихи ескерткіштерге, архивтерге экскурсия, үйірме, олимпиадаларға қатысу т.б) сабақтарды ұйымдастыру;

– тарихты қызығушылықпен оқуына мүмкіндік беретін көрнекі құралдарды, ақпараттық және цифрлық технологияларды, қажетті материалдардық-техникалық базаны, фильмдерді, карталарды, архив құжаттарын, жәдігерлерді пайдалану әдістемесін көрсету;

– жоғары оқу орнында тарихты оқыту үдерісінде жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарды жүзеге асыру бойынша бағыт-бағдар беру.



1 сурет. Тарихты оқыту әдістемесі

Тарихи пәндердің мазмұны тарих ғылымының дамуына, білім алушылардың психологиялық ерекшеліктеріне, ақпараттық және цифрлық технологиялардың даму деңгейіне байланысты өзгеретіндіктен тарихты оқыту әдістемесінің зерттеу пәні де өзгеріп отырады.

Болашақ тарих мұғалімдерінің білім деңгейлерін жетілдіру үшін тарихты оқыту әдістемесін дамыту мақсатында көптеген шетелдік және отандық ғалымдар зерттеулер жүргізді. Нақтырақ айтқанда, А.А. Вагин, П.С. Лейбенгруб, Ф.П. Коровкин, П.В. Гора, Н.Г. Дайри, Е.Е. Вяземский, М.Т. Студеникин, О.Ю. Стрелова, Т.Тұрлығұлов, Б.Әбдіғұлова, Б.Сәрсекеев, Б.Т. Берлібаев, Қозғамбаева, А.Ш. Жура-

сова, F.H.Dorpen, P.Hillis, S.Lévesque, J.A. Taylor, M.Duran және т.б. еңбектері тарихты оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған.

Адамзат әр дәуірде өткен оқиғаларға қызығушылық танытып келді. «Өткенде не орын алды? Бұл қалай жүзеге асты?» деген секілді сауалдар өзектілігін ешқашан жойған емес. Осындай сұрақтарға жауап іздеу барысында адамдар өткен кезеңдердегі маңызды оқиғаларды жазып алуға тырысты, соның нәтижесінде тарихнама пайда болды.

XIX ғасырға дейін тарих көбінесе ауызша жеткізіліп, әдеби сипатта жазылғанын байқаймыз. Бұл жағдай жаратылыстану ғылымдарындағы жетістіктермен қатар, өнеркәсіптік төңкерісті бастан кешкен елдерде тарихты жазу тәсілдеріне де ықпал етті. Сол кезеңдерде позитивистік ұстаным кеңінен таралып, тарих ғылымында тек нақты өлшенетін және дәлелденетін деректерге басымдық берілді. Ал, дәлелсіз, тек субъективті көзқарасқа сүйенген мәліметтердің ғылыми маңыздылығы күмән тудырып, сынға алына бастады [45, 3 s.].

Тарихтың түрлі кезеңдерде әртүрлі мақсаттарда қолданылып келгені анық. Ол көбінесе өткенге деген қызығушылықты ояту, көңіл көтеру, адамгершілік пен діни түсініктерді қалыптастыру, сондай-ақ, саяси және идеологиялық көзқарастарды нығайту құралы ретінде пайдаланылды [64]. Тарихи оқиғалар мен әңгімелер жұртшылықты қызықтырып, олардың назарын аудару құралына айналған. Әсіресе, бұқаралық акпарат құралдарындағы тарихи сюжеттер қазіргі таңда да үлкен сұранысқа ие.

Сонымен қатар, тарих жас ұрпаққа адамгершілік пен рухани тәрбие берудің бір жолы ретінде қолданылды. Мұндай мақсатта, әсіресе, діни және өнегелік мәтіндер жиі пайдаланылды. Сонымен бірге, тарих әрқашан саяси және идеологиялық бағыттағы құрал ретінде де өз рөлін атқарды.

Одан бөлек, тарих жеке тұлғаның көзқарасы мен санасын қалыптастыруда маңызды рөл ойнайды. Ол тек өткенді түсінуге тырысатын ғылым саласы ғана емес, сонымен қатар мектеп бағдарламасында оқытылатын пән ретінде де дамыды. Бұрын бейресми түрде, нақты құрылымсыз оқытылған тарих пәні XIX ғасырдан бастап жүйелі оқу жоспарларына енгізіліп, заманауи білім беру жүйесінің негізгі пәндерінің біріне айналды [45, 4 s.].

1960 жылдардың соңына қарай, әсіресе Ұлыбританияда, тарих

пәнінің білім алушыларды тек тарихи біліммен қаруландырумен шектелмей, оларды күнделікті өмірге қалай бейімдейтіні жайлы мәселе көтеріле бастады. Осы бағыттағы алғашқы маңызды еңбектердің бірі – 1971 жылы Колтам мен Файнс жазған «Тарихты оқытудың білім беру мақсаттары» атты зерттеу жұмысы болып саналады. Бұл еңбек білім алушылардың тарих пәні арқылы қандай өмірлік тәжірибелер мен дағдыларды меңгере алатынын анықтауға бағытталған. Яғни, тарихты оқытудың күнделікті өмірмен байланысын көрсету тұрғысынан бұл зерттеудің маңызы зор болды [45, 4 s.].

Сол кезеңдегі маңызды жобалардың бірі – «Мектеп кеңесінің тарих жобасын» да тарих пәні арқылы студенттерге практикалық дағдылар мен құзыреттерді үйретуге назар аударды. Бұл жоба тарихты оқытудың негізінде зерттеу жүргізу, сұрақ қою, дәлелдерді талдау және сол дәлелдерге сүйене отырып қорытынды жасау қажет екенін көрсетті. Соның нәтижесінде студенттер тек тарихи фактілерді меңгеріп қана қоймай, ғылыми ойлау қабілеттерін дамытып, ұсынылған ақпараттың ғылыми не бейғылыми екенін ажырата алатын маңызды дағдыларға ие болды. Ұлыбританияда «Жаңа тарихты оқыту» деп аталған бұл әдістеме 1980–1990 жылдары кеңінен дамып, оқу процесіне белсенді енгізілді [45, 4 s.].

Тарих пәнінің білім алушыларды тек өткенмен таныстыру ғана емес, сонымен қатар, оларды өмірлік жағдайларға бейімдеу керек екені түсінікті бола бастаған соң, бұл бағыттағы зерттеулер кейінгі жылдары, әсіресе, Канада мен АҚШ-та белсенді түрде жалғасты. Өткенді тәжірибе арқылы зерделеу, бастапқы дереккөздерге сүйеніп оқыту тәсілі «тарихи ойлау дағдылары» ұғымын алдыңғы қатарға шығарды.

2000-жылдардан бастап бұл дағдылар тарихты нәтижелі меңгерудің маңызды жолдарының бірі ретінде қарастырыла бастады. Тарихи ойлау қабілеттері білім алушылардың деректермен жұмыс істеу, себеп-салдар байланысын түсіну және сыни көзқарас қалыптастыру дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл дағдылар мынадай бес негізгі топқа бөлінеді:

- хронология негізінде ойлау;
- тарихи оқиғалар мен құбылыстарды түсіну;
- тарихи ақпаратты талдау және оны түсіндіру;
- ғылыми негізде тарихи зерттеу жүргізу;
- тарихтағы мәселелерді саралап, негізделген шешім қабылдау.

Технологиялық және экономикалық дамыған әлем елдеріндегі тарих пәнінің жалпы мақсаттары қарастырылғанда, бұл курс белсенді, өнімді, шығармашыл, проблемаларды шеше алатын, демократия мен адам құқығын құрметтейтін, төзімді, шыдамды, жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталғаны байқалады. Пән білім алушылардың бірлескен жұмыс дағдыларын дамытып, халқының өткені мен мәдениетін білуін қамтамасыз етеді [45, 5 с.].

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде отандық ғалымдар «Қазақстан тарихын» оқыту әдістемесін жаңа қырынан зерттей бастады. Т. Тұрлығұл «Қазақстан тарихы» пәнін мектепте оқыту әдістемесінің құрылымын, методологиялық және ғылыми мазмұнын әдістемелік тұрғыдан негіздеп, оның моделін жасап ұсынды. Сонымен қатар, Қазақстан тарихы пәнін оқытудың мақсат-міндеттерін, негізгі ұстанымдарын, әдістемесін жаңартуды ғылыми негіздеді [65, 14 б.].

Г.А. Әбдіғұлова «Жалпы білім беретін мектепте Қазақстан тарихын оқытудың дидактикалық негіздері» атты зерттеуінде Қазақстан тарихын оқытудың дидактикалық жүйесін жасады [34].

М. Қозыбаев [66] өз еңбектерінде кеңестік дәуір оқулықтарындағы тарихи баяндау мен тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан оқулықтарындағы айырмашылықтарға назар аударады. Зерттеушінің ойынша, қазіргі оқулықтарда ұлттық мүдде айқын көрініс тапқанымен, өткеннің күрделі тұстарын шынайы әрі бейтарап көрсету маңызды.

М. Қойгелдиев «Қазақ Елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XXI ғ. басы)» [67] атты еңбегінде Қазақстан тарихын ұлттық көзқарас тұрғысынан зерделеу, қоғамдағы рөлін күшейту мәселелерін қарастырған. Ұлттық тарихты жаңаша жазу процесі кеңестік кезеңнен қалған идеологиялық ықпалдан арылу тұрғысынан бағаланады. Зерттеушінің пікірінше, ел тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңде отандық тарих ғылымы отарлық көзқарастардан тазарып, қазақ халқының төл әрі нақты тарихын зерделеуге бағытталуы қажет екендігі көрсетілген.

Е. Әбілдің зерттеуінде [68] жоғары оқу орнындағы Қазақстан тарихы пәнін оқыту мәселесіне баса назар аударылады. Ғалымның көзқарасы бойынша, университеттердегі бұл пәнді оқыту мазмұны қазіргі білім беру стандарттарына толықтай сай келмейді. Атап айтқанда, тарих ғылымының әдіснамасы, зерттеудің нысаны мен

пәндік ерекшелігі, тарихи уақыт пен фактінің мәні, дереккөздердің дәлдігі, сондай-ақ объективтілік пен субъективтілік сынды маңызды мәселелерге жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбейді. Мұндай тақырыптар тек жоғары білім саласында ғана емес, орта білім беру жүйесінде де өзектілігін сақтайды. Өйткені тарихи білім беру тек ақпарат беру емес, білім алушылардың сыни ойлауын қалыптастыру мен тарихи талдауға бейімдеу мақсатында жүргізілуі тиіс.

Тарихшы ғалымдарың еңбегі «Қазақстан тарихы» пәнін ақпараттық және цифрлық технологиялармен оқыту әдістемесін жетілдіру тақырыбы үшін маңызды. Өйткені, мұнда ұлттық тарихты оқытудың мазмұндық ерекшеліктері айқындалған, ал ол цифрлық білім беру құралдары арқылы тиімді жеткізу үшін негіз болады. Авторлардың тарихи білім берудің қазіргі жағдайы мен даму бағыттарына берген талдауы, монографияда ұсынылған оқыту әдістемесін жаңғыртуға теориялық база жасайды. Әсіресе, тарихи сананы қалыптастыру мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселелерін цифрлық ресурстармен ұштастыруда бұл еңбектерге сүйенуге болады.

Марк Пренскидің [69] еңбегі ХХІ ғасырдағы білім беру процесіне жаңа көзқарас енгізген маңызды ғылыми мақала болып табылады. Автор «Digital Natives» (цифрлық тумалар) және «Digital Immigrants» (цифрлық көшіп келушілер) ұғымдарын алғаш рет ғылыми айналымға енгізді. Ол ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дәуірінде өскен жас буынның ойлау, оқу және қабылдау ерекшеліктерін айқындайды. Сонымен қатар, дәстүрлі әдістермен оқытуға бейімделген аға буын педагогтар мен жаңа буын білім алушылар арасындағы айырмашылықтарды талдайды.

Аталған еңбекте цифрландырудың білім беру үдерісіне ықпалын ғылыми тұрғыдан негіздеу ерекше мәнге ие. Әсіресе, білім алушылардың жаңа буынының когнитивті ерекшеліктерін (жылдам ақпарат қабылдау, визуалды контентке бейімділік, көптапсырмалыққа икемділік) ескере отырып, педагогикалық әдістерді жетілдіру қажеттігі туралы ойлар маңызды. Пренскидің тұжырымдарын ұлттық білім беру жүйесіндегі жаңашыл әдістерді енгізу, оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану және педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жаңа талаптарға сай дамыту мәселелерімен байланыстыра қолдануға болады.

ЮНЕСКО әзірлеген «ICT Competency Standards for Teachers» атты құжат [70] заманауи білім беру жүйесінде педагогтардың ақ-

параттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану құзыреттіліктерін қалыптастыруға арналған халықаралық стандарттарды белгілейді. Стандарт үш негізгі деңгей бойынша құрылымдалған: технологиялық сауаттылық, білімді тереңдету және білімді құру. Әрбір деңгей мұғалімдердің кәсіби даярлығы мен АКТ-ны тиімді пайдалануға бағытталған нақты құзыреттерді қамтиды. Құжатта АКТ-ның білім беру сапасын арттырудағы рөлі, оқыту әдістемесін түрлендірудегі маңызы және білім алушылардың сыни ойлауын дамытуға ықпалы ерекше атап өтіледі.

Стандарт тақырыбындағы цифрлық білім беру әдістемесін жетілдіру мәселелерін ғылыми негіздеуге қолайлы. Атап айтқанда: педагогтардың АКТ құзыреттілігін арттыру арқылы тарихи пәндерді оқытуда жаңа педагогикалық тәсілдерді енгізу қажеттігі; тарихи деректермен жұмыс жасауда интерактивті карталар, цифрлық хронологиялар және инфографиканы тиімді қолдану мүмкіндіктері; студенттердің өзіндік жұмыстары мен зерттеулерін ұйымдастыруда халықаралық деңгейде ұсынылған педагогикалық тәжірибелерді бейімдеу.

ЮНЕСКО стандарттарын қолдану ұлттық білім беру жүйесінің цифрландыру бағытын салыстырмалы түрде талдау және болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіруде практикалық негіз ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Тарихты оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың әртүрлі қырларын көптеген зерттеушілер қарастырды. А. Алтаев пен К. Чатыбеков [71] зерттеуінде тарихты оқыту әдістерін ақпараттық және цифрлық технологиялармен байланыстырады. Зерттеушілердің пікірінше, технологиялардың көмегімен білім берудің болашағы зор болғанымен, тарихты оқытудың жаңа әдістері оқытудың дәстүрлі әдістерін толықтырады деп тұжырымдайды. Д. Жолтецкий [72] мектепте тарихты цифрлық технологиялармен оқыту мәселесін қарастырады. Оның тұжырымынша, білім беруді цифрландыру аталған процестегі білім алушының белсенді роліне бағытталған дәстүрлі сабақтың трансформациясына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ол бүгінгі Қазақстан мектептегі дәстүрлі тарихи білім берудің цифрлық трансформациясына қадам басты деп есептейді.

U. Fozia [73] білім беруде цифрлық кезең басталғандығын айтады. Автор 2020 жылдардан бастап білім беру процесінде цифрлық технологияларды пайдалану қарқын алғандығын айтады. A. Stamataki

мен М. Ampartzaki [74] цифрлық технологияларды бастауыш мектеп оқушыларына, тіпті туған өлкесінің тарихы бойынша базалық курс оқитын төменгі сынып оқушыларына пайдалануға болады деп тұжырымдайды. В.Д. Redder [75] өз зерттеуінде тарихты оқытудағы компьютерлік ойындардың мүмкіндіктерін қарастырады. Автордың ойынша, тарихи тақырыпқа негізделген компьютерлік ойындар білім алушыларға тарихи процесті және белгілі бір кезеңдегі маңызды ерекшеліктерді түсіне түсуіне мүмкіндік береді. F. Pettersson [76] білім берудегі жалпы цифрландыру процесін зерттеушілердің бірі. Ол білім беруге цифрландырудың ене берегіндігін айта отырып, болашақта нәтижелерінің де болатындығын болжайды. I.N.W. Padil және R.M. Yasin [77] тарихты оқытуға ақпараттық және цифрлық технологияларды ендіру білім алушылардың қызығушылығын арттыратындығына көңіл бөледі. Зерттеушілер бүгінгі ұрпақ алдыңғы ұрпаққа қарағанда жаңа технологияларды жақсырақ қабылдайды деп тұжырымдайды. Бүгінгі білім алушылардың технологияларға қызығушылығын дәстүрлі сабақтарды технологиялардыру арқылы оқытуда пайдалануға болады.

М. Исаев пен Т. Апендиев [78] педагогикалық процесті цифрландырудың ерекшеліктері мен артықшылықтарын қарастыра отырып, оқу процесін технологиялық реформалау нәтижелі болады деп сенеді. Сонымен қатар, Қазақстанда тарихты оқытуда ақпараттық және цифрлық технологиялар жеткілікті деңгейде таралмағандығын және пайдаланылмайтындығын алға тартады.

Сондықтан, Қазақстан тарихын оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың көптеген зерттелмеген тұстары бар екендігі көрінеді. Бұл, ең алдымен, ақпараттық және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуымен, білім беруде, оның ішінде тарихты оқытуда пайдаланылатын жаңа құралдардың пайда болуымен түсіндіріледі.

Қазақстан тарихын оқытудағы парадигмалар эволюциясы – қоғам дамуының айнасы. Бүгінгі күні пәннің басты мақсаты – тарихи ойлауды, ұлттық сана-сезімді және сыни тұрғыда талдау дағдыларын қалыптастыру.

Заманауи ақпараттық және цифрлық технологиялар (АЦТ) қазіргі білім беру жүйесінің негізгі құрамдас бөлігіне айналды. Олар оқыту процесінің мазмұнын, әдістерін және ұйымдастырылуын түбегейлі өзгертуде.

Білім беру кеңістігіндегі рөлі – білімді қолжетімді ету, оқу материалын визуалды әрі интерактивті түрде ұсыну, оқыту сапасын арттыру, білім алушының жеке мүмкіндіктерін ескеріп, оқу қарқынын дербестендіру.

Оның негізгі бағыттары ретінде төмендегілерді атап өтуге болады:

1. Ақпараттық қолжетімділік – электронды оқулықтар, цифрлық кітапханалар, онлайн-базалар арқылы тарихи деректерге жедел қол жеткізу.

2. Цифрлық коммуникация – білім алушы мен оқытушы арасындағы қашықтықтан байланыс (Learning Management System, Zoom, Moodle).

3. Интерактивті құралдар – мультимедиа, анимация, виртуалды турлар, тарихи реконструкциялар.

4. Талдау және бағалау жүйелері – электронды тестілеу, цифрлық портфолио, білімді автоматтандырылған бағалау.

5. Зерттеу мүмкіндіктерін кеңейту – тарихи деректердің цифрлық архивтері, деректерді Big Data форматында талдау.

Қазіргі уақытта АҚТ білім беру жүйесінде мүмкіндік пен әлеуетке сәйкес қолданылуда. Олардың түрлерін тарихты оқытудағы жағдайы мен орын алатын проблемалары туралы келесі тақырыпта қарастырылады.

1.2. Тарихты оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың қазіргі жағдайы мен проблемалары

Әлемдегі дамыған елдер үшін ақпараттық қоғамды қалыптастырудың бір жолы ретінде білім беру жүйесіне ақпараттық және цифрлық технологияларды енгізу аталады. И.В. Роберт өз еңбектерінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдары ретінде есептеуіш техника негізінде жұмыс жасайтын бағдарламалық және техникалық құралдарды көрсете отырып, оны компьютерлік желілердің ақпараттық ресурстарымен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін, мәліметтерді алу, өңдеу, беру, сақтау және өндіру үдерістерін жүзеге асыратын, сондай-ақ ақпаратпен алмасуды және оны бейнелеуді қамтамасыз ететін заманауи жүйелер мен технологиялар деп түсіндіреді [79].

К.К. Колин ақпараттық технологиялардың қоғамдық маңызын сипаттай отырып, келесідей тұжырымдама жасайды [80]:

– қазіргі кезеңдегі ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар қоғамның дамуындағы басты стратегиялық факторлардың бірі ретінде танылып, ақпараттық қорларды жаңартып, оларды тиімді қолдануға жағдай жасайды;

– ақпараттық қоғам жағдайында өркениет дамуының негізгі бағыты – ақпарат пен ғылыми білімге негізделген еңбек түрлерінің артуы. Бұл жағдайда ақпараттық технологиялар қоғамдағы ақпарат алмасу және өңдеу үдерістерін кешенді түрде ұйымдастыру мен автоматтандыруға мүмкіндік береді;

– ақпараттық процестер өндірістік және қоғамдық жүйелердің бөлінбес элементіне айналып отыр. Осыған байланысты, ақпараттық технологиялар да бұл үдерістердің құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырылады;

– телекоммуникациялық технологиялар ақпараттық технологиялардың бір бағыты бола отырып, бұқаралық ақпарат құралдарын дайындау мен таратуда, сондай-ақ адамдар мен ұйымдардың арасындағы ақпараттық байланыстарды орнатуда маңызды қызмет атқарады;

– қоғамның зияткерлік әлеуетін арттыруда, білім беру мен мәдениетті дамытуда ақпараттық технологиялар жетекші орын алады. Сонымен қатар, бұл технологиялар оқытушыларға заманауи ақпараттық құралдарды қолдану, өзіндік білімді жетілдіру және кәсіби қайта даярлау жүйелерінде тиімді құрал ретінде қызмет етеді.

Кез-келген пәнде дәстүрлі оқыту әдістерін, құралдарын пайдаланудың тиімділігі сияқты ақпараттық және цифрлық технологиялар көмегімен оқытудың, материалдарды меңгерудің тиімділігі тиісті пәннің, сонымен қатар, білім алушылар тобының ерекшелігіне, жоспарлануы мен сәйкес қолданылуына да байланысты болады [63]. Сондықтан, білім беру барысында пайдаланылатын ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен оқыту әдістері, материалдары оқытушының жеңіл және оңтайлы түрде қолдана алатынындай түрде жасалуы керек. Білім беру тұрғысынан ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен оқыту әдістері мен материалдардың құндылығы соңғы үлгідегі заманауи технологияны қолдануда емес, оқытушылардың оларды оқыту барысында ықпалды түрде тақырып

мазмұнын жеңіл меңгерту үшін қолдана білуіне тікелей байланысты болады [63]. Бұл тұрғыдан пәнді оқыту барысында ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен оқытушы мен білім алушының арасында мазмұнды меңгертуге бағытталған қарым-қатынастың болуы маңызды.

Елімізде білім беру жүйесін ақпараттандыру үдерісі, оның басты бағыттары мен келешегі, сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды меңгеруге болашақ мамандарды даярлаудың мақсаттары, мазмұны, қағидаттары мен психологиялық-педагогикалық негіздері бірқатар отандық ғалымдардың зерттеу нысанына айналған.

Мәселен, Е.Ы. Бидайбеков ақпараттық технология ұғымын ақпараттық ресурстарды пайдалану негізінде ақпаратты жинақтауға, өндеуге, сақтауға, тасымалдауға және таратуға мүмкіндік беретін, өзара байланысқан өндірістік, техникалық және бағдарламалық құралдар мен әдістер жүйесі ретінде сипаттайды [81].

Қазіргі заманда Қазақстандағы ақпараттық және цифрлық технологиялар қоғамның зияткерлік әлеуетін қалыптастыруда, сондай-ақ білім беру мен мәдениетті дамытуда маңызды рөл атқаруда. Әлемнің дамыған және дамушы елдерінде компьютерлік және теледидар құрылғылары, мультимедиялық технологияларға негізделген білім беру контенті жоғары оқу орындары мен орта білім беру мекемелерінде кеңінен қолданылып, күнделікті оқу құралдарының бір бөлшегіне айналған.

Қазіргі кезеңдегі қоғам дамуы үшін ақпараттық және цифрлық технологиялардың маңызы ерекше, себебі олар өркениеттің жаһандық дағдарысын еңсеру және адамзаттың алдында тұрған өзекті мәселелерді шешуге елеулі үлес қосады. Бұл технологиялар жаһандық үдерістерді ақпараттық модельдеу мен ғаламдық мониторинг тәсілдері арқылы түрлі дағдарыс жағдайларын – әлеуметтік, саяси шиеленістерді, экологиялық және табиғи апаттарды, ірі техногендік қауіптерді алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Ғылыми-педагогикалық еңбектерді талдау нәтижесінде «ақпараттық технологиялар» ұғымының соңғы уақытта «компьютерлік технологиялар», «цифрлық технологиялар» терминімен қатар қолданылып жүргені байқалады, өйткені олар көбінесе компьютерлік құрылғылармен байланыстырылады. Алайда, бұл ұғымның аясы кеңірек: ол компьютерлік технологияларды қамтығанымен, қазіргі заманғы желілік

және цифрлық құралдарды пайдалануға негізделген кең мағыналы ақпараттық үдерістерді білдіреді.

Білім беруді ақпараттандыру аясында айтылған пікірлерге сүйене отырып, оқу үдерісінде ақпараттық және цифрлық технологияларды қолданудың артықшылықтары мен жолдарын келесідей сипаттауға болады:

- білім алушылар үшін оқу материалын меңгерудегі кедергілер біртіндеп жойылады;

- білім алушылар цифрлық технологиялар енгізілген сабақтарға қызығушылық танытып, өзін сенімді әрі еркін сезінеді;

- білім алушылардың арасындағы өзара әрекеттестік жаңа сипат алып, ынтымақтастық артады;

- дербес жұмыс істеу дағдылары қалыптасып, білім алушылар ақпараттық ресурстарды саналы әрі тиімді қолдана бастайды;

- желі арқылы жұмыс жасау барысында білім алушылардың тәртіп, жауапкершілік және өзгелердің пікірін құрметтеу дағдылары дамиды.

Келесі кезекте болашақ тарих мұғалімдеріне тарихи пәндерді оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың қазіргі күйіне байланысты да бірнеше мәселелерді көруге болады.

Тарихты оқытуда ақпараттық және цифрлық технологиялар айрықша орын алады. Ақпараттық технологиялар әртүрлі форматтар мен шексіз ресурстарға қол жеткізуді жеңілдетеді. Бұл ресурстарды сабақтарда пайдалану тарих сабақтарын мұғалімдер мен оқулықтарға тәуелді болудан сақтайды және студенттерге бастапқы дереккөздерге қол жеткізуге және оларды тексеруге емес, бағалауға мүмкіндік береді, осылайша мазмұнды білім пайда болады.

І.Н. Ерсари мен Э.А. Бакирова «Цифрлық білім беру ресурстарын оқыту кезінде қолдану мүмкіндіктері» атты еңбегінде [82] білім беру жүйесінде цифрлық ресурстарды пайдаланудың әдістемелік тәсілдері қарастырылған. Автор цифрлық білім беру ресурстарын (ЦБР) оқу процесіне енгізудің педагогикалық шарттарын, оларды пәндік мазмұнмен ұштастырудың тиімді жолдарын және білім алушылардың оқу жетістіктеріне әсерін талдаған. Еңбекте электронды оқулықтар, онлайн-платформалар (Moodle, Google Classroom, Bilimland), бейнематериалдар, интерактивті тапсырмалар сияқты құралдардың оқу процесіндегі орны ғылыми-әдістемелік тұрғыда негізделген. Сонымен қатар, білім алушылардың танымдық бел-

сенділігін арттыру, сыни ойлауын дамыту және өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруда цифрлық ресурстардың ықпалы көрсетілген.

Аталған еңбектегі қарастырылған мәселелер келесі бағыттар үшін пайдалы болады деп білеміз:

– «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімді әдістерін көрсету;

– дәріс, семинар және білім алушылардың өзіндік жұмыстары үшін онлайн-платформаларды бейімдеу жолдарын айқындау;

– тарихи деректерді талдау, салыстыру, хронологиялық кестелер мен интерактивті карталарды жасау барысында цифрлық ресурстардың оқыту сапасын арттырудағы маңызын негіздеу;

– білім алушылардың дербес жұмысын ұйымдастыруда ЦБР-дың мотивациялық және дамытушылық мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Адамзаттың білім жинақтауы соншалық, адамның бұл ақпараттың бәріне қол жеткізуі және оны жадында сақтауы мүмкін емес сияқты. Осы себепті бүгінгі күні ақпаратты сақтаудан (үйренуден) гөрі үйренуді үйрену маңызды деген пікір басым [63]. Ақпараттық технологиялар жеке және белсенді оқытуды қолдайды. Осылайша, ол студенттерге білімге апаратын жолдарды ашуға, яғни оқуды үйренуге мүмкіндік береді.

Біз өмір сүріп жатқан кезең ақпарат ғасыры ретінде анықталады. Қазіргі заманда ақпарат халықаралық бәсекелестікте экономикалық және саяси басымдықтың кілті болып табылады. Жоғарыда аталған жеке үлестерден басқа, білім беруде ақпараттық технологияларды қолданудың әлеуметтік үлесі жас ұрпақтың технология сауаттылығын арттыру болып табылады. Технологиялық сауаттылық жас ұрпақтың ақпаратқа қол жеткізу және пайдалану дағдыларын жетілдіреді [45, 4 s.].

Ақпараттық және цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жоғары білім беру жүйесінде тарих пәнін оқытудың сапасын жақсартуға оң әсерін тигізуде. Қазіргі уақытта дәріс пен семинар сабақтар заманауи техникалық құралдармен жабдықталып, бұл құрылғылар болашақ тарихшылардың кәсіби біліктілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарып отыр. Жаңа технологияларды пайдалану оқу мазмұнын визуалды түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Тарихи үдерістерді сандық форматта бейнелеу, оқиғалар арасындағы байланыстарды кеңістіктік және уақыттық тұрғыдан көрсету,

дереккөздермен жұмыс жасау, тарихи карталар мен интерактивті хронологиялық материалдарды қолдану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың аналитикалық және зерттеу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл әдіс тарихты тек ақпарат ретінде емес, терең ұғыну мен сын тұрғысынан бағалауға негізделген танымдық әрекетке айналдырады.

Интернеттің ақпаратқа қол жеткізу құралы ретінде тарихты оқытуда пайдаланылуы оқытушы мен білім алушының жеңіл және арзан түрде тарихтың түрлі түпнұсқа деректеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді (Кесте 1.). Соңғы жылдары көптеген кітапханалар мен архив ғимараттарында тұратын құжаттар, кітаптар, газеттер, суреттер, карталар, дыбыстық жазбалар мен фильмдер интернет арқылы қызығып оқып білгісі келген оқырман және зерттеуші үшін қол жетімді етілуде. Интернетте орын алатын мұндай деректер оқытушы мен білім алушылардың зерттеушілік мүмкіндігін арттырумен қатар, оқытушылардың аудиторияда белсенді пайдалана алатын құжаттар мен деректерге қол жеткізуін де жеңілдетті [63].

Дамыған елдер мен Қазақстанда білім беру үдерісін ақпараттандыру шеңберінде түрлі оқытуға арналған бағдарламалық жасақтамалар жасалып, қолданысқа енгізілуде (олардың бірқатары 1-кестеде берілген). Алайда, жоғары оқу орындарында міндетті компонент ретінде оқытылатын «Қазақстан тарихы» пәнінің нақты бөлімдерін қамтитын бағдарламалық өнімдердің жеткіліктілігі әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Соған қарамастан, осы әзірленген және оқу үдерісінде қолданылып жүрген кейбір цифрлық ресурстар тарихты оқыту тиімділігін арттыруға елеулі ықпал етіп келеді [63].

**Білім алушының тарихтың түрлі түпнұсқа деректеріне қол жеткізудің
қамтамасыз етуге және тарихты оқытуға арналған бағдарламалық
жасақтамаларға арналған шетелдік және отандық интернет веб сайттары**

Отандық веб сайттар	Шетелдік веб сайттар
<i>Дүниежүзі тарихы бойынша АҚШ-тың Джордж Мейсон университеті әзірлеген. Веб-сайтта Дүниежүзі тарихы тақырып, кезең, дереккөз, өңір бойынша іздеуге ыңғайлы етіп жасалған және тарих пәні мұғалімдері мен білім алушыларына арналған.</i>	<i>http://chnm.gmu.edu/worldhistorysources</i>
<i>Бұл веб сайт Еуропа мен Америка тарихына бағытталған. Сайтта тақырыптар бойынша қысқаша түсіндіріледі және жалпы пайдаланушыларға арналып жасалған.</i>	<i>www.besthistorysites.net</i>
<i>АҚШ тарихы бойынша Хьюстон университеті әзірлеген. Веб сайтта тарихты зерттеу мен оқытуға байланысты ақпараттар мен құжаттар қамтылған. Аталған веб-сайтта тарих пәнін оқытуға арналған әдістер мен үлгі сабақтар қамтылған. Сонымен қатар, мұғалімдер үшін арнайы әзірленген бөлімде түрлі оқыту құралдары ұсынылған: электрондық кітаптар, бейнематериалдар, ойын элементтері мен музыкалық ресурстар арқылы оқу әрекеттерін ұйымдастыру мүмкіндігі қарастырылған.</i>	<i>www.digitalhistory.uh.edu</i>
<i>Smart History – білім беру бағытында қызмет атқаратын АҚШ-тағы үкіметтік емес ұйым Хан Академиясы әзірлеген онлайн платформа. Негізгі мазмұны бейнематериалдарға негізделген бұл сайт түрлі тарихи тақырыптарды визуалды түрде ұсынады.</i>	<i>http://smarthistory.khanacademy.org</i>
<i>« Schoolhistory» – мазмұны жағынан бай, Англияда әзірленген білім беру сайты. Бұл платформада тарих пәнін оқытуға арналған сабақ жоспарлары, түрлі әдістемелік нұсқаулар, оқу материалдары, интерактивті құралдар, ойындар мен викториналар ұсынылған. Ресурстар мұғалімдермен қатар, оқушыларға да қолжетімді түрде ұсынылған.</i>	<i>www.schoolhistory.co.uk</i>

<p>Веб-сайтта АҚШ тарихына арналған оқу материалдары жинақталған. Онда сабақ жоспары үлгілері, қосымша ресурстар, сілтемелер және оқыту әдістері туралы нұсқаулық сипаттағы ақпараттар қамтылған.</p>	<p>http://teachinghistory.org</p>
<p>Қазақстан тарихын тереңнен білгісі келетіндерге, оқушылар мен педагогтерге, студенттерге, жалпы қызығушыларға арналған http://www.tarih-begalinka.kz/ сайты жұмыс істейді. Бұл сайтта Қазақстан тарихының ежелгі кезінен бүгінгі Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі тарихи кезеңі бойынша қысқаша мәтін, хроника, тұлғалар, көркем әдебиет, карталар, тексеруге арналған сұрақтар қамтылған. Сайтта отан тарихына қатысты көптеген материалдарды табуға болады.</p>	<p>http://www.tarih-begalinka.kz/</p>
<p>Бұл веб сайт ына ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанның тарихына арналған. Аталған сайтта қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 7000-нан астам материалдар қамтылған. Порталдағы Қазақстанның «Интерактивті карта» батырмасында еліміздің қасиетті жерлері, тарихи мұралар мен оларға байланысты сипаттамалар бар. «Тарихи білім» бөліміннен оқушыларға арналған оқу материалдары, мұғалімдерге арналған материалдарды көруге болады. «Мультимедиа» бөлімінде Қазақстан тарихынан тақырыптар бойынша, хронологиялық жүйеленген фотосуреттер, аудио, видео файлдар жинақтары сақталған.</p>	<p>https://e-history.kz</p>
<p>Бұл веб сайт «Қазақстан тарихы» пәнінен мектеп оқушыларына арналған көптеген контенттерді қамтиды. Қазақстандағы электронды оқыту (e-learning) нарығын қалыптастырып, дамытып отырған Bilim Land инновациялық компаниясы әзірлеген.</p>	<p>https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy</p>

Қазақстан тарихынан жоғарыда аталған білім беру ресурстарын қамтыған сайттардан басқа ғылыми әдебиетпен, мақалалармен, газет-журналдармен, тарихи құжаттармен, жәдігерлермен, суреттер-

мен және тағы басқа да материалдармен тікелей байланысып, танып білуге мүмкіндік беретін веб сайттарда (2 кесте) жұмыс істеп тұр. Дегенмен, аталған бай мұраны жоғары білім беруде пайдаланудың әдістемелік жүйесін дамыту бойынша зерттеулер қажет екендігі анық.

2-кесте

Қазақстан тарихы бойынша отандық веб сайттар.

р/с	Отандық веб сайттар	
1.	http://www.cga.kz/index.php?module=kazakhstanika	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Орталық мемлекеттік архив» Республикалық мемлекеттік мекемесі
2.	https://history-state.kz	Мемлекет тарихы институты
3.	https://adebiportal.kz/	ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі және Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің қолдауымен «Қазконтент» АҚ тарапынан әзірленген.
4.	https://www.ulttykarhiv.kz/	Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві
5.	http://library.kz/	ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» РМҚ Орталық ғылыми кітапханасы
6.	http://otrar.rightbytes.kz/	Отырар – мемлекеттік археологиялық қорық музей
7.	https://nmrk.kz/	Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
8.	https://csmrk.kz	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі
9.	https://abai-museum.kz	«Абайдың «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы» РМҚК
10.	https://azretsultan.kz	«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК

Заманауи технологияның барлығы оқыту және материалдарды білім алуға ұсыну барысында жақсы бір нәтиже береді деген түсініктің дұрыс емес екендігін де атап өтуіміз қажет. Дәстүрлі оқыту әдістері мен материалдарды ұсынудың да білім беруде өзіндік орны және қызметі бар. Алайда, ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен оқыту дәстүрлі оқыту әдістерін толықтыра түседі де-үімізге болады.

Ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен оқытудың ең маңызды шектеуліліктерінің бірі – технологиялық құрал-жабдықтарға бағынышты болуында. Соңғы жылдары білім беру ұйымдарын ақпараттық-цифрлық технологиялармен қаншалықты қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілсе де олармен байланысты оқытудың дамуына қарай құрал-жабдықтарға деген қажеттіліктер жеткілікті. Бұл мәселелер ақпараттық-цифрлық технологиялардың өзінен емес, материалдық және техникалық жеткіліксіздіктен туындаса да, ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен оқыту ықпалына кедергі келтіруде және оның нәтижелілігін төмендетуде [63].

Оқыту әлеуеті жоғары құрал-жабдықтардың, білім беру бағдарламаларына сәйкес сапалы технологиялардың жеткіліксіздігі материалдық кемшіліктің бірі болып отыр. Бұл мектеп жасындағы немесе жоғары оқу орындарындағы білім алушылар мүмкіндігінің бірдей емес екендігін көрсетіп, олардың арасындағы теңсіздікті туындатады. Бүгінгі таңда білім алушылар арасындағы мұндай теңсіздік компьютерге қол жетімділік тұрғысынан анық байқалмаса да, басқа да құрал-жабдықтар, бағдарламалар және олардың сапасы тұрғысынан анық көрінеді. Бұл жағдай білім беру жүйесінде әлеуметтік әділетсіздік жағынан маңызды мәселелерге алып келуде [63].

Оқытушылар ақпараттық және цифрлық технологиялардың көмегімен орындалатын қосымша тапсырмалар беру кезінде осы жағдайды назарда ұстауы керек. Әсіресе, сабақтан тыс өзіндік жұмысына арналған тапсырмаларды беру кезінде оқытушылар тарапынан білім алушының берілген тапсырмаларды орындауға қажетті құрал-жабдықтары, материалдары және оларға қол жетімділігі алдын ала сарапталуы орынды болады. Сонымен, қатар, оқытушылар білім алушылардың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін назардан тыс қалдырмауы тиіс. Мәселен, жоспарланған жұмыс интернеттен алынатын материалға байланысты болса, ол білім алушының интернетке қосылу мүмкіндігін есепке алынып барып, берілуі қажет [63].

Ақпараттық және цифрлық технологиялар арқылы білім беру барысында оқыту ортасымен байланысты шектеуліліктер де бар. Web сайттардағы әртүрлі дыбыстық, видео арқылы берілетін дәрістер дәстүрлі түрдегі оқытушы мен білім алушының арасындағы тікелей байланыс арқылы білім беру барысында орын алатын әлеуметтік-

психологиялық ықпал ету тұрғысынан жеткіліксіз болып табылады. Білім алушылардың әлеуметтік психологиялық дамуы тұрғысынан Web сайттар арқылы оқыту дәстүрлі оқыту түрі беретін дамуды қамтамасыз ете алмайды [63].

М.Гласман мен М.Кангтың [83] пікірінше, адамзаттың заманауи тарихи кезеңі үшін ақпарат таралуымен екі негізгі өзгеріс орын алып отыр. Біріншісі, баспа машинашысының ойлап табылуы және оның кеңінен қолданылуы. Екіншісі, Internet-тің пайда болып, түрлі салада пайдаланылуы. Internet кең ауқымды ақпарат көздеріне, өте жылдам және жеңіл түрде қол жеткізе білу сияқты маңызды сандық, сондай-ақ, сапалық тұрғыда ауқымды өзгерістерді алып келді. Web желілер білім түрлерін жасауға, бағалау үшін арналған қолданбалы бағдарламаларға және оқыту үрдістерін жеңілдететін жаңа тәсілдер мен тәжірибелер туғызды.

Internet-тің білім беру саласындағы бағдарламаларының әртүрлі қызметтері бар. Тарихты оқыту тұрғысынан алғанда төрт негізгі қызметін атап көрсетуге болады:

- ақпарат және оқыту материалының дереккөзі болуы;
- қарым қатынас және өзара ықпал ету көзі болуы;
- білімді өндіру және тәжірибеде көру алаңы қызметі;
- оқыту алаңы қызметі.

Internet-тің ақпарат және дереккөзге қол жеткізу тұрғысынан алып келген өзгерістері басқа салалар сынды тарих және тарихты оқыту бағытында да аз уақыт ішінде елеулі жаңашылдықтарға жол ашты. 1990-2000 жылдары Internet-тің жеке компьютерлерде жалпы мақсатта қолданылуының таралуымен тарихи зерттеулерге және оқытуға арналған web сайттар жасалып, олар аз уақыт ішінде көп қолданысқа түсті. Тарих бағытында Internet-те контенттер жасау жеке қолданушылармен қатар, музей, архив, білім беру және зерттеу ұйымдары үшін де маңызды салаға айналды. Соңғы жиырма жыл ішінде тарихи тақырыптарға негізделген web сайттар саны жағынан да сапа тұрғысынан да жоғары деңгейге көтерілді [63].

Бүгінде оқытушылар мен білім алушылар тарих бағыты бойынша дереккөздер мен материалдарға әртүрлі web сайттар арқылы қол жеткізе алады. Бұлардың ең негізгілерін төмендегідей тізімде беруге болады:

- Энциклопедиялық ақпарат дереккөздері (Wikipedia және т.б);
- Түпнұсқа мәтіндік қолжазба дереккөздер;

- Е-журналдар, е-кітаптар сынды электронды жарияланымдар;
- Сурет, карикатура, фотосурет, миниатюра, гравюра сынды материалдар;
- Фильмдер мен ақпараттық видео форматындағы материалдар;
- Музыкалар мен басқа да дыбыстық жазбалар;
- Карталар;
- Кесте, диаграмма, концепциялық карталар типті материалдар;
- Дәріс презентациясы, кешені, жоспары, жылдық жоспар сынды оқыту материалдары;
- Сұрақтар, тапсырмалар жиынтығы сынды басқа да өлшеу және бағалау материалдары;
- Web сайт желісі бар тарихи-мәдени музейлер мен тарихи жерлер;
- Компьютер ойындары.

Internet-тің білім беру тұрғысынан ең маңызды қызметтерінің бірі оқытушылар мен білі алушылар арасында нәтижелі қарым-қатынас пен өзара ықпалдастықты қамтамасыз етуінде. Internet білім алушылардың зерттеу жобаларын және басқа да түрлі жұмыстарын жүзеге асыратын, тарихи зерттеулерді, жаңалықтарды басқалардың көруіне, таныс болуына ыңғайлы орта болып саналады. Web орта білім алушылардың зерттеу жұмыстарын көпшілікке ұсынуы тұрғысынан да ең маңызды мүмкіндіктің бірі. Осы ортада олар уақыт және орналасқан орны бойынша ұзақта орналасқан білім алушылармен бірлескен жұмыстар жасау, өнім шығару бойынша мүмкіндікке ие болады. Әсіресе, wiki сынды бірлескен жұмыстар жасауға ыңғайлы құралдармен жасалатын мұндай өнімдер білім алушылардың жоғары деңгейде бір бірімен қарым қатынасқа түсуіне, басқалардан көптеген нәрселер үйренуіне қолайлы жағдай туғызады [63].

Әлеуметтік желілер де оқытушылар мен білім алушылардың жасаған жұмыстарын көпшілікке таныстыру, насихаттау тұрғысынан үлкен мүмкіндікке ие. Жасалған жұмыстарды көпшілікке таныстыруды дәстүрлі әдістермен жүзеге асырған жағдайда көрушілер саны шектеулі болады. Сондықтан, мұндай дәстүрлі әдістермен жасалған жұмысты көрушілер тек топ немесе білім беру ұйымының өкілдері шегінен тыс аспайтын еді. Ал, бүгінде білім алушылардың жасаған жұмыстарын әлеуметтік желі немесе түрлі сайттарға жүктеп жариялауы және оны көрушілердің саны көп болуы мен оң пікірлер беруі олардың ынтасын арттырып, жұмыстарын одан да жақсы жазуына ықпал етеді [84].

Білім алушылардың web сайт немесе әлеуметтік желі контенттерін жасау жұмыстарымен айналысуы олардың Internet-ті пассивті қолданушы болу дағдысынан, әзірленетін жұмысты жасауға белсенді қатысушы жағдайына алып келуі тұрғысынан маңызды болып табылады. Тарихи білім беру саласында жасалатын желілік контент жасау әрекеттері білім алушыларды жаңа білім алуына ынталандырып ғана қоймай, классикалық зерттеулерден тарихи ақпараттар алып, тәжірибе дағдыларын да жоғары деңгейде дамыта түседі. Сонымен қатар, ақпараттық және цифрлық технологиялармен жұмыс жасау дағдыларын дамытуына да мүмкіндік алады [85].

Internet білім алушылар үшін ғана емес, оқытушылар үшін де нәтижелі контенттер жасау және оны көпшілікке ұсыну ортасы. Web сайт немесе әлеуметтік желі құралдары оқытушылардың бәріне ортақ білім беру материалдарын жасауы және әзірлеген жұмыстары арқылы ақпараттарды көпшілікке ұсынуын жеңілдетіп, олардың кәсіби дамуына оң әсер етеді.

Тарихты оқытуда Internet желісін пайдаланудың маңызды артықшылықтарынан басқа, әсіресе, білім алушылар үшін кейбір мәселелер туындатып отырғанын да айтуымыз керек. Internet-те оқытушылар мен білім алушылар қолданатын көптеген Web сайттар бар және оларда сансыз мөлшерде дереккөз құжаттардың болуы оң жағдай. Дегенмен, бұл жағдайда білім алушылардың дұрыс, сәйкес және білім алуға пайдалы желілерге қосылуы ең маңызды фактор болып табылады. Internet-тегі мыңдап саналатын Web сайттар мен олардағы ақпараттар мен дереккөздер арасынан дұрыс және пайдалы болатынын дәл табу білім алушы үшін оңай нәрсе емес [63].

Google сынды беттерден іздеп табу кезінде дереккөзге жеңіл қол жеткізуге болады, бұл жағдай білім алушылар үшін маңызды қиындықтар туғызуы мүмкін. Google-да қандай да бір тақырып бойынша кілт сөздер жазып іздеу барысында ізделіп отырған мәселеге байланысты жүздеген тіпті мыңдаған web сайттар шығады. Бұл web сайттардың әрқайсысын жете қарап, сәйкес дереккөздерге жету білім алушының біршама уақытын алады, сонымен қатар қызығушылығы мен ынтасына да кері әсер етеді. Сондай-ақ, табылған беттердегі мәліметтерді бағалауы да білім алушылар үшін қиындық туғызады [63].

Internet-те әртүрлі адамдар мен ұйымдардың тарихқа байланысты ақпараттар мен мәлімет деректерін жариялауы сенімділікке

байланысты бірнеше мәселелер туындатады. Internet-тің әркімнің қалауынша тарихи көзқарасы тұрғысынан ақпарат және тарихи деректерді жариялау мүмкіндігінің болуы оларды қолданатын білім алушылар үшін ақпараттар мен деректердің дұрыстығы мен сенімділігі бойынша кемшіліктердің орын алуына алып келді [63].

Ақпарат пен құжаттардың сенімділігі мәселесі, шын мәнінде, тарихты оқытуда барлық деректер үшін маңызды. Тарихнама мен оны оқытуды идеология мен саяси мақсаттардан арылту тіпті мүмкін емес. Түпнұсқа деректер де, әртүрлі тарихи ақпараттар мен қолжазбалар да оны жазушының ықпалы болғанын көрсетеді. Тарихты оқытудың білім алушыларға беруі керек ең негізгі білімдердің бірі тарихи ақпараттар мен деректерге сыни тұрғыда баға бере білуді үйрету. Бұл тұрғыда, жазба деректер мен желі деректері арасында аса үлкен ерекшелік бола бермейді.

Сонымен қатар, деректердің сенімділігі мәселесі тек ғана саяси және идеологиялық мақсаттардан емес, кәсіби жеткіліксіздік, немқұрайлылық, алынатын ақпараттадың алдын ала белгілі бір тексерістен өткізілмеуі сынды негіздерден де туындауы мүмкін. Web деректердің бір бөлігі музейлер, архивтер, университеттер, зерттеу институттары, білім беру саласында әрекет ететін кәсіпкерлік сауда ұйымдары сынды мекемелер тарапынан кәсіби тарихшылар мен оқытушылар еңбегімен жасалуда. Бұл тұрғыдан алғанда аса үлкен мәселе туындамауы керек. Дегенмен, тарихпен байланысты Web дереккөздердің үлкен бір бөлігі әуесқойлар тарапынан жасалынып жарияланады. Бұл кәсіби жеткіліксіздік пен немқұрайлылық сынды мәселелер бойынша ақпараттар мен деректердің сенімсіздігінің маңыздылығын арттыра түседі.

Тарих саласындағы Web дереккөздердің сенімділігімен байланысты мәселелер білім алушыларға ақпараттар мен деректерді сыни бағалау дағдысын меңгерту керек екендігін көрсетеді. Осы мақсатта оқытушы тарапынан Web сайттардың бағалануымен байланысты оқытуды ынталандыруы мен сәйкестігі қарастырылуы керек. Мұндай ынталандыру білім алушылардың сенімді ақпараттар беретін Web сайттарды пайдалануға үйретуімен бірге, сыни ойлау және медиа сауаттылығы дағдыларының дамуына да ықпал ететін болады [63].

Білім алушылардың тарих бойынша деректер мен мәліметтерді қамтитын Web сайттарды бағалай білуі үшін бірнеше тексеру бағалау

формалары әзірленген. Demirçioğlu [86] тарапынан университет білім алушыларына бағытталып әзірленген бағалау формасындағы негізгі тіректер мыналар:

– Web сайтты әзірлеген және әзірлеткен адам немесе ұйымның деректері мен жұмыс істеу бағыты;

– Web сайттың мақсаты;

– Ақпарат мәліметтердің жеке көзқарас, зерттеу тұжырымдарына сүйеніп жасалынғандығы;

– Ақпарат мәліметтердің объективті түрде ұсынылып, Web сайтта әртүрлі көзқарастарға жол бергендігі, дәлелдерге сүйенгендігі;

– Ақпараттар мен деректердің ұсынылған уақытының көрсетілгендігі;

– Ақпараттар мен деректердің білім беру мақсатында қолдана білу жағдайы;

– Web сайтта бар ақпараттардың басқа Web сайттардағы мәліметтермен салыстырмалы тексерілуі;

– Ақпарат мәліметтерге сын пікір берілгендігі.

Web сайттардың бағалануы тек білім алушылар үшін ғана емес, оқытушылар үшін де маңызды болып саналады. Оқытушылар оқыту материалдарына қол жеткізу үшін пайдаланатын Web сайттары алдын ала бағалау, тексеру жұмыстарын жүргізіп болғаннан соң ғана, білім алушыларға аталған сайттарды қолдануға кеңес бергені дұрыс. Кароун [44] білім беру мақсатында қолданылатын Web сайттарды бағалауда мынадай негіздерді бөліп көрсетеді:

Сәйкестік: Web сайттағы ақпараттар мен контенттердің білім беру мақсатына және білім алушылардың деңгейлеріне сәйкес келуі.

Шынайылығы: Ақпараттар алынған дереккөздердің көрсетілуі және олардың тексерілген болуы.

Кәсібилік: Web сайттардың кәсіби мамандар тарапынан әзірленген болуы.

Объективтілігі: Бейтарап және ақиқат мәліметтерге негізделген болуы.

Жаңашылдық: Ақпараттардың жаңа болуы және соңғы зерттеулерге негізделуі.

Көптеген елдерде білім алушылардың тарихи деректерді қамтитын Web сайттарды іздеп табулары және контенттерінің сенімділігін арттыру үшін оларға жолсілтейтін анықтамалық сайттар жасалған. Бұл Web сайттарда білім алушылар қолдана алатын сәйкес

және сапалы сайттардың мекен жайлары туралы және олардың ішінде қандай ақпараттар бар екендігі туралы мәліметтер бар. Осылайша, білім алушылар өздері қажет ететін тақырып бойынша ақпараттар мен деректері бар Web сайттарға жеңіл түрде қол жеткізе алады. Мұндай Web сайттарды жасаудың мақсаты тек білім алушыларға ғана емес, тарих оқытушыларына да Internet желісіндегі сайттарды пайдалануда көмекші болу, жол көрсету.

Елімізде бұл мақсатқа арналып арнайы жасалынған кең ауқымды сапалы Web сайт болмағанымен, дамыған шетелдерде ағылшын тілінде әзірленген сайттар жұмыс жасайды. Бұған мысал ретінде <http://chnm.gmu.edu/worldhistorysources> сайты айтуға болады. Бұл сайт АҚШ-тың Джордж Мейсон университетінің ғалымдары тарапынан әзірленген. Тарих оқытушылары мен білім алушыларына анықтамалық ретінде дүниежүзі тарихымен байланысты материалдарды қамтитын Web сайттар туралы мәліметтер береді. Web сайттардың таңдап алынуы мен берілген түсініктемелер кәсіби тарихшылар мен оқытушылар тарапынан жасалынған. Web сайтта тақырыбына, тарихи кезеңіне, дерек түріне және географиялық орналасуына қарай іздеу жасауға болатын жеңіл қолданыстағы батырмалар орналастырылған. Сонымен қатар, Web сайтта тарихи деректерді зерттеу әдістеріне байланысты оқытушылар мен білім алушыларға арналған жолсілтеуші ретінде әзірленген бөлім жұмыс істейді және үлгі дереккөздерге негізделген тарихты оқыту бағытындағы батырмалар да бар.

Мұндай сайттардан басқа кең ауқымды мақсатты көздейтін әртүрлі қызметтерге бағытталған (тарихшы, тарих оқытушысы, оқытушы, білім алушы т.б. арналған) тарих және тарихи білім берумен байланысты Web сайттарды индекстейтін сайттарда болады. Бұл сайттар арнайы білім алушыларға арналып жасалмаған болса да, ондағы деректерді пайдалануға, жол сілтеуші ретінде қарауға болады. Бұған мысал ретінде www.besthistorysites.net сайты көрсетуге болады. Тарих және оны оқытумен байланысты ағылшын Web сайттарын индекстейтін, арнайы білім алушыларға ғана арналмаған, жалпы мақсатта әзірленген, кең ауқымды контенттері бар. Бұл сайттар Еуропа және Америка тарихына қатысты жасалған.

Internet ұсынатын жеңіл қол жеткізуге болатын және жалпы ақпарат дереккөздерінің оқыту тұрғысынан туындатып отырған маңызды мәселелерінің бірі білім алушылардың тапсырмаларды

орындау барысында тез әрі оңай аяқтауы жолдарын қарастыруы дегуге болады. Ақпараттық және цифрлық технологиялар көмегімен білім алушының қандай да бір дереккөздегі дайын мәтінді немесе құжатты көшіріп өзінің тапсырмасына қоя салуы қарапайым және оңай бір іс әрекет саналады. Көшіріп қоюдың оңайлығы және Web сайттарда мәліметтердің көптігі білім алушыларды өз бетінше жұмыс жасаудың орнына «көшір, қой» батырмасымен тапсырмаларды орындауы жеңіл аяқтауға итермелейді. Соңғы жылдары білім алушылар жұмыстарында Internet сайттарынан алынатын мәліметтер артқан [63].

Бүгінде білім алушылардың ең көп қолданатын Web желісіндегі энциклопедиялық дереккөздердің басында Wikipedia орын алады [63]. Білім алушылар Wikipediany қолданғанда «көшір, қой» батырмасын көп қолданады [87]. Wikipedianyң көптеген тілдегі нұсқасының болуы әлем бойынша кең таралымдылығын арттырып отыр. Сондықтан, білім алушылардың Web желілерді қолданғанда өзіндік жұмыс жасаудың орнына дайын ақпараттарды көшіріп тапсырмаларын орындауы құбылысын Википедия синдромы деп сипаттауға болады.

Мұндай жағдай Википедия немесе басқа web желілердегі энциклопедиялармен шектелмейтіндігінде атап көрсетуіміз керек. Білім алушылар өздері іздейтін тақырыппен байланысты ақпарат беретін кез келген web сайтты қолданғанда аталған жағдай орын алады. Білім алушылар тақырып бойынша web сайттарды табу үшін көбінде Google сынды іздеу бетін пайдаланады. Тапқан материалдарын «көшір, қой» батырмасы арқылы орындайды. Сонымен қатар, тапсырмалардың толығымен жауабын алуға болатын ақылы және ақысыз дайын тапсырмалар сайттары бар екендігін де атап өтуіміз керек [63].

«Көшір, қой» батырмасын қолдану академиялық тұрғыдан этикаға жатпайтын іс әрекет болуымен қатар, білім алу процесі тұрғысынан да маңызды мәселелер туындатады. Білім алушылар мұндай іс әрекеттерді орындайтын тапсырмаларда тақырыпқа қатысты әдебиеттерді оқымастан, анализ және синтез жасамастан, өз пікірлерін қолданбастан берілген ақпаратты тікелей алу жолын таңдайды. Мұндай жағдайда оқып білу ең төменгі деңгейде жүзеге асады [63].

Бұл тек білім алушыларға ғана қатысты емес. Оқытушылардың да web желілердегі ақпараттарды пайдалануда осыған ұқсас

жағдайларға орын береді. Кейбір оқытушылар Internetтен тапқан ақпараттар мен материалдарын оқымастан, басқа әдебиеттермен салыстырмастан, өзінің білім беру ортасына сәйкестендірместен қолданады [63].

Internetтің білім беру және оқыту мүмкіндіктері оқытушылар мен білім алушыларға арналған білім беру мақсатындағы web сайттардың жасалуына алып келді. Тарихи білім беру саласында да көптеген елдерде үкіметке бағынышты немесе қолдауымен ұйымдар тарапынан оқытушылар мен білім алушылар үшін дайын оқыту материалдарын ұсынатын, қарым қатынас пен ықпалдастық мүмкіндіктерін беретін, желілік білім беруді қамтитын бірнеше сипаттағы web сайттар жұмыс істейді. Мұндай web сайттардың әзірленуі Internet пен ақпараттық-цифрлық технология құралдарын тарихи білім беруде әсерлі түрде қолданатын елдерде осы салада біршама жетістіктерге жетуге жол ашқан қадамның бірі деуге болады. Оқытушы мен білім алушының қажеттіліктеріне қарай жүйелі, кең ауқымды материалдарды қамтитын Қазақстан тарихы бойынша білім беруге арналған сайттар елімізде де жұмыс жасауда. Дегенмен, бұл салада әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдеріндегі білім беру сайттарымен салыстырғанда Қазақстандағы web сайттардың сапалық, әдебиеттік және материалдарды қамтуы тұрғысынан біршама толықтыруларды қажет ететіндігі көрінеді. Мәселен, Қазақстан тарихын тереңнен білгісі келетіндерге, оқушылар мен педагогтерге, студенттерге, жалпы қызығушыларға арналған <http://www.tarih-begalinka.kz/> сайты жұмыс істейді. Бұл сайтта Қазақстан тарихының ежелгі кезінен бүгінгі Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі тарихи кезеңі бойынша қысқаша мәтін, хроника, тұлғалар, көркем әдебиет, карталар, тексеруге арналған сұрақтар қамтылған. Сайтта отан тарихына қатысты көптеген материалдарды табуға болады. Сонымен қатар, <http://e-history.kz/> порталы. Ол ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанның тарихына арналған. Аталған сайтта қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 7000-нан астам материалдар қамтылған. Порталдағы Қазақстанның «Интерактивті карта» батырмасында еліміздің қасиетті жерлері, тарихи мұралар мен оларға байланысты сипаттамалар бар. «Тарихи білім» бөліміннен оқушыларға арналған оқу материалдары, мұғалімдерге арналған материалдарды көруге болады. «Мультимедиа» бөлімінде Қазақстан тарихынан тақырыптар бойынша, хронологиялық жүйеленген фотосуреттер,

аудио, видео файлдар жинақтары сақталған. Дегенмен, ЖОО студенттеріне бұл сайттағы материалдар жеткіліксіз деп есептеуге болады. ЖОО студенттері мен оқытушыларына отан тарихының мәселелеріне байланысты тұрақты түрде сериямен шығып отыратын журналдардың мақалаларымен де Internet желісінде танысып оқуға болады. Дегенмен, мұндай сайттарда нақты мәселелерге байланысты материалдар берілгенімен, олардың білім алушыны қызықтыру, оқуға белсенділігін арттыру жақтары қарастырылмайды [63].

Бүгінде Қазақстан тарихы пәні ғылыми тұрғыда күн сайын жаңа нәтижелермен толығуда. Отан тарихының ертедегі кезеңінен бүгінгі күнге дейінгі мұралар, археологиялық жәдігерлер, ескерткіштер, карталар, архив құжаттары мен суреттер, тұлғаларға қатысты деректер, жаңа тұжырымдарды қамтитын көптеген жаңа электронды интернет базалары жасалды. Қазақстан тарихынан материалдарды, тапсырмаларды, тест сұрақтарын қамтитын көмекші ресми сайттар мен білім беру мен бағалауға арналған цифрлық базалар да жұмыс істеп тұр. Дегенмен, білім алушының Қазақстан тарихы бойынша білім мазмұнын меңгермеуі, оның потенциалын тәрбие беруде көрсете алмауы, өз бетінше оқуға деген белсенділіктің төмен болуы, цифрлық технологияларға негізделген білім беру базаларынан, құралдарынан, әдістерінен хабарсыз болуы көрініс беріп отыр. Білім беру саласындағы және қоғамның ақпараттануы мен технологиялық дамуына байланысты қолданыста бар ішінара ЖОО-да Қазақстан тарихын оқыту бойынша жасалған әдістемелік ұсыныстар заманауи ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану бойынша талаптарға жауап бере алмайды. Бұл Қазақстан тарихын оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын игеру бойынша әлемдік педагогикалық практикадан алынған әдістемелік жетістіктерді үнемі арттыруды, дамытуды және қалыптастыруды талап етеді [63].

Болашақ тарих пәні мұғалімдерін кәсіби тұрғыда даярлау барысында білім беруді ақпараттандыру мен цифрландыру үдерістерінің мазмұны маңызды орын алады. Бұл даярлыққа қазіргі заманғы ақпараттық және цифрлық технологияларды меңгеру, оларды білім беру мазмұнына енгізу ерекшеліктері, техникалық құралдарды тиімді іріктеу және қолдану, сонымен қатар ақпараттық-білім беру ортасы мен кеңістігін құруға қатысты мәселелер жатады. Цифрлық технологияларды меңгеру болашақ мұғалімдердің заманауи талаптарға сай біліктілігін қалыптастыруға бағытталады. Бұл үдеріс екі негіз-

гі стратегиялық бағытты көздейді. Біріншіден, оқыту қызметінің барлық бағытында ақпараттық және цифрлық технологиялардың көмегімен тиімділікті арттыру. Екіншіден, ақпараттық қоғам жағдайына бейімделген, жаңаша ойлай алатын және дербес шешім қабылдауға қабілетті маман тұлғасын қалыптастыру. Осылайша, болашақ тарихшыларды оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды қолданудың басты мақсаты – білім беру сапасын арттыру мен кәсіби құзыреттілікті жетілдіру. Ақпараттық және цифрлық технологияларды қолданудың басты мақсаты негізінде білім беру сапасын арттыру мен кәсіби құзыреттілікті жетілдірудің төмендегідей іс-әрекеттері жүзеге асады:

– ақпаратты сақтау, өңдеу, беру және қолдануға бағытталған технологиялар мен білім беруді цифрландыру құралдарының мәні мен маңызын түсінуге бағытталған көзқарасты қалыптастыру;

– оқу үдерісінен тыс жүзеге асырылатын ғылыми зерттеу, ұйымдастырушылық және басқару қызметтерінде, сондай-ақ оқу нәтижелерін бағалау мен оқыту қажеттіліктеріне байланысты цифрлық технологиялар мен әдістермен таныстыру;

– білім беру барысында қолданылатын ақпараттық және цифрлық ресурстарға қойылатын талаптар, олардың сапасын бағалау қағидаттары, сонымен қатар болашақ тарих пәні мұғалімдерін оқытуда цифрлық құралдарды тәжірибеде қолдану жолдарына қатысты білім мен дағдыларды меңгерту;

– тарихи процестер мен құбылыстарды, заңдылықтарды терең түсіну үшін цифрлық және ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы студенттердің шығармашылық әлеуетін арттыру және отансүйгіштік қасиеттерін дамыту.

Ақпараттық және цифрлық технологиялардың білім берудегі артықшылықтары ретінде атап көрсетілетіні:

1. Білім алушының пәнге қызығушылығын арттырады.
2. Дербес оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.
3. Жаңа формадағы тарихи білімді игеруге жағдай жасайды (виртуалды музейлер, 3D карталар).
4. Оқытудың икемділігін қамтамасыз етеді (онлайн/офлайн).

Сонымен қатар, ақпараттық және цифрлық технологияларды білім беруде қиындықтар да орын алады, атап айтқанда:

1. Материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі.
2. Педагогтардың цифрлық құзыреттерінің әрқелкілігі.

3. Ақпараттық ресурстардың сапасын саралау қажеттігі.

Ақпараттық және цифрлық технологияларды білім беруде қолдану бойынша төмендегідей сипаттауға болады. Ақпараттық және цифрлық технологиялар білім беру кеңістігінде тек қосымша құрал емес, тарихи білім берудің жаңа парадигмасын қалыптастырушы фактор болып табылады. Олар оқытуды жандандырып, білім сапасын арттырумен қатар, заманауи қоғам талаптарына жауап беретін құзыретті тұлға қалыптастыруға ықпал етеді.

Тақырыпты қорыта отырып, келесідей негізгі ойларды тұжырымдауға болады:

– қазіргі қоғамның ілгерілеуінде ақпараттық және цифрлық технологиялар айрықша маңызға ие және олардың өзіндік ерекшеліктері бар;

– білім беру саласын ақпараттандыру нәтижесінде жүзеге асырылатын басты бағыттардың бірі – ақпараттық қоғам жағдайында білім алушыларды жан-жақты дамытуға сай оқытуды ұйымдастыру және оны әдістемелік тұрғыдан жетілдіру;

– ақпараттық-цифрлық технологияларға жататын құралдар қатарына интернет ресурстары, электронды оқулықтар, мультимедиа өнімдері, бейнежазбалар мен фильмдер, интерактивті платформалар, электрондық форумдар, online қызметтер және тағы басқалар кіреді.

Осыдан кейін біз жоғары оқу орнындағы тарих пәнін оқытуда ақпараттық және цифрлық технологиялардың маңызы мен ерекшеліктеріне кеңінен тоқталамыз.

1.3. Ақпараттық-цифрлық технологиялардың оқыту процесіндегі педагогикалық-психологиялық маңызы

Бүгінгі қоғам әлеуметтік-экономикалық және мәдени-саяси өмірдің барлық саласына ақпараттық және цифрлық технологиялардың енуімен ерекшеленіп отыр. Сондықтан, аталған технологияларды күнделікті іс-әрекеттерімізде, ақпараттарды алуда пайдалану заманауи қажеттілік деңгейіне жетті. Күнделікті өмірімізге тереңдей еніп, дами түскен ақпараттық және цифрлық технологиялардың, құралдардың пайдаланылу ерекшеліктерін, артықшылықтарын, қолдану тетіктерін, тіпті кері әсерлерін анықтау мәселесі назар аударта бастады.

Осы орайда, ақпараттық және цифрлық технологияларды, құралдарды білім беру саласында, жекелей алғанда «Қазақстан тарихы» пәнінде пайдаланудың проблемаларын қарастыру да өзекті болып табылады. Бұл өзектілік білім беруді цифрландыруға әлеуметтік тапсырыспен, тарихты оқытудағы қазіргі заманғы педагогикалық және әдістемелік қажеттіліктерге байланысты болып отыр. Себебі, «Қазақстан тарихы» пәні – Қазақстанның ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беретін негізгі пәндердің бірі.

Бүгінде «Қазақстан тарихы» пәні еліміздегі жоғары оқу орындарында міндетті пән ретінде оқытылады. Сондықтан, студенттерден пәнді оқу негізінде Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білуі, түсінуі, тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын, адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білуі, қазіргі Қазақстандағы құбылыстар мен тарихи үдерістері зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеруі, заманауи қазақстандық даму үлгісінің ішкі ерекшеліктерін объективті және жан-жақты зерделеу, тарихи құбылыстар мен үдерістерді жүйелеу және оларға сыни баға беру дағдыларын меңгеруі күтіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында ұлттық мәдени құндылықтарымызды сіңіруді, елімізде өмір сүретін ұлттардың мәдениеттеріне құрмет көрсетуді, жастарға тарихи сананы қалыптастыруды да мақсат етеді. Бұл тұрғыдан мемлекетіміздің болашағы саналатын жастарға тарихты оқытудың әдістері мен технологияларының маңыздылығы өте жоғары.

Кез келген тарихи тақырыптарға байланысты сабақта көрнектілікті пайдалану білім алушының өткен өмірді көз алдына келтіріп, елестете алуына ықпал етеді. Мұндай көрнектіліктерді ақпараттық және цифрлық технологиялар арқылы пайдалану бүгінгі әдістемелік және ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырыла бастады. Дегенмен, осы мәселеге байланысты зерттеулер ХХ ғасырдың екінші жартысында бастау алып, 60-70 жылдары ғалымдар тарапынан тарихты оқыту әдістемесі дамытылды. 1990 жылы «Қазақстан тарихы» мектеп бағдарламасына міндетті дербес пән болып енгеннен кейін пәнді оқыту әдістемесі оқыту талаптарына жауап бере алмайтындығы түсінікті болды. Пәннің қоғамдық-гуманитарлық маңыздылығына байланысты оқытудың әдістемелік мәселелерін шұғыл түрде шешу

қолға алынды. ЖОО-да оқытылатын Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнын анықтауға бағдар беретін тарихшы ғалымдар М.Қозыбаев, Ж.Қасымбаев, К.Нұрпейіс, М.Қойгелдиев, Қ.С.Алдажұманов, Б.А.Аяған, К.Байпақов және тағы басқалардың ғылыми еңбектері, Қазақстан тарихы бойынша жазылған академиялық ғылыми жинақтар қолданысқа енді.

Тарих пәні жалпыұлттық сананы қалыптастырып, отансүйгіштікке баулитын пән екендігі жоғарыда атап өтілген болатын. Сондықтан, осы пәнде пайдаланылатын оқыту әдіс-тәсілдерінің маңыздылығы зор. Әлемде және елімізде жүріп жатқан цифрлық трансформация мен құралдарының әсері көптеген салалардағы сияқты білім беруге де үлкен әсер етіп отыр. Цифрлық орта көрнекіліктерінің артуы мен ықпалының күшеюі жағдайында мазмұнның фактілер мен шындықты дәл бейнелеуін талап етіп, мәселелі сұрақтар туындата да бастады. Тарихты оқытудағы цифрлық экран қолданбалары туралы зерттеулерде телехикаяларға, фильмдерге және деректі фильмдерге баса назар аударылатыны байқалды. Сонымен қатар, интернет және әлеуметтік медиа желі негізіндегі мазмұн өмірімізде кеңінен орын ала бастағаны секілді білім беруде де үлкен роль атқара бастады. Дегенмен, интернет (веб) негізіндегі және әлеуметтік медианың тарихты оқытуда мазмұнды қамтуы мен пайдаланылуы бойынша зерттеулер өте аз. Осы тұрғыдан жүргізіліп отырған зерттеуден «Қазақстан тарихы» пәні бойынша университет білім алушыларына тарихты оқытуда және зерттеулерде қандай ақпараттық және цифрлық (баспа және цифрлық) құралдарды пайдалануға болатындығы, олардың артықшылықтары анықталады. Сондай-ақ, цифрлық тарих құраушыларының артықшылығы мен сенімділігі де осы зерттеу аясында қарастырылды. Тарихты оқытуда сенімді және тиімді цифрлық құжаттар мен құралдарды пайдалану тарихты оқытуға жаңа көзқарас алып келеді деп күтілуде.

Ж. Дрон мен Ж. Андерсон [88] «Халықты оқыту: оқыту және әлеуметтік медиа» еңбегінде әлеуметтік желілер мен онлайн қауымдастықтардың білім беру үдерісіндегі рөлі кешенді түрде талданған. Авторлар цифрлық ортадағы оқыту формалары мен модельдерін (мысалы, «топ арқылы оқыту» теориясы) қарастырып, әлеуметтік өзара әрекеттесудің білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы маңызын дәйектеген. Зерттеу әлеуметтік

медианың білім беру кеңістігіндегі ықпалын теориялық және эмпирикалық тұрғыда негіздей білген.

Біздің зерттеу жұмысы үшін бұл еңбек мына бағыттарда құнды деп есептейміз:

– әлеуметтік оқыту теориясы тұрғысынан: тарихты оқытуда білім алушылардың бір-бірімен ынтымақтаса әрекет етуі мен топтық талқылаулардың тиімділігін ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді;

– цифрлық ортадағы коммуникация бойынша: әлеуметтік желілер, форумдар және онлайн қауымдастықтардың тарихи білім алмасудағы маңызын айқындайды;

– инновациялық әдістерді дамытуға сәйкес: «crowdsourcing» тәсілдері арқылы тарихи деректерді бірлесіп талдау, интерактивті жобалар жасау мүмкіндігін ашады.

Аталған еңбек зерттеу жұмысымыз үшін цифрлық қоғамдағы білім алмасудың жаңа формаларын енгізуге, тарихи пәнді оқытуда әлеуметтік медиа мен қауымдастықтық оқытудың артықшылықтарын жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік береді және төмендегідей аспектілерде басшылыққа алынады:

– «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда инновациялық технологияларды, соның ішінде цифрлық құралдар мен интерактивті әдістерді тиімді қолдану тәжірибесін көрсетуде;

– оқыту процесінде білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын, деректерді талдау және салыстыру қабілеттерін дамытуға бағытталған әдістемелік ұсыныстарды пайдалануға;

– жобалық және проблемалық оқытудың тарихты меңгерудегі маңызын негіздеуге;

– цифрлық және дәстүрлі әдістерді кіріктіре отырып, білім алушылардың сыни ойлауын дамытуға арналған үлгілерді қолдануға;

– оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруда инновациялық тәсілдердің ықпалын ашып көрсетуге.

Е.С. Полаттың «Білім беру жүйесінде жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар» атты еңбегінде [89] заманауи педагогикалық технологиялардың теориялық негіздері мен практикалық қолданылу мүмкіндіктері қарастырылған. Автор оқытудың инновациялық үлгілерін (жобалық оқыту, модульдік оқыту, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде оқыту) жүйелі талдай отырып, олардың артықшылықтары

мен шектеулерін сипаттайды. Еңбекте білім алушылардың дербес және топтық жұмысын ұйымдастыру жолдары, оқытудағы интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігі мен олардың білім сапасын арттырудағы орны кеңінен талданған. Сонымен бірге педагогтың кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған әдістемелік ұсыныстар берілген.

Аталған еңбектегі біздің зерттеу жұмысымыз үшін қажетті тұстардан төмендегілерді атап көрсетуге болады:

- «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда заманауи педагогикалық технологияларды кіріктірудің әдістемелік үлгілерін негіздеу;
- цифрлық ортада тиімді болып саналатын жобалық және модульдік оқытуды тарихты оқытуға бейімдеу;
- білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған интерактивті әдістердің теориялық негізін қолдану;
- қашықтықтан және аралас оқыту үлгілерін тарих пәнінде пайдаланудың ғылыми-практикалық маңызын ашып көрсету;
- педагогтың кәсіби құзыреттілігін жетілдіруде жаңа педагогикалық технологиялардың орны туралы тұжырымдарды зерттеу жұмысы мазмұнына енгізу.

Е.Полаттың бұл еңбегі біздің зерттеу жұмысымыз үшін «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесін жетілдірудің теориялық-әдістемелік тірегі ретінде пайдалануға қолайлы. Әсіресе, ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдану арқылы білім сапасын арттыру, оқытушы мен білім алушының өзара әрекеттесуін жаңа деңгейге көтеру мәселелерін талдауда құнды материал көзі болып табылады.

Ақпараттық және цифрлық технологиялық оқыту құралдарына зерттеушілер ақпарат құралдары, тест сұрақтары, электронды оқулықтар, кейс-стади, интернетке негізделген сабақ материалдары, кескіндер, аудио, деректі фильмдер, анимациялар, графиктер бен кестелер, ойындар, интерактивті тақта сынды элементтерді жатқызады. Дегенмен, тарихты дәстүрлі оқыту әдістерінен тыс жаңа материалдармен, технологиялармен, құралдармен оқыту қиын, пайдасыз, қымбат және аса көп тәрбиелік құндылығы жоқ, көңіл көтеруге арналған деп ойлайтындар да жеткілікті. Алайда, жас буын бүгінгі ұрпақ үшін ақпараттық және цифрлық технологиялар көмегімен оқыту ең негізгі оқыту әдісі мен құралы жағдайына келіп отыр. Өсіп жетілу ерекшеліктеріне қарай білім алушылардың сана-

лары біздің санамызға қарағанда басқа түсінікке ие және өздеріне дейінгі ұрпақтан басқаша ойлап, танымы да басқа түрде қалыпта- суда [69].

Технология бұған дейін жасай алмағанымызды жүзеге асыруға немесе арзанырақ, жылдам, жеңіл және сенімді әрі қауіпсіз істей алуға мүмкіндік беретін әдістер мен құрал жабдықтар. Оқытуға арналған ақпарат технологиялары болса, оқу ортасы мен іс әре- кеттімізді дамыту немесе білімге қол жеткізу үшін қолданылатын әртүрлі технологиялық құралдар, бағдарламалар мен әдістерді қамтитын кең ұғым. Анықтамамыздан көрініп тұрғандай техноло- гия тек көзбен көріп қолмен ұстай алатын құрал жабдықтарды, яғни физикалық дүниелерімізді ғана айқындамайды. Технология ұғымының үш түрлі өлшемі бар. Олар: 1) объекті мен құралдардың өзі, 2) бұл құрал жабдықтар арқылы жүзеге асырылатын белсен- ділік және іс әрекеттер, 3) қалыптасқан әлеуметтік құрылым және тәртіптер мен ережелер [90]. Бұл тұрғыдан алғанда технология ұр- пақтан ұрпаққа берілетін мәдени құралдар мен әдістер [91]. Яғни, бір қоғамда қолданылатын құрал жабдықтар мен оларды қолданып жасалатын іс әрекеттер, сол қоғамның мәдениетінің құрамдас бір бөлігі және дамуының көрінісі.

Бүгінде білім берудің барлық сатыларында және салаларын- да білім беру технологиялары: а) оқып білуге көмекші (білімге қол жеткізу немесе білімді ұсыну құралы), б) тікелей оқытушы, с) білім беруді басқару (мысалы Е мектеп) және д) өлшеу бағалау құралы ретінде қолданылады [92]. Осындай әртүрлі қолданылу салалары арқылы жүзеге асыруға талпыныс жасалып жатқан екі негізгі мақсат бар. Олар:

– білім мен тәрбие беруді жеңіл, жылдам, арзан, нақты түрде жүзеге асыру;

– қоғамның технология қолдану деңгейін дамыту.

Компьютерлердің пайда болуы адамзаттың технологиялық дамуындағы революциялық прогреске алып келді. Бүгінде бұл да- мудан тысқары қалған сала жоқ.

Компьютерлік технологияның дамуы және кең таралуымен қа- тар құралдар мен қолданбалы құралдардың да әртараптандырылуы болды. Бүгінгі таңда бұл саладағы технологиялардың алуан түрлілігі мен ауқымы компьютерден құрал ретінде әлдеқайда асып түсті. Де- мек, қолданылатын ұғымдарда да өзгерістер болды.

Осы саладағы әртүрлі технологияларды жан-жақты көрсету үшін әдетте үш термин қолданылады: ақпараттық технологиялар (АТ), ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) және цифрлық технологиялар. Қазақ тілінде «ақпарат» ағылшын тіліндегі «информация» ұғымының баламасы ретінде қолданылса, «ақпараттық технология» ағылшын тіліндегі «information technology» ұғымының баламасы ретінде қолданылады. Ақпараттық технология концепциясы компьютерге көбірек бағытталған. Бұл тұжырымдама компьютерлік аппараттық және бағдарламалық қосымшалар сияқты компьютерлік жүйелерді зерттеуге, жобалауға, әзірлеуге, басқаруға және қолдауға қатысты тәжірибелерді қамтиды.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (АКТ) ұғымы ағылшын тіліндегі «information and communication technologies (ICT)» терминінің қазақша баламасы ретінде қолданылады. Ақпараттық желілердің (мысалы, интернеттің) және байланыс құрылғыларының (мысалы, ұялы телефондардың) дамуына байланысты байланыс құралдары ақпараттық және цифрлық технологиялар жүйесінде ерекше маңызға ие бола бастады. Осы орайда «АКТ» термині ақпаратпен жұмыс істеуге арналған заманауи технологияларды сипаттау үшін кеңінен пайдаланылады. Бұл ұғым ақпараттық технологияларды да қамтитын кеңірек аяда қарастырылады. Сонымен қатар, аталмыш саладағы құралдар мен қолдану бағыттарының сан алуандығын ескере отырып, бұл зерттеуде терминнің көпше түрін қолдану орынды деп есептеледі.

Қазіргі заманғы еңбек нарығы кәсіби даярлығы жоғары мамандарға деген сұранысты арттыруда. Осыған байланысты білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды тиімді пайдалану мәселесі өзекті бола түсуде. Бүгінгі күні цифрлық сауаттылығы жоғары, заманауи технологияларды еркін меңгерген тұлғаларға қажеттілік айқын байқалады. Сондықтан оқу орындарының алдында тек теориялық білім берумен шектелмей, студенттердің ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, ақпаратты іздеп, талдай алу қабілеттерін дамыту міндеті тұр.

Сонымен қатар, заманауи оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдармен қатар, жоғары оқу орындарында цифрлық технологияларды кеңінен енгізу аса маңызды.

Цифрлық білім беру технологиялары – бұл оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға бағытталған заманауи тәсілдердің бірі. Ол

электрондық жүйелерді пайдалану арқылы оқыту материалдарын көрнекі әрі қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Мұндай технологияларды қолданудың басты мақсаты – білім сапасы мен оқыту тиімділігін арттыру, сонымен қатар студенттердің әлеуметтік ортаға икемді бейімделуін қамтамасыз ету [93].

Соңғы уақыттарда жүргізілген зерттеулер мен ғылыми жарияланымдар осы мәселеге жан-жақты талдау жасап, автордың көзқарасын негіздеуге мүмкіндік береді. Бұған қоса, білім беру саласындағы бұрын шешімін таппаған кейбір мәселелер де осы зерттеулер арқылы ашыла түсті. Цифрлық технологияларды қолдану тақырыбы соңғы жылдары ғылым мен педагогикада кеңінен зерттеліп келеді. Бұл бағытта М.И. Максеенко, Л.В. Шмелькова, Е.Л. Вартанова, С.С. Смирнов, А. Марей, Л.В. Орлова, А.Ю. Уваров секілді бірқатар ғалымдар еңбек еткен. А.Ю. Уваров атап өткендей, цифрлық технологиялар оқу мазмұнын кешенді және үйлесімді жанартумен қатар қолданылған жағдайда ғана тиімді нәтиже береді [93]. Мұндай тәсіл білім беру сапасын едәуір арттыруға жол ашады.

Л.В. Шмелькованың айтуынша, цифрлық ортада еркін әрекет ете алатын адамның маңызды қасиеттерінің бірі – цифрлық технологияларды меңгеріп, оларды кәсіби салада тиімді қолдана алу қабілеті. Ал С.С. Смирнов, Е.Л. Вартакова және М.И. Максеенконың зерттеулерінде цифрландыру білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде сипатталады және ол басқару, мәдениет, мінез-құлық пен инфрақұрылым салаларымен тығыз байланысты деп көрсетіледі [93].

Цифрлық технологияларды қолдану студенттерді даярлау үдерісінде бірқатар артықшылықтарды ұсынады:

- оқу тапсырмаларын орындау мен материалдарды меңгеру барысында икемділік пен қозғалыс еркіндігінің артуы;
- білім алушылардың оқуға деген ынтасының күшеюі;
- оқыту процесін жекелендіру мүмкіндігінің болуы;
- оқу материалдарының визуалды түрде ұсынылу деңгейінің жақсаруы;
- оқытушымен тез әрі тиімді кері байланысты қамтамасыз ету;
- тапсырмалар аяқталған соң нәтижелерді жедел көру мүмкіндігінің берілуі [94].

Қазіргі цифрлық технологиялардың кең таралған түрлеріне мобильді оқыту, бұлттық сервистер, онлайн форматтағы курстар,

ойын элементтерін оқытуға енгізу (геймификация), сондай-ақ веб-квесттер жатады [95]. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде ең жиі қолданылатын және тиімді деп танылған тәсілдердің бірі – мобильді оқыту технологиясы. Оның көмегімен білім алушылар мен оқытушылар үшін ыңғайлы әрі нәтижелі өзара әрекеттесу мен білім алмасу мүмкіндігі артады.

Білім беру процесіне қатысушылар оқу материалдарын алыстан бөлісе алады, ал студенттер тобы ішінде мобильді құрылғыларды қолдана отырып, сымсыз желілер мен инфрақызыл қосымшалар арқылы ақпаратпен еркін алмасуға жағдай жасалады.

Бұлттық технологиялар желіге оңай қосылуға мүмкіндік беріп, үлкен көлемдегі ақпаратты сақтауға және оны аз еңбекпен басқаруға жағдай жасайды. Яғни, бұл технологиялар деректерді бөліп, өңдеп, сақтауды жеңілдетеді.

Осы жүйе арқылы оқытушылар мен студенттер қашықтан топтық және командалық жұмыстарды бірге атқара алады [96]. Мысалы, студенттер үйден топ болып зерттеу жобаларын, баяндамалар мен презентацияларды дайындап, әрқайсысы өз бөлімін орындап қана қоймай, басқа бөлімдерді де өзгертіп, толықтыра алады. Студенттердің енгізген түзетулері ортақ қолжетімді құжатта автоматты түрде жаңартылады. Бұлттық технология қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда да кеңінен қолданылады [97]. Мысалы, жоғары оқу орнының электрондық платформасында оқытушы тапсырмалар мен практикалық жұмыстарды орналастыра алады, ал студенттер сол құжаттағы жаттығуларды орындайды. Бұл тапсырмалар кесте толтыру, мәтіндегі бос орындарды толықтыру, сұрақтарға жауап беру немесе ойды жалғастыру сияқты болуы мүмкін. Жұмыстың барысы оқытушыға қолжетімді болғандықтан, ол тапсырмаларды уақытында тексеріп отыра алады.

Онлайн курстар – цифрлық білім беру технологияларының бірі болып табылады, оларды студенттер қашықтан пайдалана алады [98]. Бұл технологияның ең басты ерекшелігі – оқуды жеке тұлғаның қажеттіліктеріне бейімдеу. Студенттер өздеріне қолайлы кез келген уақытта білім ала алады және әртүрлі салалар бойынша кәсіби дағдыларын жетілдіре алады.

Онлайн оқыту екі формада жүзеге асады: синхронды және асинхронды. Синхронды форматта оқытушы мен студент бір уақытта сабаққа қатысады, ал асинхронды жағдайда студент өз

уақытында оқып, тапсырмаларды орындайды. Бұл кезде оқытушы курс мазмұнын интернетке орналастырады, ал студенттер оны қарап, өз бетімен жұмыс істейді. Осы тәсілдің артықшылығы – әр студент материалды өз қарқынымен меңгереді және қажет кезде бұрын өткен тақырыптарға қайта оралып, білімін жаңарта алады [99].

Білім беру саласындағы цифрлық технологиялар бірнеше маңызды функцияны атқарады, олардың ішінде білім беру, басқару және байланыс функциялары ерекше орын алады.

Білім беру функциясы – электронды оқытуды ұйымдастыруға бағытталған, соның ішінде оқу әдістерін анықтау, әзірлеу, талдау және тарату, сондай-ақ студенттер мен оқытушылардың қашықтан кәсіби деңгейін жоғарылатуды қамтиды [100].

Басқарушылық функция студенттердің оқу жетістіктерін бақылауды қамтиды, оған рейтингтер, диаграммалар, кестелер жасау және электронды оқу материалдары мен бағалау жүйелерін дайындау кіреді.

Ал, коммуникациялық функция білім беру жүйесінің қатысушылары арасында онлайн байланыс орнатуға бағытталған. Мұнда онлайн курстар, вебинарлар, бейнеконференциялар мен тікелей эфирлер өткізу сияқты іс-шаралар жүзеге асырылады.

Ақпараттық және цифрлық технологияларды тарихты оқыту үдерісінде пайдалану бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдай отырып, оларды қолданудың негізгі бағыттарын көрсетуге болады (2 сурет).



2 сурет. Ақпараттық және цифрлық технологияларды тарихты оқыту үдерісінде пайдалану бағыттары.

Жоғары оқу орындарында болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, ақпараттық және цифрлық технологияларды тарихты оқыту мақсаттарына сәйкес барлық кезеңдерде – дәрістік, практикалық, сондай-ақ аудиториядан тыс жұмыстарда жүйелі қолдану қажеттігі анықталған.

Оқу үдерісіне заманауи технологияларды енгізу білім мазмұнын жаңартумен қатар, тарихты оқытуда білім беру стандарттарына негізделген әдістемелік тәсілдерді жетілдіруді талап етеді. Сонымен бірге, білім алушылардың білім мен дағдысын қалыптастырып, жаңа форматтағы оқыту жүйесін құру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі саналады. Осыған орай, елімізде

әрбір мамандық бойынша мемлекеттік білім беру стандарттары бекітілген.

Пән мазмұнын іріктеу мәселесі – педагогикалық қауымдастық пен әдіскерлердің тұрақты назарындағы өзекті тақырыптардың бірі. Себебі тарих және басқа қоғамдық пәндерді оқытуда әртүрлі педагогикалық тәсілдер мен жолдар бар. Бұл тәсілдерді қолдану барысында пәннің құрылымы, терминологиясы мен мазмұны жүйеленіп, оқыту логикасы қалыптасады.

Болашақ тарих пәні мұғалімдерін заманауи талаптарға сәйкес дайындау барысында осы жаңа технологияларды оқу үдерісіне тиімді енгізудің маңызы ерекше (3 кесте). Бұл технологиялар тарихи білімді терең меңгеруге, оқу материалдарын визуалды әрі интерактивті түрде жеткізуге, сондай-ақ студенттердің зерттеушілік және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

3-кесте

Тарихты оқытуда пайдаланылатын ақпараттық және цифрлық технологиялардың маңызы

р/с	Тарихты оқытуда пайдаланылатын ақпараттық және цифрлық технологиялар	Маңызы
	Мультимедиялық презентациялар –	Көрнекілікті арттырады – тарихи оқиғалар, карталар, суреттер, кестелер мен диаграммалар визуалды түрде ұсынылып, білім алушылардың түсінуі жеңілдейді, қызығушылығын оятады. Шығармашылық пен ізденісті дамытады – білім алушылардың өздері де презентация жасап, дерек іздеуге, материалды өңдеуге дағдыланады.
	Виртуалды турлар мен 3D модельдер	Тарихи орындарды қашықтан тамашалауға мүмкіндік береді, оқу үдерісін шынайы етеді, көру арқылы есте сақтау қабілетін арттырады. Күрделі тарихи ұғымдарды түсіндіруді жеңілдетеді – мысалы, ортағасырлық қамалдың құрылысын немесе ежелгі қаланың жоспарлануын 3D үлгіде көру теорияны нақты түсінуге көмектеседі.

	Бейнематериалдар және деректі фильмдер	Оқу материалын нақты және түсінікті етеді – тарихи оқиғалар мен тұлғаларды бейнелеу арқылы білім алушыларға теориялық ақпаратты нақты елестетуге көмектеседі. Эмоциялық әсер береді – бейне арқылы көрсетілген тарихи көріністер, музыка мен дауыс арқылы білім алушылардың сезіміне әсер етіп, оқиғаларға тереңірек бойлауға мүмкіндік береді. Көпжақты ақпарат береді – фильмдерде тарихи контекст, тұлғалар, дереккөздер және тарихи жағдайлар жан-жақты қамтылады. Талдау және сын тұрғысынан ойлауды дамытады – білім алушылар фильмнен кейін көргенін талқылап, оқиғаға баға беріп, өз пікірін білдіреді. Уақыт пен кеңістікті сезінуге мүмкіндік береді – бейнематериалдар білім алушыларды сол кезеңге «сапарға» апарғандай әсер қалдырады.
	Электрондық оқулықтар мен ресурстар	Қолжетімділік пен ыңғайлылық – электрондық форматтағы материалдарға кез келген уақытта, кез келген жерден қол жеткізуге болады. Интерактивтілік – электрондық оқулықтарда суреттер, кестелер, бейнематериалдар, тесттер мен тапсырмалар енгізіліп, білім алушының қызығушылығы мен белсенділігін арттырады. Өзіндік білім алуға жағдай жасау – білім алушылар өз бетінше ізденіп, қосымша ақпарат тауып, жеке қарқынмен оқуға мүмкіндік алады.
	Цифрлық тесттер мен бағалау жүйелері (Kahoot, Quizizz, Google Forms)	Жедел бағалау – тест нәтижелері бірден шығарылады, бұл білім алушының білім деңгейін жылдам анықтауға мүмкіндік береді. Уақтылы кері байланыс – білім алушы өз қатесін бірден көріп, қай тақырыпты қайта қарау керегін түсінеді. Оқытушының жұмысын жеңілдету – автоматты тексеру мұғалімнің уақытын үнемдеп, оқыту процесін тиімді етеді. Үнемі бақылау мүмкіндігі – оқу процесінде кезең-кезеңмен тест алу арқылы білім сапасын тұрақты бақылауға болады. Адалдықты арттыру – кейбір цифрлық платформаларда тест барысында бақылау функциялары бар (мысалы, камера, экран жазбасы), бұл әділ бағалауға жол ашады.

	Интерактивті тақталар мен қосымшалар	<p>Көрнекілік пен түсініктілікті арттырады – тарихи карталар, диаграммалар, суреттер мен бейнелерді нақты әрі айқын көрсетуге мүмкіндік береді. Білім алушының белсенділігін көтереді – білім алушылар сабаққа тікелей қатысып, тапсырмаларды тақтада орындау арқылы қызығушылығы артады. Уақытты тиімді пайдалану – материалды жүйелі, құрылымды түрде көрсету арқылы уақыт үнемделеді. Қиын тақырыптарды түсіндіруді жеңілдетеді – тарихи процестер мен оқиғаларды анимациялар, уақыт шкаласы арқылы интерактивті түрде көрсету түсінікті етеді. Цифрлық қосымшалармен біріктіру – Kahoot, Google Earth, Timeline JS сияқты қосымшалармен сабақ мазмұнын байытып, тарихты өмірмен байланыстыруға болады. Қайта оралып қарау мүмкіндігі – жазылған материалдар сақталып, қажет кезінде қайта қолдануға болады.</p>
	Аудиожазбалар және подкасттар	<p>Тарихи ақпаратты тыңдау арқылы меңгеру – білім алушылар тыңдау арқылы тарихи оқиғаларды, деректерді, дереккөздерді қабылдауға дағдыланады. Сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамыту – тыңдау барысында тарихи терминология мен сөйлеу мәдениетін меңгеруге көмектеседі. Оқуға мотивацияны арттырады – подкасттар мен дыбыстық материалдар оқу процесін жандандырып, қызығушылық тудырады. Тұлғалық даму мен сыни ойлауды қалыптастырады – тарихи подкасттарда сараптамалық пікірлер, әртүрлі көзқарастар беріліп, тыңдаушыны ойлануға жетелейді. Қосымша ресурс ретінде тиімді – дәстүрлі оқулық материалдарын толықтырып, тақырыпты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Тарихи дереккөздердің түпнұсқалығын сезіну – кейбір аудиожазбаларда тарихи тұлғалардың сөздері немесе заманауи куәгерлердің әңгімелері берілуі мүмкін.</p>

Ақпараттық және цифрлық технологиялар ұғымының кең мағынадағы ұғым екендігін, оқыту ықпалын арттыру және білімге қол жеткізу үшін пайдаланылатын әртүрлі технологиялық құрал жабдықтар, бағдарлама мен әдістерді қамтитындығын жоғарыда

атап көрсеттік. Дәлірек айтқанда, мұндай технологиялар арасында телевизор, видео, радио, проектор, телефон, сенсорлы интерактивті тақта т.б көп қолданылатындығы белгілі. Тарихты оқытуда пайдаланылатын осындай ақпараттық және цифрлық технологияларға төмендегідей сипаттауға болады.

Медиа және графикалық технологиялар саласындағы даму көрсетілу сапасы өте жоғары, шынайы дүниені дәлме дәл бейнелейтін, модельдеу, анимация және ойындардың әзірленуіне ықпал етті. Компьютер мен интернет технологиялары өте жылдам жұмыс жасайтын интернет желісі қандайда бір бағдарлама немесе файлдарды жүктеуді қажет етпестен интернет таратушы драйверлерде (Internet Explorer, Chrome, Firefox, Safari т.б) модельдер, желілік дайын презентациялар, 3D анимациялар, сұрақ жауаптарын, тесттер сынды әртүрлі оқыту материалдарына қол жеткізе алады. Оқытуға көмекші бұл материалдар аудиторияда немесе аудиториядан тыс уақытта да пайдаланылады. Осылайша, оқытудың үздіксіздігі мен сабақтастығы принципін жүзеге асыруда нақты, ынталандырушы тақырып түсіндіру әдістері қолданылады.

Интерактивті тақта атымен қолданылатын компьютер мен проекторға жалғанатын ақ тақта өзіне келген бейнені аталған тақта үстіне түсіріп көрсетеді. Интерактивті тақтаны қолдану арқылы:

- түрлі түсті бейнелер береді;
- тақтада көрнекіліктер (сурет, графика, фото, кесте, карта т.б) көрсетіледі;
- көрнекіліктердің үстіне анықтауыш сөздер жазуға болады;
- сурет, видео және презентация көрсетуге болады;
- интернетке жалғанып, материалдар көрсетуге болады;
- әртүрлі бағдарламалар жасай беруге болады;
- жасалған, көрсетілген материалдарды сақтап, қайта көрсетуге болады;

Көрсетілген материалдарды білім алушыларға жіберуге болады [101].

Бүгінде кеңінен таралған интерактивті тақта қолданылуының оқытушылар мен білім алушылар үшін де пайдалы жақтары көрініп отыр:

- әртүрлі қабылдауға және көрнекілікпен оқытуға қызығушылық танытатын білім алушылар үшін тиімді білім алу ортасын қалыптастырады;

– бор шаң тозаңы мен сия иісі болмайтындықтан таза әрі денсаулыққа зиянсыз;

– білім алушылар сабақ барысында конспект жасаумен уақыттарын бос өткізбестен, тиімді пайдалана алады;

– көрсетілетін материалдарды қайта көрсету мүмкіндігіне ие болғандықтан, оқытушылар да уақытын тиімді пайдаланып, нәтижелі болады;

– көрсетілетін материалдар түрлі түсті болып, әртүрлі оқыту әдістеріне мүмкіндік болғандықтан, білім алушылардың сабаққа қызығушылығын және ынтасын арттырады.

Электронды кітап (е-кітап) деп компьютер, ноутбук, планшет, телефон қолданып оқылатын кітаптарды атайды. Бұл баспа кітаптардың сканерлік немесе цифрлық фотоаппарат құралдарын қолданып жасалған сандық көшірмелерін электронды жабдықтармен пайдалануға арналған кітаптарды қамтиды. Е-кітаптардың баспа кітаптарға қарағанда төмендегідей пайдалы жақтары бар:

Шығындар аз болады: е-кітап қағаз, сия, баспа және жеткізу шығындары болмағандықтан баспа кітаптардан арзан болады. Бұл жағдай дәріс кітаптарында болатын бет шектеуін алып тастауға мүмкіндік береді.

Алуантүрлілік: е-кітап қолданылуы дәріс кітаптарының тек текстерден ғана емес, сурет, графика, дыбыстық жазбалар қамтуына мүмкіндік береді. Бұл дәріс кітаптарының жаңашылдығына алып келуде.

Жылдамдық: е-кітаптар бір тақырыптан екінші тақырыпқа немесе бөлімге ауысуда, қажетті сөзді іздеп табуда жылдам нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жеңіл тасымалдануы: мыңдаған е-кітаптарды кішкентай ғана құрылғыда тасымалдауға болады.

Е-кітаптарға шығындардың аз кетуі және көп орын алмайтындығымен қатар, тарих сабағында түпнұсқа материалдарды көрсету кітабы бола алатындығын да көрсетіп отыр. Білім алушылардың бір оқиғаға әртүрлі көзқарас тұрғысынан баға беру және басқа қырлары бойынша қарау мүмкіндігін де береді. Міне, е-кітаптар ұсынатын дыбыстық және көрнекілік материалдарды пайдалану ерекшелігі дәріс кітаптарында түпнұсқа құжаттардың болуына, тарихқа қатысты ұғымдар мен құбылыстардың нақты дәлелді оқытылуына жағдай жасайтындығында жатыр. Сондықтан, осы

жағдайлардың барлығы білім алушылардың тарих пәніне байланысты қызығушылығын арттырады деуге болады.

Тарих пәнінде берілуі керек ақпараттар оқулық кітаптарда білім алушылардың түсіне білуі үшін қарапайым және жүйелі негізде дайын түрінде ұсынылған болса да, ұғынықты оқып білу үшін тарихи кезеңге тиесілі жәдігерлер мен құжаттарды көріп қарастыруы керек және осы материалдарда қамтылған мән мен мағынаны өздері табуы қажет. «Тарих өткенге тиесілі материалдардың жиынтығы емес. Тарих «Қалай?» және «Не үшін?» сұрақтарына жауап табу үшін тарихи дәлелдер жинақтау, себеп нәтижелерін тұжырымдау» [45, 5 с.]. «Қалай?» және «Не үшін?» сұрақтарына жауап табу үшін тарихи дәлелдерді жинақтау және қолдану үшін білім алушылар екі негізгі дағдыны қажет етеді. 1) Сыни ойлау дағдысы, 2) тарихтың негізгі деректерін сыни пайдалану дағдысы. Тарихи оқулыққа негізделген оқытуда тарихтың түпнұсқа деректеріне орын берілмейтіндіктен білім алушыларға сыни ойлау дағдысын меңгертпейді. Себебі, оқулық кітабы, шын мәнінде, білім алушылардың жасауы керек «дәлелдерді зерттеу, оқиғалардың себептері мен нәтижелерін тұжырымдау және солардың негізінде бағалаулар жасау» іс-әрекеттерін білім алушылардың орнына жасап, білімді немесе ақпаратты дайын күйінде ұсынады [45, 5 с.]. Білім алушылардың тарихи және сыни ойлау дағдыларының дамытылуы, қалыптастырылуы білім беру жүйесінен күтілетін, тарихты оқытуда жүзеге асырылатын, тарихи білімді түпнұсқа деректен алумен байланысты болып келеді.

Интернеттің кең қамтылған ақпарат дереккөзі болуымен қатар, «ақпарат манипуляциясы» мен «ақпараттардың ластануы» бойынша да ең ашық дереккөз ретінде бағаланады [102]. Интернеттің ақпаратқа қол жеткізу және зерттеу құралы ретінде пайдаланылуы оқытушы мен білім алушылардың аталған ауқымды ақпараттар көзі ішіндегі қауіп қатерлерді толыққанды білуімен де байланысты. Бұл тұрғыда білім алушылардың әр нәрседен бұрын интернетте қамтылған ақпарат пен құжаттарға сыни тұрғыда қарап және веб сайттарды сыни талдау, яғни медиа сауаттылық тақырыптарында алдын ала оқытылуы керек.

Білім беру мақсатында пайдаланылатын веб сайттарды іріктеуде мынадай критерийлер басшылыққа алынады:

А) Сәйкестік: берілген ақпараттар, тілдік стилі мен көрнекі-

ліктерінің білім беру мақсатына және білім алушы деңгейіне сәйкес болуы.

Б) Шынайылық: берілген ақпараттар дереккөздерінің көрсетілуі және ақиқаттығын растай алатындай болуы.

В) Кәсібилік: Веб беттің осы салада білікті мамандар тарапынан әзірленген болуы.

С) Объективтілік: бейтарап және объективті білімдерге назар аударылуы, болжам және бағыттаудан аулақ болуы.

Е) Өзектілік: берілген ақпараттардың өзекті болуы жаңа зерттеу нәтижелеріне негізделуі [103].

Бір веб сайттың сенімді әрі қауіпсіздігі жоғарыда көрсетілген критерийлерге сәйкестігіне байланысты анықталады. Бұлай болмаған жағдайда білім алушының іздеуі кезінде алғашқы кездесетін немесе атауында «энциклопедия» (википедия), «сөздік» (түсіндірме сөздік) сөздері бар сайттар сенімді, қауіпсіз дегенді білдірмейді.

Веб сайттарды пайдалануға байланысты тағы бір маңызды жағдайдың бірі интернетте орналасқан «рефераттар» және «көшір-қой» батырмасымен жұмыс істеуге болатын ерекшелігі білім алушыларды дайын жұмыстарға және плагиатқа баруға көбірек жол ашуда. Сондықтан, білім алушылардың ғылыми зерттеу әдістері мен ғылыми этика тұрғысынан оқытылуы керек. Дайын жұмыстарды көшіріп алудың алдын алу үшін білім беру ұйымдары мен оқытушыларға түсетін тағы бір ауыртпалық қызмет білім алушылардың жұмысын мұқият тексеру болып отыр.

Компьютерлер (жұмыс үстелі, ноутбук, планшет және т.б.): Көптеген жаңа АКТ құралдары пайда болғанымен, компьютерлер білім берудегі іргелі ақпараттық және цифрлық технологиялар құралы ретінде өз мәртебесін сақтап келеді. Үстелдік компьютерлерден басқа, портативті компьютерлер білім беруде кеңінен қолданылады. Планшеттік компьютерлер, әсіресе, бастауыш және орта білім беру деңгейінде олардың тасымалданатындығымен, білім алушылар үшін қажетті және жеткілікті қосымшалардың болуымен және олардың құнының төмендігімен маңызды бола түсуде.

Ұялы телефон: Ұялы телефондардағы мультимедиялық мүмкіндіктердің қолжетімділігі оларды оқыту құралы ретінде пайдалануға жол ашады. Қазіргі таңда жастардың ұялы телефонды кеңінен қолдануы олардың тәрбиелік мәнін одан әрі арттыра түсуде.

Ақпаратты сақтау құрылғылары (портативті дискілер және т.б.):

Ақпаратты сақтау құрылғылары білім беру бағдарламалары мен ресурстарын тарату және пайдалану үшін маңызды.

Тарих пәні сабақтарында берілуі керек ақпараттар оқулықтар мен оқу құралдарында білім алушылардың түсіне алу деңгейінде қарапайым және жүйелі, дайын түрде ұсынылғанымен, одан да түсінікті әрі сіңімді болуы үшін тарихи жәдігер мен құжаттарды көріп, зерттеп, ол жәдігер мен құжаттарда берілетін ақпараттың маңыздылығы мен мәнін өздері тапқаны дұрыс.

Көптеген білім алушы тарих пәнін жаттауға негізделген, қызықсыз және шынайы өмірден алшақ деп танитындығы белгілі. Тарихты оқытуда ақпараттық және цифрлық технологиялардың пайдаланылуы күнделікті өмірінде аталған технологияларды жиі қолданатын және білім алу құралы ретінде оларды таңдаған білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттыра түседі. Өз пәнінде ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланатын оқытушылар білім алушылардың сабаққа ынтасы, қызығушылығы және қатысуының артатындығын айтады. Қызығушылығы мен ынтасының артуы саласында пайда болатын ықпал білім алушылардың (әсіресе классикалық оқыту дәстүрінде аз нәтиже көрсеткен білім алушыларда) оқу деңгейі мен академиялық құзыреттерінің артқандығын да көрсетеді [45, 5 s.].

Ақпараттық және цифрлық технологиялар әртүрлі форматта және шексіз түрде түпнұсқа материалдарға қол жеткізуді жеңілдетеді. Бұл түпнұсқа материалдардың сабақ барысында пайдаланылуы тарих пәнін оқытушы мен дәріс кітабына бағынышты етуден босатады. Білім алушылардың түпнұсқа материалдарды зерттеуіне, бағалауына мүмкіндік туып, тарихты оқу мағынасы арта түседі. Ақпараттық және цифрлық технологиялардың осындай мүмкіндіктері нәтижесінде білім алушының тарихи сұрақтар қойып, зерттеу және сыни ойлау дағдылары дамиды.

Ақпараттық және цифрлық технологиялар тарихи деректер мен материалдарды білім алушыларға әртүрлі формаларда ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл жағдай тарих пәнінің білім алушының ынтасын арттырып, дәрістің оқыту моделіне сәйкес өтуін жүзеге асырады.

Ақпараттық және цифрлық технологиялар қарым-қатынасқа, бірлесіп әрекет етуге, ортақ үйренуге ықпал етеді. Осылайша, білім алушылар тарих пәнінде тарихи білімді алумен қатар, қарым-

қатынас және бірлесіп әрекет ету дағдыларын дамытады. Аталған технологиялардың білім алушыларды басқа адамдармен байланысын арттыра отырып, әлеуметтену процесіне де оң әсер етеді.

Адамзат баласының білім мұрасы артқандығы соншалықты, бір адамның оған қол жеткізуі және оларды санасында сақтауы мүмкін емес жағдайға келді. Сондықтан, бүгінде білімді сақтаудан гөрі, жасай білуді үйренудің маңыздылығы артты. Ақпараттық және цифрлық технологиялар жеке және активті үйренуді қолдайды. Осылайша, ол білім алушыларға білім алу жолдарын ашып қана қоймай, яғни оқуға ынталануға мүмкіндік береді.

Мұнда ұмытпауымыз керек басты нәрселердің бірі ақпараттық технологиялар танымының ауқымына кіретін технологиялық құралдар мен жабдықтардың мүмкіндігі мен пайдасы жеке түрде жүзеге аспайды. Ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалануда әрдайым оларды пайдалану санына қарағанда пайдалану сапасы маңызды. «Әр аудиторияға бір ақылды тақта, әр білім алушыға бір компьютер, әр білім беру ұйымына жоғары сапалы интернет» деген кезде көрсетілетін сандар білім беруде жететін мақсатымызды көрсетпейді. Білім берудегі мақсатымызға жету физикалық инфрақұрылыммен бірге оқу мәдениеті, білім беру жүйесі және оқытушының білім беру үдерісінде қажетті тәртіптерді сақтай отырып жүргізуі негізінде ғана мүмкін болады.

Білім беру жүйесінде жылдар бойы қолданылып келген мінез құлыққа бағытталған білім беру жүйесі конструктивті жүйеге ауысты. Конструктивті білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбие беруде білім алушының өзінің оқып білуіне өзі жауаптылығы алдыңғы орынға шығып, білгілі бір нәтижелерге қол жеткізуі негізгі мақсат етіп алынды. Білім беруде технологияның пайдаланылуы білім алушылардың зерттеу, сыни ойлау, бірлескен жұмыстар жасау және медиа оқу жазу сынды жалпы дағдылары мен әртүрлі салаларға тән (тарих пәні үшін тарихи ойлау, хронологиялық ойлау, салыстырмалы қабылдау және тарихи зерттеу) дағдыларды дамытуда маңызды рөл атқарады. Сондықтан, педагогтар технологияны пайдалануды конструктивті жүйенің жалпы негіздерінің бірі және ең маңызды көмекші екендігін қуаттайды.

Конструктивті білім беру жүйесінің ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланып жүзеге асыратын негіздері ретінде мыналарды атап көрсетуге болады:

– белгілі бір алдын ала жоспарланған түрде тарихымызға қатысты мәліметтер мен оқиғалардың шынайы нұсқасын презентация арқылы ұсынуға мүмкіндік береді. Осылайша, білім алушылардың оқытылатын тақырыптардағы шынайы өмір мен өз өмірлері арасындағы байланысты көруіне ықпал етеді;

– білім алушылардың оқиға мен ұғымдарға тиісті әртүрлі бағалауларды қарастыра отырып, маңызды нәтижелерге қол жеткізуіне көмектеседі;

– білім алушылардың білім беру үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етеді;

– білімді теориялық тұрғыда оқып ғана қоймай, тәжірибелік көрсетілім тұрғысында ұсынып та көрсетеді. Білім алушылардың кең тұрғыда пікір және көзқарастарын білдіруге бағытталған болуы [45, 5 s.].

Оқытушылар пәнді оқыту барысында тарихи оқиғаларды визуалды қалпына келтіре отырып оқыту үшін аудио және бейнематериалдарды, интернет желісіндегі тарихи құжаттарды тікелей ашып, оқу процесінде білім алушыларға көрсетеді. Бұл қоғамның өткен өміріндегі тарихи бейнелерді, аудиоматериалдарды білім алушыларға көрсету олардың санасында тарихтың шынайы бейнесін жаңғыртуға, материалдың анықтығын, көрнекілігін, бейнелілігін және жандылығын арттырады, білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын ашумен қатар, заманауи технологиялармен жұмыс жасай білуі мен жаңашыл ойлауын дамытады. Сондай-ақ, тарихты оқыту процесінде тарихи тұжырымдарды дәлелдеу үшін оқытушыға бірнеше тарихи материалдар керек болады. Осы тұрғыдан алғанда, көптеген тарихи дереккөздерді көрсету арқылы оқытушылар сыныптық сабақтардың мазмұнын арттырып қана қоймай, сыныпқа қойылған талапты орындайды.

Дәстүрлі оқыту бойынша тарих сабақтарында тақтаны қолданып, ауызекі түсіндіру түрінде жүргізілді. Сондықтан, білім алушылар тарихи оқиғаны тек оқулық кітаптардан оқи отырып қабылдады. Бұл тарихты оқытудың тиімділігін бірқатар төмендетті. Шектеулі бейнені қамтамасыз ететіндіктен, тарихты тек фотосуреттермен қалпына келтіру қиын және ол білім алушыларда тақырыпты түсінбеуге алып келуі мүмкін. Ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану бұл кемшіліктің орнын толықтырары анық.

Ақпараттық және цифрлық технологиялар көмегімен тарих бо-

йынша сабақты бір мезетте патриоттық және идеологиялық тәрбие сабағына айналдырып, оқыту мен тәрбиелеуді қатар орындауға болады. Қазақ халқының ұлт-азаттық күресі туралы баяндаған кезде оқытушы тиісті бейне материалдарды көрсете алады. «Тарихи фильмдер білім алушыларды түтін мен отқа толы әскери оқиғаларды жанды көруіне, соғыстың қатыгездігін сезінуіне және оның халық үшін әкелген қайғы-қасіретті түйсінуіне көмектеседі» [104].

Тарихты оқытуда түпнұсқа дереккөздер мен құжаттарды, жәдігерлерді, карталарды пайдаланудың да маңыздылығы ерекше. «Керісінше жағдайда, білім алушыларға белгілі бір тарихи кезеңде орын алған оқиғаларды абстрактілі түрде қандайда бір көрнекі құралсыз және дәлел-дәйексіз түсіндірілуі пәнге деген қызығушылықтың болмауына, меңгерілуі керек білімді алмауына алып келеді [45, 5 s.]. Сол себепті, әртүрлі цифрлық формада жарияланған деректі, көркем және сериялы фильмдердің пайдаланылуы тарихи білімнің нақтыланып берілуіне мүмкіндік жасайды.

Дәстүрлі баспа кітаптармен тарихты оқыту білім алушылардың қызығушылығын төмендетіп, пәнге қарсы жағымсыз түсінік қалыптастырады. Цифрлық экрандарды кеңінен қолданатын бүгінгі қоғамда виртуальды көрініс ұсынатын телевизорлар мен видеолардың ықпалы жалпы жинақталып әсерлі құрал-жабдықтар қатарына қосылуда. Бұл тұрғыдан алғанда, тарих тақырыптарының оқытылуында көрнекі құралдардың маңызды екендігі анық білінеді. Тарихи сериялы фильмдерде қызығушылықты арттыратын көрсетілімдерді қолдануы көрерменнің тарихты білуге деген ынтасын арттырып, тарихи санасының қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан, тарихи оқиға мен құбылыстарды қамтитын фильм сериалдардың оқыту үдерісінде материал ретінде пайдаланылуы әсерлі бір сабақтың өтуіне жағдай жасап, пәнді оқытуды нәтижелі ете түседі [105]. Тарихи фильм мен тарихи оқиғалар туралы аздаған білім алған тұлғада қызығушылық сезімі қалыптасуы мүмкін. Соның нәтижесінде фильмде қолға алынған тарихи оқиғамен байланысты тағы да білгісі және ақпарат алғысы келетін қызығушылығы туындауы ықтимал. Білім алушылардың тарихқа байланысты білмейтін нәрселерін үйренуінде фильмдер пайдалы материал ретінде де қолданылады [45, 5 s.]. Мәселен, «Оян қазақ» фильмі көрсетілгеннен кейін Алаш қозғалысы мен қайраткерлерінің өмірі, қызметі, шығармашылығына деген қызығушылық артып, осыған

ұқсас тақырыптардағы фильмдер көбірек қаралып, кітаптар сатылымы артты деген тұжырым жасауға болады.

Ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану тарихты оқытуды едәуір жеңілдетеді. Сызбалар, фотосуреттер, карталар, диаграммалар, аудио-видео материалдарды сәйкесінше уақтылы пайдалану тақырыпты әрі көрнекі етеді, әрі тақырыпқа қатысты мәліметтерді есте сақтауға мүмкіншілік береді.

Ақпараттық және цифрлық технологияларды оқытушы пәнді оқытуда қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Олар бүгінгі білім беру мен тарихты оқыту процесінің маңызды буыны болып табылады. Тарих пәндерінен заманауи ақпараттық және цифрлық технологияларды жүйелі түрде пайдалану көрнекілікті қолдану деңгейінің жоғарылауына, еңбек өнімділігінің артуына алып келеді. Сол сияқты ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану тарих материалының мазмұнын тереңдете алады.

Тарих пәнін оқыту түрлерін (4 кесте) және сол формаларды жүзеге асыру барысында ақпараттық әрі цифрлық технологияларды қолданудың артықшылықтарын қарастырып өтейік.

4-кесте

Жоғары оқу орындарында тарихты оқытудың формалары

Тарих	Дәріс
	Семинар
	БӨЖ (Білім алушының өзіндік жұмысы), ОБӨЖ (Оқытушы басшылығымен білім алушының өзіндік жұмысы)
	Ғылыми зерттеу жұмыстары, педагогикалық тәжірибе

Жоғары оқу орындарында жаңа тақырыпты меңгерудің негізгі әдістерінің бірі – дәріс (лекция) болып саналады. Дәрістің ерекшелігі – оның мазмұны терең, ғылыми тұрғыдан негізделген, логикалық жағынан реттелген және ақпарат беру жылдамдығы жоғары. Бұл оқыту түрі әсіресе, білім алушылардың дайындық деңгейі жоғары болған жағдайда тиімді нәтиже береді.

Алайда, дәріс барысында студенттердің белсенділігін арттыру оңай емес, тек тыңдау форматы олардың қызығушылығын төмендетуі мүмкін. Сондықтан оқытушы тарапынан сапалы дайындық қажет, мұндай дәрістерді тәжірибелі, кәсіби біліктілігі жоғары

мамандардың өткізуі маңызды. Лекцияны проблемалық сипатта ұйымдастыру және оны көрнекі құралдармен сүйемелдеу оның тиімділігін арттырады.

Осы орайда заманауи ақпараттық технологияларды (бейне-лекциялар, теледидарлық сабақтар, анимациялық материалдар, тірек сызбалар, диаграммалар мен графиктер және т.б.) қолдану лекцияның мазмұнын байытып, оны студенттер үшін қызықты әрі тартымды етеді.

Дәріс түрлерін бірнеше бағыт бойынша жіктеуге болады:

– дидактикалық мақсатына қарай: кіріспе, нұсқаулық, ақпараттық мазмұндағы, жинақтаушы, шолу сипатындағы, қайталау-шолу, және қорытындылау дәрістер;

– ұйымдастырушылық тәсіліне байланысты: қосарланған (екі оқытушы қатысады), пікірталас формасындағы, конференция үлгісіндегі дәрістер;

– мазмұнды жеткізу логикасына қарай: проблемалық бағыттағы, пікір алмасу негізіндегі, кеңес беру түріндегі, сондай-ақ арнайы жоспарланған қателіктер арқылы ұйымдастырылатын дәрістер;

– көрнекілік пен визуализацияға сүйенуіне қарай: бейне-лекциялар, мультимедиялық презентациялармен сүйемелденетін дәрістер, анимациялық элементтермен толықтырылған дәрістер және т.б.

Дәрісті өткізу барысында оқытушылар жиі заманауи ақпараттық және цифрлық технологияларды көрнекілік құралы ретінде пайдаланады. Бұл құралдар кейбір жағдайда оқу мазмұнын тереңірек түсіндіру үшін қосымша мүмкіндік берсе, кейде оқытушы тарапынан түсіндіруі күрделі болып келетін жаңа ақпаратты меңгерудің басты тетігіне айналады.

Осыған байланысты жүргізіліп отырған зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты – тарих пәнін оқытуда лекцияның тиімділігін арттыру мақсатында ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдану тәсілдерін айқындап, оны теориялық тұрғыда негіздеу және әдістемелік ұсыныстар жасау.

Лекциялық сабақтардың тиімділігін арттыру үшін ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдану белгілі бір әдістемелік қағидаларға негізделуі тиіс:

– эргономика қағидасы – қолданылатын цифрлық материалдар студенттердің эмоциялық жағдайына әсер ететіндей, ыңғайлы және тартымды болуы керек. Бұл ретте экранда ұсақ мәтіндер болмауы,

негізгі ақпарат ерекшеленіп берілуі, көрнекі элементтердің ретпен орналасуы маңызды;

– динамикалық ұстаным – ақпарат қозғалыс пен өзгеріс арқылы ұсынылуы тиіс. Қимыл-қозғалыссыз көрсетілген материал зейіннің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан визуалды мазмұн (анимация, бейне, слайдтар) студенттердің қызығушылығын оятатындай құрылуы қажет;

– зейінді шоғырландыру қағидасы – ақпарат аудиторияның зейін деңгейіне сәйкес құрылып, уақыт өте келе назарды қайта жандандыратын тәсілдермен (сұрақ қою, интерактивтілік енгізу) толықтырылып отыруы керек.

Тарих пәнін оқытуда лекцияны ақпараттық және цифрлық технологиялар көмегімен жүргізудің тиімділігін бағалау үшін келесі өлшемдер негізге алынады:

1. Мазмұнның ғылыми дәлдігі мен құрылымдылығы: Ақпараттың өзектілігі, шынайылығы. Материалдың логикалық жүйемен берілуі.

2. Көрнекілік пен визуализацияның сапасы: Мультимедиялық элементтердің (бейне, сурет, инфографика, карта) қолданылуы: Презентацияның көркемдік, техникалық безендірілу деңгейі.

3. Интерактивтілік дәрежесі: Сұрақ-жауап, тест, викториналар сияқты құралдардың болуы. Қатысушылармен кері байланыстың ұйымдастырылуы.

4. Танымдық белсенділікті арттыруы: Білім алушылардың қызығушылығын оятатын тапсырмалар. Проблемалық жағдаяттар мен тарихи ойлау элементтерін енгізу.

5. Техникалық қолжетімділік пен ыңғайлылық: Платформаның/бағдарламаның қарапайымдылығы. Лекция материалдарына кейін қайта қол жеткізу мүмкіндігі.

6. Уақытты тиімді ұйымдастыру: Ақпараттың артық жүктемесіз берілуі. Уақытты тиімді бөлу (бейне, мәтін, талқылау)

Бұл өлшемдер оқытушының да, студенттің де жұмысын жеңілдетіп, лекцияның сапасын арттыруға көмектеседі.

Семинар сабақтары – студенттердің лекциядан алған білімін нақтылап, тереңдетуге және оны іс жүзінде қолдануға бағытталған оқу түрі. Бұл сабақтарда білім түрлі практикалық тапсырмалар мен мәселелерді шешу барысында қалыптасады. Студенттер тарихи деректер мен құжаттарды, көрнекі материалдарды, фильмдерді талдай отырып, белсенді түрде пікірталасқа қатысып, рефераттарды

сараптауға араласады. Семинарлар білім алушылардың зерттеушілік, шығармашылық және аналитикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, олар дерекпен жұмыс істеу, талдау жасау, тұжырым құру секілді іскерліктерді қалыптастыруға көмектеседі.

Тарих пәнінен тапсырмаларды орындау – білім алушының тек теориялық материалды меңгеріп қана қоймай, оны терең түсініп, практикада қолдануына мүмкіндік береді. Бұл үрдіс келесі маңызды бағыттар бойынша нәтижелі болады:

- танымдық қызығушылықты арттырады – білім алушылар тарихи оқиғаларға терең үңіле бастайды, себеп-салдарлық байланыстарды іздейді;

- сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытады – деректерді салыстыру, талдау, өз көзқарасын дәлелдеу арқылы тарихи фактілерге сыни баға береді;

- зерттеу қабілетін қалыптастырады – архивтік материалдармен, дереккөздермен жұмыс істей отырып, жеке зерттеу жүргізуге машықтанады;

- жауапкершілік пен өзіндік жұмысты арттырады – тапсырмаларды уақытылы орындау, дербес ізденіс жүргізу студентті тәртіпке үйретеді;

- коммуникативтік дағдыларды жетілдіреді – топпен бірлесе талқылау, пікір алмасу, презентация жасау арқылы тарихи білімді жеткізу қабілеті артады.

Яғни, тапсырмаларды орындау арқылы білім алушының тұлғалық және академиялық дамуы қамтамасыз етіледі.

Тарих пәні бойынша тапсырмаларды орындау барысында ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдану оқу үдерісін тиімді әрі заманауи етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар келесі бағыттарда қолданылады:

- ғылыми ізденіс және ақпарат жинау: интернет-ресурстар, электронды кітапханалар мен дерекқорлар арқылы тарихи деректер мен құжаттарды іздеу жеңілдейді;

- презентациялар мен жобалар жасау: PowerPoint, Canva, Prezi секілді құралдар арқылы тарихи тақырыптарға мультимедиялық презентациялар дайындауға болады;

- видеоматериалдармен жұмыс: деректі фильмдер, тарихи хроникалар мен видеолар арқылы тапсырманы тереңірек түсінуге мүмкіндік туады;

– цифрлық карталар мен хронологиялар: интерактивті карталар мен уақыт шкалалары тарихи оқиғаларды кеңістікте және уақытта бейнелеуді жеңілдетеді;

– онлайн тесттер мен бағалау жүйелері: Google Forms, Kahoot, Quizizz сияқты платформалар тапсырмаларды тексеру мен өзіндік бағалауды оңтайландырады;

– құжаттарды өңдеу және талдау: PDF, Word немесе Google Docs арқылы мәтіндік тарихи дереккөздермен жұмыс жүргізу ыңғайлы.

– ақпараттық және цифрлық технологиялар тарих пәнінде тапсырмаларды орындауды қызықты, интерактивті және мазмұнды етеді.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесіне қойылып отырған талаптар өзгеріп, жаңа мазмұн мен сапаны қажет етуде. Ақпараттық қоғам жағдайында компьютерлік технологияларды меңгерген, заманауи оқу үдерісінде тиімді қолдана алатын білікті тарих мұғалімін даярлау өзекті міндетке айналып отыр.

Жоғары оқу орындарында болашақ тарих пәні мұғалімін оқыту барысында ақпараттық және цифрлық технологияларды меңгерту – тек оқыту әдістемесін жетілдіріп қана қоймай, тарихи білім берудің мазмұны мен нәтижесін түбегейлі жаңартуға мүмкіндік береді. Бұл үрдіс жаңа формациядағы мұғалімді қалыптастырудың негізгі тетігі бола алады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Тарих» кафедрасында «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда әр тақырыпқа қажетті дәрістік мәтіндер, бақылау сұрақтары, практикалық сабаққа арналған сұрақтар, тестілер, өзіндік жұмыс тақырыптары, глоссариймен қатар, видеодәрістер мен тақырып бойынша карталар, схемалар, суреттер, құжаттарды қамтитын слайдтар, сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта пайдалануға ұсынылатын фильмдерге, интернет сілтемелері және электронды қосымшалар т.б. берілген оқу құралы оқу үдерісіне енгізілді [106].

Тарих пәнін оқытуда студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуы олардың сыни ойлауын, зерттеушілік дағдыларын және тарихи құбылыстарды терең түсіну қабілетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты оқытушылар оқу және аудиториядан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастырып, студенттерді ғылыми-зерттеу қызметіне жүйелі түрде тартып отыруы қажет.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарының түрлері ретінде тарихи құжаттарға талдау жасау, белгілі бір тарихи кезеңге немесе тұлғаға байланысты рефераттар мен мақалалар жазу, дереккөздермен жұмыс істеу, тарихи тақырыптағы презентациялар, эсселер мен ғылыми жобалар дайындау сияқты бағыттар қарастырылады. Бұл жұмыстарды орындау барысында цифрлық және ақпараттық технологияларды пайдалану студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытып, тарихи материалдарды заманауи көзқараспен зерделеуіне мүмкіндік береді.

Осы технологиялардың көмегімен студенттер тарихи деректерді сандық форматта өңдей алады, интерактивті карталар, деректер базалары, визуалды презентациялар жасап, зерттеу нәтижелерін заманауи әдіспен ұсына алады. Бұл болашақ тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттырып, заманауи білім беру талаптарына сай даярлануына жол ашады.

Тарих пәнін оқыту барысында студенттің өзіндік жұмысы – олардың кәсіби дайындығы мен білім сапасын арттырудың маңызды құралы болып табылады. Жоғары оқу орнында білім алушылардан уақытты тиімді пайдалана отырып, қажетті тарихи ақпаратты іздеп, оны талдап, теориялар мен тұжырымдарды саралап, жүйелей білу, сондай-ақ өз көзқарасын дәлелді түрде білдіру талап етіледі.

Тарихты оқытуда студенттің өзіндік жұмысы – бұл тарихи мазмұндағы тапсырмаларды өз бетінше орындауға, зерттеушілік қабілетін дамытуға және тарих ғылымы аясында терең білім қалыптастыруға бағытталған оқу әрекетінің ерекше түрі. Мұндай жұмыс түрі болашақ мұғалімнің шығармашылық ойлауын, дербестігін және тарихи материалдармен жұмыс істеу дағдысын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Өзіндік жұмыстарды тиімді ұйымдастыру – тарихты сапалы оқытудың, сондай-ақ студенттің білімін тереңдетудің басты шарттарының бірі. Мұндай жұмыстарға тарихи құжаттармен, карталармен, дереккөздермен жұмыс істеу, әдебиеттерге шолу жасау, хронологиялық кесте құру, эссе мен реферат жазу секілді әрекеттер жатады.

Бұл бағыттағы педагогикалық зерттеулерде өзіндік жұмыстың мәні мен ұйымдастыру жолдарына В.К. Буряк, Е.Я. Голант, Б.П. Есипов, И.И. Пидкасистый және қазақстандық ғалымдар А.Е. Абылқасымова, Н.А. Адельбаева сынды зерттеушілер ерекше мән берген. Тарихты оқытуда бұл тәжірибелерді тиімді пайдалану

студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, ғылыми-танымдық әрекеттерін жандандырады.

Тарих пәнін оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру – олардың білім сапасын арттыруда, дербестігін қалыптастыруда және шығармашылық әлеуетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Мұндай әдіс студенттің оқу үдерісіне белсенді қатысуына, тарихи деректермен жұмыс жасау дағдысының дамуына және зерттеушілік қабілетінің артуына ықпал етеді.

Тарихи бағыттағы шығармашылық жұмыстар барысында білім алушының пәнге деген қызығушылығы артып, оның танымдық көкжиегі кеңейеді. Сонымен қатар, студенттің алған білімін нақты тарихи мысалдармен ұштастырып, өз бетінше тарихи қорытындылар жасауына мүмкіндік береді.

Осы процесте студенттің тарихи оқиғаларға баға беріп, өз көзқарасын дәлелді түрде білдіруі, ой-пікірін логикалық жүйеде жеткізе білуі, тарихи мәтіндерді сауатты талдап, жазбаша жұмыста тілдік мәдениетін жетілдіруі маңызды. Өздігінен шешім қабылдау, тарихи деректерге сүйене отырып тұжырым жасау, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту – болашақ тарихшы мұғалімнің кәсіби қалыптасуындағы негізгі басымдықтардың бірі.

Тақырып бойынша қорытынды жасай келе бүгінгі тарих сабақтарында ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары мынадай бағыттарда көрінеді:

– қарастырылатын тақырып бойынша материалдың иллюстрациялық ақпараттық және цифрлық презентациясы оқу үдерісін белсенді және әртүрлі етеді;

– оқу материалы қол жетімді түрде ұсынылады;

– анимациялық схемалар мен презентациялар көптеген тарихи ақпараттарды жақсы түсінуге, көрнекі түрде тарихтың жеке аспектілерін зерттеуге көмектеседі, бұл материалды жақсы есте сақтауға және игеруге ықпал етеді;

– интерактивті карталар елдердің тарихи-географиялық ерекшеліктерін, тарихи шайқас кезеңдерін, уақыт пен кеңістіктегі аумақтық өзгерістерді көзбен көруге мүмкіндік береді;

– интерактивті тестілер объективті автоматтандырылған бағалау негізінде білім алушылардың білімін тексеруге мүмкіндік береді.

«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

2.1. Цифрлық білім беру ресурстарында қамтылатын «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту мазмұны мен мақсаттары.

Ақпараттық және цифрлық технологиялармен байланысты білім беру кеңістігінде бірқатар жаңа ұғымдар мен терминдер қазіргі уақытта кеңінен қолданылуда. Оларға арнайы әдебиеттерде кеңінен түсінік берілуде. Аталған білім беру кеңістігіндегі олардың маңызын төмендегідей етіп көрсетуге болады.

– Цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) – оқу процесінде қолданылатын электронды оқулықтар, мультимедиялық материалдар, бейне және аудио деректер.

– Электронды оқулықтар дәстүрлі кітапты алмастырмайды, бірақ қосымша білім көзі болып табылады.

– Мультимедиялық материалдар тарихи оқиғаларды бейнелі түрде жеткізіп, білім алушының есте сақтау қабілетін арттырады.

– Бейне және аудио деректер тарихты эмоциялық тұрғыдан қабылдауға ықпал етеді.

– ЦБР-дың артықшылықтары: қолжетімділік, интерактивтілік, ақпараттың көрнекілігі.

– Шектеулері: техникалық мүмкіндіктерге тәуелділік, ақпараттық шамадан тыс жүктеме қаупі.

Қазіргі білім беру кеңістігінде цифрлық білім беру ресурстарының (ЦБР) рөлі ерекше маңызға ие. Олар дәстүрлі әдістемелерді толықтыра отырып, тарихи білімді меңгерудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстан тарихын оқыту барысында ЦБР кеңінен қолданылып келеді, олардың құрамына электронды оқулықтар, мультимедиялық материалдар, бейне және аудио деректер жатады.

Электронды оқулықтар – білім алушыларға жүйеленген ақпаратты қолжетімді әрі көрнекі түрде ұсынатын құрал. Олар дәстүрлі оқулықтарды толық алмастырмаса да, қосымша дерек көзі ретінде оқыту сапасын арттырады. Электронды оқулықтардың басты ерекшелігі – гиперсілтемелер, интерактивті тапсырмалар, тест жүйелері арқылы білімді бекіту мүмкіндігі.

Мультимедиялық материалдар (графика, анимация, инфографика, 3D модельдер) тарихи оқиғаларды, мәдени ескерткіштерді немесе тарихи тұлғалардың өмірін жанды бейнеде көрсетуге жағдай жасайды. Бұл білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, тарихты бейнелі түрде қабылдауға мүмкіндік береді.

Бейне және аудио деректер тарихи оқиғаларды эмоционалды тұрғыдан қабылдауға ықпал етеді. Мәселен, деректі фильмдер, мұрағаттық бейнежазбалар немесе тарихи тұлғалардың сөздерінің дыбыстық нұсқалары студенттің тарихи санасын қалыптастыруға ерекше әсер етеді. Сонымен қатар, бейнежазбалар арқылы тарихи құбылыстарды заманауи көзқараспен қайта талдау мүмкіндігі артады.

Цифрлық білім беру ресурстарының артықшылықтарына олардың қолжетімділігі, интерактивтілігі және көрнекілігі жатады. Дегенмен, олардың белгілі бір шектеулері де бар: техникалық құралдарға тәуелділік, интернет желісінің тұрақсыздығы немесе ақпараттық шамадан тыс жүктеме білім алушылардың зейінін бөлуі мүмкін. Сондықтан ЦБР-ды пайдалану дәстүрлі әдістермен ұштастыра жүргізілгенде ғана оң нәтиже береді.

Қазақстан тарихы – бұл қазақ халқы мен Қазақстан аумағында өмір сүрген көне тайпалар мен мемлекеттердің қалыптасуы, дамуы, сондай-ақ саяси және мәдени оқиғалары негізінде өрбіген тарихи үдерістердің тұтас жүйесі.

Қазақстан тарихы пәні – ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихи оқиғаларды, қоғамдық өзгерістер мен саяси құрылымдарды зерделейтін маңызды оқу саласы. Бұл пән аясында студенттер палеолит кезеңінен бастап қола және темір дәуіріндегі сақ, үйсін, қаңлы тайпаларының өмірін, олардың материалдық және рухани мәдениетін, алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуын оқып-үйренеді. Сондай-ақ, орта ғасырлардағы Түрік қағанаты, Қарахан мемлекеті, Қыпшақтар мен Алтын Орданың тарихы Ұлы Жібек жолының рөлімен байланыстырыла қарастырылады.

XV ғасырда құрылған Қазақ хандығы – Қазақстан тарихы пәніндегі негізгі тақырыптардың бірі ретінде қазақ халқының этнос болып қалыптасу үдерісін сипаттайды. Пән барысында жоңғар шапқыншылығы кезеңі, отарлау саясаты, Ресей империясының ықпалы, кеңестік кезеңдегі реформалар мен саяси қуғын-сүргін, индустрияландыру және ұжымдастыру сияқты тарихи үдерістер де қамтылады. Тәуелсіз Қазақстанның құрылуы мен қазіргі даму кезеңі де пәннің мазмұнын толықтыра отырып, білім алушылар мен студенттердің ел тарихына деген қызығушылығы мен отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл туралы біз оқу-әдістемелік кешен материалдарын қамтитын оқулығымыздың мазмұнында жан-жақты талдау жасалынды.

Оқу тәжірибесі мен жүргізілген зерттеулер нәтижесі Қазақстан тарихы пәнін меңгеруде студенттер бірқатар қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Бұл күрделілік көбіне тарихи ұғымдардың абстрактілігімен, кейбір кезеңдер мен оқиғалардың көзбен көру арқылы түсінуге келмейтін сипатымен байланысты. Мысалы:

а) оқу бағдарламасында тарихи кезеңдердің толық әрі жүйелі қамтылмауы;

б) тарихты оқытуда негізінен дәстүрлі баяндау әдісінің басым болуы;

в) тарихи деректер мен оқиғаларды визуализациялау мүмкіндігінің шектеулігі – яғни, тарихи көріністерді нақты көрнекілікпен көрсету қиын, ал кейбір мультимедиялық құралдар мен заманауи технологиялар жеткіліксіз, бұл өз кезегінде студенттің пәнге деген қызығушылығы мен танымдық белсенділігін төмендетеді. Сонымен қатар, материалдық-техникалық база жетіспеушілігі салдарынан тарихты оқытуда цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану мүмкіндігі де шектеліп отыр.

Қазақстан тарихы пәнін оқыту барысында білім алушылардың танымдық деңгейін көтеру үшін келесі әдістемелік ұсыныстарды іске асыру орынды, оның ішінде:

1. Қазақстан тарихының оқу мазмұнын жаңғырту мақсатында тарихи деректер мен материалдарды іріктеп, оларды студенттердің жас ерекшелігі мен заманауи талаптарға сай қайта өңдеу.

2. Оқыту үдерісінде белсенді оқыту әдістерін, әсіресе интерактивті және проблемалық оқыту тәсілдерін кеңінен қолдану арқылы пәнге деген қызығушылықты арттыру.

3. Теориялық тақырыптарды практикалық тапсырмалармен тиімді байланыстыра отырып, заманауи цифрлық және ақпараттық технологияларды қолдану арқылы білім беру мазмұнын жетілдіру – бұл болашақ тарих мұғалімдерінің кәсіби қызығушылығын қалыптастырудың тиімді жолы.

Біздің зерттеуімізде осы бағыттарды таңдаудың себебі – бүгінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда оқытудың басты міндеттерінің бірі студенттердің ойлау қабілетін, жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту және олардың танымдық қызығушылығын арттыру екені анықталды. Әсіресе Қазақстан тарихын оқытуда осы мәселелерді шешуге бағытталған жаңа ақпараттық және цифрлық технологиялардың қолданылуы үлкен мүмкіндік береді. Қазіргі білім беру үдерісінде бұл технологияларды енгізу бірнеше маңызды факторларға негізделген.

Біріншіден, қазіргі таңда көпшілік оқу орындары әлеуметтік-экономикалық жетістіктер нәтижесінде толық компьютерленген, бұл Қазақстан тарихын оқытуды тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды. Әсіресе, арнайы әзірленген бағдарламалық құралдар мен электронды ресурстар тарих пәнінің мазмұнын терең меңгеруге көмектеседі.

Екіншіден, компьютерлік технологиялар арқылы студенттерге көрнекілікті арттырып, тарихи процестерді динамикалық түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс нақты тарихи жағдайларды ғана емес, бұрын түсінуге қиын болған оқиғаларды да түсінуге жол ашады. Сонымен қатар, заманауи ақпараттық құралдар арқылы студенттердің тарихи деректерді талдау, салыстыру және сын тұрғысынан қарау қабілеттерін дамытуға қол жеткізіледі. Осылайша, Қазақстан тарихын оқытуда цифрлық технологияларды қолдану оқыту сапасын айтарлықтай жақсартады және студенттердің пәнге қызығушылығын арттырады.

Болашақ тарих мұғалімдерін дайындау барысында Қазақстан тарихы пәнін оқытудың маңызды мәселелеріне назар аудару қажет. Қазақстан тарихы материалын ұсыну тәртібіне әсер ететін бірнеше негізгі факторлар бар, олардың ішінде ең маңыздысы мыналар:

1. Тарихи хронология мен кезеңдерге сәйкестік

Студенттерге оқиғалардың хронологиялық реті мен тарихи кезеңдерді нақты түсіндіру маңызды. Бұл кезеңдердің ара-қатынасы мен себеп-салдар байланыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі. Мысалы, Қазақстанның ортағасырлық кезеңі мен заманауи тарихы

арасындағы өткелдерді көрсету арқылы білім алушылар оқиғалардың дамуын логикалық тізбекпен қабылдайды. Хронологиялық құрылым оқу материалын жүйелі және ұғынықты етеді, тарихи оқиғалардың уақыттық контекстін сезінуге ықпал етеді. Сондай-ақ, Қазақстан территориясында алғашқы мемлекеттердің бірі – Түрік қағанатының құрылуы, одан кейін Қарахан дәуірі, Алтын Орда, Қазақ хандығы сияқты кезеңдерді хронологиялық түрде көрсету арқылы білім алушылар тарихтың дамуын уақыт аясында дұрыс түсінеді.

2. Мазмұнның күрделілігі мен деңгейі

Материалдың күрделілік деңгейі студенттердің жасына, біліміне және дайындық деңгейіне сай болуы тиіс. Тарихи оқиғаларды қарапайым және айқын тілмен беру қажет, студенттерге күрделі теориялар мен талдауларды енгізу тиімдірек. Мұнда дифференциация принципін қолдану керек: бірдей тақырыпты әр түрлі деңгейде түсіндіру арқылы әр білім алушының түсіну мүмкіндігін арттыру. Сонымен қатар, оқыту барысында ұлттық сана мен патриотизмді қалыптастыруға басымдық беріледі. Мысалы, Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы күресін қарастыру кезінде студенттердің өз елін қадірлеу сезімі артады. Мақсаттар нақты қойылса, оқу тиімділігі жоғарылайды.

3. Қазіргі ғылыми көзқарастар мен зерттеулердің ескерілуі

Тарих пәні үнемі жаңарып отыратын ғылым, сондықтан оқу материалында соңғы зерттеулер мен жаңа тарихи көзқарастар қамтылуы керек. Бұл білім алушыларға тарихи шындықты объективті көруді, тарихи деректерді сыни тұрғыдан қарауды үйретеді. Мысалы, тарихи тұлғалар мен оқиғаларға қатысты әр түрлі көзқарастарды салыстырып көрсету сыни ойлауды дамытады. Сонымен қатар, бұрынғы Кеңес тарихнамасынан ерекшеленіп, бүгінгі Қазақстан тарихында Қазақ хандығының құрылу себептері мен Алтын Ордан тәуелсіздік алу барысы жаңа көзқарастармен зерттеледі. Мұндай әдіс студенттерге тарихи оқиғаларды көпжақты қарауға мүмкіндік береді.

4. Студенттердің қызығушылығы мен танымдық қажеттіліктері

Тарихи материал студенттер үшін қызықты және қолжетімді болуы керек. Ойын, рөлдік әдістер, тарихи драмалар, мультимедиа арқылы берілген материал студенттердің белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, студенттердің қызығушылықтарын ескере отырып, тақырыптарды таңдау оқу мотивациясын күшейтеді. Мысалы, Ертіс

бойындағы «Алтын адам» туралы деректер мен оның табылу тарихын ойын түрінде, видеороликтер арқылы түсіндіруге болады.

5. Ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдану мүмкіндігі

Цифрлық құралдар тарихты оқытуды интерактивті және көрнекі етеді. Видеосабактар, виртуалды музейлер, онлайн тесттер мен презентациялар білім алушылардың зейінін ұстап, материалды жақсы меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалы, интерактивті карталар арқылы тарихи кезеңдерді көру білім алушылардың уақыт пен кеңістік ұғымын жақсартады. Тарихи карталар мен интерактивті презентациялар арқылы Жібек жолының Қазақстандағы маңызы мен сауда байланыстары көрнекі түрде көрсетіледі. Виртуалды музейлерде ежелгі қорғандар мен мәдени жәдігерлерді зерттеу тарих сабағын жандандырады. Бұл технологиялар заманауи оқыту әдістерінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

Мамандарды даярлау сапасын жақсарту – оқыту жүйесінің барлық құрамдас бөліктерін дамыту арқылы іске асады. Оқыту жүйесі ретінде мақсаттар, пән мазмұны, оқыту әдістері мен құралдары, оқу процесін ұйымдастыру формалары, меңгеру деңгейін бақылау және оқытудың тиімділігін бағалау әдістері өзара байланысқан кешен ретінде қарастырылады. Қазақстан тарихын оқытуда компьютерлік және ақпараттық технологияларды қолданудың дидактикалық моделі дәстүрлі оқыту жүйесінен ерекшеленеді, бірақ оған ұқсас құрылымға ие. Бұл модель бес негізгі элементтен тұрады: оқыту мақсаты, оқыту әдістері, оқыту құралдары, оқыту формалары мен мазмұны, сонымен қатар білім алушылардың білімін бақылау және оның сапасын сараптау. Мұндай жүйелі тәсіл Қазақстан тарихын оқытудағы сапаны арттыруға мүмкіндік береді және білім алушылардың танымдық қызығушылығын нығайтады.

Жалпы дидактикада оқытудың мақсаты – білім алушының жан-жақты дамуы, білім алуы және тәрбиеленуін үйлестіру болып табылады. Жоғары оқу орнында «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың негізгі мақсаты – Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру.

Пәннің міндеттері:

1) білім алушыларды фундаментальді деректанулық және тарихнамалық материалдармен, сондай-ақ қазіргі Қазақстан тарихы ғылымының жетістіктермен таныстыру;

2) Қазақстан тарихының гуманитарлық білім беру жүйесіндегі орнын анықтау;

3) дамудың заманауи кезеңіндегі өзекті мәселелерді талдау үшін Қазақстан тарихының нысаны мен пәнінің ерекшелігін анықтау;

4) Ұлы Дала аумағындағы мемлекеттілік формалары мен өркениеттердің эволюциясын, қазақ халқы этногенезінің негізгі кезеңдерін толық және объективті көрсетуге негізделген Қазақстан тарихының ғылыми-негізделген тұжырымдамасын жасау;

5) қазіргі тарихтың азаматтық ұстаным мен ғылыми дүниетанымын қалыптастыратын негізгі оқиғалары туралы тарихи білімдерді жүйелеу [107];

Пәннің қысқаша мазмұны Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына арналған «Қазақстан тарихы» жалпы білім беретін пәнінің типтік оқу бағдарламасында келтірілген. «Қазақстан тарихы» пәні аясында жоғарыда аталған тақырыптар біздің құрастырған әдістемелік жүйе негізінде оқытылды. Бұл тақырыптарды тиімді меңгерту үшін арнайы әдістемелік кешен әзірленіп, әрбір бөлімге сәйкес білім мазмұны толық ұсынылған. Ал жекелеген тақырыптарды оқытуда қолданылған нақты әдістемелік тәсілдер мен ерекшеліктер келесі тарауда жан-жақты қарастырылады.

Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы. Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы және ежелгі металлургия кезеңіндегі көшпелілер өркениеті. Қазақстан тарихы курсының мақсаты мен міндеттері. Адамның тарихқа дейінгі эволюциясы. Қазақстан территориясындағы тас ғасыры. Ұлы даладағы энеолит және қола дәуірі.

Атқа міну мәдениетінің генезисі. Ерте темір тайпаларының этносаяси және әлеуметтік тарихы. Сармат-Алан тайпалық одағы. Ғұн тайпаларының шығу тегі мен этникалық тарихы мәселесі. Жетісу және Тянь-Шандағы үйсіндердің этносаяси бірлестіктері. Қаңлылардың тарихи-мәдени мұрасы.

Түркі өркениеті және Ұлы дала. Монғол кезеңіне дейінгі Орталық Азиядағы түркі тілдес этностардың этномәдени интеграциясы кезеңдері. Түркілердің шығу тегі мәселесі. Көне түркі кезеңіндегі көшпелі мемлекеттік және мәдени дәстүрлердің дамуы. IX-XII ғғ. Қазақстанның этносаяси тарихындағы түркі факторы. Түркілер өркениеті және Ұлы жібек жолы.

Ұлы Дала Алтын Орда кезеңінде (XIII-XV ғғ.). Шыңғысхан империясының құрылуы. Алтын Орданың Еуразия империясы ретінде құрылуы: территориясы, этникалық процестер, мәдени симбиоз. XIV-XV ғғ. ортағасырлық мемлекеттер.

Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығы (XV ғ. – XVIII ғ. басы). Қазақ жұрты қалыптасуының тарихи алғышарттары. Қазақ хандығының құрылуы, дамуы және негізгі оқиғалары. Қазақ хандығының XVI ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы. Қазақ хандығы XVII ғасыр мен XVIII ғасырдың басында.

Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII ғ. – XX ғ. басы). XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының саяси жағдайы. Қазақстандағы отарлық дәуірдің басталуы. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының саяси жағдайы. Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күресі. Қазақстандағы отарлық дәуірдің басталуы. Абылайдың Жоңғар, Қытай және Ресей мемлекеттерімен қарым-қатынасы. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның Ресей империясы құрамына кіруі.

Қазақстанда Ресейдің әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі (XVIII ғасырдың соңғы ширегі – XX ғ. басы). Кіші және Орта жүздер аумағында барлық билік институттарын реформалау және аумақтық-әкімшілік басқару жүйесін енгізу. Дала комиссиясының қызметі. «Уақытша Ережелер». Түркістан өлкесін басқару туралы ереже (1886 ж.). Дала облыстарын басқару туралы ереже (1891 ж.). Бөкей ордасының (Ішкі Орда) құрылуы: басқару жүйесінің ерекшеліктері, аумақтары.

Қазақ халқының отаршылдыққа қарсы халық-азаттық күресі. Сырым Датұлы бастаған Кіші жүздегі ұлт-азаттық қозғалысы. Исатай Тайманұлы пен Махамбет Өтемісұлы бастаған Бөкей хандығындағы қазақтардың көтерілісі. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы. 1916 жылғы Орта Азиядағы ұлт-азаттық көтеріліс.

«Алаш» қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясы. Түркі-мұсылман халықтарының зияткерлік элитасы мен Ресей империясының өзара байланыстары. Ресейдегі ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері. Шілдедегі жалпықазақ съезі және Алаш партиясын құру туралы шешім.

Кеңестік кезеңдегі Қазақстан. Қазақстан Қазан төңкерісі және кеңес үкіметінің орнауы кезеңінде. Қазан төңкерісі және

Қазақстанның саяси өмірі. Қазақ өлкесіндегі «ақтар» мен «қызылдардың» қарсыластығы. «Соғыс коммунизмі» саясаты. Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Автономиялық Республикасының құрылуы. Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат (ЖЭС). Түркістан республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуі – біртұтас Түркістан идеясының күйреуі.

Мемлекеттік құрылыстың кеңестік үлгісінің іске асырылуы. Қазақстандағы индустрияландыру ерекшеліктері. Ұжымдастыру әдістері мен қарқыны. Сталиндік қуғын – сүргін, олардың ауқымы және ауыр зардаптары. Саяси сенімсіздік пен халықтарды Қазақстанға күштеп депортациялау.

XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы кеңестік реформалардың қайшылықтары мен салдары. Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан. Бейбіт құрылысқа көшудің қиындықтары. Н.С. Хрущевтің партия-мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформасы және оның үстірт сипаты. 1965-1966 жылдардағы экономикалық реформалардың аяқталмауы. Қазақстандағы «Қайта құру» саясаты. 1986 жылғы Алматыда және республиканың басқа қалаларында болған Желтоқсан оқиғасы. КСРО-ның ыдырауы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) құрылуы.

Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік құрылысы. Тәуелсіздікті жариялау қарсаңындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай. Тәуелсіз Қазақстанды дамытудың мемлекеттік стратегиясының белгіленуі. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің негізгі кезеңдері.

Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси және рухани дамуы. Қазақстан Республикасында қоғамдық қозғалыстардың құрылуы мен көппартиялық жүйенің қалыптасуы. Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайлары (1992-2017 жж.). Қазақстандағы көші-қон, демографиялық және халықтың этникалық құрылымындағы өзгерістер. Тәуелсіз Қазақстанның конфессионалдық саясаты.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша аталған тараулардың мазмұнын меңгеруге қажетті білімдер оқу-әдістемелік кешен материалдарына негізделген оқулықта [106] ұсынылған. Сонымен қатар, тараулар мен олардың тақырыптарына қатысты теориялық мәліметтер мен оларды тиімді меңгерту жолдары электронды оқу құралында [108] қамтылған. Оқу үдерісінде «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту

барысында отандық ғалымдар әзірлеген оқу құралдары да кеңінен пайдаланылды.

Біздің зерттеу жұмысымыз барысында «Қазақстан тарихы» пәні бойынша студенттердің бірқатар білімдік кемшіліктері мен түсінбеушіліктері анықталып, олардың туындау себептері талданды. Бұл мәселелердің басты себебі ретінде, біріншіден, оқу процесінде тарихи оқиғаларды көрнекі түрде жеткізуге арналған заманауи әдістемелік және техникалық құралдардың жеткіліксіздігі немесе мүлдем болмауы салдарынан студенттердің тарихи үдерістерді тек теория жүзінде қабылдап, нақты елестете алмауы анықталды. Екіншіден, дәріс сабақтарының мазмұндық және ұйымдастырушылық деңгейінің төмендігі, яғни ақпаратты тек баяндап жеткізу тәсілі студенттердің пәнге деген қызығушылығының бәсеңдеуіне және зейіннің төмендеуіне әкелетіні байқалды. Мұндай жағдайларды шешудің бір жолы ретінде алдыңғы тарауларда атап өткен ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдану қажеттілігі өзекті болып отыр.

Оқыту үдерісінің нәтижелі болуы педагогикалық жүйенің құраушылары мен оған қатысушыларға байланысты. Десек те, көп жағдайда оған қатысушылардың оқыту үдерісінде енжар болуы мен оның құраушыларының толық мәнді жүзеге асырылмауы педагогикалық үдерістің нәтижесінің төмен деңгейде болуын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық үдерісте оқу контенттері оқыту мазмұнын ашатын маңызды құраушылар мен оқытудағы өзіндік сипаты бар моделдер немесе олардың құраушылары болып табылады. Олардың барлығы да білім алушының оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың негізгі құраушылары. Бір сөзбен айтқанда олар оқуды мотивациялауға, білім алушылардың танымдық әрекеттерін жүзеге асыруға және алған білімдері мен іскерліктерін кері байланыс негізінде тексеруді толық мәнді етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта оқытудың заманауи жүйесінде техникалық (технологиялық) құралдардың, оның ішінде ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың алатын орны ерекше. Олар өз кезегінде оқытуды, өзіндік білім алу мен дамытуды, білімді бақылауды, бағалауды жүзеге асыратын құрал ретінде де қолданылады. Сонымен қатар, олар өз кезегінде білімді толық меңгеру технологиясын жүзеге асырудың құралы ретінде де қарастырылады.

Десекте, көп жағдайда оқыту үдерісінің нәтижелі болуы білім алушының дайындығы мен мүмкіншіліктеріне байланысты, оның ішінде оқуға деген мотивациясына, оқу-танымдық әрекеттерді орындау дағдыларына, өзіндік рефлексия жасауға. Бұларды педагог білім алушылардың міндетті түрде жүзеге асыруын қамтамасыз етуі тиіс. Сол себепті де, оқыту үдерісі мен оны нәтижелі ету мақсатында педагогикалық үдерісті алдын ала моделдеу (оқыту үдерісі моделі) оқу-тәрбие үдерісінің барысын көруге, оны толық мәнді етуге, нәтижесін болжауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта еліміздің барлық жоғары оқу орындарында «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту жүзеге асырылады. Ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың дамыған жағдайында оны оқытудың нәтижелі болуы үшін оқыту үдерісі моделін әзірлеу қажеттілігі туындайды. Анықталған оқыту моделі педагогикалық үдерістің (жүйенің) қатысушысы – оқытушының білім алушылардың оқу жұмыстарын басқаруға және білім алушының оқу жұмыс түрлерін орындауға бағдар беруге бағытталады.

Педагогикалық еңбектерде «оқыту үдерісі моделі», «оқыту моделі» ұғымдары кездеседі. «Оқыту моделі» ұғымына көптеген зерттеушілер (В.П. Беспалько, Т.А. Бороненко, Р. Буш, В.В. Гузеев, М.В. Кларин, В.М. Монахов, А.А. Остапенко, Б.Е. Стариченко және т.б.) өздерінің еңбектерінде түсінік береді. Зерттеулерге сәйкес оқыту үдерісінің моделі оның жалпыланған бейнесі ретінде анықталады, ол қазіргі уақытта оның құрылымдық-функционалдық ұйымдастырылуын синтездейтін және көрсететін педагогикалық болмыс туралы тұтас көлемді түсінік береді.

«Үлкен энциклопедиялық сөздікте» модель оның орнын басытын немесе өкілі ретінде пайдаланылатын кез келген объектінің, үдерістің немесе құбылыстың кез келген бейнесі, аналогы ретінде түсіндіріледі [109]. Психологиялық-педагогикалық сөздікте модель: «1) табиғаттағы, қоғамдағы қандай да бір құбылыстың, үдерістің сызбасы (схемасы), бейнеленуі немесе сипаттамасы; 2) табиғи немесе әлеуметтік болмыстың белгілі үзіндісінің аналогы» ретінде қарастырылады [110]. Модель туралы қарапайым түсіндірмелер де кездеседі, мәселен, оқу сыныбында білім алушылардың өзін ұстау моделі – сыныптағы білім алушыға арналған ереже-нұсқаулық, кітаптың моделі оның мазмұны, жоспары, т.б.

Оқыту үдерісінің моделі теориялық құрылым ретінде дидак-

тикалық категориялар тілінде көрінеді және жалпы, әрі әртүрлі нақты көріністердегі оқыту теориясының даму деңгейі туралы түсінік береді, сонымен қатар оқыту тәжірибесін одан әрі зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде пайдаланылуы мүмкін. Тарихи-педагогикалық үдерісте ол өзгереді, дамиды; оның көмегімен мектеп пен қоғам дамуының кез-келген кезеңінде оқытуды бағалауға болады. Сондай-ақ болашаққа бағдар беріп, дидактика мен білім беру практикасының даму тенденцияларынан логикалық түрде туындайтын алдағы өзгерістерді болжауға болады. Осының негізінде оқыту теориясы мен нақты оқыту үдерісінде болатын жаңа белестер әзірленеді.

А.И. Уман өзінің зерттеу мақаласында оқыту үдерісі модельдерінің белгілі бір реттілігін төмендегіше анықтаған [111]: репродуктивті, ақпараттық, технологиялық, субъектіге бағытталған, тұлғаға бағытталған, тұлғалық-даму, тұлғалық-стратегиялық. Анықталған тізбектегі оқыту үдерісі моделдеріне толық мәнді түсінік береді.

Оқыту моделіне берілген анықтамалар мен түсіндірмелерге педагог-ғалымдар тарапынан түрліше сипаттамалар берілуі заңдылық. М.В. Кларин «оқыту моделі» ұғымын инструментальдық мағынада қарастыра келіп, «оқу үдерісін жүзеге асыру кезінде мұғалімнің әрекет схемасын немесе жоспарын белгілеу ретінде; бұл схеманың негізі мұғалім ұйымдастыратын, құрастыратын білім алушылардың басым іс-әрекеті болып табылады. Модельдерді ажыратудың базалық негізі оларға негізгі бағдар ретінде енгізілген оқу іс-әрекетінің сипаты болып табылады» дейді [112, 10 с.]. Бұл берілген анықтама көптеген зерттеулерде педагогтар тарапынан негіз ретінде алынады. Осы аталған компоненттерден басқа, Л.И. Долинер «модельге оқу үдерісі құрылатын дидактикалық принциптер де кіруі керек» деп айта келіп, «оқыту моделі арқылы оқу үдерісін құрудың дидактикалық принциптерін, осы принциптерге негізделген оқытушы іс-әрекетінің құрылымын және оқытушы құрған білім алушылардың оқу іс-әрекетінің схемасын қамтитын өзара байланысты компоненттердің жиынтығы» түсініледі деп біледі [113, 40 с.]. Бұл анықтама М.В. Кларин және басқа да бірқатар зерттеушілердің ұсынған тұжырымдарына сәйкес келеді (В.П. Беспалько, В.В. Давыдов, А.А. Вербицкий, М.И. Махмудов, В.Ф. Шаталов). Ал, В.В. Петрусинский өзінің зерттеуінде «... оқыту үдерісі үшін ең маңыздысы – дидактикалық принциптерді таңдау, оқытудың педагогикалық

жүйелерінің әртүрлі әдістерін, сондай-ақ оқу іс-әрекетінің барлық аспектілерін қолдану» деп атап көрсетеді [114, 9 с.].

Көп жағдайда жоғары оқу орындарында «Қазақстан тарихы» курсының оқытуда теориялық оқу материалдары, оның ішінде лекция және семинар, оқытушының басшылығымен орындайтын оқу жұмыстары үшін кеңінен қолданылады. Аталған оқу жұмыстары үшін оқу материалдары білімді толық мәнді меңгеруге және білім алушыларды оқуға мотивациялауға толықтай қайнар көз бола бермейді. Сол себепті де оқыту үдерісінің моделін әзірлеу арқылы пән бойынша оқу материалдарын толық мәнді етуге және білім алушылардың білімді игерудегі әрекеттерін белгілеу мен оның нәтижелерін тексеруге болады.

Зерттеудің мақсаттарының бірі жоғары оқу орындарында «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту үдерісінің моделін әзірлеуді теориялық тұрғыдан негіздеу және оның үлгісін ұсыну, әзірленген моделдің аясында оқытушылардың білім алушылардың оқу мотивациясын туғызу, оқу белсенділігін арттыру іс-әрекеттеріне сипаттама жасау.

Кез-келген оқу үдерісінің педагогикалық мәнін және танымның психологиялық механизмдерін түсінбестен, танымдық іс-әрекетті басқару, кез-келген оқыту үдерісін жобалау мүмкін емес. Сондықтан әдістемелік жүйені құру кезінде оқу үдерісінің ұйымдастырушылық тұрғысынан қалай көрінетінін, оның қандай теориялық негізде құрылатынын және қалай жұмыс істейтінін анықтау қажет, басқаша айтқанда, қойылған міндеттерді шешетін оқыту моделін ұсыну керек. Көп жағдайда оны дидактикалық жүйе деп айтады.

Дидактикалық принциптер ең алдымен оқыту теорияларына негізделеді. Педагогикалық психологияда оқытудың төрт негізгі психологиялық теориясы ажыратылады және оқу үдерісінің сәйкес талдап қорытындыланған төрт моделі қарастырылады және сәйкесінше оқу үдерісінің төрт дидактикалық моделі анықталған [113, 40-41 с.], олар:

1. Оқытудың ассоциативті теориясы. Сезімдік тәжірибені жинақтау және қайта өңдеу үдерісін басқару ретіндегі оқыту моделі (адамның белгілі бір объектілер, қасиеттер мен әрекеттер, психикалық күйлер арасындағы байланыстарды игеруі, міндетті шарт – физикалық, психологиялық, логикалық сабақтастықтың болуы).

2. Оқытудың/үйренудің іс-әрекеттік (шартты рефлекторлық) теориясы. Оқыту үдерісінің моделі білім алушылардың танымдық және зерттеушілік белсенділігін олардың практикалық іс-әрекетін бағыттау және ұйымдастыру арқылы ынталандыру ретіндегі модель (міндетті шарт – бекіту, қайталау, объектінің өзінің белсенділігі, сыйақы, ынталандыру).

3. Оқытудың маңызды теориясы. Оқыту үдерісінің моделі білім алушыларда талдап қорытындыланған тұжырымдамалық жүйелер мен ақыл-ой әрекетінің әдістерін қалыптастыру ретіндегі модель (міндетті шарттар – қоғамдық тәжірибенің белгілі бір аспектілері үшін маңызды объектілердің қатынастарын анықтау және абстракциялау, осы қатынастардың ортақтығы мен сипатын анықтау, оларды сөзбен бекіту).

4. Оқытудың операциялық теориясы. Пәндік-сөйлеу іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы психикалық іс-әрекетті басқару ретінде оқыту үдерісінің моделі.

Аталған теориялардың ешқайсысы абсолютті мәнге ие болмайды. Олардың әрқайсысының өзіндік қолданылу саласы бар, ал белгілі бір жағдайларда әртүрлі теориялардың теориялық негіздері бірін-бірі толықтырады (Л.Б. Ительсон). Сонымен қатар, жаңа білімдер мен іс-әрекеттерді кезең-кезеңімен қалыптастыру теориясы (П.Я. Гальперин), теориялық ойлауды қалыптастыру теориясы (В.В. Давыдов), проблемалық оқыту теориясы (М.И. Махмутов, Т.В. Кудрявцев, И.Я. Лернер, А.М. Матюшкин) және т.б.

Оқытушы мен білім алушылардың бірлескен іс-әрекетінің құрылымы («оқыту әдісі» термині жиі қолданылады) оқу үдерісін басқаруды ұйымдастыруға бағытталады және тізімделген бір немесе бірнеше жалпыланған модельдерге негізделеді.

Белгілі болған оқыту модельдерінің әрқайсысы оқыту үдерісін басқаша сипаттайды немесе оқытудың кейбір маңызды тұжырымдамалық компоненттеріне баса назар аударады (мысалы, ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңімен қалыптастыру теориясы, оқытуды оңтайландыру әдістері), оның оқытуды басқару аспектілерімен және оқу процесінің ерекшеліктерімен байланысты бөлігін (мысалы, бағдарламаланған оқыту, проблемалық оқыту және т.б.) сипаттайды.

Бүкіл білім беру процесін қамтитын білім беру модельдерінен (адамды адам, отбасы, қоғам және мемлекет мүддесі үшін тәрбиелеу және оқыту) оқыту моделінің айырмашылығы оқу процесінің педа-

гог пен білім алушы субъектілері арасындағы өзара іс-әрекеттерді ұйымдастыру тәсілдерін көрсетеді. Сондай-ақ, білім берудегі моделдердің түрліше нұсқаларын зерттеу жұмыстары мен ғылыми жарияланымдардан көруге болады. Мәселен, Е.А. Заславская өзінің ғылыми мақаласында ЖОО-ның оқу-әдістемелік іс-әрекетінің құрылымдық моделін әзірлеген және оның құрылымындағы блоктарды [115]: мақсатты, мотивациялық-ынталандырушылық, субъекттік, мазмұндық, ұйымдастырушылық, бақылау-бағалаушылық деп анықтайды. Анықталған блоктардың өзара байланысын мазмұндай отырып, ЖОО оқу-әдістемелік іс-әрекетінің жүруін көрсетеді. Бұл моделдегі мотивациялық-ынталандырушылық құраушы тұлғаға қатысты екендігін көруге болады.

Кез – келген модель – бұл нақты затты, құбылысты, үдерісті көрсететін идеалды жүйенің бір түрі. Жүйедегі кез-келген өзгерістер енгізілген өзгерістердің нәтижесінде бұрынғыдан өзгеше жаңа дамыған жүйенің пайда болуына әкеледі. Сондықтан теориялық тұрғыдан оқыту модельдері көп болуы мүмкін және кейбіреулері бір-бірінен шамалы, ал басқаларында түбегейлі айырмашылықтар орын алуы ықтимал.

Модельдердің көпшілігі қолданыс табады және басқалары педагог-практиктерге белгісіз болып қалады. Педагог-зерттеуші ғылыми болжамды тексеру мақсатында оқу процесін модельдей алады және ол үшін арнайы жасалған авторлық эксперименттік модель оны жүзеге асырғаннан кейін жаппай оқыту тәжірибесінде талап етілмейді.

Дегенмен, белгілі бір ғылыми тәсілге, тұжырымдамаға, принципке, оқытудың негізгі әдісіне немесе құралына негізделген оқу процесінің жалпы ерекшеліктерін көрсететін жоғарыда айтып өткендей модельдер бар. Олардың әрқайсысы тәжірибеде кең таралған, ғылыми-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде сипатталған.

Солардың қатарында әр түрлі авторлық ерекшеліктерге сәйкес сипатталатындары да бар, олар [116]:

- дамытушылық оқыту моделі (аттас ғылыми тұжырымдамаға негізделген);
- проблемалық оқыту моделі (негізгі әдіс – проблемалық оқыту технологиясы);
- оқытудың ойын моделі (негізгі құрал-дидактикалық ойын);
- оқытудың кибернетикалық моделі (оқу процесін ұйымдастырудың кибернетикалық тәсіліне негізделген);

– оқытудың педагогикалық және андрагогикалық модельдері (бұл модельдердің айырмашылықтары білім алушының ұстанымының ерекшеліктеріне байланысты);

– оқу-тәртіптік және тұлғаға бағытталған модельдер, т.б.

Педагогикалық еңбектерден белгілісі педагог пен білім алушылар арасындағы байланыс сипаты бойынша оқу сабағында оқытудың үш негізгі моделін ажыратуға болады (Г.О. Аствацатуров) [116], олар: енжар оқыту, белсенді оқыту және интербелсенді оқыту моделдері.

Енжар (пассивті) оқыту моделі педагог пен білім алушы арасындағы субъект-объектілік байланысқа негізделеді. Субъект-субъектілік қатынастарда кері байланыс (білім алушыдан педагогқа) әлсіз көрінеді, ол тек эпизодтық түрде жүзеге асырылады.

Бұл модельге тән сипат педагог бәрімен негізінен бір қарқынмен жұмыс жасайды. Аталған модельде педагог жеке тапсырмаларды қолдана алады, бірақ бұл жағдайда әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеруге тырыспайды (жаттығулардың қарқындылығын және оларды орындаудың тәуелсіздігін арттыру, сауалнамаға қатысқан білім алушылардың санын көбейту, бағалардың жинақталуын арттыру және т.б.). Осыған сәйкес аталған оқыту моделінің өзіндік кемшіліктері бар.

Белсенді оқыту моделі де субъект-объектілік байланысқа негізделген. Алдыңғы модельден айырмашылығы – оқу объектісі жалпы сынып емес, әрбір білім алушы болып табылады.

Барлық білім алушылардың іс-әрекетін жандандыруға ұмтыла отырып, педагог олардың әрқайсысына жеке көзқарасты қолданады, мысалы, баланың оқу мүмкіндіктеріне сәйкес тапсырмаларды таңдау, оның оқу қиындықтарының сипаты, ол үшін оқу жұмысының ең қолайлы түрлері. Белсенді оқыту кезінде сабақта мықты білім алушы жалықпайды, өйткені мұғалім оған қабілеттерін дамыта отырып, күрделілігі жоғары тапсырмалар береді. Әлсіз артта қалмайды, бірақ артта қалуды қысқартады, орта деңгейге дейін көтеріледі. Дегенмен де, бұл модель де өзіндік кемшіліктерсіз емес.

Интербелсенді оқыту моделі алдыңғы екеуінен түбегейлі ерекшеленеді, өйткені ол білім алушы мен білім алушы арасындағы субъект-субъектілік байланысқа негізделген. Олардың екеуі де толыққанды субъектілер, белсенділік векторы педагогтан білім алушыға және білім алушыдан педагогқа бағытталады.

Аталған оқыту моделі үлгісіне сәйкес білім алушының өзінің

оқу қызметін жоспарлауға және ұйымдастыруға, оны бағалауға қатысатынын білдіреді. Ол оқу материалын игеру жолдарын, оқу құралдары мен көздерін таңдай алады. Оның оқу үдерісіндегі белсенділігі барынша жоғары болады.

Педагог көбінесе ақпарат көзі, білім алушының жетекшісі ретінде емес, дербес оқу іс-әрекетін ұйымдастырушы және үйлестіруші ретінде әрекет етеді. Алайда, интербелсенді оқыту моделіндегі дербестік пен танымдық белсенділікті жүзеге асыру педагогтың үлкен еңбегі талап етеді. Сонымен, педагог (мұғалім) білім алушылар (оқушылар, студенттер) үшін әртүрлі қиындық деңгейімен және оқу материалын игерудің әртүрлі қарқынымен әртүрлі маршруттар жасайды, әр маршрут үшін ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, электрондық білім беру ресурстарын, интернет көздерін қоса алғанда, әртүрлі құралдарды пайдалана отырып, оқу тапсырмаларының жиынтығын қалыптастырады. Басқаша айтқанда, интербелсенді модельмен білім алушы әдістер мен құралдарды таңдауда еркіндікке ие болады, ал педагог алдын-ала жасалған таңдауға сәйкес оқытудың мақсатына жетуге көз жеткізеді.

Интербелсенді оқыту моделінде ақпаратты өз бетінше іздеуді және түсінуді, білім алушылардың бастамашылық пен шығармашылықты көрсетуін, іс-әрекеттің жаңа өнімін жасауды, іс-әрекет жоспарын және қол жеткізілген нәтижені педагогпен және білім алушылармен талқылады көздейтін оқу процесін ұйымдастыру технологиялары пайдаланылады.

Интербелсенді оқыту моделінің басты артықшылықтары: білім алушылардың жеке басын дамыту үшін ең үлкен мүмкіндіктер, олардың танымдық дербестігін, заманауи құралдар мен іс-әрекет әдістерін қолдана отырып, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту дағдыларын қалыптастырады. Дегенмен де аталған оқыту моделінің де өзіндік кемшіліктері орын алады.

Оқытудың заманауи модельдері қазіргі әлеуметтік даму жағдайлары мен оның динамикасын ескере отырып, оқытудың әртүрлі деңгейлері мен кезеңдеріндегі білім беру қызметінің ерекшеліктерін көрсетеді.

Оқытудың заманауи модельдерінің мәнін келесі параметрлермен анықтауға болады [117]:

1. Білім алушылар игерген жаңа ақпараттық ресурстар мен білім арасындағы қайшылықтарды шешуде білім беру бағдарламалары

икемді болуы керек. Оқытудың барлық кезеңдерінде сабақтастықты сақтау маңызды.

2. Білім беру тапсырмасын орындаудың көптеген нұсқаларының болуы. Білім алушыларда белгілі бір міндеттерді шешудің бірыңғай алгоритмі, үлгісі болмауы тиіс. Оны шешудің бірнеше нұсқасы болуы керек, оңтайлысын таңдау білім алушының құзыретіне тән.

3. Меңгерген теориялық білімді практикалық қолданудың жаңа жағдаяттарын жасау. Білімді тез өзгеретін әлеуметтік ортаға бейімделе отырып, әртүрлі әлеуметтік жағдаяттар мен жағдайларда қолдана білу керек.

4. Білім беру жетістіктеріне теориялық негіздеме беру қажеттілігінің болмауы.

Оқыту модельдері үздіксіз дамып, жетілдірілуде. Ескі модельдер жаңаларына ауыстырылады және олар дәстүрлі оқыту модельдерінің орнын алады (мысалы, проблемалық оқыту моделі, дамыта оқыту моделі, т.б.).

Зерттеулерге сәйкес қазіргі заманғы оқыту модельдерінің негізгі сипаттамалары:

1. Білім беру іс-әрекетінің білім алушының дербестігі мен бастамашылығын дамытуға бағытталуы. Бұл оқытудың барлық кезеңдеріне қатысты.

2. Білім алушының коммуникативтік дағдыларын тәрбиелеу. Әлеуметтік кеңістікте өзара әрекеттесу, жағымды коммуникативті байланыстар мен қатынастар орнату – іс-әрекеттің әртүрлі түрлері мен аспектілерінде жетістікке жетудің негізі.

3. Өз бетінше шешім қабылдау, таңдау жасау дағдыларын дамыту және жетілдіру.

4. Танымдық белсенділікті дамыту.

5. Өмір бойы өзін-өзі оқыту дағдыларын және оған деген ынтаны дамыту.

Оқыту моделі мен оның жүзеге асырылуында білім алушылардың оқу іс-әрекетінің формалары да көптеген ерекшеліктер мен классификациялауға ие. Классификациялауда оқу іс-әрекетінің формалары «тәсілдер жүйесі» деген нақты атауларға ие және олар мыналарды қамтиды:

– рецептивті оқу іс-әрекетінің тәсілдерінің жүйесі. Осыған кеңінен танымал болудан басқа, жеделдетілген (динамикалық) оқу тәсілдерін қосуға болады (О.Э. Кузнецов, И.З. Гостоловский және т.б.);

– репродуктивті оқу іс-әрекеті тәсілдерінің жүйесі. Бұған кеңінен танымал болудан басқа, тірек конспектiлерiн құрастыру әдiстерiн жатқызуға болады (В.Ф. Шаталов);

– сабақтың ойын формалары негiзiнде өнiмдi оқу iс-әрекетi тәсiлдерi жүйесi. Осы кезеңде оқу үдерiсiн ресiмдеу рөлдiк ойындарды ұйымдастырудағы тәжiрибенi ескередi (А.А. Вербицкий, А.М. Матюшкин және т.б.);

– А. Осборнның «брейсторлинг», В. Гордонның «синектикасы», Д.С. Альтшуллердiң «өнертабыстық алгоритмi» (ТРИЗ), В.В. Чавчанидзеңiң психологиялық-интеллектуалдық iс-әрекеттi индукциялау, сондай-ақ Д. Конанттың «оң» және «қарсы» әдiстемелерiн қолдану негiзiнде шығармашылық iс-әрекеттi белсендi ету тәсiлдерiнiң жүйесi [114, 9-10 с.].

Осылайша, зерттеулерге сәйкес оқыту моделi әдiстемелiк және технологиялық құрылым болып табылады, оның негiзiнде әдiстемелiк жүйенiң барлық компоненттерi (блоктары) құрылады және нақтыланады. Айта кету керек, мұндай жүйенi құрудың ұсынылған модульдiк принципi бiр әдiстемелiк жүйе шеңберiнде әртүрлi теорияларды, оқыту әдiстерiн және оқу iс-әрекетiнiң формаларын қолданудың дәйектiлiгiн қамтамасыз етедi.

Осылайша, әзiрленген модельдер, шын мәнiнде, оқу үдерiсiн тұрғызудың бiрыңғай механизмiн құру тәсiлiнен тұратын бiрқатар ортақ белгiлерге ие. Айырмашылық оны жүзеге асыру құралдарында болады. Мұндай оқу процесiн бiрыңғай қамтамасыз ету кестеде келтiрiлген (5 кесте).

5-кесте

Оқыту үдерiсiнiң технологиялық құрылымы

Оқытушы үшін	Бiлiм алушы үшін
Нәтижеге бағдарлану	Барлық материалды мiндеттi түрде игеру үшін бағдар қою (орнату)
Мотивацияны қамтамасыз ету	Мотивация
Оқытудың әртүрлi кезеңдерiндегi диагностикалық құралдар	Оқу қызметiн басқару және қамтамасыз ету құралдары
Диагностика нәтижелерi негiзiнде жеке траекторияларды құру бойынша шешiм қабылдау технологиясы	Өзiн-өзi бақылау және түзету құралдары

Оқытушының іс-әрекетімен байланысты технологиялық оқу үдерісінің маңызды элементін атап өту керек. Технологиялық оқу үдерісінде педагог тек өзіне жүктелген міндетке ғана емес, сонымен бірге психологиялық тұрғыдан да алдын-ала дайындалуы керек.

Педагог-ғалым С.Абдыкадирова өзінің зерттеу жұмысында білім сапасының жоғарылығын қамтамасыз ететін оқыту үдерісінің моделін ұсынады [118, 44-46 б.]. Аталған модель үлгісінде мұғалім мен білім алушының бірлескен іс-әрекетін төмендегідей көрсетуге болады (6 кесте):

6-кесте

Оқыту моделінің технологиялық құрылымы

Мұғалімнің оқыту қызметі (іс-әрекеті)	Білім алушылардың оқу-танымдық қызметі (іс-әрекеті)
Мотивациялық кезең	
<ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмыс мақсатын қою. 2. Оқу міндеттерін қою. 3. Білім алушылардың олардың танымдық іс-әрекетінің нәтижелеріне қойылатын талаптармен таныстыру. 4. Білім алушылардың іс-әрекетінің эмоциональ-дық – жігерлік сферасына әсер ету. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Білім алушылардың оқу мақсаты мен міндеттерін саналы түсінуі, қабылдауы. 2. Білім алушылардың өздерінің жеке бастарының оқу-танымдық іс-әрекеттерінің нәтижелеріне қойылған талаптарды мағынасына жете түсінуі және оларды қабылдауы. 3. Оқу іс-әрекетке оң жағымды қатынасының болуы.
Операционалдық-танымдық кезең	
Білім алушылардың оқу материалы мазмұнын меңгеру бойынша белсенді және өзіндік оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру	Оқу материалын меңгеру бойынша оқу-танымдық әрекеттерді жүзеге асыру (меңгеру, зерттеу объектісіне ықпал ету және оны түрлендіру)
Рефлексивтік-бағалаушылық кезең	
<ol style="list-style-type: none"> 1. Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің барысы мен нәтижесін қадағалау және бағалау. 2. Білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті нәтижелерінің мотивациялық кезеңде қойылған талаптарға сәйкестігін байқау. 3. Сәйкессіздік себебін тағайындау. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Білім алушылардың өз іс-әрекеттерінің барысы мен нәтижесін өздерінің қадағалап бақылауы, талдауы және бағалауы. 2. Өздерінің жеке бастарының іс-әрекеттері нәтижелерінің мотивациялық кезеңде қойылған талаптардан ауытқуын байқауы. 3. Ауытқу себебін байқау.

6-кестеде көрініп тұрғандай, білім сапасының жоғарылығын қамтамасыз ететін оқыту үдерісінің моделі негізгі мотивациялық, операциялдық-танымдық және рефлексивтік-бағалаушылық кезеңдермен жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде іс-әрекет құрылымын сипаттайды.

Көптеген зерттеулерде, оның ішінде болашақ мамандарды даярлауды жүзеге асыруда модельдің құраушылары ретінде (М.Исаев, Н.Шектибаев, А.Исаев, т.б.): мотивациялық, мазмұндық (немесе танымдық), іс-әрекеттік (процесуалдық), рефлексивті-бағалаушылық алынған. Бұл құраушыларды іс-әрекет құрылымына сәйкес деп білу керек.

ЖОО болашақ мамандарды даярлау жүйесінде электронды контенттер қашықтан оқыту (пандемия) жағдайында орын алғандығын көруге болады. Бұл өз кезегінде электронды контент әзірлеуде алғашқы тәжірибелерді жинақтауға мүмкіндік берді. Олардың негізгілері ретінде: пәннің оқу әдістемелік кешені: жұмыс бағдарламасы, силлабус, лекция кешені (тезистер, иллюстративтік материалдар, тартатылым материалдары, пайдаланылатын әдебиеттер тізімі), практикалық және семинар сабақтарының жоспары мен оқу материалдары, білім алушылардың өзіндік жұмыс тақырыптары мен оларды орындау нұсқаулықтары, білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау мен бағалау материалдары (жазбаша бақылау тапсырмалары, тесттік тапсырмалар, өзіндік даярлық тапсырмалары, емтихан сұрақтары, т.б.) тіркелді.

Сонымен қатар, бұл тізімдер пәннің ерекшеліктеріне сәйкес басқа да оқу контенттерімен (жағдаяттық тапсырмалар, жоба; оқу карталарды, электронды оқулықтар, виртуалды лабораториялар, т.б.) толықтырылды. Дей тұрғанмен бұлардың ЖОО оқу үдерісін толық мәнді ету үшін жеткіліксіз екендігін көруге болады.


Ақпараттық қоғам жағдайында білім беру технологияларына көшу туралы бұрын негізделген тезисті ескере отырып, бір жағынан ең танымал оқыту технологияларының мысалдары болып табылатын екі модельдің мысалдарын қарастыруға болады, екінші жағынан бұл ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқу процесін құрудың әдіснамалық негіздерінің бірі болып табылады.

Зерттеулерге сәйкес біздер ЖОО оқу курстарын оқытудың моделін сызбадағыдай көреміз (3 сурет). Зерттеу жұмысымызға сәйкес

«Қазақстан тарихы» пәні мазмұнының өзгешелігіне сәйкес заманауи ақпараттық технологияларға байланысты оқыту моделіне (4 сурет) толықтырулар жасалды.



3-сурет. ЖОО-да оқу жұмыстарын ұйымдастыруға сәйкес оқыту үдерісінің моделі



4-сурет. «Қазақстан тарихы» пәнін ақпараттық және цифрлық технологиялар арқылы оқыту-әдістемелік жүйесі бойынша моделі

Цифрлық Блум таксономиясы – білім алушылардың танымдық әрекеттерін қазіргі заман талабына сай ұйымдастыруға мүмкіндік беретін дидактикалық модель. Бұл тәсіл оқытудың дәстүрлі құрылымын ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен ұштастырып, оқыту мазмұнын терең әрі тиімді меңгеруге бағытталған. Әсіресе, «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда цифрлық құралдарды тиімді қолдану арқылы студенттердің ойлау дағдысын, тарихи деректерді талдау, бағалау және жаңа көзқарас қалыптастыру қабілетін дамытуға болады.

Цифрлық Блум таксономиясының деңгейлерін Қазақстан тарихы пәні тұрғысынан былайша сипаттауға болады:

1. Есте сақтау

– Тарихи даталар мен оқиғаларды Google немесе Quizlet арқылы қайталау.

– Қазақстан тарихының маңызды тұлғалары туралы бейнематериал көру.

2. Түсіну

– Google Docs арқылы тарихи оқиғаларға сипаттама беру.

– Kahoot немесе Wordwall арқылы интерактивті викториналар жасау.

3. Қолдану

– PowerPoint немесе Canva арқылы тарихи тақырыпқа презентация жасау.

– Архивтік фотолармен жұмыс жасау.

4. Талдау

– Екі тарихи кезеңді салыстыру үшін диаграмма жасау (MindMeister).

– Хронологиялық кестелер құру арқылы оқиғалар арасындағы байланысты анықтау.

5. Жасау

– Тарихи деректер негізінде бейнежазба, постер немесе виртуалды көрме әзірлеу.

– Тарихи тұлға атынан күнделік жазу немесе подкаст дайындау.

6. Бағалау

– Google Forms арқылы кері байланыс алу немесе тарихи оқиғаға өз пікірін білдіру.

– Пікіргалас алаңдарында тарихи шешімдерді сараптау.

Осылайша, цифрлық Блум таксономиясы «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда тек ақпарат беріп қана қоймай, студенттердің зерттеу-

шілік, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді.

Қазақстан тарихы пәнін оқытудың басты дидактикалық ұстанымдары – оқу үдерісін мазмұнды, жүйелі әрі тиімді ұйымдастыруға бағытталған педагогикалық қағидалар жиынтығы. Бұл ұстанымдар пәннің тарихи сипатын, білім алушылардың жас ерекшеліктерін және оқу мақсатын ескере отырып қалыптасады. Олар білім алушылардың тарихи танымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ұстанымдарға тоқталсақ:

– Хронологиялық жүйелілік және тарихи сабақтастық. Тарихи оқиғаларды олардың пайда болу ретін сақтай отырып, уақыт аясында ұсыну білім алушыларға өткен мен бүгін арасындағы байланыстарды түсінуге мүмкіндік береді. Бұл ұстаным оқиғалардың себептері мен салдарын логикалық тұрғыда ұғындыруға негіз болады.

– Ғылымға негізделген мазмұн беру. Тарих пәні тек оқиғалар тізбегін ғана емес, дәлелденген ғылыми деректерді, тарихи тұжырымдарды, қазіргі заманғы зерттеулер нәтижесін қамтуы қажет. Бұл студенттерге сыни көзқараспен қарауды және ақпаратты саралай білуді үйретеді.

– Деректілік пен нақтылық. Қазақстан тарихы нақты құжаттарға, тарихи жазбаларға, карталар мен жәдігерлерге сүйене отырып ұсынылуы тиіс. Бұл білім алушыда тарихи оқиғаларға деген сенім мен шынайы қызығушылықты қалыптастырады.

– Тәрбиелік бағыттылық. Отандық тарихты оқыту арқылы жас тарға азаматтық ұстаным, патриоттық сезім, ұлттық бірегейлік пен тарихи жадыны құрметтеу дағдылары дарытылады. Бұл ұстаным оқытудың мазмұнына ғана емес, оның әдіс-тәсілдеріне де қатысты.

– Көрнекілік пен қолжетімділік. Тарихи ақпараттар білім алушының танымдық қабілетіне сай, жеңіл қабылданатындай формада берілуі тиіс. Көрнекі құралдар, тарихи карталар, визуалды контент – білімнің сапалы меңгерілуіне ықпал етеді.

– Интерактивтілік және белсенді қатысу. Бұл ұстаным қазіргі заман талабына сай оқытуда өте маңызды. Қазақстан тарихы пәнін тек дәріс тыңдату арқылы емес, талдау, пікірталас, топтық жұмыс, зерттеу жобалары, тарихи рөлдік ойындар арқылы меңгерту – білім алушылардың белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, АКТ құралдарын қолдану да білім алушылардың тарихты жаңаша қабылдауына жол ашады.

Осы ұстанымдардың әрқайсысы пәнді оқыту сапасын арттыруға және студенттердің тарихи ойлауын дамытуға бағытталған.

Зерттеу бойынша тұрғызылған оқыту үдерісіне сәйкес құраушыларға байланысты модельдің критерийлері анықталады, олар:

– педагогтың білім алушылардың оқу материалдарын меңгеруі мен игеруі үшін олардың эмоционалдық-еріктік сферасына ықпал етуі;

– оқу пәні бойынша оқу материалдарының қажеттілігін педагогикалық тұрғыдан сезіндіруі;

– білім алушыларды білім алуға деген мотивтерінің бағыттылығы;

– білім алушылардың оқу пәні бойынша өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысы;

– педагогтың білім алушылардың оқу материалы мазмұнын меңгеру бойынша белсенді және өзіндік оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруы;

– білім алушылардың оқу материалын меңгеру бойынша оқу-танымдық әрекеттерді жүзеге асыруы (кітаппен, картамен жұмыс, дербес жұмыс жасау, мұрағат материалдарымен жұмыс жасау, т.б.);

– оқытушының білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің барысы мен нәтижесін қадағалауы және бағалауы;

– білім алушылардың өз іс-әрекеттерінің барысы мен нәтижесін өздерінің қадағалап бақылауы, талдауы;

– білім алушылардың оқу материалдары мен оқу ресурстары бойынша білімін бағалауы (өзін-өзі, топтық).

Бұл анықталған критерийлер өз кезегінде дайындық көрсеткіштерімен нақтыланады.

Ақпараттық қоғам жағдайындағы технологиялық оқу процесіндегі өзгерістер, ең алдымен, оқу процесін жүзеге асыру құралдарына, нәтижесінде мұғалім мен білім алушының іс-әрекетіне әсер ететінін атап өткен жөн.

Білім алушылардың пән бойынша оқу материалы мазмұнын меңгеруді, белсенді және өзіндік оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруды жүзеге асыруы төмендегілерге байланысты болып келеді:

– оқу материалдарын меңгеруді ұйымдастыру формаларына;

– білім алушыларға ықпал ету құралдарына;

– ықпал ету әдістері мен тәсілдеріне;

– білім алушылардың әрқайсысын педагогикалық тапсырмалармен қамтамасыз етуге.

Жалпы «Қазақстан тарихы» курсы нәтижелі оқыту үшін шетелдердегі ЖОО-да тарихты оқыту бойынша материалдарды зерделеу нәтижесі оқыту моделін әзірлеуде төмендегідей оқу ресурстары құраушыларын дайындау қажеттілігін және оларды оқыту үдерісінде пайдалану керектігін көрсетеді [119]:

– білім алушыларға бағдарланған оқытудың белсенді әдістерін қолдану (дебаттар, модельдеу, міндеттерді шешу тәсілдері (ақпаратты іздеу, жаңа білімді өндіру, шешім қабылдау мақсатында);

– оқытуға бағытталған оқыту әдістерін жүзеге асыру (оқытудың лекциялық әдісі, тарихты айтып беру тәсілдері, биографиялық әдіс (білім алушылардың табиғи қызығушылығын қамтамасыз ету, әлеуметтік және моральдық ізгіліктерді сіңіру мақсатында);

– бастапқы қайнар көздерді пайдалану (археологиялық, әдебиеттік, ауызша қайнар көздерді пайдалану әдістері (ескерткіштер бойынша топсеруен, мұрағат (архив) материалдарын таныстыруды ұйымдастыру, мұражайға таныстыру топсеруендерін жасау);

– екінші ретті қайнар көздерді пайдалану әдістерін жүзеге асыру (дәстүрлі кітапхананы пайдаланумен оқыту, электронды кітапхананы пайдаланумен оқыту);

– оқу құралдарын пайдаланумен әдістерді жүзеге асыру (графикалық құралдар (диаграммалар, карталар, графиктер, уақыт мезетіндегі уақиғалар, картинкалар, карикатуралар, плакаттар, т.б.) ақпараттық табло (бор тақтасы, хабарландыру тақтасы, фланель тақтасы, магнитті тақта, ілгек тақта), үш өлшемді көмекші құралдар (тарих сабақтарында қолданылатын негізгі 3D көрнекі құралдар: модельдер, тарихи жәдігерлер, диорамалар, панорамалар, глобус), аудиовизуальды құралдар (тарих сабақтарында пайданылатын 3D көрнекі құралдарының негізгілері: теледидар, бейнежазбалар, радио, Интернет желісіне қосылған компьютерлер, ұялы телефондар (смартфондар)), ұсынылатын көмекші құралдар (тарихи деректер бойынша фильмдер, проекторлар)).

– оқытудың басқа да әдістерін жүзеге асыру (жобалау әдісі, өзара оқыту әдістері, тапсырма әдісі, бақылаумен жүргізілетін зерттеу әдісі, т.б.).

Ұсынылған әдістер мен ақпараттар және оқу ресурстары білім алушылардың оқу материалдарын меңгеруді ұйымдастыру форма-

лары, білім алушыларға ықпал ету құралдары және олардың оқуына ықпал етудің әдістері мен тәсілдері ретінде де қарастырылатынын көруге болады.

3 және 4 суретте көрсетілген оқыту үдерісі моделінің жұмыс жасауы педагогикалық жүйе құраушылары тұрғысынан шарттарға байланысты, олар:

- пәннің ерекшелігіне байланысты оқу мақсаттары мен оқыту нәтижесі (деңгейлік);

- білім алушылардың білімді меңгеруге деген оң мотивтері;

- пән мазмұнын толықтай ашатын және оларды жан-жақты мазмұндауға негізделген оқу материалдары (оқулықтар, оқу құралдары, мұрағат материалдары, т.б.);

- белсенді және интербелді оқыту әдістері мен тәсілдері, оқыту технологиялары;

- оқу материалдарын баяндауда қолданатын және ақпарат көздері, оқу ресурстары ретінде пайдаланылатын оқытудың техникалық (технологиялық) (Интернетке жалғанған компьютер, ұялы телефон, т.б.) және оқу көмекші құралдары;

- пәннің ерекшеліктеріне сәйкес бастапқы және екінші ретті қайнар көздердің толық мәнді қолданылуы;

- ақпараттық-коммуникациялық құралдарды толық мәнді игерген, пәннің мазмұнын терең білетін және оны оқытуға дайындығы жоғары оқытушының болуы;

- оқыту мен бағалауға сәйкес педагогикалық тапсырмалар мен бағалау материалдары мен құралдары;

- оқу жұмыстарының ұйымдастырылуы.

Оқыту үдерісі моделінің жүзеге асырылуы үшін көрсетілген шарттарды пән ерекшеліктеріне сәйкес толықтыруға және нақтылауға болатындығын көреміз. Оған тағы да, оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасы, басқару стильдері сияқты элементтерді қамтуға болады.

Оқытудың алғашқы моделі – бағдарламаланған оқыту, оның негізгі идеяларын американдық психолог Б. Скиннер ұсынған және шетелдік ретінде дамыған (Н. Краудер, Дж. Каккензи, Л. Элтон, Р. Льюис және т.б.), сондай-ақ, педагогтар мен психологтар (П.Я. Гальперин, Н.Ф. Талызина, В.П. Беспалько, Е.С. Полат, Ш. Таубаева, Б. Барсай және т.б.). Н.Ф. Талызинаның пікірінше, «бағдарламаланған оқыту білім мен дағдыларды игеру үдерісін

басқаруды оңтайландыру мәселесін шешеді» [120, 11 с.]. Бағдарламаланған оқыту пайымдаулар дәйектілігін қалыптастыруда, іс-қимыл алгоритмін игеруде және қолдануда, білім мен іс-қимыл тәсілдерін өзектендіруде өз орнын табады [121, 10 с.].

Ұсынылған оқыту нұсқасының инструменталдық сипатын, оның өзін-өзі оқытуға бағытталғандығын атап өткен жөн. Бастапқы нұсқасында бұл технология кең таралмады, бірақ идеологияның компоненттері оқу процесіне белгілі бір түрде енгізілді (атап айтқанда, материалды оңтайлы бөліктерге бөлу және оны бекітуді ұйымдастыру, бақылау ерекшеліктері және т.б.). Бұл технологияның негізгі идеялары компьютерлік оқытуда кеңінен қолданылды.

Бағдарламаланған оқыту идеяларының логикалық жалғасы болып табылатын келесі модель «толық игеру моделі» деп аталды. Толық игеру моделінің негізінде ХХ ғасырдың 60-жылдары американдық психологтар Дж. Кэрролл және Б.С. Блум. Олар, әдетте, оқу үлгерімінің таралуы оқу қабілетінің сәйкес таралуымен түсіндірілетінін атап өтті. Дж. Кэрролл дәстүрлі оқу процесінде оқу жағдайының параметрлері әрдайым бекітілетініне назар аударды (барлығына бірдей оқу уақыты, ақпаратты ұсыну тәсілі және т.б.). Бекітілмеген жалғыз нәрсе – бұл айтарлықтай таралумен сипатталатын оқу нәтижелері. Дж. Кэрролл үйреншікті оқу жағдайларын емес, оқу нәтижелерін тұрақты, тұрақты параметрге айналдыруды ұсынды. Бұл жағдайда шарттардың барлық параметрлері өзгеріп, барлық білім алушылардың алдын ала белгіленген нәтижеге қол жеткізуіне бейімделеді [122]. Десекте, қазіргі уақытта оқыту нәтижелері барлық дерлік білім беру деңгейлерінде белгіленген.

Толық меңгеру моделіне негізделген оқытудың айрықша ерекшелігі оқу нәтижелерін барлық білім алушылар қол жеткізуі керек жеткілікті жоғары деңгейде бекіту болып табылады. Осы тәсілге сүйене отырып, Дж. Кэрролл және Б.С. Блум (Дж. Блок, Л.Андерсон және т.б.) іс жүзінде толық игеру моделі бойынша жалпы дидактикалық оқыту жүйесін жасады [123].

Модельдің тағы бір маңызды компоненті курстың диагностикалық мақсаттарын қалыптастырумен байланысты. Ол үшін бүкіл курс үшін толық игеру стандарты (критерийі) анықталады. Мақсаттарды нақтылау процедураларын қолдана отырып, педагог жалпы курстың оқу мақсаттарын егжей-тегжейлі нақтылайды, курстың соңына дейін алуы керек нақты оқу нәтижелерінің тізімін жасайды.

Осы негізде курстың барлық материалдары бойынша жоспарланған мақсаттарға қол жеткізуді тексеру үшін тесттік тапсырмалар әзірленеді.

Мақсаттар мен олардың диагностикасын анықтай отырып, педагог оқу материалына егжей-тегжейлі талдау жүргізеді және оны қосымша пысықтайды, онда оқу материалы жеке фрагменттерге (оқу бірліктері, блоктар) бөлінеді. Әрбір фрагмент (оқу бірлігі) оқу материалының тұтас бөлімі болып табылады; мазмұнды тұтастықтан басқа, материалды зерттеудің белгілі бір ұзақтығы (мысалы, үш-төрт сабақ, екі-үш апта) бөлімдерге бөлу кезінде нұсқаулық бола алады. Оқу бірліктерін бөлгеннен кейін оларды зерделеу барысында қол жеткізуге тиіс нәтижелер айқындалады, әрбір оқу бірлігін зерделеудің белгіленген мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бөлімдердің (оқу бірліктерінің) әрқайсысы бойынша ағымдағы тексеру жұмыстары (тесттік тапсырмалармен тексеру) жасалады.

Бұл дәстүрлі педагогикамыздағы модульдік оқытуды елестетеді. Модульдік оқытудың да түпкі мәні толық меңгеру технологиясын жүзеге асыру болып табылады. Әрбір көлемді модульдер (мәселен, кітап тарауларға, олар өз кезегінде тақырыптарға, т.с.с.) екінші ретті, олар өз кезегінде үшінші ретті модульдерге шартты түрде бөлінеді. Содан кейін оның әрбір оқу элементтерін (модуль) меңгеру қамтамасыз етіледі. Ол үшін оқу элементтерін, оқыту нәтижелерін меңгеру оқу жұмыс түрлеріне шартты түрде ажыратылады (педагогтың көзқарасына байланысты).

Ағымдағы сынақтар диагностикалық болып табылады және белгілерді қоюға негіз болмауы керек. Педагогтың тесттік тапсырмалармен бағалау нәтижелері бойынша бағалайтын пікірлері «сынақ – сынақ» (немесе «үйренген – үйренбеген») түріне жатады. Ағымдағы тесттік бақылаудың (бағалаудың) негізгі мақсаты – түзету жұмыстарының, көмекші оқу амалдарының қажеттілігін анықтау. Толық игеру моделі бойынша жұмысқа дайындалудың келесі қадамы – тесттік тапсырмалардың (сұрақтарының) әрқайсысы бойынша балама түзету оқу материалдарын дайындау; бұл материалдар игерілмеген материалды қосымша зерттеуге арналған, оны зерттеудің бастапқы әдісінен өзгеше, білім алушыға өзіне сәйкес жұмыс әдісін таңдауға мүмкіндік береді [124].

Қазіргі уақытта тесттік тапсырмалармен бақылау негізінде бі-

лім алушылармен қатемен жұмыс жасау кеңінен жүзеге асырылуда. Мәселен, <https://joyteka.com> бағдарламасында тесттік тапсырмаларды енгізумен бағалауды жүзеге асырып болған соң жіберілген қателіктермен жұмыс жасау ыңғайлы болып табылады.

Зерттеулерге сәйкес модельдің маңызды сәті – толық игеру этапонды (критерийін) дәл анықтау және тұжырымдау болып табылады. Оның негізі – курстың нақтыланған оқу мақсаттары мен соған сәйкес күтілетін нәтижелер.

Жоғары мектеп жағдайында толық игеру моделінің нұсқасы – «Келлер жоспары» (тағы бір атауы – «жекелендірілген оқыту жүйесі») – американдық психолог және ағартушы Ф.С. Келлер жоғары оқу орындары үшін құрған жеке оқыту жүйесі [125]. «Келлер жоспарының» негізгі ерекшеліктері келесідей:

1) келесі бөлімге өтудің міндетті шарты ретінде алдыңғы бөлімді толық игеру талаптарын қоса алғанда, оқу материалының мазмұнын толық игеруге жүйені бағдарлау;

2) білім алушылардың өз қарқынымен жеке жұмысы;

3) дәрістерді білім алушылардың жалпы бағдарлануында ынталандыру мақсатында ғана пайдалану;

4) оқу ақпаратын баяндау үшін баспа оқу құралдарын-нұсқаулықтарды қолдану;

5) курсты жақсы меңгерген білім алушылардың курстың бөлімдері бойынша материалды меңгеруін ағымдағы бағалау.

Білім алушылар мен оқытушылардың «Келлер жоспары» бойынша жұмысы жоғары оқу орнында оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктерін көрсетеді, яғни білім алушылар өздерінің оқытушыларының іс-әрекет кезеңдерін ішінара қайталайды.

Оқу курсы жоғарыда айтып өткендей модульдерге бөлінеді, ең кіші модуль ретінде оқу элементтері (ұғымдар, терминдер, фактілер, т.б.) табылады. Білім алушы белгілі бөлімнің (модульдің) материалын жақсы меңгергенін сезгенде, олар тексеруден өту үшін педагогқа жүгінеді. Білім алушы бөлімнің толық меңгерілуін көрсетуі керек (дәстүрлі «өте жақсы» немесе «жақсы» балл деңгейінде). Оқу материалдары толық емес игеруге сәйкес келсе немесе төмен нәтиже болған жағдайда ол білім алушыға материалды қосымша пысықтау бойынша ұсыныстар береді.

Бұл жағдайда оқу пәнінің ерекшеліктеріне байланысты оқу материалдары мен оқу ресурстары ұсынылады. Мәселен, «Қазақстан

тарихы» пәнін оқытуда оқу материалын зерделеу үшін ұсынылатын бастапқы қайнар көздерді (археологиялық, әдебиеттік, ауызша қайнар көздерді) пайдалану, пайдалану әдістерін (ескерткіштер бойынша топсеруен, мұрағат материалдарын (архив) материалдарын таныстыруды ұйымдастыру, мұражайға таныстыру топсеруендері), екінші ретті қайнар көздерді пайдалану әдістерін жүзеге асыру (дәстүрлі кітапхананы пайдаланумен оқыту, электронды кітапхананы пайдаланумен оқыту), оқу құралдарын пайдаланумен әдістерді жүзеге асыру ((графикалық құралдарды (диаграммалар, карталар, уақыт мезетіндегі уақиғалар, картинкалар, плакаттар, т.б.), үш өлшемді көмекші құралдарды (тарих сабақтарында қолданылатын негізгі 3D көрнекі құралдар: модельдер, тарихи жәдігерлер, диорамалар, панорамалар, глобус), аудиовизуальды құралдарды, ұсынылатын көмекші құралдарды (тарихи деректер бойынша фильмдер, проекторлар) пайдалану).

Зерттеулерге сәйкес оқыту моделдеріне тән бірқатар ортақ белгілерді қорытындылап көрсетуге болады, олар:

1) дидактикалық принциптерге негізделген модельдердің негізінде оқыту процесінің ұйымдастырылуы нәтижелі болады;

2) модельдерде оқытушы іс-әрекеті құрылымы және білім алушылардың оқу іс-әрекеті нақтыланады;

3) оқыту модельдерінде диагностикаланатын мақсаттар мен оқытудың барлық кезеңдерінде диагностиканы іске асыратын құралдарды құру көзделеді; мұндай құралдар ретінде арнайы құрастырылған педагогикалық тапсырмалар (оның ішінде, тесттік тапсырмалар, сұрақтар, т.б.) әрекет етеді;

4) моделдер оқыту/оқу процесін қамтамасыз етуге бағытталған білім алушылардың оқытушыдан жеткілікті тәуелсіздігін көздейтін құралдар іздестіріледі. Бұл үшін білім алушыларға арнайы құрастырылған тапсырмалар ұсынылады;

5) ұсынылған модельдегі мотивациялық, оқу-танымдық, рефлексиялық-бағалаушылық құраушылар арқылы оқытудың нәтижелілігі қамтамасыз етіледі;

6) оқытуда жалпы оқу бағдарламалары мақсатына және анықталған нәтижеге қол жеткізу үшін сабақтан тыс өзіндік жұмыс жасау болжанады.

Педагогикалық еңбектердегі оқыту моделі мен оқыту үдерісі моделінің ерекшеліктерінің бар екендігі белгілі. Ұсынылып отырған

модельдің ерекшелігі ретінде төмендегілерді атап көрсетуге болады, олар:

- оқытушының іс-әрекетінің білім алушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталуы;

- оқытушы мен білім алушының бірлескен (бір жақты емес) белсенді іс-әрекетінің сипатталуы;

- пәннің ерекшелігіне сәйкес бастапқы және екінші ретті қайнар көздердің оқыту үдерісі үшін қамтамасыз етілуінің жобалануы;

- оқу материалдарын толық меңгеруге бағытталған оқу жұмыстарын (оның ішінде, лекция, семинар, білім алушының өзіндік жұмыстары) сабақтастықта ұйымдастыруға бағдар беруі;

- кері байланысты ұйымдастыруға бағытталған тапсырмалардың, материалдардың, құралдардың болуы мен олардың жүзеге асырылуын көздеуі.

ЖОО «Қазақстан тарихы» курсының ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мазмұны мен моделін жетілдіру үшін төмендегідей ұсыныстар жасалады:

- білім алушыларға бағдарланған оқытудың белсенді әдістерін таңдау және оларды кеңінен қолдану;

- оқытуға бағытталған оқыту әдістерін кеңінен жүзеге асыру;

- бастапқы қайнар көздерді кеңінен пайдалану;

- екінші ретті қайнар көздерді пайдалану әдістерін жүзеге асыру;

- түрлі оқу құралдарын пайдаланумен әдістерді жүзеге асыру;

- оқытудың жобалау, өзара оқыту, тапсырма, т.б. әдістерін кеңінен жүзеге асыру.

Зерттеу жұмысындағы ұсынылып отырған модельдің жұмыс жасауы көрсетілген критерийлер мен оның жүзеге асырылу шарттарының болуына және жүзеге асырылуына байланысты болып табылады.

Қазақстан тарихы пәнін оқытуда қолданылатын әдістер: проблемалық оқыту, дамытушы бағыттағы әдістер, ізденіс пен зерттеуге негізделген тәсілдер, практикалық жаттығулар, танымдық әрекеттерге бағытталған әдістер, эвристикалық тәсілдер, «миға шабуыл», шығармашылық тапсырмалар, көрнекілік элементтерін пайдалану және тағы басқалар.

Зерттеу жұмысымызда болашақ тарих мұғалімдерін даярлау үдерісінде Қазақстан тарихы пәнін оқыту әдістерін таңдау мен қолдануда біз келесі аспектілерге ерекше назар аудардық:

– Қазақстан тарихын оқытуда қолданылатын әдістерді заманауи ақпараттық және цифрлық технологиялармен интеграциялау қажеттігін ескердік. Бұл білім алушылардың тарихи материалды визуалды, интерактивті түрде қабылдауына мүмкіндік береді;

– Бір ғана әдіспен шектеліп қалмай, әдістемелік әртүрлілікті сақтап, бір-бірін толықтыратын әдістерді үйлесімді қолдану арқылы оқыту тиімділігін арттыруды мақсат еттік;

– Тандалған әдістер студенттердің тарихи ойлау, себеп-салдарлық байланыс орнату, талдау мен қорытынды жасау қабілеттерін дамытатындай болуы қажет екенін негізге алдық;

– Әдістердің студенттердің шығармашылық пен сыни ойлауын қалыптастыруда маңызы зор. Бұл бағытта тарихи деректерді қайта қарау, салыстыру, өз пікірін дәлелдеу сияқты тапсырмалар кеңінен қолданылды;

– Сонымен қатар, болашақ мұғалімдерге үлгі болатындай, педагогикалық практикада қолдануға болатын әдістер жүйесін көрсету де басты назарда болды.

Мұндай әдістемелік тәсілдер студенттердің Қазақстан тарихына деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың тарихи білімді терең әрі жан-жақты меңгеруіне жағдай жасайды.

Қазақстан тарихы пәнін оқыту формаларына лекциялар, практикалық сабақтар, семинарлар, педагогикалық практика, консультациялар, ғылыми-әдістемелік кездесулер, аудиториядан тыс жүргізілетін студенттердің өзіндік жұмыстары (БӨЖ, ОБӨЖ) және басқа да оқу әрекеттері жатады.

Қазақстан тарихы курсының меңгерту барысында оқу бағдарламасына сай мазмұнды тиімді әрі сапалы жеткізуге ерекше назар аударылды. Оқу үдерісінің барлық формаларында білім алушылардың қызығушылығын арттыру, ынтасын ояту және оқу мотивациясын күшейту сияқты дидактикалық міндеттер жүйелі түрде іске асырылды.

Болашақ тарих мұғалімдерінің шығармашылық әлеуетін дамыту жолында лекция, практикалық сабақтар мен өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру кезінде ақпараттық және цифрлық технологиялар кеңінен қолданылды. Әр оқыту формасының өзіндік ерекшеліктері мен мақсаттары нақты айқындалып, оған қойылатын талаптар да нақты белгіленді. Бұл тәсілдер тарихи білімді меңгеру сапасын арттырумен қатар, студенттердің педагогикалық машығын дамытуға да ықпал етті.

Қазақстан тарихы пәніндегі дәріс сабақтарының басты мақсаты – студенттерге тарихи деректер мен ұғымдарды жан-жақты түсіндіру арқылы олардың танымдық қабілеттерін арттыру, тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және отандық тарихқа деген қызығушылығын дамыту. Бұл сабақтарда білім берудің тиімді жолдарын қолдана отырып, тыңдаушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашу көзделді.

Дәріс нәтижесінде студенттердің тарихи білімді жүйелеу, ақпаратты талдау және есте сақтау қабілеті артады. Сонымен қатар, ойлау жүйесінің икемділігі мен тарихи құбылыстарға баға беру қабілеті қалыптасады.

Қазақстан тарихын оқытуда дәрістерге қойылған негізгі талаптар – әр тарихи кезеңді тұтастықта қарастыру, маңызды оқиғалар мен тұлғаларды өзара байланыстыру, тарихи процестердің мәнін ашуда ғылыми дәлелдер мен нақты деректерге сүйену.

Осы талаптарды орындау үшін заманауи визуалдық әдістер кеңінен қолданылды. Атап айтқанда, тарихи карталар, хронологиялық сызбалар, анимациялар, мультимедиялық презентациялар және отандық авторлар дайындаған электронды ресурстар пайдаланылды. Мұндай тәсілдер студенттердің сабаққа қызығушылығын арттырып, материалды тереңірек меңгеруіне септігін тигізеді.

«Миға шабуыл» лекциясы немесе «топтық пікірталас лекциясы» – Қазақстан тарихын оқытуда қолдануға тиімді интерактивті әдістердің бірі. Бұл форматта студенттерге тарихи оқиғаларға, құбылыстарға немесе тұлғаларға байланысты проблемалық сұрақтар қойылады. Мысалы, «Қазақ хандығының құрылуына қандай тарихи алғышарттар әсер етті?» немесе «Абылай ханның саясаты тиімді болды ма?» деген сұрақтар ұсынылады. Студенттер өз ойларын еркін білдіріп, түрлі көзқарастар ұсынады, кейін бұл пікірлер оқытушы жетекшілігімен талқыланады. Бұл әдістің басты ерекшелігі – кез келген ойды айтуға еркіндік берілуі, пікірлерді сынауға тыйым салынуы. Бұл тәсіл тыңдаушылардың ойлау шеберлігін, тарихи фактілерді бағамдау қабілетін арттырады.

Проблемалық лекция барысында жаңа тақырыптар студенттердің талдауы мен пайымдауына негізделеді. Оқытушы тарихи мәселені алға тартып, оны шешуге байланысты сұрақтар қояды. Студенттер өз жауаптарын тарихи деректерге сүйене отырып ұсынады, ал оқытушы олардың ой қорытындыларын жүйелеп, бағыт береді.

Конференция форматындағы лекция – алдын ала берілген тарихи мәселе аясында студенттердің қысқа баяндамаларынан тұратын лекция түрі. Әр студент өз тақырыбын зерттеп, нақты тарихи дәйектерге сүйенген логикалық тұжырым жасайды. Бұл лекция соңында оқытушы әрбір қатысушының жұмысына баға беріп, жалпы тақырыпқа қорытынды жасайды. Мұндай формат студенттердің зерттеушілік дағдыларын, дерекпен жұмыс істеу шеберлігін дамытады.

Болашақ тарих мұғалімдерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда лекциялық сабақтардың барлық түрі ақпараттық-цифрлық технологиялармен ықпалдастырыла өткізілді. Бұл тәсіл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім беру үдерісінің тиімділігін күшейтуге септігін тигізді.

Оқыту формаларының маңыздысы – практикалық сабақтар. Бұл сабақ түрі студенттердің теориялық білімін нақты тарихи жағдайларға қолдану білігін қалыптастыруға бағытталған. Практикалық жұмыстар барысында тарихи білім негізінде логикалық ойлау, салыстыру, талдау және қорытынды жасау дағдылары дамытылады. Сабақ мазмұны мен құрылымы студенттердің бұрын меңгерген теориялық деректеріне негізделе отырып құрылады.

Практикалық сабақтың негізгі мақсаттары:

- Қазақстан тарихына қатысты жинақталған білімді нақты тарихи үдерістер мен оқиғаларға қолдана білу;
- тарихи білімді құрылымдап, оны практикалық мәселелерді шешуде тиімді пайдалану жолдарын меңгерту;
- студенттердің өз бетімен іздену, жұмыс істеу, және тарихи дерекпен жұмыс жасау қабілеттерін бағамдау мен дамыту.

Қазақстан тарихы пәнін оқытудағы практикалық сабақтардың негізгі мақсаты – лекция барысында алынған теориялық білімді тереңдете отырып, тарихи деректермен жүйелі жұмыс жүргізуге дағдыландыру, студенттердің ойлау белсенділігін дамыту, шығармашылық әлеуетін арттыру және пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру болып табылады.

Бұл сабақтардың нәтижесінде білім алушылар меңгерген тарихи мәліметтерін түрлі жағдаяттарда қолдана алуға үйренеді. Практикалық тапсырмалар студенттер мен оқытушы арасында белсенді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді, әрі оқытудың жеке және топтық формаларын тиімді үйлестіруге жағдай жасайды. Со-

нымен қатар, сабақ барысында цифрлық технологияларды, визуалды және мультимедиалық материалдарды қолдану білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, тарихи үрдістерді жан-жақты түсінуге ықпал етеді.

Практикалық сабақтарда алға қойылатын міндеттерге: берілген тапсырмалар негізінде тарихи процестерді терең түсіндіру, дереккөздермен жұмыс жасау, оқиғаларды хронологиялық және мазмұндық тұрғыдан саралау, тарихи карталар мен схемалар арқылы талдау жүргізу жатады. Болашақ тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби креативтілігін қалыптастыру мақсатында бұл сабақтарда интерактивті оқу құралдары, тарихи реконструкциялар мен сандық платформалар белсенді қолданылып, жеке және топтық шығармашылық тапсырмалар орындалады.

Білім алушылардың өзіндік жұмысының (БӨЖ) басты мақсаты – аудиториялық сабақтарда алған болашақ тарихшы-мұғалімдердің Қазақстан тарихы пәні бойынша білімін жүйелеу, тереңдету және кеңейту, жаңа тарихи материалдармен өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, кәсіби шеберлігін арттыру, ойлау қабілеті мен шығармашылық қабілетін жетілдіру.

Ал оқытушымен бірлесіп атқаратын өзіндік жұмыстың (ОБӨЖ) мақсаты – студенттердің аудиториялық сабақтарда меңгерген білімін пысықтап, кеңейту, тарихи деректермен белсенді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру, сонымен қатар сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмаларды оқытушының жетекшілігімен орындау болып табылады.

Бақылау әдістеріне ағымдық, блоктық, емтихан, өзіндік жұмыстарды қорғау, өзіндік бақылау, деңгейлік тапсырмалар және шығармашылық қабілеттілікті бағалау үшін арнайы тесттерді қолдану кіреді.

Қазақстан тарихы пәні бойынша ағымдағы бақылау авторлық «Қазақстан тарихы» электронды оқулығының «Практикалық тапсырмалар» бөліміндегі сұрақтар негізінде жүргізілді. Бұл тапсырмаларға үш деңгейлі тестілер, қателерді анықтау, деңгейлік сұрақтар мен проблемалық сұрақтар жатады.

Блоктық және емтихандық бақылаулар «Google forms» сияқты арнайы компьютерлік бағдарламалар арқылы түрлі форматтағы тестілер түрінде ұйымдастырылды. Бағалау критериалды тәсілмен

жүзеге асырылып, ол Блум таксономиясының алты деңгейін қамтиды: білу, түсіну, қолдану, талдау, синтездеу және бағалау. Бұл тәсілдер студенттердің тарихи білімдерін жан-жақты бағалауға, олардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан тарихын оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдану – тарихи білімді меңгерудің тиімділігін арттыратын, жаңа буын білім алушыларының танымдық мүмкіндіктерін кеңейтетін инновациялық қадам болып табылады.

«Қазақстан тарихы» пәнінің мақсаты мен мазмұны негізінде оқыту әдіс-тәсілдері мен формалары келесі тақырыптарда қарастырылады.

2.2. Интерактивті цифрлық визуализация құралдарымен жұмыс жасау барысындағы оқытудың әдіс-тәсілдері

Қазіргі білім беру жүйесінде тарихты оқытудың сапасын арттыруда виртуалды музейлер, 3D реконструкциялар және тарихи карталар кеңінен қолданылып келеді. Бұл құралдар дәстүрлі әдіс-тәсілдерді толықтырып қана қоймай, тарихи білімді визуалды әрі интерактивті түрде жеткізудің жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Интерактивті цифрлық визуализация құралдары – бұл оқу үдерісінде ақпаратты виртуалды, графикалық және интерактивті форматта ұсынуға, кеңістіктік ойлауды дамытуға, күрделі құбылыстар мен процестерді көрнекі модельдеуге мүмкіндік беретін цифрлық технологиялар жиынтығы.

Интерактивті цифрлық визуализация құралдары – білім алушыларға оқу материалын көпөлшемді, көрнекі және тәжірибелік тұрғыда ұсыну үшін қолданылатын заманауи цифрлық технологиялар кешені. Оларға виртуалды музейлер, 3D реконструкциялар, интерактивті карталар және басқа да иммерсивті мультимедиялық платформалар жатады.

Қазіргі білім беру жүйесінде интерактивті цифрлық визуализация құралдарының (виртуалды музейлер, 3D реконструкциялар, интерактивті карталар және т.б.) рөлі артып келеді. Бұл құралдар оқу материалдарын кеңістіктік, көрнекі және тәжірибелік форматта ұсынуға мүмкіндік береді, соның нәтижесінде білім алушылардың когнитивтік және зерттеушілік дағдылары дамиды.

Виртуалды музейлер – ақпараттық технологиялардың заманауи жетістігі ретінде кез келген білім алушыға тарихи жәдігерлерді қашықтықтан зерттеуге жағдай жасайды. Виртуалды турлар, панорамалық көріністер және мультимедиялық түсіндірмелер арқылы білім алушы тарихи деректерге тікелей еніп, көрнекі түрде қабылдайды. Қазақстандағы ұлттық музейлер мен аймақтық тарихи-өлкетану музейлерінің бірқатарында виртуалды экскурсиялар енгізіліп, оқу үдерісінде қолданылуда.

3D реконструкциялар – тарихи ескерткіштерді, көне қалаларды немесе археологиялық нысандарды қайта қалпына келтірудің тиімді құралы. Мәселен, Отырар, Сауран, Сарайшық сияқты ортағасырлық қалалардың 3D модельдері жасалып, тарих сабағында қолдану білім алушыларға сол дәуірдің архитектурасын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін бейнелі түрде түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тарихи ойлау қабілетін дамытуға және уақыт пен кеңістік контекстін түсінуге ықпал етеді.

Тарихи карталар – тарихи оқиғаларды кеңістік пен уақыт өлшемінде бейнелейтін маңызды дидактикалық құрал. Сандық форматтағы карталар анимация, геоақпараттық жүйелермен (GIS) байланыс арқылы білім алушыға тарихи үдерістердің динамикасын көруге мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ хандықтарының аумағының өзгерісі, жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі көші-қон бағыттары немесе XX ғасырдағы саяси-әлеуметтік қозғалыстарды картографиялық әдіспен көрсету білім алушының кеңістік-уақыттық ойлауын қалыптастырады.

Заманауи білім беру процесінде виртуалды музейлердің әлеуеті мен маңызы жоғары. Тарихи білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлін айқындап, виртуалды музейлердің білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырудағы, тарихи деректерге қолжетімділікті кеңейтудегі және білімді визуалды тұрғыда қабылдау мүмкіндігін жетілдірудегі ерекшеліктерін жан жақты сипатталған.

Біздің зерттеу жұмысымыз үшін виртуалды музейлердің әлеуеті мен маңызы:

– оқытудағы инновациялық тәсілдер: виртуалды музейлерді пайдалану студенттердің тарихи деректерді терең меңгеруіне және оқыту процесін интерактивті етуге ықпал етеді;

– көрнекілік пен қолжетімділік: Қазақстан тарихына қатысты

мәдени-тарихи мұраларды сандық форматта көрсету білім алушыларға тарихи оқиғаларды кеңінен тануға мүмкіндік береді;

– әдістемелік маңызы: мақалада ұсынылған виртуалды музейлерді қолдану жолдары монографияның практикалық-әдістемелік тарауына енгізуге қолайлы;

– ғылыми-практикалық құндылығы: зерттеудің мазмұны цифрлық білім беру ресурстарын тарихты оқытуға интеграциялау моделін құруға негіз болады.

Бұл тұжырымдардың маңыздылығы зерттеу жұмысы үшін әдіснамалық және практикалық база ретінде пайдалануға болатындығында жатыр.

Білім беру жүйесінде әрбір оқу пәнінің өзіндік орны мен ерекшеліктері бар. Олар сала, пән бойынша жеке тұлғаға білім мен іскерлікті қалыптастырумен қатар, жеке тұлғалық сапалық қасиеттерді де меңгертуді мақсат етеді. Осы тұрғыда оқыту жүйелеріндегі өзгерістер, оқыту технологияларының жетілдірілуі пән мазмұнын меңгертуге бағытталады. Себебі, оқыту мазмұны арқылы білім алушыларға нені қалай оқытатымыз анықталатын болады.

Қазіргі кезде ЖОО-да оқыту үдерісін аралас форматта жүзеге асыру қолдау табуда, нақтырақ айтқанда, дәстүрлі оқыту, қашықтан білім беру және дуалды оқыту түрлері қолданылуда. Оқыту түрлеріне сәйкес технологиялардың да әртүрлілігі орын алуда, оның ішінде ақпараттық коммуникативтік технологияның орны ерекше екендігі белгілі. Жоғары мектепте тарих пәнін оқытуда дербес компьютерді пайдалану маңызды болып табылады. Дербес компьютерді пайдалану оқыту әдістерінің мүмкіндіктерін арттырып, әрекетті ұйымдастыру құралы ретінде қарастырылады.

Заманауи оқыту әдістерін пайдалану дәстүрлі әдістерді толықтай алмастырмайды, яғни олар үйлесімділікте білім меңгертуді жүзеге асырады. Оқыту технологияларының ішінде ақпараттық технологиялар оқыту үдерісін көп жағдайда экстенсивті жетілдіру тәсілі ретінде қарастырылады. Оның көмегімен ақпаратты өңдеу, жинақтау, сақтау және жеткізу жоғары деңгейде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, олар білім алушылардың оқуға қызығушылығын арттырады, оқу жұмыстарын орындауға мүмкіндіктер туғызады, оқу материалдарын толық мәнді баяндауға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияларды пайдалану заманауи оқыту жүйесін қалыптастырып, «ақпараттық технологиялар – білім алушы

– педагог» арасындағы байланыста басты буынға айналғандығын көруге болады.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегенде заманауи техникалық ақпараттық құралдарды (аудио, видео, компьютер және компьютерлік оқыту бағдарламалары, электрондық пошта, Интернет және WEB-технологиялар) пайдаланатын барлық технологиялар түсініледі [71].

Педагогикалық үдерістің нәтижелі болуы көп жағдайда оның қатысушыларының, яғни білім алушы мен оқытушы үлесіне байланысты десек, оқыту нәтижесі үлесінде білім алушының оқуға деген ынта ықыласы маңызды. Білім алушының оқуға, оқу жұмыстарына ынта ықыласын арттыру көптеген факторларға байланысты және олардың кейбіреуін төмендегідей көрсетуге болады: білім алушының оқу қабілеттілігі, оқыту мазмұны, оқу орындарының ақпараттық білім беру ортасы, педагогтың жеке басы мен педагогикалық ықпалы, оқыту әдіс-тәсілдері мен оқу жұмысын ұйымдастыру формалары, т.с.с. Осылардың ішінде оқыту әдістері мен тәсілдері білім меңгерту мен іскерліктерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Оқыту әдістері білім беру жүйесінде, педагогикалық үдерісте маңызды рөл атқарады. Олар арқылы оқытудың мақсат, міндеттері шешімін табады. Атап айтқанда, білім беру бағдарламасында анықталған оқыту нәтижелеріне қол жеткізіледі немесе болашақ маманға қатысты құзыреттер қалыптастырылады.

Оқытудың нәтижесі және оның дәлелдеу объектісі ретінде тарих пәнінде төмендегілерді көрсетуге болады:

- білім – ауызша немесе жазбаша растау;
- іс-әрекет – оқу материалдарын іздеу, анықтау және баяндау;
- өнім – тарих пәнінде дайын өнім ретінде білім алушылардың әзірлеген жоба, карта, схема, т.б. жатады.

Тарих пәні бойынша оқыту нәтижесінің ішінде білім басымдыққа ие болып табылады.

Тарих оқу пәні бойынша білім алушының құзыреті негізінен:

- білімдік;
- психомоторлы дағдылар;
- эмоциональдық-құндылықтық қатынастар саласынан тұратыны белгілі.

Аталған құзырет құраушыларының ішінен тарих пәнін оқытуда білімдік сала мен эмоционалды-құндылықтық қатынастар сала-

сы (білім алушының жеке тұлғалық сапасы және құндылық қатынастары) басты мәнге ие.

А. Әлімов өзінің еңбегінде ЖОО құзырлылықтарды (яғни, оқуға мен білім алушыға қатысты құзыретті – О.Б.) қалыптастыруда келесідей әдістерді оқу/оқыту үдерісінде қолданудың маңызды екендігін атап көрсетеді. Олар [126, 26-27 б.]:

- бірлескен интербелсенді әрекеттер;
- рөлдік, өндірістік және іскерлік ойындар;
- кейс-стади;
- презентациялар;
- кері байланыс;
- пікірталастар;
- тренингтер.

Сонымен қатар, осы аталғандарға қосымша [126, 35 б.]:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиториямен);
- жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары;
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, Интернет, құжаттар, мұражай, архив, т.б.);
- шығармашылық жұмыстар;
- жағдаяттар (ситуациялар) арқылы үйрету: нақты ситуацияларды талдау;
- компьютерлік оқыту бағдарламалары;
- интервью;
- сауалнама, т.б. әдістер интербелсенді оқу/оқытудың түрлері мен әрекеттері ЖОО жүзеге асырылатынын жазады.

Аталған әдістер ЖОО тарих пәнін оқытуда да кеңінен қолданыс табатынын көруге болады. Дидактикадағы анықталған жалпы оқыту әдістері тарихты оқытуда өзіндік ерекшеліктермен қолданылады.

Болашақ мамандарды даярлауда тарих (оның ішінде Қазақстан тарихы) пәнін оқытуда оның мазмұнының ерекшеліктерін және оқыту әдістерін білу абзал. Бұл туралы оқу әдістемелік құжаттарда жазылғандығын көруге болады. Мәселен, «Білім» бағытындағы мамандықтарды даярлауда гуманитарлық пәндер қатарындағы тарих пәнін оқытудың әдістерін таңдауда бірқатар ерекшеліктердің ескерілуі керектігі ұсынылады:

- білім берудің тәрбиелік, жеке тұлғалық маңызды қасиеттеріне, «білім алушыға» басымдық беру;
- әріптестік, диалогтық қарым-қатынас құру қабілетіне, білім

алушы-әңгімелесушіні мұқият тыңдау және соған сәйкес түсінуге дайын болу, сезімдерді білдірудегі эмоционалды ашықтық пен шынайылықты қамтамасыз ету;

– өзінің құндылық-маңызды ұстанымын, ізгілікті, гуманитарлық, субъективті, диалогтық, педагогикалық ұстанымын нақтылаудағы белсенділік;

– әрбір білім алушының жеке-тұлғалық ерекшеліктерін, өмірлік, танымдық тәжірибесін есепке алу, оның жеке басының бірегейлігі мен қайталанбаушылығын тану және қабылдау;

– оқытудың диалогтік формаларын пайдалану, білім алушылардың әлеуметтік және коммуникативтік тәжірибесін кеңейту, диалог кеңістігін ұйымдастыру;

– білім алушылардың тәуелсіздігін, олардың бастамаларын, сыни ойлауын, өткен стереотиптерден бостандығын, басқа адамдарға қатысты көзқарастар мен ойлардың ашық пікірін барынша пайдалану;

– білім алушылардың шығармашылық әлеуетін көкейкесті ету, болмысты ғылыми диалектикалық ізденіске ұластыру;

– ұғымдарды, мәтіндерді, мәнжазбаларды нақтылау, ғылым мен өнердің түрліше тілдерін қолдану;

– тұрақты рефлексия, кері байланыс, адамдардың даралығын бақылау;

– темпераменттің, сөйлеудің, импровизацияның, белсенділіктің шығармашылық сипатының жеке ерекшеліктерін пайдалану;

– нәтижелерге, тұжырымдарға, қорытындыларға пікірталас арқылы қол жеткізу, әрқайсысын түсінуді нақтылау, жеке қорытындыларды біріктіру.

«Білім» бағытындағы білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды даярлауда оқу пәндері үшін оқыту әдістері маңызды болып табылатыны атап көрсетіледі, яғни «Оқыту әдістері – оқыту мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған оқытушы мен білім алушылардың бірлескен іс-әрекетінің тәсілдері».

Қазіргі уақытта оқыту мазмұнын анықтайтын оқу пәні бағдарламалары педагог пен білім алушыға мол мүмкіндік береді, олар жақсы ұйымдастырылған бағдарлы ақпаратты қамтиды. Бағдарлама мазмұнын оқытуда иллюстрациялар, анимациялар, бейне үзінділер, материалдың гипермәтіндік экспозициялары, дыбыстық сүйемелдеу, тестілеу білімді тексеру, бағалау мүмкіндігін арттырады.

Оларды ақпараттық технологиялармен сүйемелдеуді жүзеге асыруда компьютердің маңызды екендігін көруге болады. Ал, педагогикалық тапсырмалар, оның ішінде проблемалық сұрақтар білім алушыларға оқу материалдарын қабылдауға ықпал етумен қатар, олардың білім көкжиегін кеңейтеді және білімдерін тереңдетеді.

ЖОО тарихи білімді жаңғырту үдерісі оқытудың инновациялық технологияларын жетілдіруді талап етеді. Ол үшін оқытудың жаңа әдістерін, ұйымдастыру формалары мен құралдарын жобалау міндетін дұрыс шешу қажеттілігі туындайды.

Қазіргі кезеңдегі білім беру бағдарламаларын әзірлеуде және соған сәйкес оқыту үдерісін ұйымдастыру үшін ЖОО білім беру жүйесінде педагогикалық жобалау жүзеге асырылады. Оқытудың нәтижелі болуы үшін және білім беру технологиясы элементтерін қамтитын оқытудың технологиялық картасы да әзірленеді. Оның мазмұнында пәнді оқытудағы оқу және оқыту әдістері педагог пен білім алушының әрекеттері ретінде көрініс табады.

Дәстүрлі әдістемелердің мәні – Қазақстан тарихын оқытуда ұзақ уақыт бойы қолданылып келген классикалық тәсілдерге негізделеді. Бұған лекция, әңгіме, баяндау, сұрақ-жауап, оқулықпен жұмыс істеу, конспект жазу сияқты әдістер жатады.

Тарихты оқыту бойынша дәстүрлі әдістеменің артықшылықтары ретінде төмендегілерді атап көрсетуге болады:

1. Тарихи материалды жүйелі және хронологиялық тәртіппен жеткізуге мүмкіндік береді.

2. Білім алушыларға дайын, жинақталған деректер ұсынылады.

3. Мұғалімнің жетекшілігі басым болғандықтан, оқу процесінде тәртіп пен реттелгендік сақталады.

4. Тарихи деректерді есте сақтауға қолайлы жағдай жасайды.

5. Уақыт үнемділігі – қысқа мерзімде көп ақпарат беруге болады.

Десекте, тарихты оқытудың дәстүрлі әдістемесінің шектеулері ретінде қарастырылатыны:

1. Білім алушылардың белсенділігін төмендетеді, өйткені оқыту көбіне ақпаратты қабылдаумен шектеледі.

2. Сыни тұрғыда ойлау, талдау және өз пікірін дәлелдеу дағдылары толық қалыптаспайды.

3. Шығармашылық пен дербес ізденіс мүмкіндігі шектеледі.

4. Жаңа ақпараттық және цифрлық технологиялар дәуірінде дәстүрлі әдістер білім алушылардың қызығушылығын азайтады.

5. Тек мазмұнды жаттауға бағытталған жағдайда тарихи білімнің өмірлік маңызы төмендейді.

Қазақстан тарихын оқытуда әдістемелік ұстанымдардың эволюциясы білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Дәстүрлі әдістемелер ұзақ уақыт бойы тарихты меңгерудің басты құралы болып келсе, қазіргі кезеңде ақпараттық және цифрлық технологиялардың ықпалымен заманауи педагогикалық әдістемелер кеңінен енгізілуде. Екі бағыттың ерекшеліктерін салыстыра талдау олардың тиімді қырларын айқындап, тарихи білім беруді жетілдірудің негізін қалайды.

Дәстүрлі педагогикалық әдістемелердің ерекшеліктері негізінен репродуктивтік сипатқа ие. Мұнда оқытушының жетекші рөлі айқын көрініс табады, ал білім алушылар көбінесе дайын ақпаратты қабылдаушы ретінде әрекет етеді.

Негізгі ерекшеліктері:

- ақпаратты ауызша баяндау, дәріс оқу;
- оқу материалын жатқа меңгертуге бағытталу;
- білімді бағалауда жазбаша немесе ауызша емтихандардың басымдығы;
- білім алушының дербес ізденісіне аз көңіл бөлінуі.

Дәстүрлі әдістемелердің артықшылығы – жүйелілік, тарихи деректерді хронологиялық ретте игеру мүмкіндігі. Алайда, олардың шектеулері де бар: білім алушының шығармашылық қабілеті мен сыни ойлауын дамытуға ықпал етпеуі.

Сонымен, дәстүрлі оқыту әдістемесі бойынша төмендегідей пікір айтуға болады: дәстүрлі әдістемелер Қазақстан тарихын оқытуда белгілі бір жүйелілік пен білім берудің негізін қалады. Алайда қазіргі кезеңде оларды инновациялық әдіс-тәсілдермен ұштастыру қажеттілігі айқын байқалады.

Соңғы кездері заманауи педагогикалық технологияларды тарихты оқытуда кеңінен қолға алынууда.

Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар – оқыту процесін жетілдіруге, білім алушының жеке қабілетін ашуға және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға бағытталған инновациялық әдістер мен тәсілдер жүйесі.

Негізгі ерекшелігі – білім беруді дәстүрлі «мұғалім – оқушы» моделінен тұлғалық-бағдарлы, интерактивті және шығармашылық ізденіске негізделген жаңа модельге көшіреді.

Қазақстан тарихын оқытудағы қолданыс бағыттары:

1. Интерактивті әдістер – пікірталас, тарихи ситуациялық талдау, рөлдік ойындар, дебат.

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – мультимедиялық презентациялар, электронды оқулықтар, цифрлық архивтер.

3. Модульдік оқыту технологиясы – тақырыптарды модульдерге бөліп, оқу материалын кезең-кезеңімен меңгерту.

4. Жобалық әдіс – студенттердің зерттеу жобалары арқылы тарихи деректерді талдау, тарихи құбылыстарға баға беру.

5. Деңгейлеп-саралап оқыту – білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне қарай тапсырмаларды түрлендіру.

Сонымен, қазіргі заманауи педагогикалық технологиялармен тарихты оқытудың артықшылықтары ретінде төмендегілерді атап өтуге болады:

1. Білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырады.

2. Сыни ойлау мен талдау дағдыларын дамытады.

3. Шығармашылық пен дербес ізденіске жол ашады.

4. Тарихи білімнің өмірмен байланысын күшейтеді.

5. Оқытудың сапасын арттырып, білімді ұзақ мерзімде есте сақтауға ықпал етеді.

Десекте, заманауи педагогикалық технологияларды пайдалануда мүмкін болатын қиындықтарды атап көрсетуге болады, олар:

1. Технологияларды қолдануда мұғалімнің кәсіби даярлығы жоғары болуы қажет.

2. Материалдық-техникалық база жеткіліксіз жағдайда толық іске аспайды.

3. Әдістемелік камтамасыз етудің әрқашан бірдей бола бермеуі.

Заманауи педагогикалық әдістемелердің өзіндік ерекшеліктері бар. Қазіргі кезеңдегі әдістемелер білім алушыны оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде қарастырады. Оқытушы бағыттаушы, фасилитатор рөлін атқарады.

Негізгі ерекшеліктері ретінде төмендегілерді атап көрсетуге болады:

– білім алушының өзіндік ізденісіне, зерттеушілік дағдыларына басымдық беріледі;

– ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жүзеге асырылады;

– интерактивті оқыту әдістері: пікірталас, жобалық жұмыс, проблемалық оқыту кеңінен қолданылады;

– тарихи құбылыстарды модельдеу, виртуалды ресурстарды пайдалану басымдыққа ие болады.

Заманауи әдістемелер білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, ақпаратты талдау қабілетін және тарихи оқиғаларға көпқырлы көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен аталған әдістемелерді салыстырмалы талдауға болады. Дәстүрлі және заманауи әдістемелерді салыстырғанда, олардың мақсаттық бағыттары мен қолдану ерекшеліктерінде айырмашылықтар бар, атап айтқанда:

– дәстүрлі әдістемелер тарихты фактологиялық тұрғыда меңгертсе, заманауи әдістемелер деректерді талдауға, түсіндіруге, бағалауға үйретеді;

– дәстүрлі әдістеде оқытушы басты рөлді атқарса, заманауида білім алушы белсенді тұлға ретінде қалыптасады;

– заманауи әдістемелер цифрлық технологияларды кеңінен қолдану арқылы оқыту сапасын арттырады.

Сонымен зерттеу жұмысының бөліміне сәйкес дәстүрлі және заманауи педагогикалық әдістемелердің салыстырмалы кестесі ұсынылады (7 кесте).

7-кесте

Дәстүрлі және заманауи педагогикалық әдістемелердің салыстырмалы талдауы

Салыстыру өлшемдері	Дәстүрлі педагогикалық әдістемелер	Заманауи педагогикалық әдістемелер
Оқытудағы негізгі рөл	Оқытушы – басты білім көзі, жетекші тұлға	Оқытушы – фасилитатор, бағыттаушы, кеңесші
Білім алушының позициясы	Пассив қабылдаушы, дайын ақпаратты игеруші	Белсенді ізденуші, дербес ойлау мен әрекет субъектісі
Әдіс-тәсілдер	Дәріс, түсіндіру, сұрақ-жауап, жаттығулар	Жобалық әдіс, пікірталас, проблемалық оқыту, коллаборациялық жұмыс
Оқу материалының мазмұны	Фактологиялық, хронологиялық реттілікке негізделген	Талдау, интерпретация, деректерді салыстыру мен бағалауға бағытталған

Технологиялық қолдау	Технологияларды шектеулі пайдалану (кітап, тақта)	АКТ, мультимедиа, онлайн-платформалар (Moodle, Google Classroom, Bilimland)
Оқыту мақсаты	Тарихи деректерді есте сақтап, қайта жаңғырту	Сыни ойлау, шығармашылық қабілет, зерттеушілік дағдыларды дамыту
Бағалау жүйесі	Жазбаша және ауызша бақылау, емтихан	Электронды тестілеу, портфолио, жобалық жұмыс нәтижелері
Оқушының дербестігі	Шектеулі, мұғалімнің нұсқауларымен шектеледі	Жоғары деңгейде, дербес және топтық жобалар арқылы іске асады
Артықшылықтары	Жүйелілік, білімді хронология бойынша меңгерту	Құзыреттілікке бағытталуы, интерактивтілік, мотивацияны арттыру
Шектеулері	Шығармашылық пен зерттеушілік дағдыларды дамытуға аз ықпал етеді	Техникалық құралдарға тәуелділік, мұғалімнің жаңа құзыреттіліктерін қажет етеді

Бұл салыстырмалы талдау көрсеткендей, дәстүрлі әдістемелер тарихи білімді жүйелі меңгеруге мүмкіндік берсе, заманауи әдістемелер білім алушылардың белсенділігі мен сыни ойлауын дамытуды қамтамасыз етеді. Сондықтан Қазақстан тарихын оқытуда екі бағыттың үйлесімді қолданылуы ең тиімді тәсіл болып саналады.

Жоғарыда берілген салыстырмалы кесте көрсеткендей, дәстүрлі әдістемелер тарихи білімді жүйелі меңгеру мен деректерді хронологиялық ретте сақтауда тиімді. Мысалы, Қазақстан тарихы бойынша күрделі тарихи кезеңдерді немесе нақты оқиғалардың ретін түсіндіру барысында дәріс пен түсіндірме әдістері білім алушылардың теориялық қорын қалыптастыруға қолайлы болып табылады. Бұл тәсіл студенттердің тарихи фактілерді дұрыс және толық меңгеруіне мүмкіндік береді.

Ал заманауи әдістемелер, керісінше, білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын, сыни тұрғыдан ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуда басымдыққа ие [69]. Мәселен, тарихи карталармен жұмыс жасау, виртуалды музейлерді пайдалану немесе

жобалық әдістерді қолдану студенттерге тарихты тек дайын білім ретінде қабылдамай, оны талдап, өз бетінше интерпретациялауға жағдай жасайды.

Сонымен қатар, заманауи цифрлық технологияларды (Moodle, Google Classroom, Bilimland) қолдану оқу үдерісінің интерактивтілігін арттырып, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын күшейтеді [70]. Мұндай әдістер әсіресе қашықтан оқыту жағдайында немесе студенттердің өздік ізденістерін ұйымдастыруда ерекше тиімді.

Дегенмен, дәстүрлі және заманауи әдістердің әрқайсысы жеке қолданылғанда шектеулерге тап болуы мүмкін. Сондықтан ең оңтайлы шешім – оларды аралас қолдану. Мысалы, дәстүрлі дәрістер арқылы базалық білім беріліп, кейін заманауи әдістер арқылы алынған білім талдау, пікірталас және зерттеу түрінде бекітіледі. Бұл тәсіл Қазақстан тарихын оқытуда білімнің тереңдігі мен қолданбалы сипатын қамтамасыз етеді.

Қазақстан тарихын оқытуда дәстүрлі және заманауи әдістемелердің үйлесімді қолданысы тиімді нәтиже береді. Дәстүрлі тәсілдер тарихи фактілерді жүйелі меңгеруге, ал заманауи әдістемелер білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталады. Осылайша, интегративті тәсіл оқыту үдерісін жаңғыртудың басты шарты болып табылады.

Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар Қазақстан тарихы пәнін оқытудың мазмұнын жандандырып, білім алушыны оқу үдерісінің белсенді қатысушысына айналдырады. Сондықтан оларды дәстүрлі әдістемелермен үйлестіре қолдану тарихи білім берудің сапасын айтарлықтай арттырады.

Оқыту әдістері туралы көптеген еңбектер жазылғандығын педагогика курсынынан (Ю.К.Бабанский, И.Я. Лернер, И.П. Подласый, т.б.), пәнді оқыту әдістемелерінен көруге болады (В.А. Поляков, Д.Қ.Пошаев, Ю.Н. Камалов, т.б.). Олардың ішінде білімді меңгеру мен практикалық тұрғыдан жүзеге асыруда төмендегідей түрлері көптеп айтылады, олар [127]:

- ауызша немесе сөздік;
- көрнекілік;
- практикалық әдістер.

Бұдан басқа да үлгіде оқыту әдістерін таптастыруды (классификациялауды) педагогикалық әдебиеттерден көруге болады.

В.А. Сластенин оқыту әдістерін топтастыруға әртүрлі тұғырлар, оларды зерделеудің аспектілерін көрсететін негіздемеге байланыстылығы айтылады [128], олардың ішінде:

– перцептивтік тұғыр (ақпаратты ұсыну көзіне және оның қабылдау сипатына негізделген: сөздік, көрнекі және практикалық оқыту әдістері педагогтың іс-әрекетін көрсететін (әңгіме, дәріс, демонстрация, жаттығу және т.б.) және білім алушының іс-әрекет (есту, көру, моторлы қабылдау);

– логикалық тұғыр (педагогтың оқу материалдарын логикалық баяндауы мен оны білім алушының қабылдау логикасын қарастырады, олар индуктивті және дедуктивті болуы мүмкін);

– танымдық тұғыр (білім алушылардың танымдық іс-әрекетіне, сипатына негізделеді және олар: ақпараттық-рецептивті, репродуктивті, проблемалық баяндау, эвристикалық, зерттеушілік);

– кибернетикалық тұғыр (танымдық іс-әрекетті басқару тәсілі мен кері байланыс беру сипатына негізделеді және оқытудың алгоритмдеу мен бағдарламалау әдісін бөлуді ұсынады).

Сонымен қатар, оқыту әдістерін жалпыдидактикалық жүйеде оларды төмендегіше екі топқа бөлу қарастырылады (И.Я. Лернер, М.Н. Скаткин):

– репродуктивті (ақпараттық-рецептивтік және іс жүзінде репродуктивті);

– продуктивті (проблемалық баяндау, эвристикалық, зерттеушілік).

Бұл әдістердің ерекшелігі педагог пен білім алушының іс-әрекетіне байланысты. Мұнда ақпараттық-рецептивтік және проблемалық баяндау әдістері педагогтың баяндауымен және көрнекі, бейнелі құралдарды қолданумен байланысты. Эвристикалық және зерттеушілік әдістер құрастыру, жобалау, жоспарлау, эксперимент жасау, зерттеу міндеттерін шешу іс-әрекеттерін жүзеге асырумен байланысты және аталған әдістер пән ерекшеліктеріне сәйкес өзгешелік сипатта болуы мүмкін.

Оқыту әдістерін топтастырудың төмендегідей түрлері кеңінен қолдау тапқан деуге болады [129]:

1) таным көзі бойынша: ауызша, баспа-сөздік, көрнекі, практикалық әдістер;

2) танымдық іс-әрекет деңгейі бойынша: түсіндірме-иллюстрациялық, репродуктивті, проблемалық, ішінара іздеу, зерттеушілік әдістер.

Оқыту әдістерін педагогикалық үдеріске қатысушылардың әрекеті тарапынан да топтасырудың жүзеге асырылатыны айтылады (В.И. Андреев, В.А. Поляков), олар [130, 32 б.]: оқу әдістері (немесе оқып үйрену әдістері); оқыту әдістері (педагог тарапынан). Оқыту әдістері ішінен педагогтың жүзеге асыратын әрекеттерін төмендегідей көрсетуге болады:

- оқу материалдарын ауызша мазмұндау (баяндау);
- әңгіме (әңгімелесу);
- оқу демонстрациясы;
- білім алушылардың білім, іскерлік және дағдыларын бағалау және тексеру әдістері. Көріп тұрғандай бағалау және тексеру әдістері оқыту әдісіне қатысты болған болса, қазіргі кезде бақылау-бағалау әдістері жаңартылған білім беруге сәйкес жеке дара қарастырылады.

Оқу әдістері ішінен: ақыл-ой жаттығуларын, оқу жұмыстарын орындауды, әртүрлі құжаттармен тапсырма бойынша жұмыс жасауды, тарихи білім беруге қатысты құжаттармен және әдебиеттермен жұмыс жасауды айтуға болады.

Тарих пәнін оқытуда, оқыту әдістерін таңдауда пәннің түпкі мақсаты мен мәнін анықтап алған абзал. Мәселен, тарихты оқытуда ғалымдар (И.Я. Лернер, т.б.) қарастыратын тарихи сананың төмендегідей компоненттерін атап көрсетеді:

- танымдық (тарихи білімдер мен идеялар жүйесі);
- операциялық-іс-әрекеттік (білім алушылардың тарихи ақпаратты алу, сақтау, өңдеу, оның ішінде «тарихи сабақтарды» алу қабілеті бойынша танымдық іс-әрекет тәсілдерінің жүйесі);
- эмоционалды-құндылықтық (тарихты танудағы сезімдік тәжірибе);
- құндылық-мағыналық (адамның тарихи мазмұнға құндылық қатынасының мотивтері, мүдделері мен объектілерінің жүйесі, тұлғаның өткенге көзқарасы).

Аталған тарихи сана құраушыларының оқытуда нәтижелі болуы оқыту барысы мен әдістеріне байланысты болады. Интернет ресурстарынан шетелдік мектептердегі тарихқа қатысты тарихи білім берудің үрдістерін көруге болады. Мәселен, АҚШ-да тарихи білім беру үрдісінде оқу процесін проблемалы оқыту мынадай тізбекте жүзеге асырылады [129]:

- мәселені айқындау және іріктеу;
- мәселе бойынша мәтінді таңдау;

- пікірталас өткізу;
- оқулықты бағдар рөлінде пайдалану;
- қосымша сипаттама ретінде мұғамнің әңгімесін жүзеге асыру.

Аталған оқыту түрі оқыту және оқу әдістері мен тәсілдері көмегімен жүзеге асырылатынын көруге болады. Тарихты оқыту оның мазмұнына тікелей байланысты болып табылады, ал, ол өз кезегінде тарих ғылымы танымын қамтитын тарихи білімдер құрылымымен анықталады. Білім алушылар тарихи білімнің қарапайым элементтерін мектеп курсы зерделеу барысында жинақтайды, оның ішіндегі факті, құбылыс, оқиға, процесс сияқты категорияларды танымдық тұрғыдан таниды, ақпараттық амал жасайды және түрлендіреді. А.Ш. Журасова «Тарихты оқыту әдістемесі» атты еңбегінде тарихи білімнің (тарихи түсінік; тарихи ұғым; тарихи үдерістің заңдылығы) құраушыларын атап көрсетеді [131]. Білім меңгерілуі үшін оқыту әдістері мен тәсілдерінің жүзеге асырылуы тиіс. Оқыту әдістері мен тәсілдерінің жалпы сипатын 8-кестеден көруге болады.

8-кесте

Оқыту әдістері мен тәсілдері

Әдістер	Құралы	Тәсілдер
Ауызша (сөздік)	Әңгіме, монолог, диалог, әңгімелесу	Сюжеттік әңгіме, талдау, картиналық сипаттама әзірлеу
Баспа-сөздік (мәтін-сөздік)	Оқулық, хрестоматия, әдебиет, электронды оқу құралы	Құжаттарды талдау; ұғымдарды көшіріп жазу; жоспар, кесте құрастыру; мағыналық бірліктерді бөлу (окшаулау)
Көрнекілік (көрнекі-графикалық)	Заттық көрнекі, шартты-графикалық, иллюстрациялық	Картинаны талдау, сурет салу, контурлы картаны толтыру
Практикалық	Желімдеу, кесу, желімдеу, аралау	Моделдер, макеттер әзірлеу, еңбек құралын желімдеу

Оқыту әдістерінің нәтижелі болуы көп жағдайда педагогикалық тұрғыдан алғанда логикалық тәсілдерге (кейбір оқу пәнінде әдістемелік тәсілдер десе, басқаларында ақыл-ой операциялары деп те қарастырылады) байланысты. Оны тарихи білім беруде «ақыл-ой қызметі тәсілдері» деп те атайды, оларға жататындар: талдау,

салыстыру, негізгіні бөліп алу, жинақтау, абстракциялау, дәлелдеу, нақтылау, талдап қорыту (қорытындылау).

Тарих пәнін оқытуда ақпараттық (хабарламалық), репродуктивті және зерттеушілік әдістерді үйлесімді қолдану ұсынылады. Дидактикадан белгілісі әңгіме, әңгімелесу әлістері білімді меңгерудің жоғары деңгейін көп жағдайда қамтамасыз ете бермейді. Зерттеулерге сәйкес ауызша баяндау, жазба мәтіндер, көрнекіліктер дайын ақпаратты ұсынуды және тасымалдауды толық мәнді қамтамасыз етеді. Аталған әдістер барысында оқу материалдарын меңгеруді ұйымдастыруда айырмашылықтар көп болмайды және оларда танымдық іс-әрекет түрлері кеңінен жүзеге асырылмайды.

Оқу үдерісінде мәтінмен немесе тарихи құжатпен дұрыс жұмыс жасау үшін И.Я.Лернер (педагогтарға) төмендегідей нұсқаны ұсынады [132, 44-45 с.]:

– мәтінді баяндау барысында қамту немесе оны оқу (әңгіме, дәріс, түсіндіру кезінде);

– мәтінді немесе құжат мазмұны бойынша оқу материалдарын тыңдағаннан кейін мәтін мазмұнын толықтыру немесе педагогтың берген мәтінге қатысты сұрағына жауап беруді, қайталауды ұсыну;

– педагог тарапынан берілген сұрақтар бойынша құжатты өзбетінше талдауды жүзеге асыру (дербес ақыл-ой операцияларын жүзеге асыру);

– құжат мазмұнын толықтай немесе педагогтың қойған нақты тапсырмаларына сәйкес өзбетінше талдауды жүзеге асыру.

Т.Тұрлығұл тарихты оқытудағы педагогикалық тәжірибелерді зерделеу негізінде төмендегідей етіп тарихты оқыту әдістерін топтастырады [133]:

– тарихи материалды ауызша хабарлау әдістері;

– тарихты көрнекі құралдар көмегімен оқыту әдістері;

– тарихты оқытқанда түрлі материалдармен жұмыс жасау әдістері.

Мұндағы жүргізілген оқыту әдістері мәтінмен және оның мазмұнын баяндауға, оқып үйренудегі тапсырмаларға (тапсырмалардың берілуіне) байланысты. Мәселен, тарихи құжат құрал, ал білім алушылардың онымен (мазмұнмен) ұйымдастырылған жұмыс тәсілі әдіс болып табылады.

Әңгіме, түсіндіру немесе дәріс ақпараттық болуы мүмкін және олар педагогикадағы түсіндірме-иллюстрациялық әдіс ретінде де қарастырылуы мүмкін. Сондай-ақ олар мәселелік (проблемалық) бо-

луы мүмкін, егер де баяндау барысы мәселелік сипат алған жағдайда. Бұл жағдайда педагогикалық тапсырмалар, оның ішінде сұрақтар маңызды рөл атқарады.

Тарихты оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты (И.Я. Лернер, т.б. еңбектеріне сәйкес) төмендегідей оқытудың зерттеушілік әдістері қолданылады:

– білім алушыларды құжаттармен, картиналармен және иллюстрациялармен, карталармен, кестелермен, сызбалармен, археологиялық, т.б. материалдармен жұмыс бойынша тапсырмаларды іздеуге қамту;

– педагогтың танымдық үдерісті ашуы: дәлелдеуі, идеяны баяндауы, т.б.;

– ғылыми зерттеуді жүргізуі: баяндамалар, хабарламалар, рефераттар әзірлеу, т.б.

Мәселелік баяндаудың қажеттілігі зерттеушілік пен эвристикалық әдістермен мәселелерді шешуде білім алушылардың таным үдерісі қиындықтарының едәуір бөлігін қамтуға байланысты. Білім алушыларға мәселелік баяндауда қойылатын сұрақтар қолжетімді және қажетті күрделілікте болуы тиіс. Осыған байланысты педагог тапсырмаларды саралап, әртүрлі дайындықтағы білім алушылар үшін олардың нұсқаларын әзірлеуі тиіс. Бұл жерде Б.Блум таксономиясы бойынша деңгейлік сұрақтар мен тапсырмалар маңызды болып табылады.

Тарихты оқытуда білімді, яғни теориялық білімнің формаларын меңгеру және игеру оқытудың әдіс-тәсілдерімен қамтамасыз етіледі, оның ішінде: ұғым (тарихи құбылыстың мәні); талқылау (себеп-салдарлық байланыстар мен қатынастар); ойқорытындысы (тарихи дамудың заңдылықтары). Бұлар өз кезегінде тарих пәнінің мазмұнын анықтауда оқу материалдары түрінде ұсынылады.

Тарих пәнін оқытудағы мазмұнды түзетін фактілі материалдардың тарихи білім беруде өзіндік орны мен маңызы жоғары. Фактілі материалдардың төмендегідей түрлері тек оқыту мазмұнын анықтап ғана қоймай оқыту әдістерін жүзеге асыруда кеңінен қолданылғаны абзал болып табылады.

Басты фактілер:

- материалдық-кеңістіктік заттық органның образдары;
- материалдық-заттардың образдары;
- типтік жеке тұлғалардың, адамдардың образдары;

- статикалық тұтас образдар;
 - динамикалық тұтас бейнелер, т.б.
- Қосымша фактілерге қатыстылары:

- хронологиялық материалдар;
- картографиялық материалдар;
- статикалық материалдар;
- статикалық және динамикалық қосымша фактілер.

Оқыту барысында аталған фактілермен білім алушылардың жұмыс жасауы, педагог пен білім алушы әрекеті оқыту мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Білімді меңгерту тарих пәнін оқытуда ұғымды қалыптастырумен байланысты. Тарихты оқытуда білім алушыларда ұғымдарды қалыптастыру педагогикадан белгілі көп жағдайда екі тәсіл арқылы жүзеге асырылады, олар: индуктивті және дедуктивті. Бұл қалыптастыру тәсілдері педагогтың оқу материалдарын баяндау мен білім алушының әрекетіне байланысты болады. Индуктивті тәсіл жалпыдан ерекшеге, ерекшеден нақтыға өту арқылы педагогтың баяндауымен жүзеге асады. Тарихты оқытуда ұғымды қалыптастырудың индуктивті тәсілі, жолы:

- фактілерді зерделеу, идеяларды қалыптастыру;
- ұғымдардың мәнді белгілерін бөлу;
- ұғымдарды анықтау;
- ұғымды қолдану.

Тарих пәнін оқытуда ұғымды қалыптастырудың дедуктивті тәсілі жекеден, яғни нақтыдан ерекшеге, ерекшеден жалпыға өту арқылы қамтамасыз етіледі. Аталған пәнді оқытуда оқу/оқыту әдістері білім алушылардың оқу іскерліктерін қалыптастырады, олардың ішіндегі білімді меңгеруге бағытталғандары төмендегідей:

– ауызша және жазбаша сөйлеу іскерліктері (қойылған сұраққа жауап беру, мәтінді қайта айтып беру, оқу материалдарын байланысты етіп баяндау, рецензиялау);

– оқу-ақпараттық іскерліктері (тарихи білім мен білім беруге қатысты кітаптармен жұмыс жасау: оқулық, хрестоматия, анықтамалық; өмірдеректермен және каталогтармен жұмыс істеу);

– оқу-интеллектуалдық іскерліктер (іс-әрекетті мотивациялау, ақпаратты логикалық игеру мен баяндау, берілген тапсырмаларды шешу, орындау, ақпаратты қабылдау мен қайта өңдеу және өзіндік бақылау мен бағалау).

Осы аталған іскерліктер педагог пен білім алушының бірлескен іс-әрекеті барысында жүзеге асырылады. Оқыту әдістерін таңдау және оны жүзеге асыру көптеген факторларға байланысты, оның ішінде білім алушының оқу іскерліктерін жүзеге асыруға тікелей қатысты. Оны төмендегідей етіп елестетуге болады. Тарих пәні бойынша білім алушыларға ұсынылатын тарихи мағлұматтар олардың оқу жұмыстарын орындау үшін беріледі және олар:

- теориялық оқу материалдары – оқу-ақпараттық, логикалық операцияларды жүзеге асыру;
- тарихи білімдердің қайнар көздері – зерделеу, талдау;
- фактілі материал образдары – тарихи образдарды қайта қалыптау;
- материалдық-заттық образдар – картографиялық бейнелеу;
- тарихи құбылысты бағалау, өзіндік пікір айту;
- жылнамалар – мәліметтерді хронологиялау іскерліктерін талап етеді және тарихи материалдар бойынша оқу іскерліктерін қалыптастырады.

Білім алушының тарих бойынша білімдері және оқу іскерліктері оқу әдістерін жүзеге асыруға байланысты қалыптастырылады. Білім алушының оқу әрекетін саналы және жүйелілікте жүзеге асыру үшін педагогикалық тапсырмалардың орны ерекше. Тапсырмаларды орындау білім алушының оқып үйрену әдісінің жүзеге асырылуын толық мәнді етеді және білім мен іскерліктің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Тарих пәнін оқытуда оқу іскерліктерін дамытудағы сенімді және дәстүрлі дәлелденген тәсіл – ол танымдық міндеттер мен тапсырмалар жүйесі [129]. Танымдық тапсырмалар білім алушыдан барлық танымдық үдерістерді: ойлауды, қиялдауды, есте сақтауды, зейінді және т.б. белсендіруді талап ететін белгілі оқу шарттары. Оларды дәстүрлі түрде образды, логикалық және бағалау тапсырмалар деп ажыратады. Образды тапсырмалар білім алушыларға бейнелердегі тарихи өткенді қайта құруға және оларға ақыл-ой амалдарын (операцияларын) жасауға көмектесетін тапсырмалар. Интеллектуалды немесе логикалық тапсырмалар теориялық білімді игеруге бағытталады және негізінен дерексіз-логикалық ойлауды белсендіруді қажет етеді. Бағалау үшін қолданылатын тапсырмалар білім алушыларды өздерінің құндылық пайымдауларын айтуға бағыттайды, зерттеле- тін тарихи материалға жеке тұлғалық қатынасын көрсетеді. Қазіргі

уақытта қолданатын тапсырмалар жүйесінде бағалау тапсырмалары маңызды рөл атқарады.

Логикалық жоспардың танымдық тапсырмалары өзінің табиғаты бойынша танымдық міндеттерге жақын болады. Танымдық міндеттер білім алушыларды жаңа жағдайларда белгілі біліммен жұмыс жасауға қозғаушы болып ғана қоймай, сонымен қатар, тарихи материалмен жаңа әрекет тәсілдерін ашуға алып баратын оқу жағдаяттарындағы жағдайлар. Аталған міндет білім алушылардың өзіндік интеллектуалды іс-әрекетін дамытуға бағытталғандықтан, оларды көп жағдайда шығармашылықпен теңестіреді. Болжамды міндеттер себеп-салдарлық байланыстар құра білуге және түпкілікті нәтижені дәлелді түрде белгілеуге бағытталады. Балама тапсырмалар дәлелді таңдауды қажет етеді. Пікірталас тапсырмалары бірнеше көзқарастар негізінде шешімді өзбетінше әзірлеуді талап етеді. Қайшылықты қамтыған тапсырмада жаңа білім ескілерімен орын алатын шиеленісті көрсетеді. Ойлау тапсырмаларында қиялдаудағы түпкі мақсат қорытынды емес, шығармашылық іс-әрекет үдерісі маңызды болып табылады.

ЖОО «Қазақстан тарихы» курсына білім алушылардың оқу әдістерін жүзеге асыру бойынша тапсырмаларды түрліше беруге болады. Мысалы, «Алаш» қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясы» тақырыбы бойынша дәріс оқуда білім алушылардың тарихи оқу материалдарын меңгергендігін анықтау үшін төмендегідей тізбекте танымдық тапсырмаларға жауап іздеуін қамтамасыз етуге болады:

– XX ғ. басындағы Патшалық Ресейдің отарлық саясатының қазақ жастарының саяси көзқарастарына әсер етуі және одан туындаған себеп-салдарлық байланысты анықтаңыз;

– 1905 жылы Ресейдегі революциялық көтерілістің болуына түрткі болған негізгі себеп оқиға мен олардың арасындағы сабақтастықты көрсетіп беріңіз;

– 1905 жылдың 25-маусымында Қоянды жәрмеңкесіндегі қазақ съезіндегі әлеуметтік құбылысқа қатысты мәселелерді анықтаңыз;

– Ресей империясының Мемлекеттік Думасы депутаттығына сайланған қазақ азаматтарының түрлі облыстардан болуының себептерін анықтаңыз және айтып беріңіз;

– Жәдидизм қозғалысы мен сол кезеңдегі қоғамдық дамудың жалпы ағымының арақатынасын түсіндіріңіз;

– Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының өсуі мен Ресей

империясындағы бүкіл мұсылман қозғалысы дамуын, ұқсастығын анықтаңыз және арақатынасын белгілеңіз;

– Уақытша үкімет органдарындағы ұлттық интеллигенция өкілдерінің қызметін сипаттаңыз және өзіндік баға беріңіз;

– Революциялық өзгерістерге байланысты ұлт-азаттық қозғалыстың жаңа міндеттерін сол кезеңдегі қоғамдағы орын алған міндеттерді шешуге байланысты баяндаңыз;

– Қоғамдағы орын алған өзгерістер мен қазақ зиялыларының саяси, мәдени-ағартушылық қызметінің өзара байланысын түсіндіріңіз;

– Қазақ тіліндегі алғашқы мерзімдік басылымдардың халықтың ұлттық болмысын қалыптастыру мен әлеуметтік құбылыстарды шешудегі қызметін түсіндіріңіз;

– Алаш қозғалысының қазақ халқы үшін атқарған жұмыстары туралы дәйекті тарихи материалдар негізінде айтып беріңіз және атқаруы тиіс болған жұмыстарды болжаңыз, т.с.с.

Тарих пәнін оқытуда қолданылатын жаттығулар тарихи күндерді, терминдерді, ұғымдарды, атауларды басқару мен пайдаланудағы педагогикалық тапсырманың бір түрі болып табылады. Олар тарихи оқу материалы бойынша білім алушылардың ақыл-ой әрекетін жүзеге асыру үшін қажет және олардың берілген үлгі бойынша тәсілдерді орындауы маңызды. Жаттығу түрлерін (кроссворд шешу, терминдерді ақыл-ойдан өткізуді (операцияны) жүзеге асыру, лингвистикалық міндеттер орындау, хронологиялық міндеттерді шешу, ақыл-ой операциясын жасау, контурлық картаны толтыру) оқу/оқыту барысында қолдану оқыту әдістері мен тәсілдерін жүзеге асырумен орындалады.

Жалпы алғанда, жоғарыда аталған тапсырмалардың түрлері (танымдық тапсырмалар, танымдық міндеттер, ақыл-ой және аралас жаттығулар) тарих пәні бойынша оқу іскерліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Жүргізілген теориялық зерттеуден тарихты оқыту әдістерінің жалпы дидактикалық әдістермен байланыстылығын және өзіндік ерекшеліктерін көруге болады. Оқыту әдістерінің дұрыс таңдалуы мен жүзеге асырылуы білім меңгертуге, іскерлікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тарихты оқыту әдістері, төмендегідей міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс:

– оқу пәнінің мазмұнын игеру бойынша білім алушының өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік беруі;

– білім алушылардың жобалық, шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік, т.б. іс-әрекет түрлерін жүзеге асыруы;

– тарихи мағлұматтарды іздеу, өңдеу, т.б. мақсатта, іс-әрекетті ұйымдастыру құралы ретінде әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасауы;

– әріптестік пен ынтымақтастық қатынастар арқылы топтық өзара әрекетті ұйымдастыруға бағыттауы;

– рефлексия, кері байланыс беру, өзін-өзі бағалау мен тәрбиелеу әрекеті арқылы білім алушылардың метатанымдық іс-әрекетін ұйымдастыруы;

– тарихи мағлұматтарды, оқиғаларды талқылау, рөлдік және іскерлік ойындарды ұйымдастырумен кәсіби мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін мәнжазбалық оқытуды жүзеге асыруы, т.б.

Тарихты оқытуда педагогтың баяндауы және білім алушылардың дайын білімді (ақпаратты) игеруі репродуктивті әдіс болып табылады. Жоғарыда баяндалғандай қалған әдістер продуктивті әдіске қатысты. Продуктивті әдістер білім алушылардың өзбетінше іздену іс-әрекетіне негізделеді. Олар төмендегідей бағытта жүреді:

1) танымдық және практикалық тапсырмалар мен міндеттерді (құжаттармен, тарихи карталармен, статистикалық мәліметтермен жұмыс жасау, археологиялық қазба жұмыстарына қатысу) іздеу, орындау және шешуді қамтуы;

2) нақты бір жағдайларды дәлелдеу немесе баяндау кезінде жүзеге асырылатын танымдық үдерісті педагогтың ашуы;

3) педагогтың басшылығымен білім алушының тұтастай зерттеуді (құжаттарды, фактілерді талдау мен талдап қорыту негізінде ғылыми әдебиеттерді зерттеу) ұйымдастыруы.

Сонымен, ЖОО оқыту әдістері педагогикалық жүйеде, үдерісте дербес жүзеге асырылмайтынын көруге болады. Оның жүзеге асырылуымен байланысты педагогикалық жүйе құраушылары мен қатысушыларын төмендегіше атап көрсетуге болады:

– педагогтың әрекетімен оқыту әдістері, ал білім алушы әрекетіменен оқу әдістері жүзеге асырылады;

– оқыту мазмұны арқылы әдістердің түрлерін қолдануға бағдар алады;

– педагогикалық тапсырмалар арқылы таным және білім алу-

шылардың өзіндік жұмыстары (оқу жұмыстары) ұйымдастырылады;

– түрлі құралдар арқылы көрнекілік пен педагогикалық тапсырма сипаттары анықталады.

Тақырыптағы аталған технологиялардың басты *артықшылықтары* – білім алушыларға тарихи деректерді қолжетімді, нақты және әсерлі түрде жеткізуінде. Сонымен қатар, виртуалды музейлер мен 3D реконструкциялар білім алушыны «тарихи ортаға енгізіп», оның танымдық қызығушылығын арттырады.

Дегенмен, белгілі бір шектеулер де бар. Олардың қатарында техникалық құрал-жабдықтардың жеткіліксіздігі, бағдарламалық қамтамасыз етудің күрделілігі және кейбір деректердің субъективті интерпретациялануы аталады. Сондықтан бұл ресурстарды дәстүрлі әдістермен үйлестіре қолдану тарихты оқытудың тиімділігін арттырады.

Аталған технологиялар – виртуалды музейлер, 3D реконструкциялар және тарихи карталар Қазақстан тарихын оқытуда білім алушының тарихи санасын тереңдетуге, білімді көрнекі әрі шынайы қабылдауына мүмкіндік беретін озық педагогикалық құралдар болып табылады.

Сонымен, Қазақстан тарихы пәнін оқытуда бірқатар заманауи оқыту технологияларымен көрнекіліктер қолданылатыны белгілі болды. Оларды төмендегідей түрлерін атап көрсетуге болады, олар:

– Виртуалды музейлер – тарихи мұраларды қашықтан зерттеуге мүмкіндік беретін цифрлық орта.

– 3D реконструкциялар – тарихи ескерткіштерді, көне қалаларды немесе археологиялық нысандарды қалпына келтіріп көрсету құралы.

– Тарихи карталар – тарихи оқиғаларды кеңістік пен уақыт өлшемінде түсіндірудің тиімді тәсілі.

Атап өтілген технологиялар білім алушылардың тарихи оқиғаларды визуалды қабылдауын күшейтеді.

Бұл технологиялардың артықшылықтары ретінде атап көрсетуге болатыны: қолжетімділік, иммерсивтілік (толық ену әсері), деректердің нақтылығы.

Десекте, аталған технологияларды қолдануда шектеулер орын алады, олар: техникалық құралдар мен бағдарламалық қамтамасыз етуге тәуелділік, ақпараттың субъективті интерпретациялануы.

2.3. Онлайн-платформаларды және интерактивті оқыту әдістерін қолдану тәжірибесі

Қазіргі заманауи білім беру жүйесінде онлайн-платформалардың мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылып отыр. Әсіресе «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту барысында мұндай платформалар оқыту үдерісін ұйымдастыруда, материалды жүйелеуде және білім алушылардың өздік жұмысын бақылауда маңызды рөл атқарады. Олардың кейбіріне төмендегідей түсіндірме беруге болады.

Moodle жүйесі – әлем бойынша кеңінен қолданылатын оқу менеджменті жүйесі (LMS). Ол арқылы оқытушы оқу бағдарламасын құрастырып, дәрістерді, мультимедиялық материалдарды және тапсырмаларды жүйелі түрде орналастыра алады. Сонымен қатар, Moodle білім алушылардың оқу үлгерімін бақылауға, тест жүргізуге, форум арқылы пікір алмасуға мүмкіндік береді. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының көпшілігінде бұл жүйе қашықтан оқыту тәжірибесінде қолданысқа енгізілген.

Google Classroom – қарапайым әрі қолжетімді онлайн-платформа. Оның басты артықшылығы – Google сервисімен интеграциясы. Мұнда оқытушы тапсырмалар жүктеп, мерзім белгілеп, автоматты түрде кері байланыс орната алады. Қазақстан тарихын оқытуда бұл құрал білім алушылардың реферат, эссе, презентацияларын уақытылы тапсыруына және топтық талқылаулар жүргізуге қолайлы.

Bilimland платформасы – Қазақстандық білім беру жүйесіне бейімделген заманауи ресурс. Ол тарих пәніне арналған бейнематериалдар, анимациялар, тесттер және интерактивті сабақтар топтамасын қамтиды. Bilimland әсіресе оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылғандықтан, мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейінгі білім беру сатысында тиімді қолданылады.

Онлайн-платформаларды қолданудың артықшылықтары ретінде:

- оқу процесінің икемділігі (уақыт пен кеңістікке тәуелсіздік);
- цифрлық ресурстардың мол қоры;
- оқу материалын қайталап қарауға мүмкіндік;
- оқытушы мен студент арасындағы жедел кері байланыс.

Сонымен қатар, бірқатар атап өтетін *шектеулер* де кездеседі, олар: интернетке тәуелділік, білім алушылардың техникалық сауаттылық деңгейінің әртүрлілігі, өзіндік оқу дағдыларының жет-

кіліксіздігі. Осыған байланысты, оқытушының ұйымдастырушылық рөлі артып, білім алушыларды дербес оқу мәдениетіне баулу қажеттілігі туындайды.

Moodle, Google Classroom, Bilimland сияқты онлайн-платформалар «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың тиімділігін арттырып, білім алушылардың өзіндік жұмысын жандандыруға ықпал етеді. Олар дәстүрлі әдістемелерді толықтыра отырып, тарихты оқытудың заманауи форматын қалыптастыруға негіз болады.

«Bilimland платформасын пайдалану нұсқаулығында» Bilimland [134] білім беру платформасының құрылымы, мазмұндық мүмкіндіктері және оны оқу процесінде тиімді қолдану жолдары сипатталған. Құжатта мультимедиялық ресурстар, бейне сабақтар, тест тапсырмалары мен интерактивті материалдарды пайдалану тәсілдері нақты көрсетілген. Сондай-ақ оқытушы мен білім алушылар арасындағы қашықтықтан өзара әрекеттесуді ұйымдастыру жолдары, платформадағы жеке және топтық жұмыс үлгілері ұсынылған. Платформаны қолдану бойынша практикалық қадамдар мен әдістемелік нұсқаулар берілген.

Аталған нұсқаулықтағы біздің зерттеу үшін қажетті тұстар ретінде атап көрсетуге болатыны:

– «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда Bilimland платформасының мультимедиялық сабақтары мен бейнематериалдарын қолданудың тиімділігін дәлелдеу;

– білім алушылардың өзіндік білім алуына мүмкіндік беретін онлайн тестілер мен жаттығуларды тарих курсына кіріктіру;

– дәстүрлі оқытуды толықтыратын цифрлық ресурстарды пайдаланудың тәжірибелік үлгілерін көрсету;

– оқытушыларға арналған әдістемелік нұсқаулар негізінде білім алушылардың белсенді қатысуын арттыру жолдарын айқындау;

– тарихты оқытуда цифрлық білім беру ресурстары арқылы пәнаралық байланысты дамыту және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру мүмкіндіктерін негіздеу.

Нұсқаулық біздің зерттеу жұмысымызда тәжірибелік-әдістемелік бөлімдерді жазуда басшылыққа алынады. Әсіресе, «Қазақстан тарихы» пәнін цифрлық форматта оқыту тәжірибесін сипаттайтын нақты мысалдар мен құралдар ретінде қолдануға өте қолайлы.

Moodle – қазіргі таңда ең кең тараған ашық бастапқы кодты оқу басқару жүйелерінің бірі. «Moodle Learning Management

System» ресми құжаттамада [135] платформаның функционалдық мүмкіндіктері, курстарды құру және ұйымдастыру әдістері, бағалау құралдары, интерактивті тапсырмалар мен форумдар арқылы білім алушылардың белсенділігін арттыру тәсілдері қарастырылған. Moodle құжаттамасында оқытушылар үшін сабақ материалдарын енгізу, тестілер құру, глоссарийлер, семинарлар мен жобалық жұмыстарды ұйымдастыруға арналған кадамдық нұсқаулар берілген.

Құжат мазмұнындағылардан біздің зерттеу үшін қажетті тұстары:

- «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда Moodle жүйесін пайдалану арқылы электронды курстар әзірлеу және оларды оқу процесіне енгізудің әдістемелік үлгілерін көрсету;

- білім алушылардың оқу белсенділігін арттыруға бағытталған интерактивті тапсырмаларды (форум, викторина, эссе, пікірталас) қолданудың артықшылықтарын негіздеу;

- оқу сапасын мониторинг жасау үшін автоматтандырылған бағалау құралдарын пайдалану мүмкіндіктерін көрсету;

- цифрлық білім беру кеңістігінде оқытушының рөлін өзгерту (білім көзі емес, бағыт беруші ретінде) ерекшеліктерін талдау;

- Moodle жүйесінің тарихты оқытудағы тиімділігі – білім алушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастыруға жағдай жасауы.

Бұл дереккөз біздің зерттеу жұмысымыз үшін «онлайн-платформалар арқылы оқыту тәжірибесі» және «оқыту процесінде цифрлық технологияларды тиімді кіріктіру модельдері» тақырыптарын толықтыру үшін құнды материал болып табылады.

Google Classroom Help Center [136] – бұл Google компаниясының білім беру платформасы Google Classroom-ды пайдалану бойынша ресми нұсқаулықтары мен әдістемелік ұсынымдарын қамтитын ресурс. Онда оқытушылар мен білім алушыларға арналған аккаунт құру, сыныптарды ұйымдастыру, тапсырмалар беру, бағалау жүйесін жүргізу, сондай-ақ оқу процесін қашықтықтан және аралас форматта басқару мүмкіндіктері жан-жақты түсіндіріледі. Құжатта педагогтерге арналған практикалық кеңестер, жиі кездесетін мәселелерді шешу жолдары және платформаны тиімді қолдану тетіктері қарастырылған.

Біздің зерттеу жұмыс үшін құндылығы бұл ресурс маңызды әдістемелік маңызға ие. Себебі:

– педагогикалық тәжірибені жетілдіруде Google Classroom оқу процесін қашықтықтан ұйымдастыруға және білім алушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді;

– интерактивті оқыту әдістерін қолдауда тапсырмалар, пікірталас форумдары, тестілеу жүйесі арқылы тарих сабақтарында білім алушылардың сыни ойлауын дамытуға жағдай жасайды;

– цифрлық құралдарды кіріктіруде Google Classroom-ның онлайн-жүйесі оқытушыларға мультимедиялық материалдарды, тарихи құжаттар мен карталарды ыңғайлы енгізуге мүмкіндік береді;

– практикалық қолданбалы құндылығы – бұл нұсқаулық нақты әдіс-тәсілдер мен платформаны тиімді қолданудың жолдарын сипаттайды, сондықтан монографияның тәжірибелік тарауында Қазақстан тарихын оқытуда цифрлық орта құру үлгісін көрсетуге негіз болады.

Аталған дерек көзі зерттеудің теориялық және қолданбалы аспектілерін тереңдетіп, зерттеу еңбегіміздің ғылыми-әдістемелік базасын күшейтуге ықпал етеді.

Сонымен, онлайн-платформалар бойынша төмендегідей ой қорытындысын шығаруға болады:

– Онлайн-платформалар білім алушылардың оқу процесін ұйымдастыруда тиімді құрал болып табылады.

– Moodle – оқу материалдарын жүйелеуге, тапсырмалар беруге және бағалауға арналған икемді LMS (Learning Management System) жүйе.

– Google Classroom – жеңіл әрі қолжетімді платформа, педагогтар мен білім алушылардың қарым-қатынасын жеңілдетеді.

– Bilimland – Қазақстанға бейімделген білім беру платформасы, бейнематериалдар мен интерактивті сабақтар ұсынады.

Онлайн-платформалардың артықшылықтары ретінде: қолжетімділігін, оқу процесінің икемділігін, цифрлық ресурстардың молдығын атап көрсетуге болады.

Десекте, аталған онлайн-платформаларды артықшылықтарымен қатар бірқатар шектеулері болатынын білген абзал, олар: интернетке тәуелділік, техникалық дайындық деңгейінің әртүрлілігі, білім алушылардың өзіндік тәртібіне жоғары талап қою.

Интерактивті әдістер: тестілеу, викториналар, тарихи симуляциялар.

Білім беру үдерісінде интерактивті әдістерді пайдалану қазіргі

педагогикалық тәжірибенің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту барысында мұндай әдістер білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, тарихи құбылыстарды терең түсінуіне ықпал етеді.

Тестілеу – білімді бақылаудың дәстүрлі әрі кең қолданылатын әдісі. Дегенмен цифрлық технологиялар негізінде жүргізілетін онлайн-тестілеу студенттердің нәтижесін жедел анықтап қана қоймай, білім деңгейін статистикалық талдауға мүмкіндік береді. Тестілеу әдісі оқытушыға да, білім алушыға да уақыт үнемдеуге, қателерді анықтап, жедел түзетуге жағдай жасайды.

Викториналар тарих пәнінде қызығушылықты арттырудың тиімді жолдарының бірі. Оларды онлайн-режимде (мысалы, Kahoot, Quizizz платформалары арқылы) ұйымдастыруға болады. Викториналар ойын формасында өткендіктен, студенттер тарихи деректерді жеңіл қабылдайды әрі есте сақтайды. Сонымен қатар, топтық бәсекелестік элементі білім алушылардың ынтасын арттырады.

Тарихи симуляциялар – білім алушыларды белгілі бір тарихи кезеңге «кіріктіретін» заманауи әдіс. Мысалы, «Қазақ хандығының құрылуы», «Ұлы Жібек жолындағы сауда қатынастары», «Алаш қозғалысы» сияқты тақырыптарды виртуалды реконструкциялау студенттердің тарихи оқиғаны терең сезінуіне мүмкіндік береді. Симуляциялар арқылы білім алушылар тарихи тұлғалардың шешім қабылдау үдерісін түсініп, сол дәуірдің әлеуметтік-мәдени контекстін жете ұғынады.

Интерактивті әдістерді қолданудың төмендегідей *артықшылықтарын* атап көрсетуге болады:

- оқыту үдерісінде студенттердің белсенді қатысуы;
- тарихи материалды ойын, модельдеу арқылы есте сақтаудың жеңілдігі;
- сыни ойлау және талдау қабілетінің дамуы;
- оқу процесінде топтық ынтымақтастықтың қалыптасуы.

Сонымен қатар, белгілі бір *қиындықтар* бар: техникалық құралдарға тәуелділік, уақыттың жеткіліксіздігі, оқытушыдан шығармашылық ізденісті талап етуі. Дегенмен бұл әдістер дәстүрлі оқытуды толықтырып, «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Сонымен, тестілеу, викториналар және тарихи симуляциялар сияқты интерактивті әдістер оқу процесін жандандырып қана

қоймай, білім алушылардың тарихи білімді қабылдауын жаңа деңгейге көтереді.

Педагогикалық үдерісте интербелсенді әдістер мен оларды қолданудың мәнін төмендегідей көрсетуге болады:

– интерактивті әдістер білім алушылардың белсенділігін арттырудың негізгі тетігі ретінде қарастырылады;

– тестілеу – білімді жедел тексеру мен бақылаудың тиімді құралы;

– викториналар – тарихи фактілерді меңгеруді қызықты әрі ойын формасында ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

– тарихи симуляциялар – белгілі бір тарихи оқиғаны модельдеу арқылы студенттердің сыни ойлауын, талдау қабілетін дамытады.

Сонымен, интерактивті әдістер білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және оқу процесін жандандырады.

Аталған артықшылықтармен қатар атап өтетін төмендегідей қиындықтар бар екенін есте ұстау керек, олар: техникалық құралдарға тәуелділік, уақыттың көп жұмсалуды, оқытушының шығармашылық дайындық деңгейіне байланысты болуы.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесінде оқу үдерісін ұйымдастырудың бірнеше тиімді формалары қарастырылады. Оларға дәріс, практикалық және семинарлық сабақтар, консультациялар, студенттің өзіндік жұмысы (БӨЖ), оқытушының жетекшілігімен орындалатын жұмыс (ОБӨЖ), педагогикалық практика, курстық және дипломдық жұмыстар, конференциялар мен тарихи-экскурсиялық сабақтар жатады. Біз бұл формаларды «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту тәжірибесінде қолдана отырып, олардың мазмұны мен әдістемелік ерекшеліктерін нақты мысалдармен ашып көрсетеміз.

Эксперименттік жұмыстың жүргізілуі барысында «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу құралдары мен электронды ресурстарды пайдалана отырып, болашақ тарих мұғалімдерінің танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталған кезеңдер жүйелі түрде ұйымдастырылды.

Бірінші кезеңде студенттердің тарихи деректерге деген қызығушылығын ояту мақсатында әртүрлі ақпарат көздерімен (оқулықтар, хронологиялық кестелер, тарихи карталар, бейнематериалдар) жұмыс ұйымдастырылды. Тарихи мәліметтерді іздеу және сұрыптау барысында заманауи техникалық құралдар мен цифр-

лық платформалар (электрондық оқулықтар, деректер базасы) қолданылды. Бұл олардың дерекпен өз бетінше жұмыс жасау қабілеттерін дамытты.


Екінші кезеңде білім алушылар алған теориялық білімдерін кеңейтіп, тереңдетіп, оны тарихи мәселелерді шешуде қолдануға үйренді. Оқытудың бұл деңгейінде тарихи деректерді салыстыру, құрылымдау, себеп-салдар байланысын анықтау, өз көзқарасын негіздеу және тарихи материалдарды қайта құру дағдылары дамытылды. Сонымен қатар, сенімді ақпарат көздерін таңдай білу, деректің дәлдігіне баға беру, тарихи құбылыстарға сыни көзқараспен қарау дағдылары жетілдірілді.

Үшінші кезеңде білім алушылар алған білімдерін шығармашылықпен қолдануға бағытталған тапсырмалар орындады. Олар тарихи тақырыптар бойынша жобалар дайындап, презентациялар жасап, цифрлық платформаларда тарихи симуляциялар мен интерактивті тапсырмалар орындады. Бұл кезеңде коммуникациялық дағдылар, логикалық ойлау, дәлелді пікір айту, ақпаратты құрылымдап ұсыну қабілеттері қалыптасты. Сонымен қатар, қазіргі заман талаптарына сай ақпараттық технологияларды өз бетімен пайдалану, тарихи мәліметтерді сараптау және жүйелеу арқылы болашақ кәсіби қызметке қажетті креативтілік пен дербестік дамыды.


«Қазақстан тарихы» пәнін оқыту барысында қолданылған негізгі құралдардың қатарында өзіміз әзірлеген авторлық электрондық оқу ресурстары мен оқулық кеңінен пайдаланылды. Бұл материалдар оқу үдерісінің мазмұнын байытып, студенттердің пәнді терең меңгеруіне мүмкіндік берді.

«Қазақстан тарихы» электрондық оқу құралы ҚР Әділет министрлігінде авторлық құқық нысаны ретінде тіркеліп, №56935 куәлігімен 2025 жылдың 18 сәуірінде заңдастырылған (4, 5, 6 – сурет). Бұл оқу құралы теориялық мазмұннан, интерактивті-көрнекі материалдардан және қосымша ақпараттық бөлімдерден тұрады. Интерактивті бөлімде тарихи үдерістер мен оқиғаларды түсіндіруде қиындық тудыратын тұстар видеолекция арқылы көрсетілген. Теориялық бөлімде Қазақстан тарихының негізгі кезеңдері мен тарихи тұлғалар туралы жүйелі мәліметтер берілген. Қосымша бөлімдерде білім алушылардың білімін тексеруге арналған тест тапсырмалары мен қысқаша тарихи анықтамалық ұсынылған. Сондай-ақ, Қазақстан


тарихы бойынша әр тақырыпқа қажетті дәрістік мәтіндер, бақылау сұрақтары, практикалық сабаққа арналған сұрақтар, өзіндік жұмыс тақырыптары, глоссариймен қатар, тақырып бойынша карталар, схемалар, суреттер, құжаттарды қамтитын слайдтар, сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта пайдалануға ұсынылатын фильмдерге, интернет сілтемелері және электронды қосымшалар т.б. берілген [108].



4-сурет. «Қазақстан тарихы» пәніне арналған электронды оқу құралы




5-сурет. «Қазақстан тарихы» пәніне арналған электронды оқу құралындағы видеолекция және слайдтар



6-сурет. «Қазақстан тарихы» пәніне арналған электронды оқу құралындағы бағалау тесттері мен практикалық тапсырмалар

«Қазақстан тарихы» оқулығы (7-сурет) оқу үдерісінде 15 негізгі лекциялық тақырыпты қамти отырып, білім алушыларға теориялық мазмұнды жан-жақты меңгеруге мүмкіндік береді. Оқулық құрылымына иллюстрациялар мен тарихи суреттер, инфографика мен тірек-сызбалар, тақырыптық тесттер, практикалық тапсырмалар, тарихи карталар, архивтік құжаттар, емтиханға дайындық сұрақтары, өзіндік жұмыс түрлері, сонымен қатар бейне және дыбыстық материалдар енгізілген. Сондай-ақ, отандық тарихқа арналған интернет-ресурстардың тізімі ұсынылған. Бұл оқулық лекциялық сабақтардың мазмұнын тереңдетіп, оқыту тиімділігін арттыруға септігін тигізді.




7-сурет. «Қазақстан тарихы» пәніне арналған оқулық


Оқу үдерісінде пайдаланылған оқу-әдістемелік кешендер мен электронды оқулықтар, сондай-ақ түрлі цифрлық модельдер мен мультимедиалық материалдар «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту барысында да кеңінен қолданылды. Бұл ресурстар студенттердің теориялық білімін тереңдетуге, тарихи деректермен жұмыс істеу дағдысын дамытуға және пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті

Жоғары оқу орындарында білім беру үдерісін ұйымдастыруда дәстүрлі әрі тиімді оқыту формаларының жүйесі қолданылады. Олардың қатарына дәріс (лекция), консультация, семинар, практикалық және зертханалық сабақтар, студенттердің өзіндік жұмысы, өндірістік (педагогикалық) тәжірибе, оқу-танымдық экскурсиялар, ғылыми конференциялар, курстық және дипломдық жұмыстар, сондай-ақ оқу жетістіктерін бағалау мен бақылау түрлері жатады.

Осы көрсетілген оқыту формалары мен оларды жүзеге асырудағы әдіс-тәсілдер мен құралдарға біз «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту аясында назар аудардық. Бұл пән бойынша лекциялық сабақтың құрылымдық моделі 8-суретте ұсынылған.



8-сурет. «Қазақстан тарихы» пәнінен дәріс сабағының моделі




9-сурет. «Қазақстан тарихы» пәнін ақпараттық және цифрлық технологиялар арқылы оқыту-әдістемелік моделі

Қазақстан тарихы пәнін оқытуда лекция сабақтарының тиімді түрлерінің бірі ретінде «миға шабуыл» әдісін қолдануға болады.

1. «Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығының дамуы (XV ғ. – XVIII ғ. басы)» тақырыбын өту барысында бұл әдіс студенттердің тарихи мәселелерді жан-жақты талқылауына жол ашады.

Аталған тақырып аясында білім алушылар қазақ этносының қалыптасу алғышарттарын, Қазақ хандығының құрылуы мен нығаю кезеңдерін, сондай-ақ XVI ғасырдағы хандықтың ішкі және сыртқы саяси жағдайын, XVII–XVIII ғасырлардағы күрделі тарихи үдерістерді талдайды. Оқу үдерісі кредиттік технология негізінде ұйымдастырылатын болғандықтан, студент сабаққа алдын ала дайындалып келуі тиіс. Сабақ барысында олар түсініксіз болған тарихи аспектілерді оқытушымен бірлесе отырып, сұрақтар мен проблемалық жағдайлар негізінде талдап, нақты тарихи фактілер арқылы қорытынды жасауға үйренеді.



10-сурет. «Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығының дамуы (XV ғ. – XVIII ғ. басы)» тақырыбы бойынша әзірленген слайд

Мұндай форматта өткізілетін лекциялар студенттердің белсенділігін арттырып, олардың сыни ойлау қабілеті мен тарихи көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқытушы сабақты «миға шабуыл» әдісі арқылы бастайды. Мұнда оқытушының шеберлігі – тарихи мәселені шешуді қажет ететін

сұрақтарды қоя отырып, студенттердің өздігінен ой түйіп, жауап іздеуіне бағыт бере алуында.

Мысалы, «Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы» тақырыбында төмендегідей сұрақтар арқылы ой қозғауға болады:

1. Қазақ хандығының құрылуына қандай тарихи жағдайлар себеп болды?

2. Хандықтың алғашқы билеушілерінің ішкі және сыртқы саясатындағы ерекшеліктер қандай болды?


3. Қазақ хандығы мен көрші мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас қалай қалыптасты?

Бұл сұрақтар тарихи ойлау мен логикалық пайымдауға жетелейді. Талқылау барысында оқытушы цифрлық технологияны, атап айтқанда, «Қазақ хандығының аумағының кеңеюі» немесе «XV–XVI ғғ. тарихи карталар» секілді визуалды материалдарды (11, 12 сурет) интерактивті тақтада көрсету арқылы білім алушылардың көзбен көріп, тарихи деректерді тереңірек ұғынуына ықпал етеді.



11-сурет. «Қазақ хандығының аумағының кеңеюі» тақырыбында көрсетілетін картаға мысал

Мұндай сабақ форматы студенттердің тарихи оқиғалар арасындағы себеп-салдар байланысын анықтауға, тарихи деректерді салыстырып, өзіндік қорытынды жасауына мүмкіндік береді.



12-сурет. «XV–XVI ғғ. Қазақ хандығының аумағының кеңеюі» тақырыбы бойынша интерактивті карта

«Қазақ хандығының аумақтық дамуы» және «XV–XVI ғасырлардағы тарихи карталар» тақырыптарын оқыту нәтижесінде білім алушылар келесі мазмұндық және тәжірибелік білім мен дағдыларды меңгереді:

Білімдік мазмұн: Қазақ хандығының құрылуы кезіндегі аумақтық ерекшеліктер мен тарихи жағдайды; XV–XVI ғасырлардағы қазақ жерлерінің біртіндеп кеңею кезеңдерін; Қазақ хандарының (Керей, Жәнібек, Қасым, Хақназар және т.б.) ішкі және сыртқы саясатының географиялық кеңеюге тигізген әсерін; Хандықтың саяси тұрақтылығы мен сыртқы қарым-қатынастарының аумақтық дамуға ықпалын; Тарихи карта деректері негізінде шекаралық мәселелерді, жер үшін күрестерді, көрші мемлекеттермен арадағы қатынастарды түсіндіру.

Қалыптасатын дағдылар: Тарихи-географиялық материалдармен жұмыс істеу, карталарды салыстырып, сараптау; Қазақ хандығының даму барысын кеңістіктік және уақыттық тұрғыда жүйелеу; Мемлекеттік құрылым мен ұлттық территория ұғымын тарихи контексте түсіндіру; Оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық байланысты карта арқылы көрсету; Геосаяси жағдайларға тарихи тұрғыдан баға беру және пікір қалыптастыру.

Тәрбиелік маңызы: Тарих пен елге деген құрмет сезімін күшейту; Ұлттық сана мен тарихи бірегейлікті қалыптастыру; Жер мен ел тұтастығы туралы көзқарасты тереңдету.

Бұл бағыттар бойынша жұмыс істеу студенттердің аналитикалық ойлауын, тарихи деректерді визуалды құралдар арқылы бағалай білу қабілетін, сондай-ақ елдік сана-сезімін дамытуға ықпал етеді.

Студенттермен тарихи мәселе аясында топтық талқылау өткізіледі. Талқылау барысында айтылған ұсыныстар мен көзқарастар оқытушы тарапынан бағытталып, бірлескен сараптама жасалады.

Бұдан әрі «Қазақстан тарихы» пәні бойынша электрондық оқулық пайдаланылып, тақырыпқа қатысты негізгі мағлұматтар оқытушы мен студенттердің бірлескен жұмысы арқылы меңгеріледі. Оқулықтың «Фильмдер мен телехикаялар» бөлімінен «Қазақ хандығы» телехикаясынан үзінді ұсынылады. Бұл көрініс сабақтың мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, оқытушы тарапынан қойылған проблемалық сұрақтар негізінде миға шабуыл әдісі арқылы талқылау жалғасады.

Фильмнен үзінді көргеннен кейін оқытушы тарапынан мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін:

1. Сіздің ойыңызша фильмге неге мұндай атау берілген?
2. Фильмде алғашқы көрініс қалай басталады? Алғашқы көріністе кімдер және нелер бар?
3. Фильм қандай уақыт аралығын қамтиды?
4. Фильмде қандай қалалар және жерлер бар?
5. Кейіпкерлер қандай тілде сөйлеседі?
6. Өзіңіз білетін қандай тарихи сипаттамалар фильмде орын алады?
7. Фильмде қандай әйел кейіпкерлер бар?
8. Фильмде қандай еркек кейіпкерлер бар?
9. Фильмде ұнатқан кейіпкеріңізді сипаттаңыз?
10. Фильмде ұнатпаған кейіпкеріңізді сипаттаңыз? Не үшін ұнатпағаныңызды түсіндіріңіз?
11. Фильмде қай кейіпкердің орнында роль ойнағанды қалар едіңіз?
12. Сіздің ойыңызша фильмдегі кейіпкерлердің киімі мен бүгінгі киім үлгісі арасында ерекшелік бар ма? Бар болса, ерекшеліктерін атаңыз?
13. Фильмдегі ғимараттар мен бүгінгі ғимараттардың арасында ерекшелік бар ма? Бар болса, мұның себебі неде?
14. Фильмдегі байланыс құралдарын атаңыз? Бүгінгі байланыс құралдарынан ерекше болса, себебін көрсетіңіз?

15. Фильмде кейіпкерлер қалай байланысады?
16. Фильмде ең көп қайсы эпизодты ұнаттыңыз? Не үшін?
17. Фильмнен естіген, үйренген ұғымдар мен терминдерді атаңыз?
18. Фильмде байқаған жағымсыз мінез-құлықтарды атаңыз? (өтірік айту, құрметсіздік, ұсқынсыздық т.б)
19. Фильмнен мейірімділік, әділет, еңбексүйгіштік, тазалық т.б байланысты оқиғалар көрдіңіз бе?
20. Фильмнің соңы немен бітуі мүмкін болжам жасаңыз?
21. Фильм қалай аяқталғанын қалар едіңіз?
22. Фильмнен не үйрендіңіз?
23. Фильм несімен сізді ойландырды? Фильмнен кейін қандай нәрсе сізді келешек үшін ойландырады?

Визуалды лекция.

Тақырыбы: Қазақстан Қазан төңкерісі және кеңес үкіметінің орнауы кезеңінде. Бұл тақырып аясында білім алушылар Қазан төңкерісі мен Қазақстанның саяси өмірі, Қазақ өлкесіндегі «ақтар» мен «қызылдардың» қарсыластығы мен «Соғыс коммунизмі» саясаты, Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Автономиялық Республикасының құрылуы, Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат (ЖЭС), Түркістан республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуі – біртұтас Түркістан идеясының күйреуі туралы білімді меңгереді. «Қазақстан тарихы» оқулығынан дәрістік мәтіндер, кестелер, слайдпен қатар, архивтік құжаттарды көреді.



15-сурет. А.Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М.Дулатов – Алаш жектешілері [139]

Архивтік құжаттар, суреттер мен карталар тарихи оқиғаларды нақты деректермен дәлелдеуге, өткенді көзбен көріп, жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Бұл материалдар сабаққа көрнекілік пен шынайылық қосып, білім алушылардың қызығушылығын арттырып, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді.

Сонымен қатар көрнекі лекция барысында интернет желісіндегі ақпарат көздері пайдаланылады, бұл тақырыпты жан-жақты талдауға және студенттердің тарихи материалдармен өздігінен жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Сабақ кезінде қолданылған веб-ресурстар студенттердің білімін тереңдетуге бағытталған. Мұндай интернет сайттарына мысал ретінде төмендегілерді көрсетуге болады (9 кесте):

9-кесте


«Қазақстан тарихы» пәнінен пайдалануға ұсынылатын интернет сайттары

№	3Д видеотур иесі	3Д видеотур Сілтемесі
1	М.О.Әуезовтың әдеби-мемориалды музей үйі	https://3d-maps.kz/ru_place_286-literaturno-memorialnyy-dom-muzey-mo-aeuzova#iframe
2	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Әл-Фараби музейі	https://elibrary.kaznu.kz/ru/virtualnyj-tur-muzeya-al-farabi

3	Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейі	https://csmrk.kz/index.php/mnu-exposition/mnu-virtual-obzor
4	Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі	https://nmrk.kz/ru/halls/
5	ҚР Ә.Қастеев атындағы өнер музейі	https://3d.gmirk.kz/index.php/ru/
6	«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы	http://dp.azretsultan.kz/
7	Абайдың «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы	https://abai-museum.kz/?page_id=2904
8	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Орталық мемлекеттік архив» Республикалық мемлекеттік мекемесі	http://www.cga.kz/index.php?module=kazakhstanika
9	Мемлекет тарихы институты	https://history-state.kz/?SHOWALL_1=1
10	Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві	https://www.ulttykarhiv.kz/
11	Qazaqstan Tarihy порталы	https://e-history.kz
12	Қазақстан тарихын тереңдей білгісі келетіндерге арналған сайт	http://www.tarih-begalinka.kz/
13	Bilimland платформасының Қазақстан тарихы бойынша білім беру ресурсы	https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy
14	Қазақстан Республикасы Президентінің архиві	https://archive.president.kz/

Болашақ тарих пәні мұғалімдерінің пәнге деген қызығушылығын арттыруда «Қазақстан тарихы» пәнінен практикалық сабақтарды ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдану арқылы ұйымдастырудың рөлі ерекше. Семинар сабағының моделі 16 суретте көрсетілді. Әсіресе, заманауи технологияларды оқыту әдістерімен тиімді ұштастыру студенттердің дербес жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, тарихи материалдарды визуалды әрі талдамалық тұрғыда меңгеруіне жол ашады. Практикалық тапсырмаларды орындау барысында студенттер цифрлық ресурстар мен модельдер


арқылы тарихи құбылыстарды терең түсініп, ақпаратты саралап, балама шешімдер ұсынуға дағдыланады.



16-сурет. «Қазақстан тарихы» пәнінен семинар сабағының моделі

Семинар сабағында берілетін практикалық тапсырмаларға мысалдар келтірейік.

Тапсырма 1. Карталарды және тарихи білімдеріңізді пайдалана отырып, Ұлы Жібек жолының Қазақстандағы бағыттарын атап, сауда қатынастарының дамуына тигізген әсерін және әлеуметтік-экономикалық маңызын түсіндіріңіз (17 сурет).



17 сурет. Ұлы Жібек жолының Қазақстандағы бағыттары бейнеленген карта [140]

Студент аталған тапсырманы орындау барысында алдымен Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы негізгі бағыттарын айқындап, тарихи және картографиялық деректерге талдау жасайды. Сауда байланыстарының кеңеюіне бұл жолдың ықпалын сипаттау үшін жазбаша және визуалды дереккөздерді, сонымен қатар заманауи электрондық платформалар мен сандық мұрағаттарды пайдалануға тырысады. Әлеуметтік-экономикалық маңызын ашу барысында ежелгі қалалардың дамуы, қолөнер мен өндірістің жандануына, сондай-ақ мәдени және халықаралық қарым-қатынастарға тигізген әсеріне назар аударады.

Зерттеу процесінде білім алушы цифрлық және ақпараттық технологияларды тиімді қолдана отырып, интерактивті карта құралдарымен жұмыс жүргізіп, Жібек жолының бағыттарын кеңістікте бейнелейді. Сонымен қатар, онлайн энциклопедиялар мен тарихи мәліметтер базасы арқылы қосымша ақпарат жинақтайды. Жинақталған мәліметтер негізінде студент тарихи үдерістердің маз-

мұнын жан-жақты ашып, олардың бүгінгі күнмен сабақтастығына баға береді. Тапсырма нәтижесі құрылымы жағынан жүйелі зерттеу сипатында болып, визуалды материалдармен толықтырылып ұсынылады.

Цифрлық Блум таксономиясы деңгейлеріне сәйкес Google forms қосымшасы арқылы орындалатын тапсырмаларға мысал:

Тапсырма 2. Бұл петицияның қандай саяси маңызы болды? Тарихи деректі талдаңыз.

1905 жылдың шілдесінде Қарқаралы қаласына жақын жердегі Қоянды (Ботов) жәрмеңкесінде қазақ халқының атынан император II Николайға арналған петиция ұйымдастырылды. Оған Семей облысына қарасты Қарқаралы уезінен халық арасында кеңінен танымал беделді 42 қазақ қол қойды. Кейінірек Семей және Ақмола облыстарының басқа да уездеріндегі қазақтар қосылды. Петицияны жазуға белгілі саяси қайраткерлер Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Ж. Ақбаев, Т. Нұреқенов т.б. белсене атсалысты. Петициядағы маңызды мәселелердің бірі Ресей империясының заң шығарушы ең жоғары органы Мемлекеттік Думаға қазақ депутаттарын қатыстыру талаптары болды.

Қарқаралы петициясы.

1905 жылы Император ағзамға Қарқаралы – Семейлік қазақтардың тарапынан Омбыда әр түрлі мекемелер өкілдерінің жиналысында қырғыздырдың (қазақтардың) өкілдерін земствоның жиынына жібермеу жөніндегі жек көрінішті министр А.Т.Булышинның жобасына жақын шешім қабылданыпты: «Бұндай жағдай Дала өлкесінің басты тұрғындары (қазақтардың) жағдайын білмеудің салдары бізді қатты алаңдатуда. Қандай әділет бар. Қазақтарды құқықсыз, заңсыз топқа енгізген қайдан шыққан. Иә, біз мал шаруашылығымен айналысамыз, бірақ ол қанғу емес қой. Мал шаруашылығымен айналысу неге біздің сайлау құқығымызды шек қоюға себепші болмақ? Қазақтар қоғамдық және мемлекеттік мақсатты орыс шаруаларынан кем түсінеді деп кім қорытынды жасай алады, тіпті басқа отырықшы «бұратаналармен» салыстырмай-ақ қояйық. Кім қазақтардың мүддесін қорғамақ, кім біздің мұқтаждығымызды дұрыс түсіндіреді?» [141].

Тапсырма 3. Төмендегі «Қазақ» газетінің фотосы (18 сурет) мен өз білімінді қолдана отырып, басылымның маңыздылығына баға беріңіз.



18-сурет. «Қазак» газеті. 1915 жыл 23 мамыр. – №129

Тапсырма 4. «Алаш» партиясының бағдарламасымен танысыңыз. Бағдарламада қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру қалай көрініс тапқан? Түсіндіріңіз. Сұрақ Google forms қосымшасымен беріліп, жауапты да осы қосымша арқылы алуға болады.

«Қазақ халқын отарлық езгіден азат ету» ұраны төңірегінде топтасқан ұлттық интеллигенцияның бағдарламасы.

- I. Мемлекеттік қалпы
- II. Жергілікті бостандық
- III. Негізгі құқық
- IV. Дін ісі
- V. Билік һәм сот
- VI. Ел қорғау
- VII. Салық
- VIII. Жұмысшылар
- IX. Ғылым-білім үйрету
- X. Жер мәселесі.

Ұлт зиялылары не себептен осы мәселелерді көтерді?

Тапсырма 5. Төмендегі дерек пен өз білімінді қолдана отырып, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа баға беріңіз. Сұрақ Google forms қосымшасымен беріліп, жауапты да осы қосымша арқылы алуға болады.

«...16 жылғы оқиғалар қазақ қоғамында империялық үстемдікке қарсы күресте екі көзқарастың, екі әдістің болғандығын көрсетіп берді»... «батырлар бастаған қол жасақтап, жауға қарсы көтеріліп, елдің еркіндігін білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғау еді. 16 жылғы оқиғалар, сонымен бірге қазақ қоғамында ұлттық бостандық үшін күрестің жолдары мен әдісіне қатысты жаңа көзқарастың қалыптасып қалғанын да көрсетіп берді. Ол әдістің негізгі белгісі ұлттық саяси тұтастық және негізгі мақсаттар үшін саналы, ұйымдасқан әрекетке өту екендігін халыққа жеткізуге тырысты» [8].

Қазақ зиялыларының ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты ұстанымдары:

Ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи маңызы:

Тапсырма 6. Әміре Қашаубаевтың орындауындағы «Балхадиша» халық әнін төмендегі QR кодты сканерлеу арқылы тыңдап, кеңестік кезеңдегі қазақ мәдениетін түсіндіріңіз.




Тапсырма 7. Мұхтар Шахановтың 1989 жылы Халық депутаттарының Бүкілодақтық съезінде сөйлеген сөзін төмендегі QR кодты сканерлеу арқылы тыңдап, 1986 ж. «Желтоқсан ызғары» тақырыбында өз көзқарасыңызды жазыңыз.



Практикалық сабақ барысында студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында тапсырмаларды орындаумен қатар, интерактивті тақта мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылды. Сабақ құрылымы тек дәстүрлі әдістермен шектелмей, уақытты тиімді ұйымдастыру үшін тапсырмалар тест форматында ұсынылып отырды. Бұл ретте тесттік жұмыстарды жылдам әрі қызықты түрде

өткізу үшін «Kahoot» сынды онлайн платформалар қолданылып, Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнына бейімделген сұрақтар дайындалды (19 сурет).



19-сурет. «Kahoot» онлайн платформасында тест сұрағының берілуі

«Kahoot» онлайн платформасын Қазақстан тарихы пәні бойынша оқу процесінде қолдану білім алушылардың қызығушылығын арттырып, сабақты интерактивті әрі тартымды форматта ұйымдастыруға жол ашады. Платформа арқылы тарихи білімді тексеру ойын түрінде ұсынылып, студенттердің белсенділігін және танымдық белсенділігін күшейтеді. Тест тапсырмаларының жылдам орындалуы мен нәтижелердің жедел шығуы оқытушыға нақты әрі тиімді кері байланыс алуға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл цифрлық құрал уақытты үнемдеп, білім деңгейін жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Практикалық сабақтар барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жағдайында, тарихи мазмұндағы тапсырмаларды эвристикалық әдістерге негіздей отырып орындау студенттердің креативті ойлауын дамытуда, белсенді қатысуын арттыруда және өздігінен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Бұл тәсіл сонымен қатар пәнге деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді. Сабақта студенттердің білімін бағалауда Блум таксономиясына сүйену тиімді әдіс ретінде қолданылады. Мысалы, тарихи мәселелерді талдауда студент алдымен берілген тапсырманың мазмұнын ұғынып, тиісті теориялық білімін

еске түсіреді, түсініп, нақты тарихи контексте қолданады, алынған деректерді салыстырып, талдап, өз көзқарасын білдіреді. Соңында тарихи құбылысты жинақтап, қорытынды жасап, талдау жүргізеді.

Осылайша, жоғары оқу орнында Тарих мамандығы бойынша «Қазақстан тарихы» пәніне бөлінген 45 сағат көлеміндегі лекциялық, практикалық және студенттің өзіндік жұмыс түріндегі сабақтар оқытудың әдістемелік жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Оқу үдерісінің әрбір формасында болашақ тарих мұғалімдерінің пәнге деген танымдық қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер мен ақпараттық және цифрлық технологиялар кешенді түрде қолданылды. Қазақстан тарихын оқыту барысында сабақтың мазмұнына, құрылымына және мақсаттарына сай келетін педагогикалық әдістер іріктеліп отырды.

Алдағы бөлімде жасалған әдістемелік жүйенің тиімділігін бағалау мақсатында болашақ тарих пәні мұғалімдерінің пәнге қызығушылық деңгейін анықтауға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері қарастырылады.

«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

3.1. Цифрлық технологияларды кіріктірудің тиімді модельдері және әдістемелік үлгілері.

Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды оқыту үдерісіне кіріктіру – оқыту сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады.

«Қазақстан тарихы» пәнінде технологияларды тиімді қолдану арқылы білім алушылардың дербес оқу белсенділігін арттыруға, тарихи фактілерді визуалды және интерактивті түрде меңгеруге мүмкіндік туады.

Цифрлық технологияларды кіріктірудің тиімді моделдері:

1. Аралас оқыту моделі (blended learning): дәстүрлі дәрістер мен цифрлық ресурстарды үйлестіру; білім алушының аудиторияда алған білімін онлайн платформалар арқылы толықтыру.

2. Флипмед-классрум моделі (flipped classroom): білім алушы материалды үйде цифрлық құралдар арқылы меңгеріп, сабақта талқылау және тәжірибелік тапсырмаларға көбірек уақыт бөледі.

3. Интерактивті мультимедиа моделі: тарихи деректерді бейне, анимация, 3D реконструкциялар арқылы көрсету – оқытудың танымдық деңгейін арттырады.

4. Онлайн-бағалау моделі: цифрлық тесттер, викториналар, Google Forms, Kahoot сияқты құралдарды қолдану студенттердің білімін жедел және әділ бағалауға мүмкіндік береді.

Тиімді кіріктіру үшін оқытушының ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін арттыру, цифрлық педагогика қағидаларын меңгеруі маңызды. Енді осы модельдердің кейбіріне қысқаша тоқталып өтелік.

Аралас оқыту моделі (blended learning). Аралас оқыту (blended learning) – дәстүрлі оффлайн (дәріс, семинар, аудиториялық талқылау) және онлайн оқыту (Learning Management System – Moodle, Google Classroom, Bilimland сияқты платформалар) элементтерін біріктіретін заманауи педагогикалық модель. Аталған әдіс білім алушының дербестігін арттырып, оқытушының оқу процесіндегі бағыттаушы рөлін күшейтеді.

Оқытудың ерекшелік сипатына сәйкес Қазақстан тарихы пәніне бейімделуіне түсінік беруге болады. Қазақстан тарихын оқытуда аралас оқыту моделі оқу материалының күрделілігі мен мазмұндық ауқымын ескере отырып, дәстүрлі дәрістерді электронды ресурстармен толықтыруға мүмкіндік береді. Мысалы, тарихи деректерді талдауда оқытушы түсіндірмесі аудиторияда беріледі, ал қосымша мәліметтер электронды оқулықтардан, бейне дәрістерден және цифрлық инфографикалардан меңгеріледі.

Аралас оқытудың артықшылықтары ретінде төмендегілерді атап көрсетуге болады:

- білім алушылардың жеке оқу қарқынын қамтамасыз ету;
- тарихи деректерге көпқырлы көзқарас қалыптастыру (мәтін, видео, карта, 3D модель);
- аудиториядағы талқылауды тереңдету үшін алдын ала онлайн-материалдарды меңгеру;
- өзіндік зерттеу және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Практикалық жұмыстар үшін мысалдар:

1. Алдын ала онлайн-дайындық: Білім алушыларға Bilimland платформасындағы «Қазақстанның ежелгі дәуірі» бейнематериалы ұсынылады.

2. Аудиториялық жұмыс: Оқытушы білім алушылармен бейнематериалда көтерілген негізгі ұғымдарды талқылап, қосымша деректер (тарихи құжат үзінділері, карталар) ұсынады.

3. Қорытынды онлайн-тапсырма: Google Classroom жүйесі арқылы білім алушылар тарихи тұлғаларға қатысты эссе немесе тест орындайды.

Тиімділік өлшемдері:

- білім алушылардың сабаққа қатысу белсенділігі;
- онлайн және оффлайн тапсырмалардың сапалы орындалуы;
- тарихи материалдарды меңгеру деңгейінің артуы.

Аталған оқыту бойынша көптеген зерттеушілер ғылыми тұр-

ғыдан негіздеме, яғни түсіндірмелер жасаған. Prensky [69] еңбегінде айтылғандай, қазіргі білім алушылар «цифрлық тумалар» болғандықтан, дәстүрлі лекция форматы оларды толық қанағаттандырмайды. Сондықтан, blended learning моделі олардың цифрлық қажеттіліктерін қанағаттандырып, тарихи білімді меңгеруді тиімді етеді. Сонымен қатар, UNESCO [70] педагогтардың АКТ құзыреттілігін арттыру қажеттігін атап өтеді, бұл аралас оқытуды жүзеге асырудың негізгі алғышарты болып табылады.

Сонымен, Қазақстан тарихын оқытудағы аралас оқыту моделі дәстүрлі әдістемелердің ғылыми жүйелілігі мен цифрлық технологиялардың интерактивті мүмкіндіктерін ұштастырады. Бұл тәсіл білім алушылардың тарихи танымын кеңейтіп қана қоймай, олардың дербес ізденісін, сыни ойлауын және цифрлық ортада жұмыс істеу дағдыларын дамытады.

Флиппед класс (Flipped Classroom) моделі. Флиппед класс – оқыту процесін дәстүрлі үлгіде қайта ұйымдастыруға негізделген инновациялық модель. Бұл тәсілде теориялық материалдар студенттердің өзіндік жұмысына беріледі (бейнематериалдар, онлайн-лекциялар, цифрлық ресурстар арқылы). Сабақ уақыты практикалық тапсырмаларды орындауға, талқылауларға, топтық жұмысқа арналады.

Артықшылықтары ретінде атап көрсетуге болатыны:

- білім алушылардың дербес оқу қабілетін арттырады;
- сабақта алған білімін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді;
- оқытушы білім алушының оқу процесін бақылап, кері байланыс беруге көбірек уақыт бөледі.

Қазақстан тарихы пәнін оқытуда қолдануға болатын тұсы тарихи оқиғаларды түсіндіретін бейнематериалдар білім алушыларға алдын ала ұсынылады.

Сабақта тарихи деректерді талқылау, салыстыру, рөлдік ойындар арқылы тарихи тұлғалардың қызметін модельдеу жүргізіледі.

Онлайн-симуляция моделі. Онлайн-симуляциялар – виртуалды ортада тарихи оқиғаларды қайта құруға немесе тарихи жағдайларды модельдеуге мүмкіндік беретін сандық әдіс.

Аталған моделдің артықшылықтары ретінде атауға болатыны:

- білім алушыларды тарихи оқиғаларға белсенді қатысушы ретінде енгізеді;
- тарихи деректерді визуалды қабылдауды күшейтеді.

– шынайы өмірде мүмкін болмайтын тәжірибелерді (мысалы, ортағасырлық қаладағы тұрмыс, соғыс қимылдары, дипломатиялық келіссөздер) виртуалды түрде көрсетуге болады.

Қазақстан тарихы пәнін оқытуда қолдануға болатын тұстарына мынадай тақырыптарды мысалыға келтіруге болады:

– «Алтын Орда дәуіріндегі саяси құрылым» тақырыбында билік жүйесін виртуалды модельдеу.

– «Ұлы Жібек жолы» тақырыбында сауда байланыстарын цифрлық картада интерактивті түрде көрсету, т.с.с.

Проблемалық оқытудағы цифрлық модельдер. Проблемалық оқыту моделі – білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған. Мұнда негізгі басымдық – тарихи мәселелерді өз бетінше шешуге, фактілерді салыстырып талдауға беріледі. Цифрлық технологиялар осы үдерісті қолдаушы құрал қызметін атқарады.

Аталған модельдердің артықшылықтары:

– білім алушылардың сыни ойлау қабілетін дамытады;

– шығармашылық зерттеуге ынталандырады;

– цифрлық деректер қорымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Қазақстан тарихы пәнін оқытуда қолдануға мынадай мысалдар келтіруге болады:

«1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс» тақырыбында студенттерге сандық мұрағат құжаттары ұсынылады. Тапсырма – көтерілістің себептері мен салдарын деректер негізінде талдау.

«Тәуелсіз Қазақстанның даму кезеңдері» тақырыбында әртүрлі цифрлық деректерді (бейнематериалдар, статистикалық мәліметтер, ресми құжаттар) пайдалана отырып, тарихи проблеманы шешу жолдарын ұсыну.

Сонымен, аталған модельдердің әрқайсысы «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту сапасын жаңа деңгейге көтереді, атап айтқанда:

– флипид класс – теория мен тәжірибені тиімді үйлестіреді;

– онлайн-симуляция – студенттің тарихи оқиғаларды «басынан өткергендей» қабылдауына жағдай жасайды;

– проблемалық оқытудағы цифрлық модельдер – зерттеушілік дағдыларды дамытады және студентті тарихи құбылыстарды жан-жақты талдауға жетелейді, т.б.

Цифрлық технологияларды модельдік тұрғыда қолдану оқыту процесін жекелендіруге, білім алушылардың жеке қабілеттері

мен дайындық деңгейіне сәйкес тапсырмалар беруге жағдай жасайды.

Нәтижесінде, «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда білім алушының танымдық қызығушылығы артып, зерттеушілік, сыни ойлау және тарихи деректерді талдау қабілеті қалыптасады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ақпараттық-цифрлық технологияларға негізделген оқу жұмыстарының үлгілері.

ЖОО оқу/оқыту үдерісін жүзеге асыруда, дәрістерде АЦТ қолдану төмендегідей мақсат-міндеттерді шешуге бағытталады:

– дәріс материалдарын PowerPoint, Prezi сияқты мультимедиялық бағдарламалар арқылы көрнекі етіп жеткізу;

– интерактивті тақтаны пайдалану арқылы тарихи деректерді бейнематериалдармен, карталармен, инфографикалармен толықтыру;

– электронды оқулықтар мен цифрлық ресурстарды (Bilimland, iTest, Moodle платформасы) енгізу.

Семинар сабақтарында АЦТ қолдану төмендегідей мақсат-міндеттерді шешуге бағытталады:

– онлайн-викториналар (Kahoot, Quizizz) арқылы студенттердің білімін жедел тексеру;

– виртуалды музей материалдарын пайдалану арқылы тарихи оқиғаларды талқылау;

– Google Classroom немесе Microsoft Teams арқылы семинар тақырыптары бойынша деректерді алдын ала бөлісу және пікір алмасу.

– Padlet, Mentimeter құралдары арқылы интерактивті талдау, пікір білдіру.

АЦТ білім алушылардың өзіндік жұмыстарын (БӨЖ) ұйымдастыру мен орындауда төмендегі іс-әрекеттерді шешу үшін қолданылуы мүмкін:

– Moodle, Google Classroom платформаларында онлайн тапсырмалар орындау;

– электронды кітапханалармен (e-history, tarikh.begalinka порталы) жұмыс істеу;

– дереккөздермен салыстырмалы талдау жасауға арналған рефераттар, презентациялар дайындау;

– цифрлық хронологиялық карталар жасау, тарихи тұлғаларға қатысты мультимедиялық жобалар әзірлеу.

Сонымен қатар, АЦТ-ны оқыту үдерісінде қолдану практикалық-әдістемелік тұрғыдан маңызды болып табылады:

– АЦТ негізіндегі дәріс, семинар, БӨЖ үлгілері студенттердің тарихи білімді қабылдауын жеңілдетеді;

– тарихи фактілерді есте сақтауды, сыни тұрғыдан ойлауды дамытады;

– білім алушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді;

– оқу процесінің тиімділігі артып, білім алушылардың оқу мотивациясы жоғарылайды.

Теориялық мағлұматтарға сәйкес жалпы практикалық үлгілер ретінде төмендегілерді ұсынуға болады:

1. Дәріс жоспары (PowerPoint/Prezi, Bilimland ресурстары негізінде)

Тақырып: «Қазақ хандығының құрылуы және тарихи маңызы».

Мақсаты: Білім алушылардың Қазақ хандығының құрылу тарихын, негізгі тұлғаларын және тарихи рөлін түсінуіне жағдай жасау.

Жоспар:

1. Қазақ хандығы құрылуының тарихи алғышарттары.

2. Керей мен Жәнібек хандардың рөлі.

3. Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясаты.

4. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы.

5. Қазақ хандығының маңызы мен мұрасы.

АЦТ қолданысы:

– интерактивті карта: XV ғасырдағы Дешті Қыпшақ аумағы;

– бейнематериал: «Қазақ хандығы – мемлекеттіліктің бастау көзі» (Bilimland);

– тарихи тұлғаларға арналған мультимедиялық портреттер.

2. Семинар сабағының үлгісі (Google Classroom, Kahoot арқылы)

Тақырып: «Қазақстандағы XV–XVII ғғ. саяси жағдай»

Талқылау сұрақтары:

1. Қазақ хандығының құрылу себептері қандай болды?

2. Қазақ хандарының ішкі және сыртқы саясатында қандай ерекшеліктер байқалды?

3. Қазақ хандығының Орталық Азиядағы орны қандай болды?

4. «Ұлттың бірлігі – мемлекеттіліктің негізі» дегенді Қазақ хандығы мысалында қалай түсіндіруге болады?

Интерактивті тапсырмалар:

1. Kahoot викторинасы (10 сұрақ, жылдам жауап беру).

2. Google Classroom-да пікірталас: «Егер Қазақ хандығы құрылмаса, Қазақстан тарихы қалай дамуы мүмкін еді?»

3. БӨЖ (Өзіндік жұмыс) тапсырмалары

Тапсырма 1.

Moodle платформасында «Қазақ хандығы» тақырыбына қатысты электронды оқулықтар мен қосымша дереккөздер бойынша конспект дайындау.

Тапсырма 2.

Google Docs құжаты арқылы топтық жұмыс: Қазақ хандығы кезеңіндегі бір тарихи тұлға (Керей, Жәнібек, Қасым хан, Хакназар хан т.б.) туралы мультимедиялық жоба әзірлеу (бейнематериал, карта, цитаталар қолдану).

Тапсырма 3.

Padlet қабырғасында шағын зерттеу: «Қазақ хандығының Қазақстан тарихындағы орны» тақырыбында пост жазу және пікірталас жүргізу.

Тапсырма 4.

Цифрлық тарихи карта (TimeGraphics немесе Google Earth) арқылы Қазақ хандығының аумағының өзгерісін бейнелеп, қысқаша сипаттама беру.

Тапсырма 5.

Bilimland платформасындағы «Қазақ хандығы» бейнематериалын көріп, сұрақтарға жазбаша жауап беру:

– Қазақ хандығының құрылуындағы басты тарихи факторлар қандай?

– Қазақ хандары халық бірлігін сақтауда қандай саясат ұстанды?

АЦТ-ны оқу үдерісінде қолдану әдістемелік тұрғыдан маңызды. Ұсынылған үлгілер оқытушыға нақты практикалық нұсқаулық ретінде қолданылады, ал білім алушы үшін оқу материалын терең меңгеруге, сыни ойлау мен зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Зерттеу тақырыбына сәйкес «Қазақстан тарихы» пәні бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделген оқу жұмыстарының үлгілері (дәріс, семинар, БӨЖ) тақырыптық нұсқалары төменде берілген.

1. Дәріс жұмысы үлгісі

Тақырып: Алаш қозғалысы және оның тарихи маңызы
Қолданылатын АКТ құралдары мен материалдары:

Презентация (PowerPoint, Canva): тарихи деректерді, фотосуреттерді, карта-схемаларды енгізу.

Padlet немесе Mentimeter: білім алушылардың «Алаш қозғалысының басты идеялары қандай?» деген сұраққа онлайн жауап беруі.

Бейнематериал (YouTube, Bilimland): «Алаш зиялылары» туралы деректі фильм үзіндісін көрсету.

Дәріс барысы:

1. Презентация арқылы негізгі тарихи деректер баяндалады.
2. Білім алушылар Padlet-ке қысқаша ойларын жазады.
3. Бейнеүзінді көрсетіліп, кейін талқылау жүргізіледі.
2. Семинар жұмысы үлгісі

Тақырып: Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңдері (1991–2000 жж.)

Пайдаланылатын АЦТ құралдары:

Google Classroom: алдын ала материалдар мен сұрақтар жүктеледі.

Kahoot: тарихи даталар мен тұлғалар бойынша викторина.

Jamboard немесе Miro: «Қазақстанның тәуелсіздікке жету жолындағы басты қадамдары» тақырыбында топтық интеллект-карта жасау.

Семинар барысы:

1. Әрбір білім алушы топта жұмыс істеп, Jamboard-та интеллект-карта құрастырады.
2. Kahoot арқылы қысқа тест жүргізіледі.
3. Қорытынды талқылауда әр топ өз жұмысын қорғайды.
3. БӨЖ (Білім алушының өзіндік жұмысы) үлгісі

Тақырып: Қазақстандағы индустриализация және оның нәтижелері

Қолданылатын АЦТ құралдары:

Moodle немесе Google Classroom: тапсырманы беру және жүктеу алаңы.

PowerPoint/Prezi: білім алушылардың презентация дайындауы.

YouTube немесе подкаст: білім алушы шағын бейне немесе аудио талдау жазады.

Тапсырмалар үлгісі:

1. «Қазақстандағы индустриализацияның оң және теріс жақтары» тақырыбында инфографика жасау (Canva).

2. Қысқа бейнеролик түсіру: «Егер мен 1930 жылдардағы Қазақстан жастарының орнында болсам...» (шығармашылық тапсырма).

3. Moodle жүйесінде шағын эссе тапсыру.

Ұсынылған үлгілерді «Алаш қозғалысы», «Тәуелсіз Қазақстан», «Жаңа Қазақстан» сияқты басқа да тақырыптарға ыңғайлап қолдануға болады.

«Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда интерактивті құралдардың қолданылуы. ЖОО оқу жұмыстарында интерактивті құралдарды: интерактивті карталар, онлайн-хронологиялар, инфографика және цифрлық тапсырмаларды қолдану оқыту нәтижесін арттыруға мол мүмкіндік береді. Қазақстан тарихы пәнін оқытуда интерактивті карталар педагогикалық тұрғыдан қажетті құрал болып табылады. Атап айтқанда:

1. Интерактивті карталар

1. Қазақстан тарихындағы территориялық өзгерістерді, мемлекеттердің қалыптасу кезеңдерін визуалды көрсетуге мүмкіндік береді.

2. Білім алушылардың тарихи оқиғаларды кеңістіктік тұрғыдан түсінуін арттырады.

Google Maps, ArcGIS StoryMaps секілді платформаларды қолдану тарихи деректерді бейнелеуді жеңілдетеді.

Практика: «Қазақ хандығының аумағы XV–XVIII ғғ.» картасын интерактивті түрде құру.

2. Онлайн-хронологиялар

Тарихи оқиғалардың уақыттық тізбегін жүйелі түрде меңгеруге көмектеседі.

TimelineJS, Tiki-Toki секілді құралдар арқылы білім алушыларға тарихи кезеңдерді динамикалық форматта ұсынуға болады.

Практика: «Қазақстандағы тәуелсіздік жылдарындағы реформалар» хронологиясын құру.

3. Инфографика

Күрделі тарихи мәліметтерді ықшам, көрнекі әрі түсінікті түрде ұсынудың тиімді тәсілі.

Canva, Piktochart сияқты бағдарламалар тарихи деректерді визуализациялауға мүмкіндік береді.

Практика: «Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы» тақырыбы бойынша статистикалық инфографика жасау.

Практикалық тапсырмалар (студенттерге арналған)

1. Дәріс негізінде: Қазақстандағы ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің аумағын Google Maps-та интерактивті карта түрінде көрсету.

2. Семинарға: «Абылай хан дәуіріндегі қазақ қоғамы» тақырыбын инфографика түрінде дайындап, сыныпта талқылау.

3. БӨЖ тапсырмалары:

1. TimelineJS арқылы «Қазақстандағы 1917–1991 жылдар аралығындағы саяси оқиғалар» хронологиясын құру.

2. Инфографика арқылы «Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық қатынастары» тақырыбын рәсімдеу.

ArcGIS немесе Google Earth негізінде «Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштердің географиясы» интерактивті картасын жасау.

Сонымен қатар, білім алушылардың өзіндік жұмыстарына арналған цифрлық тапсырмалардың кеңінен қолданылуы оқыту нәтижесін арттыруымен қатар, педагогикалық үдеріске қатысушылардың белсенді әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Өзіндік жұмыс – білім алушылардың оқу процесінде алған білімдерін тереңдетуге, зерттеушілік қабілетін дамытуға және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдануға бағытталған маңызды іс-әрекет. Цифрлық ортада мұндай жұмыстар білім алушылардың дербес ізденісін қолдап қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады және тарихи білімді практикалық тұрғыдан қолдануға мүмкіндік береді.

Цифрлық тапсырмалар түрлері:

1. Онлайн-эссе жазу (Google Docs, Moodle, Classroom):

Тақырып: «Қазақстандағы Алаш қозғалысының тарихи рөлі».

Тапсырма: дереккөздермен жұмыс істей отырып, 500–700 сөздік эссе дайындау, мәтінге деректер мен дәйексөздерді гиперсілтемелер арқылы енгізу.

2. Интерактивті тест құрастыру (Quizizz, Kahoot, Socrative):

Тақырып: «Қазақ хандығы дәуіріндегі ішкі және сыртқы саясат».

Тапсырма: 10-15 сұрақтан тұратын тест құрастырып, сыныптарымен бөлісу және талдау.

3. Цифрлық инфографика жасау (Canva, Piktochart):

Тақырып: «Қазақстандағы индустрияландыру кезеңі».

Тапсырма: тарихи оқиғалардың себеп-салдарын, негізгі кезеңдерін инфографика арқылы көрсету.

4. Онлайн-хронология құрастыру (Time.Graphics, Sutori):

Тақырып: «Қазақстандағы тәуелсіздік жылдарындағы маңызды оқиғалар».

Тапсырма: жылдар бойынша деректерді цифрлық уақыт сызығына орналастыру, суреттер және бейнематериалдар қосу.

5. Бейнеролик түсіру (YouTube, TikTok Edu, Canva Video):

Тақырып: «Ұлы Жібек жолы және Қазақстан аумағы».

Тапсырма: тарихи деректер негізінде 3–5 минуттық бейнеролик дайындау, карта мен иллюстрацияларды қолдану.

6. Виртуалды көрме ұйымдастыру (Google Sites, Padlet):

Тақырып: «Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері».

Тапсырма: фотосуреттер, құжаттар және бейнематериалдарды жинақтап, виртуалды көрме ретінде рәсімдеу.

Тапсырмалар үлгісі (студентке арналған нұсқа)

Тапсырма 1: Moodle платформасында «Алаш қозғалысының тарихи мұрасы» тақырыбы бойынша дереккөздермен жұмыс жаса. 2 негізгі құжатты таңдап, қысқаша талдау жасаңыз.

Тапсырма 2: Google Classroom-да «Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы» тақырыбы бойынша инфографика жасап, талқылауға жүктеңіз.

Тапсырма 3: Kahoot платформасында «Қазақ хандығы» тақырыбына тест құрастырыңыз. Кемінде 12 сұрақ болсын.

Тапсырма 4: Time.Graphics сервисінде «Тәуелсіз Қазақстандағы реформалар» атты хронологиялық сызба жасаңыз.

Тапсырма 5: «Ұлы Отан соғысына Қазақстанның қосқан үлесі» тақырыбында 3 минуттық бейнеролик түсіріп, YouTube-та жеке арнаға жүктеп, сілтемесін жіберіңіз.

Сонымен, цифрлық тапсырмалар білім алушылардың дербес білім алуын ынталандырып, ақпаратты талдау, визуализациялау, шығармашылықпен қолдану дағдыларын дамытады. Мұндай жұмыстар білім алушылардың тек тарихи білімін ғана емес, сонымен қатар ХХІ ғасыр дағдыларын (цифрлық сауаттылық, медиа мәдениет, сыни ойлау, креативтілік) қалыптастыруға ықпал етеді.

Білім алушылар өзіндік жұмыстарына арналған цифрлық тапсырмалар үлгілері мен соған сәйкес бағалау критерийлерінің дайындалуы бағдарлы жұмыс мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес цифрлық тапсырмалар үлгілері мен бағалау критерийлері ұсынылады.

Цифрлық тапсырмалар үлгілері

1-тапсырма. Инфографика құрастыру

Тақырып: Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы саяси реформалар.

Құрал: Canva / Piktochart.

Мазмұны: Білім алушы негізгі оқиғаларды (1991–2022 жж.) хронологиялық реттілікпен инфографикада бейнелейді.

2-тапсырма. Подкаст жазу

Тақырып: Алаш қайраткерлерінің тарихи мұрасы.

Құрал: Audacity / Anchor / смартфон жазба қосымшасы.

Мазмұны: 5-7 минуттық қысқа подкаст, деректер мен тарихи тұжырымдарды қамту.

3-тапсырма. Бейнежоба жасау

Тақырып: Ұлы Жібек жолы және Қазақстан.

Құрал: Powtoon / Adobe Express / YouTube.

Мазмұны: Білім алушы шағын анимациялық бейнеролик немесе слайд-видео дайындайды.

4-тапсырма. Онлайн-тест әзірлеу

Тақырып: Қазақ хандығы тарихы.

Құрал: Kahoot / Quizizz / Google Forms.

Мазмұны: 10–15 сұрақтан тұратын тест құрастыру, жауап нұсқаларын енгізу.

5-тапсырма. Цифрлық эссе

Тақырып: Тәуелсіз Қазақстанның халықаралық беделі.

Құрал: Google Docs немесе Moodle жүйесі.

Мазмұны: 500–700 сөздік эссе, мәтін ішінде дереккөздерге сілтеме беріледі.

Ұсынылған үлгілерге сәйкес төмендегідей бағалау критерийлерін басшылыққа алуға болады (10 кесте).

10-кесте

Бағалау критерийлері

№	Критерий	Дескрипторлар	Балл
1	Мазмұнның толықтығы	Тақырып толық ашылған, негізгі фактілер мен дәлелдер қамтылған	0–5
2	Дереккөздерді пайдалану	Ғылыми әдебиеттер мен сенімді цифрлық дереккөздерге сүйенген (кемінде 3–5 дереккөз)	0–5

3	Цифрлық құралдарды меңгеру	Таңдалған цифрлық платформаны сауатты қолдану, жұмыстың техникалық сапасы (инфографика, бейне, подкаст, тест)	0–5
4	Шығармашылық көзқарас	Жаңашылдық, өзіндік идеялар, эстетикалық безендіру, авторлық ойдың көрінуі	0–5
	Жалпы балл	Ең жоғары – 20 балл	20

Ұсынылған үлгі тапсырмалар мен критерийлерді әрбір тақырыпқа ыңғайлап қолдануға болатынын көруге болады.

Бағалау жүйесін рейтингтік (20 балдық), пайыздық немесе дәстүрлі баға шкаласына көшіруге мүмкіндік бар, оның ішінде 100 балдық бағалау өлшемдеріне көшіруге де болады.

3.2. Білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, зерттеушілік дағдыларын дамытудағы цифрлық әдістер

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту. Бұл үдерісте ақпараттық-цифрлық технологиялар (АЦТ) ерекше рөл атқарады.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының «Білім мен дағдылардың болашағы 2030» еңбегі [142] білім берудің болашағына арналған халықаралық зерттеу болып табылады. Аталған құжатта ХХІ ғасырдағы негізгі құзыреттерді дамыту, білім алушыларды жаһандық өзгерістерге бейімдеу, цифрлық сауаттылық пен өмір бойы білім алу дағдыларына баса назар аударған. Еңбекте білім беру жүйесінің икемділігі, оқыту нәтижелерін бағалаудың жаңа тәсілдері, сондай-ақ цифрлық технологиялардың білім беру процесіндегі рөлі жан-жақты талданған.

Аталған еңбек зерттеу жұмысы үшін келесі тұрғыдан құнды болып табылады:

- білім алушылардың болашақ дағдылары зерттеу жұмысында қарастырылған білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту мен зерттеушілік қабілеттерін жетілдіру мәселелерін халықаралық стандарттармен байланыстыруға мүмкіндік береді;

- цифрлық сауаттылық бойынша Қазақстан тарихын оқытуда білім алушылардың цифрлық ортада ақпаратты іздеу, талдау және қолдану дағдыларын қалыптастыруға басымдық береді;

- оқыту сапасын бағалауға сәйкес аталған еңбекте көрсетілген

білім нәтижелерін бағалаудың жаңа үлгілері цифрлық ортада оқыту сапасын бағалау бойынша оқу материалдарын толықтыру үшін маңызды;

– перспективалық бағыт ретінде білім беруді 2030 жылға дейін дамытуға қатысты ұсыныстарды зерттеу жұмысының қорытындысында көрсетілетін болашақтағы даму перспективаларын дәлелді негіздеуге қолданылады.

«Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда АЦТ құралдарын пайдалану тарихи деректерді талдауға, салыстыруға, бағалауға және өз көзқарасын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Сыни ойлауды дамытудағы АЦТ мүмкіндіктері:

1. Ақпаратқа қолжетімділікті кеңейту: онлайн-ресурстар мен цифрлық кітапханалардан тарихи деректерді салыстырып, дербес талдау жасауға жағдай тудырады.

2. Көрнекілік пен интерактивтілік: мультимедиялық карталар, 3D модельдер мен виртуалды турлар білім алушылардың тарихи құбылыстарға әртүрлі қырынан қарауына ықпал етеді.

3. Талдау және пікір алмасу алаңы: онлайн-форумдар, чат-платформалар, блогтар арқылы білім алушылар өз ойларын ортаға салып, пікірталас жүргізеді.

4. Тапсырмаларды саралау: интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар білім алушының жеке қабілетіне сәйкес ұсынылып, дербес ойлауын жетілдіреді.

5. Дереккөздермен жұмыс істеу: тарихи құжаттардың электронды нұсқаларын талдау, деректерді салыстыру және тарихи фактілерді дәлелді түсіндіруге мүмкіндік береді.

АЦТ құралдарын қолдану арқылы білім алушылардың сұрақ қою, талдау, дәлелдеу, рефлексия жасау дағдылары қалыптасады.

Бұл тәсіл білім алушыларды тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, сонымен бірге белсенді ізденуші және талдаушы тұлға ретінде қалыптастырады.

Нәтижесінде, «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту барысында білім алушылардың тарихи құбылыстарға баға беру, себеп-салдарлық байланыстарды көру және дербес қорытынды жасау қабілеті дамиды.

Енді Bilimland, Moodle, Google Classroom платформалары негізінде сыни ойлауды дамыту мүмкіндіктері туралы қысқаша тоқталып өтуге болады.

Bilimland платформасы арқылы сыни ойлауды дамыту.

Bilimland-тың бейнематериалдары, анимациялық сабақтары мен интерактивті тапсырмалары білім алушыларды тарихи фактілерді жай ғана жаттап қоймай, олардың мәнін түсінуге жетелейді. Мысалы, «Қазақстандағы XX ғасырдың саяси оқиғалары» тақырыбы бойынша бейнематериалдарды көргеннен кейін білім алушыларға «Оқиға себептері мен салдарын салыстырыңыз» немесе «Бүгінгі күнмен байланысын талдаңыз» деген тапсырмалар беріледі.

Бұл тәсіл ақпаратты талдау, салыстыру және баға беру қабілетін дамытады.

Moodle жүйесінде сыни ойлауды қалыптастыру.

Moodle платформасында модульдік курстар дайындау арқылы білім алушылардың өзіндік ізденісін күшейтуге болады. Мысалы, «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбы бойынша бірнеше дереккөз (оқулық мәтіні, тарихи құжат үзіндісі, карталар) жүктеліп, білім алушыларға салыстырмалы талдау жүргізу тапсырмасы беріледі.

Форум немесе чат арқылы пікірталас ұйымдастыру арқылы әр білім алушылар өз көзқарасын дәлелдеуге мүмкіндік алады.

Google Classroom қолдану тәжірибесі

Google Classroom арқылы оқытушы білім алушыларға тарихи құжаттар, кестелер, суреттер жүктеп, оларды талдау және интерпретациялау тапсырмаларын ұсына алады. Мысалы, білім алушыларға «Алаш зиялыларының еңбектерінен үзінді» беріліп, «Бұл идеялардың қоғам дамуына ықпалы қандай?» деген сыни сұрақ қойылады.

Топтық тапсырмалар ретінде білім алушылар шағын зерттеу жобаларын дайындап, Google Docs немесе Google Slides арқылы ортақ жұмысты бірлесе жасай алады.

АҚТ көмегімен сыни ойлауды дамыту әдістері

Викториналар мен онлайн-тестілер – білім алушылардың тек білімін тексеріп қана қоймай, логикалық байланыстарды анықтауына мүмкіндік береді.

Тарихи симуляциялар – белгілі бір кезеңдегі жағдайға «кіру» арқылы тарихи тұлғалардың шешімін талдау.

Онлайн пікірталастар – әртүрлі көзқарастарды дәлелдеу және қарсы пікірлерді сын тұрғысынан бағалауға ықпал етеді.

Сонымен, Bilimland – мазмұнды визуалды жеткізуге, Moodle – ғылыми-ізденістік, талдамалық жұмыстарға, ал Google Classroom – интерактивті тапсырмалар мен топтық жұмысты ұйымдастыруға

тиімді. Үшеуін кешенді қолдану білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға зор ықпал етеді.

Білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға арналған әдістемелік тәсілдер

Білім алушылардың зерттеушілік дағдыларының мәні неде? – деген сұрақ туындайды. Оған төмендегідей түсінік беруге болады.

Білім алушылардың зерттеушілік қабілеті – олардың тарихи құбылыстарды талдау, деректерді салыстыру, логикалық қорытынды жасау және өз көзқарасын дәлелді түрде ұсыну қабілеттерін дамытуға бағытталған. Қазақстан тарихын оқыту барысында бұл дағдылар сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық ізденіс пен дербес танымдық белсенділік арқылы қалыптасады.

Осы мақсатта әдістемелік ұсыныстар жасау қарастырылады.

1. Мәселелік оқыту әдісі – білім алушыларға тарихи оқиғаларға байланысты проблемалық сұрақтар қойып, оларды деректер мен қосымша әдебиеттер негізінде шешуге бағыттау.

2. Жобалық жұмыс – білім алушыларға белгілі бір тарихи кезең немесе тұлғаға байланысты зерттеу жобаларын әзірлету. Жоба барысында цифрлық ресурстарды (электронды кітапхана, виртуалды музей, деректер базасы) қолдану ұсынылады.

3. Дерекпен жұмыс – архивтік құжаттар, жылнамалар, тарихи карталар мен фотоқұжаттарды талдау арқылы зерттеу жүргізуге үйрету. Бұл әдіс тарихи ойлауды және дереккөздерді сыни тұрғыдан бағалауды дамытады.

4. Цифрлық құралдарды қолдану – Bilimland, Moodle, Google Classroom секілді платформаларда зерттеу тақырыптары бойынша тапсырмалар беру, онлайн пікірталастар мен жобалық презентациялар ұйымдастыру.

5. Тарихи симуляциялар мен дебаттар – белгілі бір тарихи кезең оқиғаларын модельдеу арқылы білім алушыларды дербес зерттеуге және дәлелді пікір айтуға ынталандыру.

Аталған әдістемелік ұсыныстар бойынша жасалған жұмыстардың практикалық маңыздылығы ретінде атап өтуге болатыны: зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға қызығушылығы артады, тарихи деректерді сыни тұрғыдан саралау қабілеті дамиды. Бұл болашақ тарихшы-мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен ұсыныс ретінде айтуға болатыны Қазақстан тарихын оқытуда зерттеушілік дағдыларды дамыту – тек академиялық білім берумен шектелмей, білім алушыларды шығармашылық ізденіске, ғылыми-зерттеу қызметіне бейімдеуді көздейді. Осы мақсатта дәстүрлі әдістерді заманауи цифрлық технологиялармен ұштастыру тиімді нәтижеге жеткізеді.

Бүгінде тарихты оқытуда технологиялық мазмұндық білімнің маңызы артып келеді. Технологияның қарқынды дамуы нәтижесінде студенттердің тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі цифрлық құралдар мен ресурстар қолданылады [143]. Интерактивті карталар, виртуалды турлар, симуляциялар және цифрлық архивтер сияқты технологиялық құралдар студенттерге тарихи оқиғалар мен үдерістерді тиімдірек үйрету және олардың оқу ынтасын арттыру үшін жиі пайдаланылады [144]. Сонымен қатар, онлайн дереккөздер мен цифрлық кітапханалар арқылы студенттер зерттеу дағдыларын дамытып, тарихи оқиғаларды әртүрлі қырынан қарастыруға ынталандырылады. Технологиялық мазмұндық білім тарихты оқытуға деген қызығушылықты арттырып, студенттердің оқу тәжірибесін тиімді әрі әсерлі етіп, олардың тарихи түсінігін тереңдетуге көмектеседі [145]. Сондықтан, тарихты оқытуда технологиялық мазмұндық білімге ие оқытушылар мен студенттердің тиімді өзара іс-қимылы оқу процесін байытып, тарих туралы жаңа түсініктер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқытудағы белсенді педагогикалық тәжірибе басталғаннан кейін технологиялық және педагогикалық мазмұндық білімде төмендеу байқалуы мүмкін [146]. Бұл оқытушылардың уақытын сыныптағы өзара әрекеттестік пен студенттерді басқаруға көбірек бөлуімен байланысты болуы мүмкін. Сабақ материалдарын дайындау және ұсыну барысында технологиялық құралдарды пайдалану қажеттілігі азаюы мүмкін [147]. Алайда, технологияның үнемі дамуы және білім берудегі өзгермелі қажеттіліктерді ескере отырып, педагогикалық және технологиялық мазмұндық білімді үздіксіз жаңартып, жетілдіру маңызды. Бұл тарих сабақтары үшін де өзекті. Курстың тұрақтылығын сақтау үшін дәстүрлі дәріс беру әдісінен алыстап, педагогикалық және пәндік білімді технологиялық ресурстармен үйлестіру өте маңызды.

Тарих сабақтарында технологиялық мазмұндық білімді қолдану студенттердің тарихи оқиғалар мен ұғымдарды тиімді түсінуіне

және меңгеруіне көмектесетін әртүрлі әдістерді қамтиды. Мысалы, виртуалды тарихи турлар студенттерге өткен дәуірлерді шынайы зерттеуге мүмкіндік береді [148]. Интерактивті карталар тарихи оқиғалардың географиялық орналасуын көрнекі түрде зерттеуге көмектеседі [149]. Тарихи модельдеу студенттерге өткен шешімдер мен оқиғаларды бастан кешіру арқылы тарихи контексті тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [150]. Сонымен қатар, цифрлық мұрағаттар мен ресурстар студенттердің өз бетінше зерттеу жүргізуін және тарихи құжаттарды талдауын жеңілдетеді. Бұл тәсілдер студенттердің тарихи оқиғалар мен процестерді нақтырақ түсінуіне көмектесіп, оқу тәжірибесін тиімді әрі тартымды етеді.

Соңғы уақытта білім беру жүйесінде орын алып жатқан парадигмалық өзгерістер білім алушыны оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде қарастыруды көздейді. Осы орайда, әсіресе тарих пәнін оқытуда студенттердің танымдық қызығушылығын дамыту өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл тақырып бойынша В.М. Вергазов [151], А.К. Маркова [152], Н.Г. Морозова [153], Г.И. Щукина [154] секілді ғалымдардың еңбектері назар аударарлық.

«Қызығушылық» ұғымына байланысты философтардың көзқарастары бірыңғай емес. Бұл ұғымға ерекше назар ХХ ғасырдың соңында аударыла бастады және ол П. Бурдьё, Д.В. Александров, Н.А. Гнилицкий, А.Г. Здравомыслов, В.О. Бернацкий сынды бірқатар отандық және шетелдік ойшылдардың еңбектерінде сипатталған.

П. Бурдьё бұл ұғымды адамның белсенді іс-әрекетімен байланыстырып қарастырады. Ол қызығушылықты немқұрайлық пен енжарлыққа қарама-қарсы қоя отырып: «...таным объектілері жай ғана сырттан бақылау арқылы емес, оларды арнайы қалыптастыру арқылы танылады... мұндай таным құрылымы тәжірибе барысында қалыптасатын әрі үнемі практикалық қызметке бағытталған құрылымдық диспозициялар жүйесіне сүйенеді», – деп тұжырымдайды [155, 43–44 с.].

Д.В. Александров «Қоғамтану үшін «қызығушылық» ұғымы қажет пе?» атты мақаласында бұл ұғымның түрлі салаларда қолданылу ерекшеліктерін сипаттайды. Ол қызығушылықты психология, экономика, саясаттану, құқық және әлеуметтану салаларында әртүрлі тұрғыда түсіндіруге болатынын атап өтеді. Сонымен қатар, «қызығушылық» ұғымына мәндес ретінде «бағыттылық» пен «мотивацияны» келтіреді.

Зерттеуші бұл ұғымның мазмұнын нақтылай отырып, былай дейді: «Қызығушылық» – «қажеттілік» секілді адамның практикалық қажеттілігін білдіретін ұғым. Алайда, ол әлеуметтік субъектінің өмір сүру мен даму жағдайларына деген көзқарасын тереңірек әрі нақтырақ ашады» [156, 65 с.].

Студент тек оқудың өзі үшін мәні бар әрі қызықты болған жағдайда ғана шынайы ынтамен және өз бетінше білім алуға ұмтылады.

О.С. Гребенюк танымдық қызығушылықтың қалыптасу себептері мен оны санада ұғыну ерекшеліктеріне тоқтала келе, былай деп жазады: «Педагогика тұрғысынан алғанда, мұнда жеке тұлғаның өзінің ішкі түрткілерін басқара білуі және оларды болашақтағы мақсаттарымен үйлестіре алуы маңызды орын алады. Бұл ретте ұстаздың атқаратын рөлі ерекше, себебі ол білім алушының мотивациялық жүйесінің қалыптасуына ықпал етеді» [157].

В.А. Слостенин болса, «тұлғаның қалыптасуында шешуші рөл атқаратын – оның әлеуметтік тәжірибесі барысында жинақталған қызығушылықтары, түрткілері мен мақсаттары. Аталған құндылықтар адамның жеке қасиеттерін айқындап қана қоймай, оның физикалық әлсіз тұстарын жеңуге күш береді» деп атап өтеді [158, 172 с.].

Г.И. Щукина айтуынша, танымдық қызығушылық – бұл тұлғаның белгілі бір білім саласына, оның мазмұнына және оны меңгеру үдерісіне бағытталған саналы әрі таңдаулы қызығушылығы [154, 9 с.]. Тарих пәнін оқытуда бұл қызығушылық білім алушылардың өткенге деген ынтасын арттырып, деректермен жұмыс істеуге, тарихи ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Г.И. Щукина еңбегінде танымдық қызығушылықтың дамуының үш деңгейі көрсетілген [154, 11 с.]:

– төмен деңгей – бұл деңгейде айқын мотивацияның болмауы, қысқа мерзімді әрі әлсіз қызығушылықтың көрініс табуы, оқу тапсырмасын орындауда жүйеліліктің болмауы сипатталады;

– орта деңгей – мұнда оқу әрекеті ұзағырақ уақытқа созылады, тапсырманы орындауда жүйелілік пен үйлестірілген әрекеттер байқалады, білім алушы себеп-салдарлық байланыстар мен тәуелділіктерді өз бетінше орната алады;

– жоғары деңгей – білімді меңгеруге бағытталған дербес шығармашылық және ізденушілік әрекетпен ерекшеленеді, теориялық және практикалық мәселелерге тұрақты қызығушылық танытыла-

ды, оқу тапсырмасын шешуде нақты құрылымдалған (алгоритмдік) әрекеттер жүзеге асырылады.

Педагогикалық үдерістің маңызды бөліктерінің бірі – білім мазмұнын оқытушының тікелей араласуынсыз меңгеру, яғни өзіндік білім алу мен өзін-өзі жетілдіру болып табылады. Бұл, әсіресе, жоғары оқу орындарында өзекті, өйткені студенттердің өз бетінше орындайтын оқу жұмыстарының көлемі жылдан-жылға ұлғайып келеді. Мұндай өзгеріс қазіргі білім беру жүйесінің заңдылығына айналған. Ғылым мен техника үздіксіз дамып жатқан бүгінгі заманда кез келген мамандық иесі кәсіби ортада өз орнын сақтап қалу үшін үздіксіз түрде білімін жетілдіріп отыруы қажет. Сондықтан бұл дағдыны студенттік кезеңде-ақ қалыптастырған жөн.

Оқу үдерісіндегі түрткілердің ішінде ерекше маңызға ие бағыт – танымдық қызығушылыққа негізделген зияткерлік уәждер. Олардың қатарына білім алу барысында қанағаттану сезімін бастан кешіру, жаңа мәліметтерге деген қызығушылық, зерттеуге деген ықылас, мәдени білім көкжиегін кеңейтуге ұмтылу, қажетті дағдылар мен икемдерді игеруге талпыну, сондай-ақ оқу барысында туындайтын танымдық міндеттерді шешу ісінің өзіне деген қызығушылық жатады.

В.А. Слостенин танымдық қызығушылықтың қалыптасуы білім беру үдерісінде жүзеге асатынын және ол оқу мазмұны мен білім алушы мен оқытушы арасындағы өзара әрекетке байланысты екенін алға тартады. Бұл қызығушылықты дамытуға жаңаша ақпарат ұсыну, проблемалық жағдайлар енгізу, заманауи ғылым мен технология жетістіктерін оқу барысында пайдалану, алынған білімнің тұлғалық және қоғамдық маңызын ашып көрсету, шығармашылыққа бағытталған өзіндік тапсырмалар ұйымдастыру, сондай-ақ студенттердің бір-бірінен үйренуі мен өзара бақылау үдерістерін қолдану себеп болады [158, 322 с.].

Студенттердің танымдық қызығушылығын арттыру тақырыбы В.А. Марченконның зерттеулерінде де қарастырылады. Ол студент қызығушылығының негізгі нысаны – оқу пәнінің мазмұны екенін және оны толық меңгеру оқудың басты мақсатына айналатынын атап көрсетеді. Танымдық қызығушылық жалпы түрде адамның білімге бағытталған белсенді әрі саналы талпынысы ретінде анықталады. Ол жағымды ішкі уәждер арқылы қалыптасып, студентке жетістікке жету мен өз ісіне қанағаттану сезімін сыйлайды. Сондықтан

оқытушының басты міндеттерінің бірі – білім беру барысында осындай қызығушылық тудыратын жағдайларды жасап, таным әрекетінен туындайтын жағымды эмоцияларды бекіте білу [159, 226 с.].

Қазіргі білім беру үдерісінде танымдық қызығушылық деңгейін арттырудың басым құралы ретінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қарастырылады. Практикалық тәжірибе де осыны растайды. Е.С. Полаттың анықтамасы бойынша, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – бұл білім алушыға ақпаратты дайындау және жеткізу үдерісін жандандыратын құрал, ал оны жүзеге асыру құралы ретінде компьютер қолданылады [121, 13 с.].

Тарих пәнін оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану – білім алушылардың танымдық қызығушылығын белсенді етуге мүмкіндік беретін маңызды құралдардың бірі. Егер оқу үдерісінде бәсекелестікке негізделген жағымды орта қалыптасып, студенттердің рефлексиясы мен ізденімпаздығы ынталандырылса, олардың тарихи материалға деген қызығушылығы артып, оқу үдерісіне белсенді араласуы қамтамасыз етіледі.

Біздің зерттеуімізде танымдық қызығушылықты қалыптастыру мен дамыту концептуалды-әдістемелік негізде қарастырылып, оны жүзеге асыруда тұлғалық-бағдарлы және құзыреттілікке негізделген педагогикалық ұстанымдарға сүйену ұсынылады.

Құзыреттілік тәсілді қолдаған ғалымдар Б. Г. Ананьев [160], А.В. Хуторской [161] білім берудің қазіргі заманғы мақсаты тек теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгерту емес, сонымен қатар білім алушылардың кәсіби, әлеуметтік және тұлғалық дамуына ықпал ететін түйінді құзыреттерді қалыптастыру екенін көрсетеді.

Тарих пәнін оқытуда коммуникативтік құзыреттілік пен оның негізгі құрамдас бөліктерін қалыптастыру заманауи ақпараттық және цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізу арқылы тиімді жүзеге асады. Бұл технологиялар білім алушылардың тарихи мазмұнды түсініп, өз ойын нақты жеткізуіне, деректермен жұмыс істеу дағдысын жетілдіруге ықпал етеді.

Тұлғалық-бағдарлы тәсілді тарихты оқытуда қолдану – студентке өз қызығушылығы мен бейіміне сай әрекет етуге, дербестігін танытуға, шығармашылық қабілетін дамытуға жағдай жасайды. Мұндай тәсіл тарихи ақпаратты талдау, интерпретациялау, қорытынды жасау арқылы білім алушылардың танымдық белсен-

ділігін арттыруға, сондай-ақ, тарихи фактілерге негізделген өзіндік шешім қабылдау дағдыларын жетілдіруге жол ашады.

Тарих пәнін оқытуда білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында ғылыми еңбектерді [162; 163] және педагогикалық тәжірибені [164] зерделеу нәтижесінде бірқатар маңызды педагогикалық ұстанымдар айқындалды. Атап айтқанда, олар: жүйелі жұмыс жүргізу, мазмұндық байланыс, төзімділік пен рефлексияны дамыту.

Жүйелі жұмыс жүргізу ұстанымы тарихты оқытуда білім алушыларды оқу процесінің барлық кезеңдеріне белсенді түрде тарту арқылы олардың тарихи танымға деген қызығушылығын арттыруды көздейді. Мазмұндық байланыс ұстанымы тарихи материалды бірізділікпен меңгеруге мүмкіндік беріп, алдыңғы білім мен тәжірибені келесі кезеңдермен байланыстыра отырып, тарихи ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Төзімділік ұстанымы – тарих сабағында өзге көзқарастар мен пікірлерді құрметтеуге, тұлғаның дүниетанымдық ерекшеліктеріне сыйластықпен қарауға бағытталады. Бұл білім алушылардың әлеуметтік және мәдени толеранттылығын қалыптастырады. Ал рефлексия ұстанымы – студенттің өзін-өзі талдау, өз іс-әрекетінің нәтижесін бағалау, тарихи білімді саналы түрде қабылдау дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді.

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, осы зерттеуде болашақ тарих пәні мұғалімдерінің танымдық қызығушылығын арттыру мен шығармашылық әлеуетін дамыту үдерісі – тарихтың жеке пәндерін оқыту арқылы жүзеге асады және бұл үдеріс ақпараттық-цифрлық технологияларды қолдану негізінде құрылуы тиіс деген тұжырымға келеміз. Тарихты оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы ерекше, себебі олар оқу материалын көрнекі, тартымды әрі қолжетімді ету арқылы білім алушының пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану арқылы болашақ тарих мұғалімдерінің пәнге деген ынтасын қалыптастыруда, оларды дұрыс қолданудың педагогикалық шарттарын анықтау – тарихты оқытудағы жалпы педагогикалық заңдылықтар мен принциптерге негізделеді. Бұл заңдылықтар келесі аспектілерге сүйенеді:

– біріншіден, тарих пәнін оқытудың қоғамның заманауи сұраныстарына сай жүргізілуі;

– екіншіден, тарихи білім беру мен оны дамыту үдерістерінің өзара тығыз байланысы;

– үшіншіден, оқыту мақсаты, мазмұны, әдіс-тәсілдері мен ұйымдастыру формалары арасындағы бірізділік пен үйлесімділік.

Қазіргі тарихи білім беруде ақпараттық және цифрлық технологияларды тиімді қолдану мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Егер тарих пәні мұғалімі заманауи технологияларды меңгермесе немесе оларды төмен деңгейде пайдаланса, бұл оқыту сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан болашақ тарих мұғалімін даярлау үдерісінде цифрлық сауаттылық пен ақпараттық технологияларды қолданудың педагогикалық мүмкіндіктерін жүйелі түрде меңгерту – өзекті міндеттердің бірі.

Мұндай педагогикалық заңдылықтар тарих пәнін оқыту барысында қолданылатын әдістемелік ұстанымдарды айқындауға негіз болады. Бұл ұстанымдар кешенді түрде іске асырылып, білім алушының тарихи ойлауын, пәнге деген танымдық қызығушылығын және деректермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталады. Атап айтқанда, мақсаттылық пен ғылымилық, жүйелілік пен сабақтастық, белсенділік пен саналылық, тарихи деректердің мазмұндық өзектілігі мен пәнішілік және пәнаралық байланыс ұстанымдары тарихты оқытуда басты назарда болуы тиіс.

Педагогикалық шарттар білім беру үдерісін тиімді ұйымдастырудың негізі болып табылады. Бұрын оқыту үдерісі «мұғалім – оқулық – оқушы» форматына сүйенсе, қазіргі заман талаптарына сай бұл құрылымға «сандық құралдар» мен «интерактивті ресурстар» қосылып отыр. Осылайша, оқыту үдерісінде «мұғалім – оқулық – цифрлық ресурс – оқушы» арақатынасы қалыптасып, білім берудің жаңаша бағыттарын көрсетуде.

Тарих пәнін оқыту үдерісінде жүргізілген зерттеу жұмысы аясында бірқатар педагогикалық шарттардың тиімділігі дәлелденді. Атап айтқанда, тарих сабақтарында цифрлық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға болашақ мұғалімдерді кәсіби тұрғыда даярлау; студенттердің танымдық белсенділігін арттыру мақсатында заманауи технологиялық құралдарды пайдалану; оқу процесінде жағымды психо-эмоционалдық орта қалыптастырып, білім алушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын арттыру маңызды факторлар ретінде қарастырылды.

Жоғарыда аталған педагогикалық шарттарды ескере отырып, біз ұсынатын болашақ тарих пәні мұғалімдерінің танымдық қызығушылығын арттыруға бағытталған ақпараттық-цифрлық технологиялар негізіндегі оқыту жүйесі келесі дидактикалық талаптарды қамтиды:

- тарихты оқытудың әдістемелік құрамын кеңейту мақсатында қосымша мазмұн мен тақырыптарды енгізу;

- болашақ мұғалімдердің ақпараттық және цифрлық технология құралдарын еркін меңгеруі мен өздігінен білім алу дағдыларын дамыту үшін оқу процесін түсінікті және тартымды түрде ұйымдас-тыру;

- «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту барысында информатика сияқты пәндермен тығыз пәнаралық байланысты қалыптастыру;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы болашақ тарихшылардың пәнге деген қызығушылығын артты-руда оқыту әдістерінің, құралдарының және мазмұнының икемді әрі тиімді болуы;

- оқыту барысында ақпараттық және цифрлық технологиялар-ды қолдануды шығармашылық ізденіске негізделген тәсілдермен үйлестіріп, білім алушылардың зерттеушілік белсенділігін ынта-ландыру;

- электронды оқулықтар мен цифрлық бағалау-қадағалау жүйе-лерін пайдалану арқылы тарих пәнін оқытуға арналған арнайы оқыту бағдарламасын іске асыру.

Аталған бағыттар болашақ тарих мұғалімдерінің цифрлық құ-зыреттілігін арттырып қана қоймай, пәнге деген тұрақты қызығу-шылығын қалыптастыруға да жағдай жасайды.

Болашақ тарих мұғалімінің танымдық қызығушылығы келесі жағдайларда көрініс табады:

- тарихи құбылыстардың мәнін терең түсінуге ұмтылуында және оларды қазіргі заманмен байланыстыра білуінде;

- түрлі тарихи дереккөздермен жұмыс істеуге деген ықыласын-да және олардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды салыстыра талдай алуында;

- тарихи зерттеулерге белсенді араласып, жаңа ақпараттар мен деректерді ізденуінде;

- тарихты оқытудың заманауи әдіс-тәсілдерін меңгеруге қызы-ғушылық танытуында;

– әртүрлі тарихи көзқарастарды зерделеп, оларды сын тұрғысынан бағалауында;

– тарихи материалды шығармашылықпен ұсынудың жолдарын іздеуінде (инфографика, карталар, визуалды контенттер, т.б.);

– тарихи білімді практикада қолданудың (экскурсия, музей сабағы, тарихи реконструкция) маңызын түсініп, сол бағытта өзін дамытуға талпынуында.

Сондай-ақ, зерттеу барысында әзірленген модельдің критериалды-диагностикалық блогы тарих пәнін оқытуда білім алушылардың танымдық қызығушылығын дамыту деңгейін, оған әсер ететін өлшемдер мен көрсеткіштерді анықтау үшін қолданылды. Бұл мақсатта диагностикалық әдістер ретінде сауалнама жүргізу, бақылау, тестілеу, студенттер мен оқытушылармен әңгімелесу сияқты тәсілдер қолданылып, алынған мәліметтердің даму үдерісі жан-жақты талданды. Бұл мәселені келесі тарауда қарастыратын боламыз.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде көптеген болашақ тарих пәні мұғалімдері оқулықтарды көбінесе тек тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы қысқаша анықтамалар жинағы ретінде пайдаланып, мәліметтерді жаттап айтуға ерекше мән беретіндігі байқалды. Әрине, болашақ тарихшылардың тарихи ұғымдар мен негізгі терминдерді, фактілер мен даталарды меңгеруі маңызды. Алайда тек деректерді жаттау жеткіліксіз.

Студенттер Қазақстан тарихының әр кезеңін игеру барысында нақты дереккөздер мен тарихи құжаттарды талдап, соларға сүйене отырып, өз бетінше қорытынды жасап, тұжырымдар шығара білуі тиіс. Тарихи деректер мен оқиғаларға байланысты түрлі интерпретациялар жасау қабілеті – болашақ мұғалімнің кәсіби біліктілігінің көрсеткіші.

Мысалы, «Қазақ хандығының құрылуы» немесе «Алаш қозғалысы» тақырыптарын оқытуда студенттер тек хронологиялық мәліметтермен шектеліп қалмай, сол кезеңдегі саяси, әлеуметтік және мәдени үдерістерді жан-жақты зерттеп, түрлі көзқарастарды салыстыра отырып талдау жасауы қажет. Сонымен қатар, тарихи карталармен жұмыс істеу, деректі фильмдер көру, мұрағаттық материалдарды қолдану арқылы студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға болады.

Көп жағдайда студенттер «XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстар» сияқты күрделі тақырыптарды түсіндіруде қиындық

көреді. Бұл мәселелерді шешу үшін олар үнемі тарихи деректермен жұмыс істеп, шығармашылық тапсырмалар мен зерттеуге негізделген жаттығуларды орындап отыруы тиіс.

Тарихты оқыту үдерісінде білім – тек ақпарат берудің құралы ғана емес, сонымен қатар болашақ білікті мамандарды қалыптастыруға ықпал ететін маңызды ресурс болып саналады. Бұл үдерісті тиімді әрі уақтылы ұйымдастыру – оқытудың сапасын жақсартудың және тарихи білім беруде көзделген нәтижелерге жетудің негізгі шарты. Тарих пәнін оқыту мақсатты, жүйелі және жоспарлы әрекет болғандықтан, оның мақсаттары ерекше рөл атқарады.

Тарихты тиімді оқыту үшін оқытудың теориялық негіздері мен әдістемелік қағидаттарын қолдану қажет. Соңғы жылдары танымдық негіздегі оқыту тәсілдері кеңінен қолданылып келеді. Бұл тәсілде білім алушылардың ойлау қабілеттері мен танымдық белсенділіктерін дамытатын түрлі деңгейдегі оқу әрекеттері басшылыққа алынады. Мысалы, тарихи ұғымдарды білу, оларды түсіну және тарихи деректерді тәжірибеде қолдану – әртүрлі танымдық деңгейлерді қамтитын үдерістер.

Осыны негізге ала отырып, Блум және әріптестері 1956 жылы оқытудың танымдық мақсаттарын жүйелеуге тырысып, бүгінгі таңда Блум таксономиясы ретінде танылған жіктеуді ұсынған. Таксономия – білім мазмұнын жеңілден күрделіге қарай реттеп, бір-бірімен логикалық байланыс орнатуға мүмкіндік беретін жіктеу үлгісі [165]. Бұл құрылым тарихты кезең-кезеңімен, жүйелі меңгертуге тиімді әдіс ретінде қолданылады.

Блум таксономиясы алты негізгі сатыдан тұрады. Бұл сатылар бірізділікпен, қарапайымнан күрделіге қарай: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау ретімен орналасқан.

Блум таксономиясы – оқыту үдерісінде танымдық дағдыларды жүйелеу, оқу мақсаттарын нақты белгілеу және білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін кеңінен қолданылатын тиімді әдістемелік құрал. Осы әдіс арқылы білім беру нәтижелерін жоспарлау мен деңгейіне қарай оқу міндеттерін белгілеу мүмкіндігі бар, бұл оны тәжірибеде қолдануға қолайлы әрі бағыт беруші тәсілдердің бірі етеді.

Блум таксономиясы мен оның жанартылған нұсқасының негізгі міндеті – білім алушылардың меңгеруі тиіс оқу нәтижелерін айқындауда мұғалімдерге бағыт-бағдар беру және білім алушының

танымдық деңгейін нақтылау болып табылады. Алайда, қазіргі әлемдегі қарқынды өзгерістер адамзат баласын үнемі жаңаша технологиялармен және цифрлық құралдармен жұмыс істеуге итермелеуде. Бұл үдерістен білім беру жүйесінің қатысушылары – оқытушылар мен білім алушылар да шет қалмай, оларға да тікелей ықпал етіп отыр.

Соңғы жиырма бес жыл ішінде компьютерлер мен интернет технологиялары қоғам өмірінің барлық салаларына – тұрмыстан бастап кәсіби қызметке дейін – зор әсерін тигізген. Сонымен қатар, интернетке тәуелділік мәселесі жасөспірімдер арасында жиілеп, бұл құбылыс білім беру жүйесін де осы технологиялармен тығыз байланысты етіп отыр [166]. Білім беру үрдісінде бұл өзгерістер тек білім алушыларға ғана емес, педагогтарға да қатысты. Мәселен, кейбір зерттеулер мұғалімдердің интернет пен цифрлық құрылғыларды күнделікті өмірде жиі пайдаланатынын айғақтайды [167].

Қазіргі замандағы технологиялық жаңғыру білім беру үдерісіне ене отырып, білім алушылардың танымдық даму деңгейін жан-жақты көрсеткіштер негізінде бақылауды талап етеді. Бүгінде мемлекеттер технологиялық даму жолында бір-бірімен бәсекелесіп, жаһандық деңгейдегі жетекші компаниялардың басым бөлігі – IT және цифрлық салаға бағытталған кәсіпорындар болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, білім берудің басты міндеті – қоғамның сұранысына бейімделе алатын білікті мамандарды даярлау болса, мұғалімдер интерактивті құрылғыларды, мобильді қосымшаларды, білім беруге арналған платформалар мен әлеуметтік желілерді оқу-тәрбие үдерісіне батыл түрде енгізуі қажет. Бұл өзгерістер мұғалімдердің кәсіби жауапкершілігі мен заманауи технологияны мақсатты қолдана білуін талап етеді.

Цифрлық ресурстар оқу ортасын жаңғыртып, білім алуға қолайлы әрі нәтижеге бағытталған орта қалыптастыруға мүмкіндік береді [168]. Осы орайда, білім алушылардың сандық кеңістікте жүзеге асыра алатын әрекеттері мен мұғалімдердің электронды оқыту құралдарын тиімді пайдалану жолдарын жүйелі түрде қарастыру – бүгінгі күннің маңызды қажеттілігіне айналуға сонымен қатар, қазіргі тарихи білім беруде білім алушылар тек фактіні жаттап қана қоймай, ХХІ ғасыр талап ететін күрделі танымдық дағдыларды – сыни ойлау, шығармашылық талдау, тиімді қарым-қатынас және топпен жұмыс істеу қабілеттерін де меңгеруі тиіс. Осы

қажеттіліктерге байланысты тарихи оқытуда білім алушылардың танымдық қабілеттерін мақсатты түрде дамыту үшін мұғалімдерге бағыт-бағдар болатын жаңа үлгідегі жіктеу – Блумның цифрлық таксономиясы ұсынылған. Бұл жіктеуде мұғалімдерге арналған нақты етістіктер мен тарихи пәнге бейімделген мысалдар берілген.

Ұсынылып отырған бұл еңбекте, тарих сабағында цифрлық құралдарды пайдалану арқылы білім алушыларға сыни және талдамалық ойлау дағдыларын, қызығушылығын қалай дамытуға болатыны, сонымен қатар, сол дағдыларды бағалау үшін қандай іс-әрекеттерге басымдық беру қажеттігі қарастырылған.

Қазіргі цифрлық дәуірдің күнделікті өмірге енуімен бірге, жаңа технологиялық ұғымдар мен терминдер қоғамның барлық саласында, соның ішінде білім беру жүйесінде де кеңінен қолданыла бастады. Мәселен, «іздеу жүйесінде ақпарат қарау», «мәтінді көшіріп қою», «желідегі қауіпсіздікке қол сұғу», «бағдарламалық кодтармен жұмыс істеу» секілді ұғымдар бүгінгі таңда тек ақпараттық дағдылардың емес, танымдық әрекеттердің де көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Алайда, тарих пәнін оқыту барысында цифрлық құралдарды пайдалануға негізделген нақты мақсаттар мен бағыттардың жеткілікті түрде қалыптаспағаны байқалады. Осыған орай, Блум таксономиясын тарихты оқытудағы заманауи цифрлық мүмкіндіктермен сәйкестендіре отырып жаңаша құрылымдау қажеттілігі туындайды [169].

Бұл тұрғыда тарих сабағында қолдануға болатын цифрлық әрекеттерді таксономия сатыларына сәйкестендіру арқылы, білім алушылардың танымдық дағдыларын дамытуда мұғалімдерге әдістемелік бағдар беру маңызды болып табылады.

1. Білу (Есте сақтау). Бұл деңгейде білім алушы бұрын алған білімін қайта еске түсіріп, жадыда сақталған ақпаратты жаңғырта алады. Таксономияның алғашқы сатысы ретінде ол білімнің негізін құрайтын мәліметтерді тану және қайта айтуға бағытталған.

Цифрлық орта тұрғысынан алғанда, бұл кезеңде орындалатын әрекеттерге мыналар жатады: ақпаратты сипаттау, көшіріп алу, кесте құру, белгі қою, құрылымдау, тізім жасау, атау беру, интернет арқылы іздеу (мысалы, гуглдау) және дерек көздерін зерттеу.

Егер есте сақтау деңгейінде білім алушы ақпаратты іздеу жүйесі арқылы тапса, бұл кезеңде ол ақпаратты нақты сүзгіден өткізіп, бел-

гілі бір тақырыптар бойынша жіктей білуі тиіс. Мазмұнды сүзу мен оны тиісті санаттарға бөлу – білім алушының ақпаратты шынайы түсінгенін білдіретін әрекеттер.

2. Түсіну. Егер есте сақтау кезеңі ақпаратты тану мен жаттап алуға негізделсе, түсіну деңгейінде білім алушы сол ақпараттың мағынасын ашып, оны өз көзқарасы тұрғысынан түсіндіре алуы керек. Бұл сатыда білім алушының белгілі бір ұғымды басқа ұғымдармен байланыстыра білуі және оның мазмұнын терең меңгеруі маңызды рөл атқарады.

Цифрлық тұрғыдан бұл кезеңде орындалатын әрекеттерге ой айту, мазмұнды түйіндеу, басқа сөздермен жеткізу, топтарға бөлу, салыстыру жасау, мысал келтіру, түсініктеме беру, пікір қалдыру, нақты іздеу жүргізу сияқты әрекеттер жатады.

Электронды оқыту құралдарын қолдану арқылы білім алушылардың түсіну дағдысын дамытуға болады. Мысалы, форумдарда пікір білдіру, wiki беттерін құрастыру, блогтарда ой жазу немесе подкаст жазбаларын әзірлеу ұсынылады. Бұл платформалар білім алушыларға өз түсінігін нақты жеткізуге, мазмұнды қорытуға және балама жолмен баяндауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, білім алушылар онлайн сөздік немесе мәліметтер базасына өз үлесін қосу арқылы түсіну қабілетін көрсете алады. Бір ұғымды түрлі тәсілмен сипаттау үшін ойлау карталары, блок-схемалар немесе Венн диаграммаларын құру арқылы ақпаратты жүйелеу ұсынылады.

3. Қолдану. Таксономия деңгейі жоғарылаған сайын білім алушыларды сол сатыға бағыттау және сол деңгейдегі дағдыларын бағалау күрделене түседі. Әсіресе, білім алушының меңгерген білімін нақты өмірлік жағдайларда қолдана алу қабілетін қадағалау оңай емес. Алайда, цифрлық таксономия аясында ақпараттық ортада бұл процестерді жүзеге асыру әлдеқайда жеңіл әрі тиімді бола алады.

Цифрлық әрекеттер тұрғысынан алғанда, білім алушының компьютерде белгілі бір тапсырмаларды орындауы, бағдарламаны іске қосып, жұмыс жүргізе алуы, қажетті файлдарды жүктеуі, білімге бағытталған ойындармен айналысуы, мазмұнды онлайн ортада бөлісуі немесе құжаттарды өңдеуі – қолдану деңгейіне сәйкес келетін негізгі цифрлық дағдылар болып есептеледі.

Оқытушылар бұл қабілеттерді анықтау үшін әртүрлі электронды оқыту құралдарын пайдалана алады. Мысалы, білім алушылар

графикалық редакторлар арқылы бояу немесе сызу жұмыстарын орындауы мүмкін; презентация мен бейнероликтер әзірлеу платформаларын қолдана отырып, қажетті ақпаратты ұсынуы; аудио-жазба құрылғыларын немесе онлайн байланыс құралдарын пайдаланып, сұхбат жүргізуі; сондай-ақ, сандық ойындар мен модельдеу жүйелерінде жұмыс істеуі – олардың бұл сатыда екенінің дәлелі бола алады. Сонымен қатар, видео немесе дыбыстық мазмұндарды өңдеу құралдары арқылы белгілі бір материалды қайта өңдей алуы – білім алушының қолдану деңгейіне жеткенін көрсететін тағы бір айғақ.

4. Талдау. Бұл сатыда білім алушыдан белгілі бір мәселе төңірегінде терең түсінік қалыптастыруы талап етіледі. Білім алушы ақпаратты тұтас күйінде қабылдап қана қоймай, оны құрамдас бөліктерге бөліп, сол бөліктер арқылы жалпы мағынасын өздігінен ұғынуы тиіс. Осылайша, нақты сұрақтар арқылы ұғымдардың құрылымын талдау күтіледі.

Цифрлық таксономия тұрғысынан алғанда, бұл кезеңде білім алушы әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (мысалы, мәтіндік құжаттар, веб-ресурстар және басқа да материалдар) жүйелеп, оларды біріктіре отырып, логикалық құрылым құруы қажет. Мұндай тапсырмаларға салыстыру, жүйелеу, негізгі тұжырымдарды анықтау, өзара байланыс орнату, мазмұнды қайта құру, ұғымдық не ой карталарын жасау сынды әрекеттер кіреді. Бұдан бөлек, білім алушы өзі құрастырған ақпараттар желісін мақсатқа сай өзгертіп, артық байланыстарды алып тастап, жаңаларын енгізе алуы тиіс. Бұл әрекет үнемі жетілдіруді қажет ететін, динамикалық танымдық үдеріс ретінде қарастырылады.

Көптеген заманауи онлайн білім беру жүйелерінде білім алушылар арасында пікір алмасуға арналған арнайы форумдар қарастырылған. Бұл ортада білім алушылар кездескен қиындықтарын жазып, сыныптастарымен бірлесіп талқылап, түрлі шешу жолдарын қарастырады. Мұндай жұмыс форматы білім алушылардың мәселені жан-жақты зерделеп, ойлау қабілеттерін талдау деңгейінде дамытуына жағдай жасайды.

Оған қоса, білім алушылар өз меңгерген білімдерін негізге ала отырып, түрлі диаграммалар немесе графиктер құра алады, сондай-ақ Google Maps тәрізді интерактивті карталар көмегімен әртүрлі географиялық нысандарды салыстыра алады – бұл да талдау сатысына тән цифрлық әрекеттер болып саналады. Веб-платформалар

арқылы сауалнама жүргізіп, алынған мәліметтерді өңдеу нәтижесінде олардың арасындағы байланыстарды анықтау мүмкіндігі туады. Деректерді арнайы базаларға енгізу арқылы ақпаратты құрылымдап, логикалық байланыстарды айқындауға болады. Сонымен қатар, онлайн форматта ұғымдық немесе зияткерлік карта құру құралдарын пайдалану – осы деңгейдегі тиімді сандық оқыту тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады.

5. Бағалау. Бағалау сатысында білім алушы белгілі бір стандарттар мен өлшемдер негізінде өз шешімдерін негіздеп, саналы түрде таңдау жасайды. Бұл кезеңдегі негізгі міндет – білім алушының қабылдаған шешімдерінің негізділігі мен қисындығын дәлелдей алу қабілетін көрсетуі. Дәстүрлі және цифрлық оқытуда бұл деңгейге арналған тапсырмалар алдыңғы сатыларға қарағанда аз болуы мүмкін.

Білім алушылардан осы деңгейде гипотеза құрастыру, тақырыпты сын тұрғысынан қарастыру, өз бағаларын дәлелдеу, оқыту процесін қадағалап, нәтижелерін есеп беру, пікірталасқа қатысу және ұсыныстарды сынақтан өткізу күтіледі.

Бағалау кезеңінде білім алушылар мәтіндік редакторларды пайдаланып есептер дайындап, өз қорытындыларын жариялай алады. Сонымен бірге, форумдар, блогтар немесе басқа онлайн талқылау платформаларында тақырып немесе өнім жайлы пікірлерін білдіріп, талқылауларды бақылап, қорытынды шығаруы мүмкін. Білім алушылар өздерінің блогтары мен wiki парақшаларында сыныптастарының жұмыстарын бағалау арқылы да осы деңгейде жұмыс істей алады. Сонымен қатар, күрделі ақпаратты сараптап, оны топтастыру, интернет газетінде редакторлық қызмет атқару сияқты іс-әрекеттер де Блумның цифрлық таксономиясындағы бағалау кезеңінің мысалдары болып табылады.

6. Шығару (Жасау). Білім алу деңгейлерінің ең жоғары сатысы ретінде танылатын шығармашылық кезеңіне тек кейбір білім алушылар ғана жете алады. Бұл кезең жаңа және түпнұсқа идеялар мен өнімдерді жасауға бағытталған.

Мысалы, бағдарламалау тілін пайдаланып жаңа бағдарлама құрастыру, кинофильм түсіру, толығымен өзіндік мазмұннан тұратын подкасттар сериясын дайындау сияқты бірегей шығармашылық жұмыстар осы деңгейге жатады.

Білім алушылар бұл сатыда мәтіндік редактор арқылы өнім не-

месе жоба дайындай алады, компьютерлік бағдарламалар көмегімен анимация жасай алады, таңдаған бағдарламалау тілінде ерекше бағдарламалар жаза алады. Сонымен қатар, әртүрлі онлайн және офлайн құралдарды қолдана отырып, фильм түсіріп, оған дыбыс қосып, өңдеп, жариялау мүмкіндіктеріне ие болады.

Қазіргі таңда әлемде қарқынды өзгерістер орын алып отыр. Соңғы бірнеше жыл ішінде жинақталған ақпарат көлемі бұрынғы ғасырлар бойы жинақталған деректерден асып түсті. Мұндай жағдай түрлі салалар мен құрылымдардың түбегейлі өзгеруіне алып келуде. Бұл үдерістен білім беру жүйесі де тыс қалмайды. Әсіресе, білім алушылардың білім деңгейін тиімді бағалау және олардың танымдық қабілеттерін жоғары сатыға көтеру мақсатында қолданыла бастаған Блум таксономиясы уақыт өте келе жаңартылып, жаңа талаптарға бейімделді. Осы негізде ақпараттық технологиялар мен күнделікті өмірде жиі кездесетін цифрлық әрекеттерді білім алушылардың ойлау дағдыларын бағалауға енгізу қажеттілігі туындап, соның нәтижесінде Блумның цифрлық таксономиясы құрылды.

Аталған цифрлық таксономияны Қазақстан тарихын оқыту үдерісіне енгізу – болашақ ұрпақтың тек танымдық қабілеттерін ғана емес, сонымен бірге заманауи цифрлық сауаттылығын арттыруға сеп болады. Себебі бүгінгі білім алушы – ертеңгі қоғам мүшесі әрі кәсіби маман. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи білім беруде компьютерлік және интернет ресурстарын ұтымды пайдалану – болашақтағы білім беру мен еңбек нарығының талаптарына бейімделудің маңызды алғышарты саналады.

Қазақстан тарихын оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды тиімді пайдалану болашақ тарих пәні мұғалімдерінің өз бетінше теориялық тұрғыда ізденуіне жол ашып, олардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл үрдіс шығармашылық қабілетті дамытудың жаңа бағыттарын айқындай отырып, болашақ педагогтердің ойлау қабілетін жетілдіруге негіз болады.

Компьютерлік бағдарламалар мен мультимедиялық құралдарды пайдалану тарихи оқиғаларды жан-жақты талдауға, сол оқиғалардың мәні мен маңызын түсінуге, себеп-салдарлық байланыстарды анықтап, тарихи тұжырымдар жасауға көмектеседі. Мұндай әдіс болашақ мұғалімді тек білім алушы ретінде емес, сонымен қатар зерттеуші ретінде қалыптастырып, оны ғылыми тәжірибеге жақын-дата түседі.

Осы бағыттағы мәселенің теориялық әрі практикалық тұрғыда жеткілікті зерттелмеуі және білім берудің цифрлық кеңістікке көшуі жағдайында болашақ тарих мұғалімдерінің қызығушылығын арттыру қажеттілігі – «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың жаңартылған әдістемелік жүйесін жасауға түрткі болды.

Қазіргі замандағы қоғамның қарқынды өзгеруі білім беру жүйесіне, әсіресе жоғары оқу орындарына жаңа міндеттер жүктеуде. Болашақ тарих мұғалімі тек теориялық біліммен қаруланған емес, сонымен қатар дербес шешім қабылдай алатын, шығармашылық ойлайтын, жаңашыл идеялар ұсына білетін және оларды практикада жүзеге асыра алатын тұлға ретінде қалыптасуы қажет. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда ақпараттық және цифрлық технологияларды оқыту процесіне тиімді енгізу – маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарын жаңа ақпараттық және цифрлық құралдармен жабдықтау кеңінен жүргізілуде. Бұл үрдіс тарихты оқытуда заманауи технологияларды қолданудың әдістемелік және ғылыми негіздерін қайта қарауды қажет етеді. Осыған байланысты зерттеу жұмысының алғашқы тарауында философиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге талдау жасала отырып, тарих пәнін оқытуда ақпараттық-цифрлық технологияларды қолданудың теориялық мәселелері айқындалды.

1. Тарих пәні мұғалімдерін кәсіби тұрғыдан даярлау үдерісінде шетелдік және отандық тәжірибелерге сүйене отырып, ақпараттық және цифрлық технологияларды қолданудың қазіргі жағдайы сарапталды. Тарихты оқытуда қолданылып жүрген заманауи электрондық ресурстар мен цифрлық платформаларға талдау жасалып, олардың ерекшеліктері мен тиімді тұстары анықталды. Осы негізде болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде аталған технологияларды жүйелі енгізу ұсынылып отыр.

2. Зерттеу барысында білім беру жүйесін ақпараттандырудың тарихты оқытудағы орны мен маңыздылығы айқындалды. Ақпараттық және цифрлық технологиялар тарихты оқытудың әртүрлі формаларында – дәріс, семинар, практикалық және өзіндік жұмыстарда кеңінен пайдалануға мүмкіндік беретіні дәлелденді. Мысалы, дәрісте интерактивті презентациялар мен мультимедиялық деректерді қолдану, практикалық сабақтарда тарихи карталар мен деректер базасын пайдалану, сондай-ақ, студенттердің өздік жұмысын цифрлық

ресурстар арқылы ұйымдастыру білім сапасын арттырады. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялардың көмегімен оқу үдерісін жаңғыртып, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға нақты жағдай жасалатыны байқалды.

3. Тарих пәнін оқыту барысында ақпараттық және цифрлық технологияларды тиімді пайдалану – болашақ тарих мұғалімдерінің танымдық қызығушылығын қалыптастырып, олардың кәсіби дамуын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі екені анықталды. Тарихшы мамандарды даярлауда патриоттық тәрбиенің маңызын ескере отырып, білім беру үдерісін ақпараттандыру арқылы студенттердің тарихқа деген қызығушылығын арттырудың пәрменді жолдары айқындалды. Зерттеу барысында шетелдік және отандық ғалымдардың қызығушылықты қалыптастыруға қатысты ғылыми еңбектері сараланып, болашақ тарих мұғалімінің тұлғалық және кәсіби дамуына танымдық қызығушылықтың ықпалы зор екені дәлелденді. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды қолдану арқылы тарихты оқытуда танымдық белсенділікті арттыруға мүмкіндік беретін дидактикалық негіздер мен педагогикалық шарттар ұсынылды.

Білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зерттеу жобаларының тақырыптары үлгілерін төмендегідей етіп ұсынуға болады.

1. Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарихы бойынша

1) Сақ қоғамындағы әскери демократия дәстүрлері.

2) Үйсіндер мен қаңлылардың мемлекеттік құрылымы және көрші халықтармен байланысы.

3) Қазақ хандығының сыртқы саясатының ерекшеліктері.

4) Жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі қазақ халқының әскери тактикасы.

2. Жаңа заман тарихы бойынша

1) Қазақ даласындағы Ресей империясының отарлау саясаты: себептері мен салдары.

2) Алаш қозғалысының тарихи маңызы және ұлттық идеяның қалыптасуындағы рөлі

3) XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі.

4) 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи сабақтары.

3. Кеңестік кезең тарихы бойынша

1) 1920–1930 жылдардағы индустрияландыру саясаты және оның Қазақстандағы ерекшеліктері.

2) Ұжымдастыру жылдарындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік өзгерістер.

3) Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қосқан үлесі.

4) 1950–1980 жылдардағы қазақ жастарының мәдени-әлеуметтік бастамалары.

4. Тәуелсіз Қазақстан тарихы бойынша

1) Қазақстанның сыртқы саясатындағы көпвекторлы бағыттың ерекшеліктері.

2) Тәуелсіздік жылдарындағы білім беру реформалары және олардың нәтижелері.

3) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қоғамдық санаға ықпалы.

4) Қазақстандағы цифрлық трансформация және оның тарихи білім берудегі маңызы.

Жұмысты орындауда мынадай әдістемелік ұсыныстарды басшылыққа алуға болады:

Зерттеу жұмысы құрылымы: кіріспе, зерттеу нысаны, теориялық шолу, дереккөздерді талдау, негізгі бөлім, қорытынды бөлімдерді қамтиды.

Дереккөздермен жұмыс жасауда: тарихи құжаттар, мұрағат материалдары, заманауи зерттеулерді пайдалану орынды болады.

АЦТ-ны: виртуалды мұрағаттар, онлайн-карталар, цифрлық дерекқорлар, инфографика бойынша қолдану қажет.

Бағалау өлшемдері ретінде: тақырыптың өзектілігі, дереккөздерді дұрыс қолдану, ғылыми пайымдау, қорытындылардың негізділігі басшылыққа алынады.

Цифрлық жобалар мен тарихи зерттеу жұмыстарының әдістемесі

Цифрлық жобалар мен тарихи зерттеу жұмыстары білім алушылардың дербес ізденісін, сыни тұрғыдан ойлауын, ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын және шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді тәсілі болып табылады. Бұл әдістеме білім алушыларға деректерді жинақтау, талдау, цифрлық форматта ұсыну және тарихи білімді тәжірибеде қолдану мүмкіндігін береді.

1. Цифрлық жобаларды ұйымдастырудың кезеңдері

1. Тақырып таңдау:

Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін қамту (мысалы, «Ұлы Жібек жолы және Қазақстан», «Алаш қозғалысының тарихи рөлі», «Тәуелсіз Қазақстан жетістіктері»).

2. Мақсат пен міндет қою:

Зерттеу сұрағын анықтау (мысалы: «Ұлы Жібек жолы қазақ қоғамының экономикалық дамуына қалай әсер етті?»).

3. Дереккөздер жинау:

Сандық мұрағаттар (e-history.kz, ҚР Ұлттық кітапханасының цифрлық қорлары).

Ғылыми мақалалар, бейнематериалдар, карталар.

4. Деректерді талдау:

Негізгі оқиғаларды, тұлғаларды, құбылыстарды анықтау.

Салыстыру және қорытынды жасау.

5. Цифрлық өнім дайындау:

Инфографика (Canva, Piktochart).

Интерактивті карталар (Google My Maps, ArcGIS Online).

Хронологиялық сызықтар (Time.Graphics, Sutori).

Бейнематериал немесе подкаст (YouTube, Canva Video).

6. Жоба қорғау:

Google Slides, Prezi, Padlet арқылы топ алдында онлайн-презентация.

Пікірталас ұйымдастыру.

2. Тарихи зерттеу жұмыстарының әдістемесі бірнеше кезеңдерден өтеді және ол кезеңдерде белгілі жұмыстар жүзеге асырылады. Анықталған зерттеу жұмысының негізгі кезеңдерін төмендегідей көрсетуге болады:

1. Зерттеу тақырыбы:

«Қазақстандағы индустрияландыру және оның салдары».

«Желтоқсан оқиғасы – тәуелсіздікке жол».

«Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың үлесі».

2. Зерттеу сұрағын қою:

«Қазақстандағы индустрияландыру ауыл шаруашылығына қалай әсер етті?»

«Желтоқсан оқиғасы жастардың саяси санасына қалай ықпал етті?»

3. Материалдар жинақтау:

Архивтік құжаттар, естеліктер, фотоқұжаттар, бейнематериалдар.

Онлайн кітапханалар мен цифрлық деректер базасы.

4. Талдау әдістері:

Салыстырмалы талдау, мазмұндық талдау, статистикалық деректерді өңдеу.

5. Зерттеу нәтижесін рәсімдеу:

Ғылыми мақала (Google Docs, Overleaf).

Электронды баяндама (Moodle, Google Classroom).

Виртуалды көрме немесе мультимедиялық презентация.

3. Цифрлық жобалар мен зерттеу жұмыстарына арналған тапсырма үлгілері

Тапсырма 1: Google My Maps платформасында «Қазақ хандығының сыртқы саяси байланыстары» тақырыбы бойынша интерактивті карта құрастыр.

Тапсырма 2: Canva арқылы «Қазақстандағы реформалар (1991–2020 жж.)» тақырыбында инфографика жаса.

Тапсырма 3: YouTube платформасына «Алаш қайраткерлерінің тарихи рөлі» атты бейнеролик түсір.

Тапсырма 4: Time.Graphics-та «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан» тақырыбында хронология құр.

Тапсырма 5: Padlet-та «Тәуелсіздікке жету жолындағы тарихи оқиғалар» тақырыбында виртуалды көрме ұйымдастыр.

4. Бағалау критерийлері

1. Тақырыптың өзектілігі мен ғылыми негізділігі.

2. Дереккөздерді дұрыс пайдалану және талдау сапасы.

3. Цифрлық құралдарды меңгеру деңгейі.

4. Шығармашылық көзқарас, визуалды материалдарды қолдану.

5. Жұмыстың құрылымдылығы және рәсімделуі.

Сонымен, цифрлық жобалар мен тарихи зерттеу жұмыстары білім алушылардың тек тарихи білімін тереңдетіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың зерттеушілік, цифрлық, сыни ойлау және креативтілік құзыреттерін дамытады.

Цифрлық жоба үлгісі

Тақырыбы: Қазақ хандығының сыртқы саяси байланыстары (XV–XVII ғғ.)

Жобаның түрі: Интерактивті карта жобасы (Google My Maps, ArcGIS Online негізінде).

Жобаның мақсаты: Қазақ хандығы дәуіріндегі сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын, көршілес мемлекеттермен болған бай-

ланыстарды, дипломатиялық қатынастар мен соғыс қимылдарын картографиялық форматта көрсету.

1. Жобаны жоспарлау кезеңі

1. Мәселені анықтау:

Қазақ хандығының сыртқы саяси тарихын оқытуда көрнекілік жеткіліксіздігі байқалады. Картадағы нақты географиялық орындар тарихи оқиғаларды түсінуді жеңілдетеді.

2. Мақсат қою:

– Қазақ хандығының саяси байланыстарының кеңістіктік ауқымын көрсету;

– Деректерді визуализациялау арқылы студенттердің тарихи білімін бекіту;

– Цифрлық картография құралдарын меңгерту.

3. Зерттеу сұрақтары:

1. Қазақ хандығының негізгі сыртқы саяси серіктестері кімдер болды?

2. Дипломатиялық байланыстар мен әскери қақтығыстар қандай аймақтарда шоғырланды?

3. XV–XVII ғғ. қазақ мемлекеттілігінің аумағы қалай өзгерді?

2. Дереккөздер жинау кезеңі

Ғылыми еңбектер: Қазақстан тарихы бойынша академиялық басылымдар.

Цифрлық ресурстар: e-history.kz, ҚР Ұлттық кітапханасының сандық қоры.

Картографиялық деректер: Орхон карталары, ресми тарих атласындағы мәліметтер.

Қосымша дереккөздер: Ш.Уәлиханов, М.Қозыбаев, К.А.Пищулина еңбектеріндегі деректер.

3. Карта жасау кезеңі

1. Платформа таңдау: Google My Maps (қол жетімді, қарапайым қолдануға ыңғайлы).

2. Негізгі объектілерді белгілеу:

Қазақ хандығының астаналары (Сығанақ, Түркістан, Ташкент).

Негізгі көршілес мемлекеттер (Моғолстан, Ноғай Ордасы, Өзбек хандығы, Ресей мемлекеті, Қытай).

Дипломатиялық миссиялар және шайқас орындары.

3. Қабаттар құру:

«Астаналар және әкімшілік орталықтар» қабаты.

«Әскери қақтығыстар» қабаты.

«Дипломатиялық байланыстар» қабаты.

4. Деректерді енгізу:

Әрбір нүктеге қысқаша тарихи сипаттама қосу (мысалы: «Түркістан қаласы – Қазақ хандығының астанасы»).

Суреттер, бейнематериалдар және қосымша деректерді тіркеу.

4. Жобаны қорғау кезеңі

Студенттер картаны топ алдында таныстырады.

Дипломатиялық және әскери бағыттар бойынша қысқаша талдау жасайды.

Интерактивті элементтерді (сілтемелер, суреттер, қысқа бейнелер) көрсетеді.

5. Студенттерге арналған тапсырмалар үлгісі

1. Google My Maps-та Қазақ хандығының сыртқы саяси картасын жаса.

2. «Қасым ханның Ресеймен байланыстары» туралы картада жеке маркер қосып, қысқаша сипаттама жаз.

3. «Түркістан – Қазақ хандығының астанасы» тақырыбында инфографика құрастыр (Canva қолдану арқылы).

4. «XVII ғ. Қазақ–Жоңғар қатынастары» бойынша тарихи хронология жаса (Time.Graphics).

5. Жоба қорытындысы ретінде шағын ғылыми баяндама жаз (2–3 бет).

6. Бағалау критерийлері

Ғылыми негізділік: дереккөздердің дұрыстығы, тарихи фактілердің дәлдігі.

Көрнекілік: картадағы белгілердің нақтылығы, визуалды материалдар.

Цифрлық сауаттылық: онлайн-құралдарды дұрыс қолдана білу.

Шығармашылық: деректерді өзіндік тұрғыда ұсыну.

Презентация сапасы: жобаны түсіндіру, сұрақтарға жауап беру.

Мазмұндаудан көріп тұрғандай аталған цифрлық жоба үлгісі Қазақстан тарихын оқытуда дәстүрлі әдістерді заманауи технологиялармен ұштастырудың тиімді тәсілі болып табылады. Интерактивті карталар білім алушыларға тарихи оқиғалардың кеңістіктік-уақыттық сипатын түсінуді жеңілдетеді, зерттеушілік дағдыларын дамытады және тарихты оқуға қызығушылығын арттырады.

Төменгі суреттен осы үлгінің негізінде дайын карта жобасының

визуалды схемасын (мысалы, қандай қабаттар, маркерлер, түсіндірмелер орналасатынын) сызба түрінде көруге болады.

Дайын тарихи карта жобасының визуалды схемасында қабаттар («Астаналар және әкімшілік орталықтар», «Әскери қақтығыстар», «Дипломатиялық байланыстар») және нақты маркерлерді («Сығанақ», «Түркістан», «Қазақ–Жоңғар шайқасы», т.б.) көруге болады. Мұнда байланыстар нүктелер арқылы сызықпен белгіленген.

Осы жоғарыдағы визуалды схема бойынша нақты интерактивті карта жобасына айналдырудың қадамдық сипаттамасын көрсетуге болады.

Мәселен, «Қазақстан тарихындағы ортағасырлық кезең» мысалы негізінде интерактивті тарихи карта жобасын әзірлеу қадамдары төмендегідей болуы мүмкін.

1-қадам. Жобаның мақсатын анықтау

Интерактивті картаның негізгі мақсаты – білім алушыларға тарихи оқиғаларды кеңістік пен уақыт контекстінде көруге мүмкіндік беру.

Мақсаттар:

– білім алушылардың тарихи деректерді визуалды түрде қабылдауын жеңілдету;

– хронологиялық және географиялық байланыстарды көрсету;

– тарихи деректерді талдау және салыстыру дағдыларын дамыту.

2-қадам. Платформаны таңдау

Интерактивті карта жасауға қолайлы бірнеше тегін және қолжетімді платформалар бар және оларды оқу үдерісінде басшылыққа алған тиімді болады, олар:

Google My Maps – қолдануға ыңғайлы, маркерлер мен қабаттарды енгізуге мүмкіндік береді.

ArcGIS Online – ғылыми жобалар үшін қолайлы, аналитикалық құралдары бар.

StoryMap JS – тарихи оқиғаларды баяндау үшін тиімді мультимедиялық платформа.

Білім алушылар аудиториясы үшін ең ыңғайлысы – Google My Maps болып табылады.

3-қадам. Негізгі қабаттарды дайындау

Картаға қосылатын ақпарат алдын ала қабаттар бойынша бөлінеді:

Қабат 1. Қалалар мен әкімшілік орталықтар

– Түркістан, Сығанақ, Сарайшық және т.б.

– Маркерлерде қысқаша тарихи анықтама беріледі.

Қабат 2. Әскери қақтығыстар

– Қазақ–Жоңғар шайқастары, Бұланты, Анырақай, т.б.

– Нүктелік маркер + шайқас барысын қысқаша сипаттау.

Қабат 3. Дипломатиялық байланыстар

– Қазақ хандығы мен көршілес мемлекеттердің қарым-қатынастары.

– Бағыт сызықтары арқылы көрсетіледі (мысалы, Түркістан – Мәскеу, Түркістан – Бұхара).

4-қадам. Деректерді енгізу

Әрбір тарихи объект үшін атауы, уақыты, қысқаша мазмұны, суреттері (қаласаңыз бейне/сілтеме) қосылады.

Мысалы: Түркістан (XV ғ.) – Қазақ хандығының астанасы. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан. Саяси-рухани орталық болған.

5-қадам. Визуализацияны реттеу

Әр қабат жеке түспен белгіленеді:

– Қалалар – көк маркерлер.

– Шайқастар – қызыл жалау белгісі.

– Дипломатиялық байланыстар – жасыл сызықтар.

– Хронологияға байланысты (XV–XVIII ғ.) уақытша сүзгілер енгізілуі мүмкін.

6-қадам. Интерактивті мүмкіндіктерді қосу

Әр нысанға қосымша мәтін, бейне және фотосуреттер енгізіледі.

Қажет жағдайда тарихи дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі.

Виртуалды тур жасау үшін 3D суреттер немесе панорамалық бейнелер қосылуы мүмкін.

7-қадам. Бақылау және қолдану әдістемесі

Білім алушыларға дайын карталар төмендегідей оқу жұмыстарында қолданылу ұсынылады:

Дәріс кезінде – оқытушы картаны пайдаланып оқиғалардың орындарын көрсетеді.

Семинарда – білім алушылар өздері белгілі бір қабатты (мысалы, шайқастар) талқылайды.

Өзіндік жұмыста (БӨЖ) – білім алушылар жаңа маркерлер қосып, өз бетінше тарихи зерттеу жүргізеді.

8-қадам. Бағалау критерийлері

Жоба бойынша студенттердің жұмысы келесі өлшемдер бойынша бағаланады:

- деректердің ғылыми негізділігі;
- ақпаратты картаға дұрыс орналастыру;
- визуалды элементтердің (маркерлер, түс, сызба) жүйелі қолданылуы;

- өздік зерттеу элементтерінің болуы.

Сонымен, мұндай карта жобасы дәстүрлі оқыту әдістемесін толықтырып қана қоймайды, сонымен бірге білім алушылардың тарихи материалды кеңістіктік-хронологиялық тұрғыдан түсінуін, сыни ойлауын және дербес ізденісін дамытады.

Қазіргі кезде оқу пәндері үшін Google My Maps-та тәжірибелік карта-нұсқа жасауға болады. Дайын жобалық нұсқаны жасау нұсқаулығын төмендегідей тізбекте беруге болады.

Google My Maps-та үлгі карта жасау нұсқаулығы

Тақырып: «Қазақстан тарихы: Қазақ хандығы кезеңіндегі маңызды орталықтар»

1-қадам: Жаңа карта ашу

- Google My Maps сайтына кіру;
- «Жаңа карта жасау» батырмасын басу;
- картаға атау беру: «Қазақ хандығы тарихы (XV-XVIII ғғ.)».

2-қадам: Қабаттар құру

Картада бірнеше қабат жасау:

1. Саяси орталықтар (хан ордалары, астаналар).
2. Әскери жорық бағыттары (жорықтар мен шайқастар).
3. Сауда және мәдени орталықтар (жәрмеңкелер, қалалар).
4. Табиғи-географиялық нысандар (өзендер, таулар).

3-қадам: Маркерлер қою

«Маркер қосу» батырмасын тандап, картадан нүктелерді белгілеу. Мысалы:

- Түркістан – Қазақ хандығының рухани орталығы.
- Сығанақ – алғашқы астана.
- Ташкент – сауда орталығы.

- Аңырақай шайқасы (1729) – шешуші шайқас орны.

Әр маркерге атау, қысқаша сипаттама, сурет немесе сілтеме қосу.

4-қадам: Сызықтар мен бағыттар

- «Сызық салу» құралымен жорық бағыттарын белгілеу. Мысалы, Қасым ханның жорықтары немесе Әбілқайыр ханның қозғалысы.

Өзара ойлауға тапсырма: Әр бағытты түрлі түспен ерекшелендіріңіз.

5-қадам: Интерактивті мазмұн қосу

Маркерге немесе бағытқа суреттер (Google Images, Википедиядан), бейнематериалдар (YouTube), деректерге сілтеме енгізіңіз.

Мысалы, Түркістан маркеріне Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің фотосы мен қысқаша тарихи дерек.

6-қадам: Дизайн мен визуал

Қабаттарды түрлі түспен белгілеңіз (қызыл – астана, көк – шайқас, жасыл – сауда орталықтары).

Маркерлерді тақырыпқа сай таңдап алыңыз (қала, жалау, кітап белгісі).

Қабаттарды қосып-өшіру арқылы картаны тақырыптық режимде көрсетуге болады.

7-қадам: Жобаны жариялау

Дайын болған соң «Бөлісу» батырмасын басып, картаға жалпыға қолжетімді немесе жеке сілтеме жасаңыз.

Білім алушылармен немесе білім алушылармен бөлісу үшін сілтемені Moodle, Google Classroom немесе презентацияға енгізуге болады.

Орындалған жұмыс нәтижесінде осылайша білім алушыда толыққанды интерактивті тарихи карта дайындалады. Ол:

– дәрісте визуалды құрал ретінде;

– семинарда топтық талқылауға;

– БӨЖ-де (білім алушылардың жеке жұмысы ретінде) пайдалануға жарамды.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ақпараттық-цифрлық технологияларға негізделген қосымшалар жиынтығын үлгіде ұсынуға болады.

3.3 Ақпараттық ортада оқыту сапасын бағалау және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар

Кез келген педагогикалық үдеріс бойынша оқыту сапасын бағалаудың өзіндік қиындықтары бар. Ол көп факторға байланысты болып табылады. Ал оқыту нәтижесін бағалау оған қарағанда жеңілдеу және бір жақты жүзеге асырылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқу процесін тек дәстүрлі әдістермен ғана емес, цифрлық ортада да бағалау маңызды. Қазақстан тари-

хы пәнін оқыту барысында цифрлық технологиялар оқу жетістіктерін жедел талдауға, білім алушылардың оқу белсенділігін бақылауға және олардың жеке оқу траекториясын түзетуге мүмкіндік береді.

Негізгі бағалау тәсілдері

1. Онлайн-тестілеу жүйелері – Moodle, Google Classroom, Bilimland сияқты платформалар арқылы автоматтандырылған тест тапсыру, жедел нәтижелер алу және қателерді талдау.

2. Электрондық портфолио – білім алушының барлық оқу жетістіктерін (эссе, жобалық жұмыс, презентация, зерттеу нәтижелері) жинақтап, даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

3. Формативті бағалау құралдары – онлайн-викториналар, интерактивті тапсырмалар (Kahoot, Quizizz), кері байланыс алу жүйелері (Padlet, Mentimeter).

4. Сараптамалық талдау – оқытушы платформадағы қатысу белсенділігі, тапсырмаларды орындау жылдамдығы, онлайн-пікірталастарға қатысуы арқылы студенттің оқу белсенділігін бағалайды.

5. Бейімдік бағалау – жасанды интеллект элементтерін пайдаланып, әрбір білім алушылардың деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсыну және нәтижелерін саралау.

Сонымен қатар, мониторинг жүргізу тәсілдері туралы мағлұматтарды білу маңызды болып табылады, олар:

Жүйелі бақылау: оқу процесінің әр кезеңінде (апталық, айлық, семестрлік) мониторинг жүргізу.

Аналитикалық есептер: LMS жүйелерінде (Moodle, Google Classroom) автоматты түрде жасалатын статистикалық деректер арқылы оқу сапасын талдау.

Кері байланыс сауалнамалары: білім алушылардың оқу мазмұны, әдістемелік материалдар мен оқыту платформалары туралы пікірлерін жинақтау.

Салыстырмалы мониторинг: дәстүрлі бағалау нәтижелерін цифрлық бағалау көрсеткіштерімен салыстырып, тиімділігін анықтау.

Жасалған ізденіс әрекеттерінің практикалық маңызы жоғары. Цифрлық ортада бағалау және мониторинг жүргізу білім алушылардың оқу жетістіктерін дәл әрі жедел қадағалауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл оқытушыға оқу процесін дер кезінде түзетуге, ал студентке өз даму деңгейін қадағалауға жағдай жасайды.

Сонымен, Қазақстан тарихы пәнінде цифрлық бағалау мен мониторинг құралдарын жүйелі қолдану оқу сапасын арттыруға, білім

алушылардың оқу ынтасын күшейтуге және олардың өзіндік білім алу қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

Білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға арналған практикалық тапсырмалар үлгісін төмендегідей етіп беруге болады.

1-тапсырма. Мәтіндік талдау

Мақсаты: сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту.

Білім алушыларға Қазақстан тарихынан белгілі бір дерек (мысалы, «Қазақ хандығының құрылуы») беріледі.

Тапсырма:

1. Мәтіндегі негізгі идеяны анықтау;
2. Автордың ұстанымын сипаттау;
3. Оқиғаға қатысты екі түрлі көзқарас ұсыну (мысалы, дәстүрлі және заманауи зерттеушілердің пікірлері).

Нәтижесінде білім алушылар дерекке сыни талдау жасап, салыстыру дағдысын дамытады.

Орындалған тапсырмаға баға қоюда төмендегі бағалау өлшемдерін қолдануға болады.

Негізгі идеяны дұрыс анықтауы	– 2 балл
Автордың ұстанымын нақты сипаттауы	– 2 балл
Оқиғаға қатысты кемінде екі балама көзқарас ұсынуы	– 3 балл
Логикалық құрылым және дәлелді тұжырым жасауы	– 3 балл
Жалпы:	10 балл

2-тапсырма. «Дәлелдеу картасы» әдісі

Мақсаты: тарихи фактілерді талдау арқылы зерттеушілік дағдыларды жетілдіру.

Тақырып: «Алаш қозғалысының тарихи маңызы».

Тапсырма:

1. Тарихи деректерді жинақтау (ресми құжаттар, мақалалар, куәліктер);
2. «Дәлел – Қорытынды» кестесін құру;
3. Топ ішінде талқылап, өз көзқарасын қорғау.

Нәтижесінде білім алушылар ақпаратты талдап, дәлелді пікір қалыптастырады.

Білім алушылардың берілген тапсырманы орындауына сәйкес төмендегідей бағалау өлшемдерін қолдануға болады.

Тарихи деректерді жинақтап ұсынуы	– 2 балл
«Дәлел – Қорытынды» кестесін дұрыс құруы	– 2 балл
Дәлелдер мен қорытындылардың сәйкестігі	– 3 балл
Өз көзқарасын қорғау барысында нақты мысалдар келтіруі	– 3 балл
Жалпы:	10 балл

3-тапсырма. Жобалық зерттеу

Мақсаты: зерттеушілік және ақпаратты іріктеу қабілеттерін дамыту.

Тақырып нұсқалары:

1. «Қазақстандағы ХХ ғасыр басындағы білім беру жүйесінің ерекшеліктері»;

2. «Цифрлық дәуірдегі тарихи білім берудің мүмкіндіктері».

Тапсырма:

1. Топтарға бөлініп, шағын зерттеу жобасын құрастыру;

2. Дереккөздерді пайдаланып, презентация дайындау;

3. Әр топ өз жұмысын қорғап, сұрақтарға жауап беру.

Нәтижесінде білім алушыларда зерттеушілік дағдылар, деректерді жинақтау мен жүйелеу қабілеттері дамиды.

Берілген тапсырманы білім алушылардың орындауы бойынша бағалау өлшемдері үшін төмендегі үлгіні қолдануға болады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдеуі	– 2 балл
Дереккөздерді дұрыс таңдап, қолдануы	– 2 балл
Жобаның құрылымы мен мазмұндық толықтығы	– 3 балл
Презентацияның сапасы және қорғалу деңгейі	– 2 балл
Топтық жұмыстағы белсенділік	– 1 балл
Жалпы:	10 балл

4-тапсырма. Сыни ойлау тренингі («Кері пікір»)

Мақсаты: сыни көзқарас қалыптастыру.

Оқытушы белгілі бір тарихи оқиға бойынша тұжырым айтады (мысалы: «Кеңес дәуірінде білім беру жүйесі толықтай жетілді»).

Білім алушылардың міндеті:

– ұсынылған пікірді қолдамау үшін қарсы дәлелдер келтіру;

– балама көзқарасты ұсыну.

Нәтижесінде білім алушылар сыни тұрғыдан ойлауды, дәлел келтіруді үйренеді.

Білім алушылар өзін-өзі бағалауы үшін және оқытушы тараптан бағалау үшін төмендегі бағалау өлшемдері алдын ала дайындалуы тиіс.

Ұсынылған пікірді талдай алуы	– 2 балл
Қарсы дәлелдер келтіруі	– 2 балл
Балама көзқарас ұсынуы	– 3 балл
Дәлелдерінің қисындылығы мен негізділігі	– 2 балл
Жалпы:	10 балл

5-тапсырма. «Онлайн-дискуссия» (цифрлық құрал арқылы)

Мақсаты: зерттеушілік талқылауды цифрлық ортада ұйымдас-тыру.

Google Classroom немесе Moodle платформасында форум ашы-лады.

Тақырып: «Қазақстан тарихын оқытуда цифрлық технология-лардың рөлі».

Білім алушылар жазбаша пікір қалдырады, бір-біріне сыни сұ-рақ қояды.

Нәтижесінде білім алушылардың зерттеушілік дағдысын он-лайн форматта дамыту.

Енді берілген практикалық тапсырмалар үлгілеріне сәйкес ба-қылау және бағалау өлшемдерін ұсынуға болады. Аталған тапсырма бойынша төмендегі үлгі бағалау өлшемі бола алады.

Форумға қатысу белсенділігі	– 2 балл
Пікір білдіру сапасы (нақты әрі қисынды болуы)	– 2 балл
Сыни сұрақтар қоюы	– 2 балл
Өзгенің пікіріне жауап беру мәдениеті	– 2 балл
Қорытынды тұжырым жасауы	– 2 балл
Жалпы:	10 балл

Жалпы тапсырмаларды бақылау тәсілдері ретінде төмендегілер-ді атап өтуге болады:

– оқытушы бақылауы: студенттердің тапсырманы орындау ба-рысын тікелей қадағалау;

– өзін-өзі бағалау: студент өзінің жұмысын белгіленген өлшем-дер бойынша бағалайды;

– өзара бағалау: топ ішінде әр студент бір-бірінің жұмысын талдап, ұсыныс береді;

– цифрлық бақылау құралдары: Moodle, Google Classroom платформаларындағы автоматтандырылған бағалау элементтері.

Цифрлық ортада оқыту сапасын бағалауда бағалау құралдарының үлгі болғаны дұрыс (11 кесте).

11-кесте

Бағалау құралдарының үлгі кестесі

Цифрлық платформа	Бағалау құралы	Бағалау өлшемдері	Мониторинг тәсілдері
Moodle	Онлайн-тест (quiz)	– Дұрыс жауаптар пайызы. – Уақытты тиімді пайдалану. – Қиындық деңгейі бойынша нәтижелер.	Жеке және топтық статистика; тақырыптық үлгерім динамикасы
Google Classroom	Электронды портфолио	- Жеке тапсырмаларды орындау сапасы – Шығармашылық жұмыс деңгейі – Жұмыстың толықтығы және мерзімінде тапсыруы.	Мұғалімнің кері байланысы; peer-review (бірін-бірі бағалау); жүйелі рефлексия
Bilimland	Бейнематериал талдау	– Бейнемазмұнды дұрыс түсіну – Негізгі идеяларды анықтау – Қосымша сұрақтарға жауап беру	Қысқаша эссе, бейнерефлексия, онлайн-талқылау нәтижелерін бақылау
Kahoot / Quizizz	Викторина және геймификацияланған тест	– Дұрыс жауаптардың саны – Жылдамдық пен зейін деңгейі – Қатысу белсенділігі	Нәтижелерді автоматты түрде жинақтау; рейтинг кестесін талдау
Padlet	Тақырыптық постер/ онлайн-талқылау	– Аргументтердің негізділігі – Креативтілік және дерекпен жұмыс – Басқа пікірлерге реакция	Мұғалім мен студенттердің жазбаша пікірлері; посттар санын/ сапасын қадағалау

Ұсынылған кесте бойынша қысқаша талдау түсіндірмесін беруге болады.

1. Moodle – жүйелі тестілеу арқылы білімнің объективті деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл құрал әсіресе теориялық білімді жедел тексеруде тиімді.

2. Google Classroom – портфолио арқылы білім алушылардың жеке прогресін ұзақ мерзімде бағалауға қолайлы. Шығармашылық жұмыстар мен рефлексияны бақылауда нәтижелі.

3. Bilimland – бейнематериалдарды талдау арқылы білім алушының сыни ойлауын, ақпаратты интерпретациялау қабілетін бағалауға жағдай жасайды.

4. Kahoot, Quizizz – ойын элементтері арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттырып, жедел кері байланыс береді.

5. Padlet – топтық пікірталастарды ұйымдастыру мен бірлескен зерттеулерді бағалауға тиімді.

Болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін оқитуды ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дамытуға негізделген әдістеменің тиімділігін, ғылыми болжамдарымыздың ақиқаттығын айқындау мақсатында 2023-2025 жылдары эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде ұйымдастырылды.

Тәжірибелік жұмыстарды ұтымды жүргізу үшін мынадай талаптар назарға алынды:

– зерттеу бағытталған мәселенің тарихи негіздерін алдын-ала талдау;

– ғылыми болжам жасау және оның нәтижесін анықтау;

– педагогикалық мәселенің теориялық және тәжірибелік негіздерін зерделеу;

– ғылыми зерттеудің міндеттерін нақтылап алу;

– тәжірибелік-эксперименттік жұмыстан алынатын нәтижелердің дұрыстығын бағалау бойынша критерийлерді анықтап алу;

– тәжірибелік жұмыстар барысында жинақталған мәліметтерді сараптау.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар анықтау, қалыптастыру және қорытындылау (жалпылау) кезеңдерінен тұрды.

Тәжірибелік эксперименттің анықтаушы кезеңінің міндеттері ретінде мыналар айқындалды: тарихты оқыту әдістемесін дамыту, дамыған елдердің жоғары білім беру мекемелеріндегі тарихты оқыту бойынша ең үздік инновацияларын синтездейтін әдістері мен материалдарын, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін қарастыру, тарихты оқытуда пайдаланылатын ақпараттық-цифрлық технологияларды және интернет ресурстарын талдау, білім алушылардың тарихты оқуға қызығушылығы мен ынтасын арттыруға байланысты еңбектерді зерттеу, тарихи білімдерін қалыптастыруда ақпараттық-цифрлық технологияларды пайдаланудың тиімділігі бойынша білім алушылар мен оқытушы-профессорлардың көзқарастарын, ақпараттық-цифрлық технологияларды пайдалану алу деңгейін айқындау, білім алушылардың қызығушылығын анықтау әдістерін тандап алу және оған қажетті тестілеу жүргізу, білім алушылардың тарихты оқуға қызығушылығының алғашқы деңгейін айқындау, болашақ тарих мұғалімдерінің тарихи білімдерді меңгеру деңгейін арттырудың әдіс-тәсілдерін айқындау.

Анықтау кезеңінде білім алушылармен, оқытушы-профессорлармен сұхбаттасу, олардан сауалнама алу әдістері пайдаланылды. Болашақ тарих мұғалімдерін даярлауға Қазақстан Республикасы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бойынша талдау жүргізілді. Қарастырып отырған «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалануға қатысты мәселелер мен қазіргі уақытта пән бойынша жасалған және қолданыстағы құралдар, қызығушылықты арттырудағы әдіс-тәсілдер, технологияларға арналған отандық тәжірибе де зерделенді. Сондай-ақ, зерттеуіміздің нысаны, пәні, ғылыми болжамдары, әдістемесі, ұғымдық-категориялық аппараты анықталып, зерттеудің параметрлері негізделді.

Тәжірибелік зерттеудің айқындаушы кезеңіне Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті мен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және т.б. жоғары оқу орындарының Гуманитарлық пәндер (тарих) мұғалімін даярлау бағдарламасының 322 білім алушысы қатысты. Анықтау кезеңінде сауалнама алынды (Қосымша А). Ең алдымен, білім алушылардың тарихты оқуға қызығушылықтарын қа-

лыптастырудағы мәселелерін зерттеу үшін сауалнама жүргізілді, ақпараттық-цифрлық технологияларға байланысты көзқарасы айқындалды. Сонымен қатар, тарих пәндері бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысты ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен жасау қабілеттері деңгейі айқындалды.

Сонымен қатар, педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері мен тарих пәні мұғалімдері арасында олардың цифрлық технологияларды меңгеру деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнама Қазақстан университеттерінің тарих мамандығында оқитын студенттері мен Түркістан және Шымкент өңірлерінде жұмыс істейтін тарих пәні мұғалімдері арасында жүргізілді. Зерттеудің ең аз іріктеме көлемі G*Power 3.9.1.7 бағдарламасы арқылы анықталды. Сауалнамаға 18 бен 22 жас аралығындағы 80 студент пен 24 пен 36 жас аралығындағы, кемінде 2 жылдық тарихты оқыту тәжірибесі бар 67 мұғалім қатысты. Педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері мен тарих пәні мұғалімдеріне жеті сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды, сұрақтар технологиялық педагогикалық мазмұнға құзыреттілік деңгейіне қатысты болды. Респонденттерден өз жұмысында қандай цифрлық және ақпараттық технологиялық құралдарды қолданатынын және бұл құралдарды қаншалықты меңгергенін көрсету сұралды. Зерттеу барысында бұл технологияларды тарихты оқытуға енгізудің қазіргі артықшылықтары мен болашақтағы мүмкіндіктеріне қатысты қорытындылар жасалды. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, ақпараттық және цифрлық технологиялар білім беру үдерісінде, соның ішінде тарих пәнін оқытуда маңызды рөл атқарады. Тарихты оқытуда жиі қолданылатын технологиялық құралдарға презентациялық бағдарламалар, интерактивті тарихи карталар мен бейне-карталар, сондай-ақ студенттерге тарихи орындарды виртуалды түрде зерттеуге немесе тарихи оқиғалардың куәсі болуға мүмкіндік беретін виртуалды және толықтырылған шынайылық (VR және AR) технологиялары жатады. Басқа оқу құралдарына тарих тақырыбындағы компьютерлік ойындар мен қолданылып келе жатқан жасанды интеллект технологиялары кіреді. Бұл технологияларды кеңінен енгізуге кедергі келтіретін негізгі мәселелердің бірі – қазіргі мұғалімдердің технологиялық сауаттылығының төмендігі, олардың көбісі цифрлық құралдарды тарихты оқытуда қолдануға қажетті дағды мен тәжірибеге ие емес. Алайда жаңа мамандарды даярлау және қазіргі студенттер мен білім

алушылардың технологиялық құзыреттілігінің жоғары болуы болашаққа үлкен үміт береді. Жақын болашақта цифрлық технологиялар тарихты оқытудың ажырамас бөлігіне айналуы ықтимал [170, 1 р. 13 р.]. Сонымен қатар, тарих пәндері бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысты ақпараттық-цифрлық технологиялар көмегімен жасау қабілеттері деңгейі айқындалды.

Сауалнама алу нәтижесінде білім алушылардың көп бөлігі тарихты оқыту процесінде ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалануды жеткілікті деңгейде білмейтіндіктерін көрсетеді. Тарихты оқытуда ақпараттық –цифрлық технологияларды пайдаланудың тиімділігін сауалнамаға қатысқан білім алушылардың 90,5% мақұлдайды. Сауалнамаға қатысқан білім алушылардың 53,2% «Қазақстан тарихы» пәнінен қажетті білім деңгейін қалыптастыра алмағандықтарын көрсеткен.

Сондай-ақ, болашақ тарих мұғалімдерінің тарихи білімді меңгеруге пәндік қызығушылығы көрсеткіштерін бақылауға бағытталған Г.И. Щукинаның әдісі негізінде әзірленген сауалнама жауаптарына талдау жасалды. Г.И. Щукинаның сауалнама әдісі тарихшы-студенттердің пәнге қызығушылығын анықтауға арналған. Г.И. Щукинаның пәнге қызығушылықты анықтау сауалнамасы (12 кесте) бойынша бірнеше сұрақтарды келтіруге болады:

12-кесте

Г.И. Щукинаның пәнге қызығушылықты анықтау шкаласы

Нұсқаулық: Әрбір тұжырым бойынша өзіңіз келісетін деңгейді 1-ден 5-ке дейін белгілеңіз. Мұндағы 1 – мүлдем келіспеймін, 2 – келіспеймін, 3 – жауап беруге қиналамын, 4 – келісемін, 5 – толығымен келісемін. Өз жауабыңыздың тұсындағы бағанға «✓» құс белгісін қою арқылы бағалаңыз.						
№	Тұжырым	1	2	3	4	5
1	Тарих – менің ең жақсы көретін пәнім.					
2	Тарихты әлемде болып жатқан процестерді тереңірек түсіну үшін оқимын.					
3	Маған пәннің мазмұны емес, алатын бағам маңызды.					
4	Оқу бағдарламасынан тыс тарихи әдебиеттерді оқимын.					

5	Тарихты оқу тұлға ретінде дамуыма көмектеседі.					
6	Тарих саласында кәсіби маман болғым келеді.					
7	Тарихты оқу емтихан тапсыру үшін ғана қажет.					
8	Мен тарихты оқыту барысында тарихи деректерді көрсеткеннен шабыт аламын.					
9	Дәріс және семинар сабақтары қызық емес.					
10	Мені тарихи фильмдер қызықтырады.					

Сауалнамаға жауап берілгеннен кейін ұпайлардың қосындысы жасалады. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 пункттер бойынша ең жоғары ұпай жинағандары – ішкі танымдық қызығушылығын, 3 пен 7 пункттер бойынша жоғары ұпай жинағандары – ішкі қызығушылығын (ситуациялық), барлық пункттер бойынша төмен ұпай жинағандары – әлсіз қызығушылығын білдіреді.

Жалпы нәтижелер төмендегідей болды:

3 білім алушы – 45-тен 47 ұпайға дейін – жоғары деңгей;

12 білім алушы 3 пен 7 пункттер бойынша 17-ден 21 ұпайға дейін – орта деңгей;

17 білім алушы 11-ден 16 ұпайға дейін – төменгі деңгей.

Сондай-ақ, болашақ тарих мұғалімдерінің «Қазақстан тарихы» пәніне танымдық қызығушылығы деңгейлерін анықтауға арналған Блум таксономиясы негізінде «Қазақстан тәуелсіздігі жолы» тақырыбында хронологиялық шығармашылық сипаттамасын беру тапсырмасын (13 кесте) ұсыну арқылы бақылау жүргізілді. Бұл тапсырмада білім алушылардың Қазақстан тарихы бойынша тарихи логиканы және оқиғалар арасындағы тарихи-себеп салдарлық байланысты түсінуін анықтау мақсат етіп алынды. Тапсырмалар Google forms қосымшасымен беріліп, студенттердің жауаптары алынды.

Тапсырмаға сәйкес хронологиялық реті ауысқан «Рәміздер», «Егемендік», «Валюта», «Желтоқсан», «Тәуелсіздік» тірек сөздері берілген карточкалар әзірленіп таратылды. Әрбір тірек сөз қасына хронологиясы мен сол жылы жүзеге асқан тарихи оқиғаға толық сипаттама беру керек. Карточкада берілген тірек сөздерге сәйкес әрбір оқиғаға логикалық ретпен, Қазақстан тәуелсіздігі үшін мән маңызын ашып жазылған жауапқа екі ұпайдан, жалпы 10 ұпайға дейін жинауға болады.

**Карточка негізіндегі «Қазақстан тәуелсіздігі жолы» тақырыбында
хронологиялық шығармашылық сипаттамасын беру тапсырмасы**

Тірек сөздер	Хронологиясы	Сипаттамасы
1. «Желтоқсан»		
2. «Егемендік»		
3. «Тәуелсіздік»		
4. «Рәміздер»		
5. «Конституция» және «Валюта»		

Тірек сөздермен байланысты әрбір оқиғаның себеп-салдарлық негізімен сипаттамасын толық жазуына қарай ұпай беріледі. Төменде келтірілген үлгі (14 кесте) Қазақстанның тәуелсіздігі жолы бойынша берілген тірек сөздерге мән-мағынасын толық ашып, хронологиялық, логикалық ретпен берілген жауаптың бір нұсқасы.

**Карточка негізіндегі «Қазақстан тәуелсіздігі жолы» тақырыбында
хронологиялық шығармашылық сипаттамасын беру тапсырмасының
жауап үлгісі**

Тірек сөздер	Хронологиясы	Сипаттамасы
1. «Желтоқсан»	1986 жыл	Желтоқсан көтерілісі. Ұлттық сана оянып, Мәскеудің шешіміне қарсы қазақ жастарының көтерілуі. Бұл бірнеше ғасырлық отарлық езгіге қарсы тәуелсіздікке ұмтылыстың бастауы болды.
2. «Егемендік»	1990 жыл 25 қазан	Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Декларацияның негізінде мемлекеттің өз тәуелсіздігін жариялаудың алғашқы құқықтық қадамы жасалды.
3. «Тәуелсіздік»	1991 жыл 16 желтоқсан	Қазақстан Республикасының «Тәуелсіздігі мен егемендігі туралы» заң қабылданды. Дербес мемлекет дәрежесіне ие болды.

4. «Рәміздер»	1992 жыл 4 маусым	Дербес мемлекеттің мемлекеттік рәміздері бекітілді.
5. «Валюта»	1993 жыл 15 қараша	«Қазақстанның ұлттық валютасын айналымға енгізу туралы» Президент жарлығына қол қойылды. Дербес мемлекеттің экономикалық негізі қаланды.

Білім алушылардың ең жоғары және ең төмен ұпай жинағандары айқындалып, олардың арасынан жоғары, орта және төмен деңгейлер топтастырылды.

Анықтау кезеңінде алдын ала дайындалған арнайы тапсырмалар, тест сұрақтары негізінде білім алушылардың ішінен төмен, орта, жоғары деңгейлер анықталып алынды. Анықтау кезеңінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде білім алушылардың ақпараттық және цифрлық технологияларды оқу үдерісінде пайдалануы төмен дәрежеде екендігі, ақпараттық және цифрлық технологияларды тарихи білімді өздігінен меңгеру, талдау, қолдану, жинақтау, бағалау, зерттеу, іздеу іс-әрекеттерінің төмендігі, оның ішінде «Қазақстан тарихы» пәнін оқуда қызығушылықтары болмайтындығы байқалды. Анықтау кезеңінде жүргізілген тәжірибелік-эксперимент мәселенің өзектілігін айқындай түсті.

Анықтау кезеңінің нәтижелері бойынша білім алушылардың көп бөлігінің тарих пәндеріне қызығушылығының төмендігі, «Қазақстан тарихы» пәнінің тақырыптарынан білімдерінің жеткіліксіздігі, дәріс және практикалық сабақтарда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану қажеттілігі, жалпы алғанда оқыту әдістемесін дамыту керектігі қорытындылары шығарылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңінде шығарылған қорытынды негізінде ары қарай зерттеу жұмыстарын жалғастыру үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

– Тарихты оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың маңызы мен ерекшеліктерін жүйелеу;

– «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу-әдістемелік, компьютерлік қосымшалар, электронды оқу құралын (оқу-әдістемелік кешенін) оқу процесіне ендіру;

– Болашақ тарих мұғалімдерінің пәнге қызығушылығын қалыптастыру үшін оқытудың кез келген формасында «Қазақстан та-

рихы» пәнін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқыту;

– Пәнге қызығушылықты қалыптастыруға негізделген әдіс-тәсілдерді тарихты оқыту әдістемесіне енгізу;

– Болашақ тарих мұғалімдерінің пәнге қызығушылығын қалыптастыруға бағытталып жасалған «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік эксперимент негізінде дәлелдеу.

Тәжірибелік жұмыстардың қалыптастыру кезеңінде «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың ұсынылған әдістемесінің тиімділігі мен алдын ала жасаған ғылыми болжамның дұрыстығын қарастыру мақсаты қойылды. «Қазақстан тарихы» пәнінің тақырыптары бойынша білім алушылардан тест қабылданды, семинар сабақтарына арналған оқу жаттығулары орындатылды және білім алушылардың өзіндік жұмыстары ақпараттық және цифрлық технологиялардың көмегімен жоба қорғау түрінде ұйымдастырылды.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеудің қалыптастыру кезеңінде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша дамытылып жасалған әдістеменің тиімділігіне көз жеткізу үшін Гуманитарлық пәндер (тарих) мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасының 1 курсына оқитын білім алушылардан құрылған топтың ішінен бақылаушы топқа 26 (білім алушы) және эксперимент топқа 27 (білім алушы) іріктеліп алынды. Жалпы 53 білім алушы қатысты. Екі топқа да «Қазақстан тарихы» пәні оқытылды. Эксперимент жүргізілетін топқа ақпараттық-цифрлық технологиялар арқылы дамытылып жасалған әдістемемен оқытылса, бақылау тобы пәнді дәстүрлі оқыту әдістерімен, түсіндіру, репродуктивті, оқыту формасына қарай қағаз, тақта сияқты көрнекіліктермен оқытылды. Сондай-ақ, екі топқа да білім алушылардың қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған қосымша сабақтар өткізілді. Қосымша сабақтарда екі топқа да бірдей әдіс-тәсілдер пайдаланылғанымен, эксперименттік топқа ақпараттық және цифрлық технологиялар көмегімен тарихи фильмдер, құжаттар көрсетілді, виртуалды саяхат сабақтары ұйымдастырылды, сұрақтарға жауаптар алынды. Аталған топтарға «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұны мен бағдарламасы бірдей болды. Екі топтан бірдей тапсырмалар негізінде аралық және қорытынды бақылаулар тест түрінде алынды (Қосымша Б).

Қалыптастыру кезеңінде алдын ала анықталған топтардың тарихты оқуға танымдық қызығушылығы көрсеткіштерін, «Қазақстан

тарихы» пәнінен білім деңгейлерін анықтау мақсатында бақылау жүргізілді. Бүгінде жалпы педагогика ғылымы саласында білім алушылардың тарихты оқу қызығушылығына ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың ықпалын анықтауға арналған теориялар мен әдістер бар. Олар – Дж.Келлердің ARCS мотивациялық моделі [171] (мультимедиа, видео, анимация т.б. арқылы назар аударту; тарихи материалдың өмірмен байланысы арқылы маңыздылығын көрсету; интерактивті тапсырмаларды орындау арқылы өзін өзі көрсету немесе сенімділік; онлайн тест, баға арқылы жетістікке қанағаттану), Ж.Пиаженің конструктивизм теориясы [172] (білім алушылардың ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану (видео, интерактивті карта, онлайн тест, презентация) арқылы өз білімдерін белсенді түрде көрсете алуы), Э. Черчтің цифрлық Блум таксономиясы [169] (білім алушылардың танымдық құзыреттіліктерін сандық технологиялар арқылы дамыту, Google-ізденіс, хронология, видеолекция арқылы түсіндіру, интерактивті карталар ұсыну, өткен тарихи оқиғаларды салыстыру, презентация жасау, сұрақ-жауап пікірталас платформалары), М.Пренскидің Сандық кезең білім алушысының профилі [69] (білім алушы ақпаратты қабылдау үшін технологияларды керек етеді. Бұл оның қызығушылығын арттырады) сынды теориялар. Зерттеуімізге Э.Черчтің цифрлық Блум таксономиясы әдісі таңдап алынды.

1956 жылы Б. Блум тарапынан ұсынылған таксономия оқытудың алты сатысын (білу немесе есте сақтау, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) қамтиды. Эндрю Черч тарапынан ұсынылған таксономияның цифрлық нұсқасы аталған сатылардың технологиялармен интеграция негізінде қалай жүзеге асырылатынын анықтайды. Мысалы, белгілі бір тарих сабағында білім алушылар тек соғыс уақыттарын ғана есте сақтаудан басқа, хронологиялық тізбек жасау құралы арқылы интерактивті уақыт тізбегін ұсынып, анализ және синтез жасай алады. Цифрлық таксономия тек технологияларды қолдану ғана емес, сыни ойлау, бірлесіп жұмыс жасау, цифрлық сауаттылық сынды қабілеттерді де дамытады. Цифрлық Блум таксономиясының негізге алынуы білім алушыларға жоғары деңгейде танымдық және цифрлық құзыреттіліктерді қалыптастыруы тұрғысынан пайдалы болады [173, 6 р.].

Эндрю Черчтің Цифрлық Блум таксономиясы бойынша тарихты оқытуда білім алушылардың танымдық қызығушылық көрсеткіш-

тері әр деңгейде жасайтын іс-әрекеттері арқылы анықталады. Білім алушылардың әр деңгейге сәйкес танымдық қызығушылық көрсеткіштері мыналар:

1. Білу немесе есте сақтау – білім алушылардың тарихи фактілерді, терминдерді, даталарды, оқиғаларды жатқа білуге талпынуы, тарихи мәліметтерді тест, карталармен қайталап пайдалануы, цифрлық технологиялармен жүзеге асатын ойындарға (Kahoot, Quizz платформаларында) белсенді қатысу.

2. Түсіну – білім алушылардың тарихи фактілердің, оқиғалардың, процестердің мән-мағынасын түсіндіріп, сипаттай алуы, түсіндіру барысында ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалана алуы, тақырыпты талқылауға қатысуы.

3. Қолдану – білім алушылардың тарихи білімдерін практикалық тапсырмаларды орындауға деген қызығушылығының артуы, ақпараттық және цифрлық технологиялармен презентация жасауға деген белсенділіктің артуы.

4. Талдау – білім алушылардың тарихи оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды айқындауға деген ұмтылыстың болуы, технологиялар негізінде көрсетілуі қолжетімді болатын тарихи құжаттар мен дереккөздерге сыни көзқараспен қарауы, цифрлық карталар арқылы тарихи процестерді салыстырып қарай алуы.

5. Жинақтау – білім алушылардың өз бетінше тарихи деректер жинақтап, цифрлық жобалар жасауы.


6. Бағалау – білім алушылардың тарихи оқиғаларға, процестерге баға беруге талпынысының болуы, пікірталас кезінде өз ойын ашық білдіруі.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысымыздың үшінші жалпылаушы кезеңінде болжамымыздың анықтығын қайта тексеру үшін болашақ тарих мұғалімдерінің «Қазақстан тарихын» оқуға танымдық қызығушылығы көрсеткіштерінің деңгейін қайта айқындау, жинақталған нәтижелерді анализ жасау, статистикалық сараптау, зерттеуіміздің мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі бойынша тұжырым жасау, жалпылау жұмыстары жүргізілді.

Болашақ тарих мұғалімдерінің «Қазақстан тарихын» оқуға танымдық қызығушылығы көрсеткіштерін анықтауға арналған тапсырмалар төмендегідей болды:

1. Білу немесе есте сақтау (Remembering) деңгейі бойынша тапсырма.

Білім алушылар Kahoot платформасында «Ұла Дала Алтын орда кезеңінде» және «Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығы» тақырыптары бойынша 30 сұрақтан тұратын тестке жауап береді (20 сурет). Берілген тест сұрақтары арқылы білім алушылар тарихи мәліметтерді еске түсіреді және қайталайды. Әрбір дұрыс жауап үшін 5 ұпай беріледі.



20-сурет. Kahoot платформасында «Ұла Дала Алтын орда кезеңінде» және «Қазақ халқының қалыптасуы және Қазақ хандығы» тақырыптары бойынша тест сұрақтары үлгісі

2. Түсіну (Understanding) деңгейі бойынша тапсырма.

«Алаш» партиясының бағдарламасымен танысыңыз. Бағдарламада қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру қалай көрініс тапқан? Түсіндіріңіз.

«Қазақ халқын отарлық езгіден азат ету» ұраны төңірегінде топтасқан ұлттық интеллигенцияның бағдарламасы.


- I. Мемлекеттік қалпы
- II. Жергілікті бостандық
- III. Негізгі құқық
- IV. Дін ісі
- V. Билік һәм сот
- VI. Ел қорғау
- VII. Салық
- VIII. Жұмысшылар
- IX. Ғылым-білім үйрету
- X. Жер мәселесі.

Ұлт зиялылары не себептен осы мәселелерді көтерді?

Білім алушы XX ғасыр басындағы тарихи құбылыстың мәнін түсіндіріп, баяндайды. Тарихи оқиғаны түсіндіруі қисынды және дәйекті болса 5 ұпай беріледі. Жауапты Google Forms арқылы жауап беруге болады.

3. Қолдану (Applying) деңгейі бойынша тапсырма.

Білім алушы Моңғол империясынан қазақ хандығы құрылғанға дейінгі 5 маңызды оқиғаны суретке (21 сурет) қарап отырып жазады.



1.
2.
3.
4.
5.

21-сурет. Моңғол империясынан қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңге арналған карта

Тарихи білімдерін нақты тапсырма бойынша пайдаланады. Тапсырмаға жауап берілу барысында технология пайдаланылып, шығармашылықпен жауап берілсе 5 ұпай алады. Тапсырма жауабын Google Forms қосымшасы арқылы жіберуге болады.

4. Талдау (Analyzing) деңгейі бойынша тапсырма.

Алашорда автономиясы мен Қоқан автономиясының айырмашылықтары мен ортақ мақсаттарын және автономиялар идеялары-

ның неліктен жүзеге аспай қалуының себептерін анықтап, тарихи маңызын талдаңыз (15 кесте).

15-кесте

Алашорда автономиясы мен Қоқан автономиясының айырмашылықтары мен ортақ мақсаттарын және автономиялар идеялары

<i>Алашорда автономиясы</i>		<i>Түркістан автономиясы</i>
А) Айырмашылықтары:	Б) Ортақ мақсаттары:	В) Идеяларының жүзеге аспай қалуының себептері
1	1	1
2	2	2
Тарихи маңызы:		

Білім алушы тарихи оқиғалардың айырмашылықтарын, себеп-салдарларын талдап, салыстырулар мен дәлелдер негізінде қорытынды жасаса 5 ұпай алады. Білім алушы Google Forms форматында немесе инфографика түрінде жауап беруге болады.

5. Жинақтау (Creating) деңгейі бойынша тапсырма.

Білім алушы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша ұсынылған бір тақырыпта тарихи деректер мен тұжырымдарды жинақтап, презентация әзірлейді. Жаңа презентация тақырыпты жан жақты ашып, ақпараттық және цифрлық құралдардың көмегімен шығармашылық негізде жасалса 5 ұпай беріледі.

6. Бағалау (Evaluating) деңгейі бойынша тапсырма.

Төмендегі дерек пен өз білімінді қолдана отырып, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа баға беріңіз.

«...16 жылғы оқиғалар қазақ қоғамында империялық үстемдікке қарсы күресте екі көзқарастың, екі әдістің болғандығын көрсетіп берді»... «батырлар бастаған қол жасақтап, жауға қарсы көтеріліп, елдің еркіндігін білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғау еді. 16 жылғы оқиғалар, сонымен бірге қазақ қоғамында ұлттық бостандық үшін күрестің жолдары мен әдісіне қатысты жаңа көзқарастың қалыптасып қалғанын да көрсетіп берді. Ол әдістің негізгі белгісі ұлттық саяси тұтастық және негізгі мақсаттар үшін саналы,

ұйымдасқан әрекетке өту екендігін халыққа жеткізуге тырысты» [8].

Қазақ зиялыларының ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты ұстанымдары:

Ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи маңызы:

Бұл тапсырмаға сәйкес білім алушы тарихи деректер негізінде ойын дәйекті түрде келтіріп, оқиғаны бағаласа 5 ұпай беріледі. Жауапты Google Forms, Google docs арқылы жауап беруге болады.

Әрбір деңгейдегі тапсырманың орындалуы ұпай санымен бағаланып, жалпы көрсеткіш шығарылады.

Э. Черчтің Цифрлық Блум таксономиясы көптеген педагогикалық-психологиялық зерттеулерде пайдаланылған:

– Андерсон мен Крацвол [174] Б. Блумның таксономиясын қайта қарап, танымдық деңгейлерді цифрлық әрекеттермен толықтырады.

– Мишра мен Кохлер [175] Э.Черчтің таксономиясын Технологиялық педагогикалық контент білімімен интеграциялай отырып, болашақ мұғалімдердің цифрлық құзіреттілігін дамыту мен бағалауда пайдаланады.

– С. Редеккер мен И. Пуни [176] Цифрлық құзіреттілік пен ХХІ ғасыр дағдылары зерттеулерінде Э. Черч моделінің практикалық элементтерін пайдаланады.

Сонымен қатар, Э. Черчтің Цифрлық Блум таксономиясы онлайн білім беретін флатформалардың, атап айтқанда, Edutoria, TeachThought, Educational Technology and Mobile Learning платформалары мен жобаларында кеңінен қолданылған. Жалпы алғанда, Э. Черчтің цифрлық таксономиясы негізінде әзірленіп, ұсынылған тапсырмалар білім алушылардың ішкі мотивациясын арттыратындығы дәлелденген.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеуде Э. Черчтің Цифрлық Блум таксономиясын «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда пайдалануға бейімдеп, қолданылды. Зерттеуімізге қатысқан бақылау және эксперимент тобындағы 1 курс білім алушыларының тарихты оқуға танымдық қызығушылықтары көрсеткіштерін айқындау мақсатында деңгейлік тапсырмалар «Қазақстан тарихы» пәнінің әртүрлі тақырыптары бойынша әзірленіп, жүзеге асырылды.

Нәтижелерді шығару барысында жиынтық бағалау көрсеткіштері білім алушыларды жоғары, орта, төмен деңгей деп ажыратуымызға мүмкіндік берді. Танымдық қызығушылық көрсеткіштері

бойынша жиынтық бағалау көрсеткіштерін өңдеу үшін төмендегідей бағалау шкаласы жасалды (16 кесте):

16-кесте

Танымдық қызығушылық көрсеткіштері бойынша жиынтық бағалау көрсеткіштерін өңдеу үшін әзірленген бағалау шкаласы

Балл	Деңгейі	Көрсеткіші	Сипаттамасы
20-30 балл	Жоғары деңгей	Білім алушы тарихи мәліметтерді салыстырып, зерттеуде белсенділік танытады, өзіндік ой қорытынды шығара алады.	Білім алушы тапсырмаларды орындау барысында шығармашылық танытады, тарихи деректерді өз бетінше іздеп табады, жинақталған ақпараттар негізінде ой тұжырым жасайды. Ақпараттық және цифрлық технологияларды тиімді пайдалана отырып, логикалық ойлауының жоғары екендігін көрсетеді.
10-20 балл	Орта деңгей	Білім алушы оқытушы ұсынған нұсқаулық бойынша әрекет етеді, тарихи мәліметтерді жалпы түсінеді.	Білім алушы берілген тапсырмаларды толығымен орындайды, дегенмен тарихи талдауды аз жасайды. Тарихи мәліметтерді түсінеді, қолданады, дегенмен шығармашылығын аз танытады.
0-10 балл	Төмен деңгей	Білім алушы тек дайын тарихи мәліметтерді қайталап, қызығушылығы төмен екендігін көрсетеді.	Білім алушы берілген тапсырмаларға қысқа, шаблонды түрде жауап береді. Тарихи мәліметті толық түсінбейді, ақпараттық және цифрлық технологиялармен жұмыс жасау әлсіз.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу сенімді және нақты болуы үшін Цифрлық Блум таксономиясының маңыздылығы мен танымдық деңгейін ескере отырып, әрбір дағды бойынша алынатын ұпаймен бірге коэффициент беріліп, $(B \times 1.0) + (T \times 1.2) + (Қ \times 1.3) + (Та \times 1.5) + (Ж \times 1.8) + (Б \times 2.0) = \text{Жалпы ұпай}$ формуласымен есептелді және жинақтаған жалпы ұпайына қарай 3 топқа бөлінді.

Диагностикалау нәтижелері бойынша эксперимент және бақылау тобындағы білім алушылардың экспериментке дейінгі және эксперименттен кейін «Қазақстан тарихы» пәнін оқуға қызығушылық


деңгейлері төмендегі кестеде (17 кесте) және диаграммада (22, 23 сурет) берілді.

17-кесте


Болашақ тарих мұғалімдерінің Цифрлық Блум таксономиясы бойынша «Қазақстан тарихы» пәнін оқуға танымдық қызығушылық деңгейлері бойынша экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі салыстырмалы көрсеткіштері

Цифрлық Блум таксономиясы бойынша танымдық қызығушылық көрсеткіштері	Деңгейлер	Экспериментке дейін (Э.д.)		Эксперименттен кейін (Э.к.)	
		Бақылау тобы (Б.т.)	Эксперимент тобы (Э.т.)	Бақылау тобы (Б.т.)	Эксперимент тобы (Э.т.)
Білу немесе есте сақтау	Жоғары	26	25	26	37
	Орта	19	20	19	32
	Төмен	21	20	16	29
Түсіну	Жоғары	25	25	24	33
	Орта	14	22	22	32
	Төмен	13	21	16	28
Қолдану	Жоғары	24	26	24	38
	Орта	16	25	26	31
	Төмен	11	22	13	25
Талдау	Жоғары	19	25	21	36
	Орта	15	22	25	33
	Төмен	17	21	18	27
Жинақтау	Жоғары	12	15	16	29
	Орта	7	6	8	10
	Төмен	14	13	9	21
Бағалау	Жоғары	24	25	16	34
	Орта	24	23	19	32
	Төмен	18	17	15	22

Бұл кестеден «Қазақстан тарихы» пәнін оқуға танымдық қызығушылығы көрсеткіштерінің бірқалыпты емес екендігін көруге болады. Жинақтау көрсеткіші бойынша экспериментке дейін орта топ 7 және 6 ұпай жинады. Бұл тарихи деректерді жинау және оларды ақпараттық және цифрлық технологиялар көмегімен шығармашылық негізде ұсына алмауымен түсіндіріледі. Тәжірибеден кейін эксперимент тобына берілген тапсырмаларды орындауда білім алушылар танымдық қызығушылықтың жоғары деңгейін көрсетті.



22-сурет. Болашақ тарих мұғалімдерінің «Қазақстан тарихы» пәнінен Цифрлық Блум таксономиясы бойынша бақылау және эксперимент топтарының экспериментке дейінгі орташа ұпайларының салыстырмалы көрсеткіштері («у» осі – жалпы ұпай санын көрсетеді)



23-сурет. Болашақ тарих мұғалімдерінің «Қазақстан тарихы» пәнінен Цифрлық Блум таксономиясы бойынша бақылау және эксперимент топтарының эксперименттен кейінгі орташа ұпайларының салыстырмалы көрсеткіштері («у» осі – жалпы ұпай санын көрсетеді)

Тәжірибелік-эксперименттің барысында жеке білім алушының цифрлық Блум таксономиясы деңгейлері бойынша танымдық қызығушылық көрсеткіштері нәтижелерінің дәлдігін анықтау үшін

$$T_k = \sum(T_{\text{ұ}} \times \text{Бдк}) / N$$

формуласы пайдаланылды. Бұл жердегі T_k – танымдық қызығушылық, $T_{\text{ұ}}$ – әр деңгей бойынша тапсырманы орындағаны үшін жауабына берілетін ұпай, Бдк – Блум деңгейінің коэффициенті, N – барлық тапсырмалардың саны.

Тәжірибелік-эксперимент барысында цифрлық Блум таксономиясы деңгейлері бойынша экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі танымдық қызығушылық көрсеткіштері бойынша мәндер төмендегі кестеде (18 кесте) көрсетілді.

18-кесте

Болашақ тарих мұғалімдерінің Цифрлық Блум таксономиясы бойынша «Қазақстан тарихы» пәнін оқуға танымдық қызығушылық деңгейлері бойынша эксперимент тобының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі критикалық көрсеткіштерінің мәні

Цифрлық Блум таксономиясы бойынша танымдық қызығушылық көрсеткіштері	Танымдық қызығушылық	Уилкоксон кестесіне сәйкес T – критикалық мән көрсеткіштері	
Білу немесе есте сақтау	$T_k=3$	0,01	0,05
		92	119
Түсіну	$T_k=15$	0,01	0,05
		92	119
Қолдану	$T_k=55$	0,01	0,05
		92	119
Талдау	$T_k=21$	0,01	0,05
		92	119
Жинақтау	$T_k=1$	0,01	0,05
		92	119
Бағалау	$T_k=36$	0,01	0,05
		92	119

«Қазақстан тарихы» пәнін оқуға байланысты эксперименттің басында және соңында цифрлық Блум таксономиясымен танымдық

қызығушылықтың әрқайсы көрсеткіші бойынша алынған нәтижелердің дәлдігін анықтау үшін критерий Уилкоксон критерийі пайдаланылды. Эксперименттік топ пен бақылау тобы білім алушыларының танымдық қызығушылықтары деңгейлерін салыстыру үшін H_0 – танымдық қызығушылықтары деңгейлерінде айтарлықтай ерекшелік жоқ ($T_{эм} \leq T_{кр}$), H_1 – айтарлықтай айырмашылық бар деген болжамдар қалыптастырылды.

Уилкоксон статистикасының формуласы бойынша $T = \min(T+, T-) \rightarrow$ ең кіші мән алынады.

Уилкоксон критерийі бойынша білім алушылардың барлығының цифрлық Блум таксономиясы деңгейлеріне сәйкес берілген тапсырмаларды экспериментке дейін және эксперименттен кейін орындау балдары жинақталды. Әр білім алушының әр деңгей бойынша кейінгі жинақтаған бағаларынан бастапқы жинаған бағалары арасындағы айырмашылық табылды. Тек айырмашылығы бар бағалар өсу ретімен қойылып ранжирленді. Әр рангке сәйкес + немесе – таңбасы қойылды. Теріс айырмашылығы жоқ болғандықтан, ол 0 деп қарастырылады. Келесі кадам, барлық рангтар ($T+$ және $T-$) қосындысы есептелді. Одан соң ең кіші рангтар қосындысы анықталды. Анықталған мән критикалық мәнмен (Критикалық мән арнайы әдебиеттердегі Уилкоксон кестесінен алынды) салыстырылды. Уилкоксон кестесінде $n = 27$ үшін критикалық мән $\alpha = 0.05$ -ге тең. Мұндағы n – рангтелген жұптар саны. Егер $T \leq$ критикалық мән жағдайы тіркелсе, онда көрсетілген айырмашылық маңызды болып табылады. Сондықтан, егер $T \leq T_{кр} \rightarrow$ айырмашылық маңызды, яғни цифрлық Блум тапсырмалары арқылы танымдық қызығушылық артқан деген тұжырым жасауға болады.

Тәжірибелік-эксперимент нәтижесінде бастапқыда бақылау және эксперимент топтарында білім алушылардың тарихи білімді меңгеру деңгейлерінде айтарлықтай ерекшелік жоқ екендігі көрінсе, қорытынды кезеңінде елеулі айырмашылықтар байқалды. Зерттеу барысында алынған нәтижелер болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқыту әдістемесінің тиімділігін, ұсынылған оқулық пен оның электронды нұсқасының білім алушыларда тарихи білімді меңгеру мен белсенділіктерін арттыруға бағытталған мүмкіндіктерін айқындайды. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша электронды оқулықтағы ақпараттық және цифрлық бағдарламаларға

негізделіп жасалған дәріс, практикалық сабақ, тест және басқа да қосымшалар оларды білім алушылардың пайдалану мүмкіндіктерін көрсетеді. Тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде ұсынылған әдістеменің білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастырып, оқу белсенділіктерін арттыратындығы байқалды. Болашақ тарих мұғалімдеріне «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалану арқылы қызығушылықтарын арттыру жұмыстары оқытудың кредиттік жүйесіне сәйкес жүргізілді және тәжірибелік негізде нақтыланды. Ғылыми болжамның ақиқаттығы мен дұрыстығы жүргізілген тәжірибе негізінде дәлелденді.

Қазақстан тарихы пәнін оқыту үшін оқытушының кәсіби құзыреттілігі басты мәнге ие, яғни Қазақстан тарихы пәнін оқытудағы басты фактор – педагогтың кәсіби құзыреттілігі мен цифрлық сауаттылығы. Бүгінгі таңда педагог тек тарих пәнінің мазмұнын меңгерумен шектелмей, заманауи ақпараттық-цифрлық технологияларды тиімді қолдана алуы тиіс.

Қазақстан тарихы пәнін оқыту үшін ЖОО оқытушысына қойылатын білім сферасы, іскерлік және жеке тұлғалық сапалар маңызды.

Жоғары мектеп педагогының АКТ оқу үдерісіне ентелеп енуіне сәйкес олардың да кәсіби құзыреттілігі жетілдірілуі заман талабы.

Сондықтан, зерттеу жұмысымыз үшін оқытушылардың цифрлық құзыреттілігін дамыту мынадай бағыттар бойынша құнды деп білеміз:

– педагогтың кәсіби құзыреттілігі бойынша тақырыпты ашуға тікелей теориялық және практикалық негіз болады;

– цифрлық ортада оқытуға сәйкес Қазақстан тарихын оқытуда педагогтың АКТ-ны тиімді пайдалану деңгейі оқыту сапасына тікелей әсер ететінін дәлелдеуге қолданылады;

– әдістемелік ұсыныстар жасауда педагогтардың кәсіби дамуын қолдайтын модельдер мен практикалық ұсыныстарды зерттеу жұмысының практикалық нұсқаулар бөліміне кіріктіруге болады.

– ғылыми-теориялық негіз тұрғысынан мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін дамыту білім беруді цифрландыру саясатының ажырамас бөлігі екенін негіздей отырып, зерттеу жұмысының әдіснамалық базасын күшейтеді.

Сонымен, кәсіби құзыреттілікті жетілдіру бағыттары ретінде төмендегілерді атап көрсетуге болады:

1. Әдістемелік құзыреттілік – цифрлық ресурстарды (Bilimland, Moodle, Google Classroom, Kahoot, т.б.) оқу процесіне кіріктіру, интерактивті тапсырмалар әзірлеу.

2. Ғылыми-зерттеушілік құзыреттілік – жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде сынақтан өткізу, зерттеу нәтижелерін ғылыми мақалаларда жариялау.

3. Коммуникативтік құзыреттілік – онлайн-платформаларда (Zoom, Microsoft Teams, Webinar) студенттермен тиімді қарым-қатынас орната білу.

4. Басқарушылық құзыреттілік – оқу процесін цифрлық ортада ұйымдастыру, бағалау және мониторинг жүргізу.

Жалпы цифрлық сауаттылықты арттыру жолдары көптеп саналады. Десекте, олардың негізгілері ретінде төмендегілер атап көрсетіледі:

– қашықтықтан оқыту курстарына қатысу: цифрлық педагогика, EdTech, e-learning бағыттары бойынша онлайн оқыту (Coursera, Udemy, OpenU);

– білім беру платформаларын меңгеру: Moodle арқылы курс құрастыру, Google Classroom-да оқу материалдарын жүйелеу, Bilimland контентін сабақта қолдану;

– инновациялық құралдарды пайдалану: интерактивті тақта, Padlet, Mentimeter, Canva арқылы визуалды материалдар дайындау;

– үздіксіз кәсіби даму: педагогикалық шеберлікті жетілдіру курстарынан өту, кәсіби қауымдастықтарға (edtech клубтар, мұғалімдер ассоциациялары) қатысу.

Теориялық зерттеулер мен практикалық тәжірибеді зерделей келе төмендегідей практикалық ұсыныстар жасауға болады:

1. ЖОО мен мектептерде педагогтардың цифрлық сауаттылыққа арналған тұрақты біліктілікті арттыру бағдарламаларын енгізу.

2. Әрбір педагогтың жеке цифрлық портфолиосын қалыптастыру.

3. Пән бойынша оқу-әдістемелік материалдарды электронды форматта әзірлеу.

4. Білім алушылармен кері байланысты күшейту үшін онлайн сауалнама және пікірталас құралдарын қолдану.

Сонымен, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру және цифрлық сауаттылығын арттыру – Қазақстан тарихы пәнін оқытудың сапасын арттырудың басты кепілі. Цифрлық технологияларды

меңгерген педагог қана білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытып, олардың зерттеушілік дағдыларын жетілдіре алады.

Білім беру үдерісінде, оның ішінде оқыту/оқу үдерісінде педагогтың рөлі ерекше екендігі белгілі. Оқыту әдістемесін, яғни «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту әдістемесін жетілдіру педагогтың даярлығымен де байланысты екендігін назарда ұстаған жөн. Осыған байланысты педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамытуға арналған кадамдық модель үлгісі төменде ұсынылуда.

1-деңгей. Бастапқы (дайындық кезеңі)

- компьютер, планшет, смартфонды негізгі деңгейде қолдану;
- электронды поштаны пайдалану, файл алмасу, қарапайым мәтіндік редакторлармен жұмыс (Word, PowerPoint);
- интернеттегі ақпаратты табу және тексерудің бастапқы дағдылары.

Мақсат: Цифрлық ортада өзін-өзі еркін сезіну, қарапайым құралдарды меңгеру.

2-деңгей. Негізгі (қолданушы кезеңі)

- онлайн платформалармен жұмыс (Google Classroom, Moodle, Bilimland);
- бейнематериалдар, презентациялар, интерактивті тапсырмалар дайындау;
- электрондық тесттер мен тапсырмалар құрастыру;
- әлеуметтік желілерді білім беру мақсатында қолдану.

Мақсат: Цифрлық құралдарды жүйелі түрде сабақ үрдісіне енгізу.

3-деңгей. Жетілдірілген (шығармашылық кезеңі)

- виртуалды зертханалар, онлайн-симуляция, цифрлық ойындар қолдану;
- авторлық цифрлық контент жасау (бейне сабақтар, подкасттар, оқу құралдары);
- цифрлық бағалау жүйелерін қолдану (онлайн тест, портфолио, деректерді талдау);
- білім алушылардың зерттеушілік және шығармашылық жұмыстарын цифрлық ортада ұйымдастыру.

Мақсат: Цифрлық технологияларды шығармашылықпен қолдану.

4-деңгей. Инновациялық (Көшбасшылық кезеңі)

- цифрлық педагогикалық тәжірибені тарату (вебинар, онлайн-курс әзірлеу);

- цифрлық білім беру жобаларын басқару;
- жас мамандарды цифрлық құзыреттілікке үйрету (менторлық);
- жасанды интеллект, big data, AR/VR технологияларын оқытуда қолдану.

Мақсат: Цифрлық ортада кәсіби көшбасшы болу, жаңа әдістемелерді енгізу.

Аталған модельді педагогтардың кәсіби даму бағдарламасына енгізіп, әр деңгей бойынша курстар мен тәжірибелік жаттығуларды жоспарлауға болады.

Тарау бойынша қорытынды

1. «Қазақстан тарихы» пәнін қазіргі заманғы ақпараттық және цифрлық технологиялардың кеңінен қолданылуы аясында болашақ тарих мұғалімдерінің танымдық қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесі әзірленді. Бұл жүйе оқу үдерісінің мазмұнына, мақсат-міндеттеріне және заманауи талаптарға сәйкес құрылып, студенттердің пәнге деген ынтасын арттыруды көздейді.

2. Ұсынылған әдістемелік жүйені оқу процесіне енгізу арқылы оның тиімділігін бағалау мақсатында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді. Жинақталған деректер арнайы критерийлер негізінде статистикалық әдістер арқылы талданды. Эксперимент барысында алынған нәтижелер мен олардың сандық-сапалық тұрғыдан өңделуі, болашақ тарих мұғалімдерінің танымдық қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың әдістемелік моделінің тиімді екенін көрсетті. Атап айтқанда, электрондық оқулықтарды (Қосымша Ж) қолдану, мақсатты әдістәсілдердің енгізілуі мен танымдық белсенділікті арттыратын технологиялардың тиімділігі тәжірибе арқылы дәлелденді.

3. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында әзірленген әдістемелік жүйенің тиімділігі нақты нәтижелермен айқындалды. Болашақ тарих мұғалімдерінің Қазақстан тарихы пәні бойынша алған білімдерін нақтылау, деректерді талдау, тарихи пайымдаулар жасау, өзіндік ой қорытындыларын жүйелі түрде жеткізу, салыстырмалы талдау жүргізу және бақылау дағдылары біртіндеп қалыптасты. Сонымен қатар, студенттердің дербес ізденіс қабілеті артып, тарихи құбылыстарға сыни көзқараспен қарау білігі дамыды.

Студенттердің танымдық қызығушылығы арнайы тапсырмалар мен бағалау құралдары арқылы анықталды. Бұл ретте Цифрлық Блум

таксономиясы негізінде жүргізілген тест нәтижелері олардың ойлау әрекетінің әр деңгейі бойынша сараланып, оқу процесінің соңында танымдық белсенділік көрсеткіштерінің едәуір жоғарылағаны байқалды. Бұл деректер ұсынылған әдістемелік жүйенің болашақ тарих мұғалімдерінің кәсіби дамуына оң ықпал еткенін дәлелдейді.

Сонымен, әзірленген әдістемелік жүйені Қазақстан тарихы пәнін оқыту үдерісіне енгізу болашақ тарих мұғалімдерінің кәсіби және танымдық дамуында келесі оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

– тарихи оқиғалар мен үрдістерді терең әрі жүйелі меңгеруді жеделдетіп, оқу материалдарының мазмұнын кеңейтті; мультимедиялық мазмұндар, тарихи графиктер, тірек-сызбалар, бейнематериалдар мен интерактивті визуалдар арқылы білімнің тұрақтылығы қамтамасыз етілді;

– білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырды, дербес ізденіс, ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу, тарихи білімді жүйелеу дағдыларын жетілдірді;

– оқу үдерісіне студенттердің белсенді араласуын қамтамасыз етті;

– жаңа тарихи мәселелерге байланысты тапсырмаларды шешуде шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал етті;

– тарихи деректер мен материалдарды түрлі жағдайларда тиімді қолдану дағдылары қалыптасты;

– білімді жаңа тарихи міндеттерге бейімдеп, оны жетілдіру қабілеті дамыды;

– ғылыми-тарихи зерттеулер жүргізу барысында дербес талдау жасап, жаңа бағыттар бойынша жұмыс істей алу мүмкіндіктері кеңейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі кезеңде болашақ тарих мұғалімдері білімді дербес игеруге, тарихи фактілерді сараптауға, жаңа білімді қабылдап, оны іс жүзінде қолдануға дайындығы болуы тиіс. Олар әлеуметтік құзыретті, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды меңгерген, шығармашылық ойлау қабілеті дамыған, жаһандық бәсекеге төтеп бере алатын мамандар ретінде қалыптасуы қажет. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру саласында жаңа тәсілдер мен құралдарды енгізуді талап етеді.

Сондықтан жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнін оқыту әдістемесін қазіргі заманға сай қайта қарап, ақпараттық кеңістік жағдайында тиімді қолдану маңызды. Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, мұндай тәсілдер білім сапасын арттырып, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Болашақ тарих мұғалімдерін даярлау барысында ақпараттық және цифрлық технологиялардың рөлін зерттей отырып, тарих саласында қолданылатын заманауи ақпараттық ресурстарға талдау жүргізілді. Қазақстан тарихын оқытуда қолданылатын электрондық оқулықтар, интерактивті платформалар мен онлайн дерекқорлардың ерекшеліктері анықталып, болашақ мамандарды дайындауда олардың тиімді пайдаланылуы ұсынылды.

Қазақстан тарихын оқытудың әртүрлі формаларында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың артықшылықтары анықталып, оның теориялық негіздері нақты көрсетілді. Лекцияларда ақпараттық және цифрлық технология құралдарын пайдалану, практикалық сабақтарда интерактивті карталар мен тарихи дереккөздерді зерттеу, студенттердің өзіндік жұмыстарын цифрлық ресурстар арқылы ұйымдастыру сияқты әдістер оқу процесін сапалы жаңа деңгейге көтереді. Сонымен бірге, мұндай технологиялар тарихи танымдық қабілеттерді, сыни ойлауды және шығармашылық көзқарасты дамытуға ықпал етеді.

Болашақ тарих мұғалімдерінің патриоттық дүниетанымын да-

мыту қажеттілігіне баса назар аударып, ақпараттық және цифрлық технологиялардың танымдық қызығушылықты қалыптастырудағы рөлін атап өттік. Шетелдік және жергілікті ғалымдардың зерттеулерін талдау нәтижесінде, танымдық қызығушылықты дамыту болашақ тарих мамандарын даярлауда маңызды аспект болып табылатыны анықталды. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар негізінде танымдық қызығушылықты қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен әдістері жүйеленді.

«Қазақстан тарихы» пәні аясында әзірленген авторлық электрондық оқулық пен оқу-әдістемелік материалдар оқу процесіне енгізіліп, студенттердің тақырыптарды терең меңгеруіне жағдай туғызды. Электрондық ресурстар Қазақстанның ежелгі кезеңінен бүгінгі күнге дейінгі кезеңдерін толық қамтып, студенттердің тәуелсіз зерттеу жүргізуіне мүмкіндік берді. Сонымен қатар, тарихи картамен жұмыс және Қазақстан тарихы бойынша практикалық сабақ тапсырмалары сияқты әдістемелік материалдар сабақтардың тиімділігін арттырды. Ақпараттық-цифрлық технологиялар мен тарихты оқытудың заманауи әдістерін біріктіру арқылы студенттердің танымдық қызығушылықтарын қалыптастырып, сыни ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытуға қол жеткізілді.

«Қазақстан тарихы» пәнін оқытуға бағытталған әдістемелік жүйенің тиімділігін айқындау мақсатында білім беруді ақпараттандыру жағдайында тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Зерттеу барысында алынған деректер ұсынылған әдістемелік тәсілдің болашақ тарих мұғалімдерін даярлау ісіне оң әсерін тигізетінін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттердің тарихи білімді өздігінен меңгеруіне, оқиғаларды сараптауға және логикалық тұжырым жасауына бейімділігі артты. Сонымен қатар, заманауи технологиялармен үйлестірілген оқыту тәсілдері студенттердің оқу белсенділігі мен пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың тарихи ақпаратты жаңа әдістер арқылы тиімді игеру қабілетін қалыптастырды.

Зерттеу барысында «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту үдерісінде ақпараттық және цифрлық технологияларды қолданудың теориялық негіздері, тәжірибелік үлгілері мен әдістемелік ерекшеліктері қарастырылды. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде төмендегідей тұжырымдар жасалды:

1. Зерттеу нәтижелері.

Қазақстан тарихын оқытуда ақпараттық-цифрлық технологияларды (АЦТ) қолдану білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, оқу үдерісінің тиімділігін күшейтетіні анықталды.

Цифрлық білім беру ресурстары, виртуалды музейлер, 3D реконструкциялар, онлайн-платформалар және интерактивті әдістерді жүйелі пайдалану тарихи деректерді меңгеру сапасын жоғарылатады.

Bilimland, Moodle, Google Classroom сияқты платформалар оқу материалдарын құрылымдауға, білім алушылардың өзіндік жұмысына бағыт беруге және оқытушы мен білім алушы арасындағы кері байланысты нығайтуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысы барысында интерактивті карталар мен онлайн-хронологияларды пайдалану үлгілері, білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар мен цифрлық жобалар ұсынылды.

2. Әдістемені жетілдірудің тиімділігі мен практикалық маңызы.

Ұсынылған әдістемелік үлгілер тарих пәнін оқыту тәжірибесінде кеңінен қолдануға лайық, өйткені олар оқу материалдарын визуалды, интерактивті және қолжетімді етуге бағытталған.

Цифрлық ортада оқыту сапасын бағалау және мониторинг жүргізу тәсілдері білім алушылардың жетістіктерін жедел талдап, нәтижеге бағдарланған оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Педагогтардың кәсіби құзыреттілігі мен цифрлық сауаттылығын жетілдіру тарихи білім беру сапасының артуына, оқу бағдарламаларының заманауи талаптарға сәйкестенуіне ықпал етеді.

3. Болашақтағы даму перспективалары.

Алдағы уақытта жасанды интеллект технологияларын, big data талдауларын және виртуалды/толықтырылған шынайылықты (VR/AR) тарихты оқытуда қолдану жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қазақстан тарихын цифрлық форматта оқытуға арналған ұлттық платформа әзірлеу білім беру кеңістігінің дербестігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ете алады.

Болашақ зерттеулер білім алушылардың жеке білім траекторияларын қалыптастыруға бағытталған цифрлық оқыту модельдерін жетілдіруге арналуы тиіс.

Жалпы алғанда, жүргізілген зерттеу жұмысы Қазақстан тарихын оқытуды ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде жетілдірудің ғылыми-теориялық және практикалық маңызын

айқындап берді. Бұл бағыттағы ізденістер болашақта ұлттық білім беру жүйесінің дамуына, жас ұрпақтың тарихи санасын жаңаша қалыптастыруға үлес қосатыны сөзсіз.

Ұсынылған әдістемелік жүйені жоғары оқу орындарында болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби даярлауда, сондай-ақ қашықтықтан білім беруді ұйымдастыруда және мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру бағытында қолдануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (05.11.2022).

2 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 471 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000471#z3> (18.04.2025)

3 Асфендиаров С.Д. История Казахстана: (с древнейших времен) / – Изд. 1-е, – Алма-Ата: Казахстанское краевое изд-во, 1935. – Т. 1. – 259 с.

4 Бекмаханов Е., Бекмаханова Н. История Казахской ССР. – Алма-Ата: Мектеп, 1978. – 120 с.

5 Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). – Алматы: Ғылым, 1998. –Кітап 1. – 344 б.

6 Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихын оқыту қағажу қала бере ме? // Қазақ тарихы. – 1994. – №3. – 6 б.

7 Қозыбаев М., Нұрпейіс К., Жүкешев Қ. Қазақстан тарихы (1914-2009 жж.). – Алматы: Мектеп, 2009. – 240 б.

8 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. –Алматы: Мектеп, 2008. – 372 б.

9 Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы: Өнер, 2003. – 552 б.

10 Аяған Б.А. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін: очерк. – Алматы, 1994. – 446 б.

11 Байпақов К. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) / Бес томдық. – Алматы: Атамұра, 2010. – Т. 5. – 688 б.

12 Алдажұманов Қ. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы: Дәуір, 1994. – 445 б.

13 Көмеков, Б.Е. Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық / Б. Е. Көмеков, Т. С. Жұмағанбетов, К. С. Игілікова, 2017. – 144 б.

14 Пищулина К.А. Очерки истории Казахского ханства Алматы: Ин-т истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2016. – 353 с.

- 15 Жолдасбаев, С. История Казахстана: учебник. – Алматы: Мектеп, 2010. – 200 с.
- 16 Кабулдинов З. История Казахстана (XVIII в. – 1914 г.). Учебник для 8 (7) класса школы. – Алматы: Атамұра, 2018. – 304 с.
- 17 Таймағамбетов Ж.К., Байғунаков Д.С. Қазақстанның тас дәуірі: зерттелу тарихы мен негізгі мәселелері; Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 268 б.
- 18 Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологии обучения: автореф. док. пед. наук: 13.00.01. – Алматы, 1994. – 258 с.
- 19 Бидайбеков Е.Ы. Білімді ақпараттандыру саласы бойынша болашақ педагогтарды дайындау мәселелері // Педагогика және Психология. – 2012. – №3-4. – С. 221-231.
- 20 Карымсакова А.Е. Формирование умений научно-информационной деятельности студента в учебной компьютерной среде. – Оренбург: Принт, 2005. – 170 с.
- 21 Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері. – Түркістан: Тұран, 2006. – 312 б.
- 22 Әбішева Л.П. Жоғары оқу орыны студенттерінің оқу іс-әрекетін компьютер көмегімен дараландыру. – Түркістан: Тұран, 2007. – 160 б.
- 23 Ниязова Г.Ж. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – кәсіптік білім мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлылығын қалыптастырудың маңызды элементі. – Алматы: Золотая корона, 2008. – 140 б.
- 24 Жұмабаева А.М. Жаңа тұрпатты мұғалімді қалыптастыруда ақпараттық технологияларды қолданудың педагогикалық шарттары. – Түркістан: Тұран, 2008. – 150 б.
- 25 Мынбаева А.К. Теория и технологии научной деятельности высшей школы в условиях глобализации и информатизации общества и образования: дисс... доктор. пед. наук: 13.00.01. – Алматы, 2010. – 325 с.
- 26 Коровкин Ф.П. Методика опроса по истории в VIII-X классах средней школы. – Москва: Учпедгиз, 1953. – 82 с.
- 27 Вагин, А. А. Методика преподавания истории в средней школе: учение о методах: теория урока. – Москва: Просвещение, 1968. – 431 с.
- 28 Лейбенгруб П.С. Идеино-нравственное воспитание в обучении истории СССР (VII – X классы). – Москва: Просвещение, 1983. – 287 с.
- 29 Дайри, Н.Г. Как подготовить урок истории: – Москва: Просвещение, 1969. – 126 с.
- 30 Студеникин М.Т. Методика преподавания истории в школе: учебник для студентов высших учебных заведений. – Москва: ВЛАДОС, 2000. – 240 с.

31 Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Теория и методика преподавания истории: учебник для студентов высших учебных заведений. – М.: Гуманитарный изд. центр ВЛАДОС, 2003. – 384 с.

32 Стрелова О.Ю., Вяземский Е.Е., Как сегодня преподавать историю. – Москва: Просвещение, 1999. – 112 с.

33 Тұрлығұлов Т. Қазақстан тарихы мектеп курсының және оны оқыту әдістемесі қалыптасуының ғылыми негіздері (1934-1997 жж.). – Алматы: Ғылым, 1998. – 407 б.

34 Әбдіғұлова Б. Тарихты оқыту теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2012. – 284 б.

35 Аужанова Г.А. Общепедагогические и специальные основы обучения школьников истории Казахстана. Дисс. на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. – Алматы, 1998. – 174 с.

36 Сарсекеев Б., Тұрлығұл Т., Задания для самостоятельной работы по истории Казахстана. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 112 с.

37 Берлібаев Б.Т. Қазақстанда тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы: тарихи–теориялық зерттеу (1920–2001 жж.): тар.ғыл. док.... дис.: 07.00.02. – Алматы, 2010. – 351 б.

38 Жұрасова А.Ш. Тарихты оқыту әдістемесі. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2012. – 160 б.

39 Doppen F. H. Beginning social studies teachers ' integration of technology in the history classroom. // Theory and Research in Social Education. – 2004. – 32(2), – P. 248–279.

40 Hillis P. Helping trainee teachers realize the potential of Information and Communication Technology: A case study from Scottish history. // Contemporary Issues in Technology and Teacher Education. – 2010. – 10(4), – P. 435–456.

41 Lévesque S. Thinking historically: Educating students for the 21st century. – Toronto: University of Toronto, 2008. – 182 p.

42 Taylor J.A., Duran M. Teaching social studies with technology: New research on collaborative approaches. The History Teacher, 2006. – 40(1), – P. 9–25.

43 Корниенко Ю.М. Педагогические условия применения Интернет-технологий в профессиональной подготовке студентов исторических специальностей: автореф. к. пед. наук: 13.00.08. – Ставрополь, 2005. – 20 с.

44 Öztürk İ.H. Tarih öğretiminde bilgi ve iletişim teknolojileri: Kuram ve uygulama. – İstanbul: Kriter, 2012. – 208 s.

45 Demircioğlu İ.H., Turan İ. Tarih öğretiminde öğretim teknolojileri ve material tasarımı. – Ankara: Pegem Akademi, 2012. – 274 s.

46 Martin A., Smart L., Yeomans D. Information Technology in the Teaching of History: International Perspectives. – Milton-park: Routledge, 1997. – 268 p.

47 Kelly M.T., *Teaching History in the Digital Age*. – Michigan: University of Michigan Press. – 2013. – 182 p. <https://doi.org/10.3998/dh.12146032.0001.001>

48 Haydn T., *Using New Technologies to Enhance Teaching and Learning in History*. – London: Routledge, 2013. – 200 p.

49 Cantu D.A., Warren W.J. *Teaching History in the Digital Classroom*. – Milton park: Routledge, 2015. – 376 p.

50 Азимбаева Г.Ж., Қазақстан тарихынан білім сапасы мен білікті жетілдірудегі жаңа технологиялар (орта ғасырлардағы мәдениет тарихы): педаг.ғылымд.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайын.дис.автореф. – Алматы : Ы.Алтынсарин ат. Қаз. білім академ.Орта жалпы білім беру ғыл.-зерттеу ин-ты, 2007. – 26 б.

51 Қырғызхан Г.А. Заманауи мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері: Философия д-ры (PhD) дәрежесін алу үшін дайын. дисс. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті... – Алматы, 2022. – 154 б.

52 Бабанский, Ю. К. Оптимизация процесса обучения: Общедидактический аспект. – Москва: Педагогика, 1977. – 256 с.

53 Абрамова, Г. С. Психология развития и возрастная психология. – Москва: Прометей, 2022. – 708 с.

54 Выготский Л.С. Психология развития человека. – Москва: Смысл, 2005. – 1136 с.

55 Гальперин П.Я. Психология как объективная наука. – Москва : Институт практической психологии, 1998. – 305 с.

56 Bloom, B.S. *Taxonomy of Educational Objectives, Handbook I: The Cognitive Domain*. – New York: David McKay Co Inc, 1956. – 202 p.

57 Пидкасистый П.И., Мижериков В.А., Юзефовичус Т.А. Педагогика: учебник для студ. учреждений высш. проф. Образования. – 2-е изд., перераб. и доп. – Москва: Издательский центр «Академия», 2014. – 624 с.

58 Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии : в 2-х т. / Акад. пед. наук СССР. – Москва: Педагогика, 1989. – 488 с.

59 Скаткин М.Н. Совершенствование процесса обучения: Проблемы и суждения. – Москва: Педагогика, 1971. – 205 с.

60 Талызина Н.Ф. Педагогическая психология. – Москва: Академия, 2013. – 287 с.

61 Щукина Г.И. Познавательный интерес в учебной деятельности школьника. – Москва: Знание, 1972. – 32 с.

62 Атыгаева Г.Б. Вклад М. Козыбаева в школьное историческое образование. – URL: https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9398?utm_source=chatgpt.com (қатынау: 10.10.2025. 12:00).

63 Issayev M.S., Apendiyev T.A., Daniyarov T.A. Problems of use of information-digital technologies and the internet network in history teaching // Bulletin the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. – 2023. – №5(405). – С. 146-160.

64 Southgate B. History, What e– Why. – London: Routledge, 1997. – 281 p.

65 Тұрлығұл Т. Қазақстан тарихы мектеп курсының және оны оқыту әдістемесі қалыптасуының ғылыми негіздері (1934-1997 жж.): дис. доктора педагогических наук: 13.00.02. – Алматы, 1998. – 407 с.

66 Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски / М.К. Козыбаев. – Алматы, 2000. – 256 с.

67 Қойгелдиев М.Қ. Қазақ Елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XXI ғ. басы). – Алматы: Дәстүр, 2014. – 428 б.

68 Әбіл Е. Қазақстан тарихы әдіснамасы және теориясының кейбір мәселелері. Мақалалар жинағы = Некоторые вопросы методологии и теории истории Казахстана. Сборник статей / Е. Әбіл, Т. Әлібек А. Күзембайұлы. – Қостанай, 2009. – 370 б.

69 Prensky M. Digital natives, digital immigrants // Horizon: MCB University Press. – 2001. – №5. – P. 1–6.

70 UNESCO. ICT Competency Standards for Teachers. – Paris: UNESCO, – 2018. – 68 p.

71 Алтаев А.Ш., Чатыбекова К.К. Современные методы в процессе преподавания истории // Известия. Серия: Международные отношения и регионоведение. – 2020. – Т. 42, №4. – С. 1-8.

72 Жолтецкий Д.А. Использование современных цифровых технологий в процессе обучения истории в школе // Вестник Северо-Казахстанского университета им. М. Козыбаева. – 2024. – №1(61). – С. 37-43.

73 Fozia U. Engaging with History in the Digital Age: a Study of Technology-Based Distance Learning in History // Journal of Policy Research. – 2024. – №2(10). – P. 873–878.

74 Stamataki A., Ampartzaki M. Local History in a Digital Environment: Creating an Online Course for Young Children. – 2023. – URL: <https://www.intechopen.com/chapters/83231> (қатынау: 20.06.2025. 18:00).

75 Redder B.D. Revitalisation of History through Historical Games in the Digital Era: An opening provocation into teaching history through multimodality // Revitalising Higher Education: Insights from Te Puna Aurei Learn Fest. – Cardiff: Cardiff University Press, 2022. – P. 71–79.

76 Pettersson F. Understanding digitalization and educational change in school by means of activity theory and the levels of learning concept // Education and Information Technologies. – 2021. – №3(26). – P. 187–204.

77 Padil I.N.W., Yasin R.M. Challenges of Technology Integration in Teaching

History and its Relationship with Student Motivation // *International Journal of Academic Research in Progressive Education and Development*. – 2023. – №4. – P. 1581–1594.

78 Исаев М.С., Апендиев Т.А. Информационные и цифровые технологии, используемые в обучении истории: особенности и преимущества // *Вестник НАН РК*. – 2024. – №4. – С. 259–271.

79 Роберт И.В. О понятийном аппарате информатизации образования // *Информатика и образование*. – 2002. – №12. – С. 2–6.

80 Колин К.К. Информационные технологии – катализатор процесса развития современного общества // *Информационные технологии*. – 1995. – №10. – С. 5–14.

81 Бидайбеков Е. Ы. Развитие методической системы обучения информатике специалистов совмещенных с информатикой профилей в университетах Республики Казахстан: автореф. дис. ... докт. пед. наук. – Москва, 1998. – 34 с.

82 Ерсапи І.Н., Бакирова Э.А. «Цифрлық білім беру ресурстарын оқыту кезінде қолдану мүмкіндіктері». // *Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы*. 2022. – №3(397). – Б.56-68

83 Glassman M., Kang M.J. The logic of wikis: The possibilities of the Web 2.0 classroom // *Computer-Supported Collaborative Learning*. – 2011. – P. 93–112.

84 Çobanoğlu C., Berezina K. The impact of the use of blogs on students' assignment engagement // *Journal of Hospitality, Leisure, Sport and Tourism Education*. – 2011. – Vol. 10, №1. – P. 99–105.

85 Matta A. Network Hypermedia Authoring Projects Mediator Environment for History Learning and Teaching // *Proceedings of the International Conference on Computers in Education (ICCE'02)*. – 2002. – P. 188–192.

86 Demircioğlu İ.H. Tarih Derslerinde Tarih Web Sitelerinin Eleştirel Bir Bakış Açısıyla İncelenmesi / O. Yaşar (Ed.) // *Uluslararası Sosyal Bilimler Eğitimi Sempozyumu: Bildiriler*. – Ankara: Nobel, 2008. – S. 320–323.

87 Darren C., Smoot W.S. Wikipedia: Friend, Not Foe // *English Journal*. – 2009. – №98(3). – P. 91–97.

88 Dron J., Anderson T. *Teaching Crowds: Learning and Social Media*. – Edmonton: AU Press, 2014. – 420 p.

89 Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – Москва: Академия, 2005. – 272 с.

90 Lievrouw L.A., Livingstone S. *Handbook of New Media: Social Shaping and Social Consequences*. – London: Sage, 2002. – 128 p.

91 Goyder N. *Technology and Society: A Canadian Perspective*. – Toronto: University of Toronto Press, 1997. – 175 p.

92 Tondeur J., Van Braak J., Valcke M. Towards a Typology of Computer Use in Primary Education // *Journal of Computer Assisted Learning*. – 2007. – №23. – P. 197–206.

93 Вишневецкая Г.В. Технологический подход в педагогическом процессе высшей профессиональной школы // Известия Пензенского государственного педагогического университета им. В.Г. Белинского. – 2008. – № 6(10). – С. 235–239.

94 Ваганова О.И., Гладков А.В., Коновалова Е.Ю. Цифровые технологии в образовательном пространстве // Балтийский гуманитарный журнал. – 2020. – Т. 9, № 2(31).

95 Померанцева Н.Г., Сырина Т.А. Особенности формирования иноязычной социокультурной компетенции средствами массовых открытых онлайн курсов // Азимут научных исследований: педагогика и психология. – 2017. – Т. 6, № 4(21). – С. 167–170.

96 Зайцев В.С. Современные педагогические технологии: учебное пособие. В 2 кн. Кн. 1. – Челябинск: ЧГПУ, 2012. – 411 с.

97 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии ДОС: учебное пособие. – Москва: Народное образование, 1998. – 256 с.

98 Муравьева Г.Е. Проектирование технологий обучения: учеб. пособие для студентов и преподавателей пед. вузов, слушателей и преподавателей курсов повышения квалификации учителей. – Иваново, 2001. – 123 с.

99 Борытко Н.М., Соловцова И.А., Байбаков А.М. Педагогические технологии: учебник для студентов педагогических вузов. – Волгоград: Изд-во ВГИПК РО, 2006. – 59 с.

100 Yarmolchuk T.M. Synchronous and asynchronous online tools, learning a foreign language in the process of professional training of specialists in information technology // Хуманитарни Балкански изследвания. – 2018. – № 1. – С. 75–79.

101 Becta ICT. Research What the research says about interactive whiteboards. – URL: http://archive.teachfind.com/becta/research.becta.org.uk/uploaddir/downloads/page_documents/research/wrts_whiteboards.pdf (қатынау: 25.04.2024).

102 Demircioğlu İ.H. Tarih Öğretiminde Filmlerin Yeri ve Önemi // Bilig. – 2007. – № 3. – P. 111–122.

103 Kapoun J. Teaching undergrads web evaluation: a guide for library instruction // CRL News. – 1998. – P. 522–523.

104 Доллинер Л. Ақпараттық коммуникациялық оқыту технологияларының мәселелері және болашағы // Информатика негіздері: ғылыми-әдістемелік журнал. – 2008. – №1. – Б. 10–18.

105 Arslan, Ö. İlköğretim 8. sınıf T.C. inkılap tarihi ve Atatürkçülük dersi öğretiminde görsel ve işitsel materyal kullanımının öğrencilerin akademik başarıları ve hatırdada tutma düzeyleri üzerindeki etkisi (Yüksek Lisans Tezi). YÖK Tez Merkezi veri tabanından erişildi (Tez No: 230943). 2008.

106 Сандыбаева А.Д., Динашева Л.С., Исаев М.С., Мырзабеков Е.Е. Қазақстан тарихы: оқулық. – Алматы: Асыл, 2025. – 344 б.

107 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына арналған «Қазақстан тарихы» жалпы білім беретін пәнінің типтік оқу бағдарламасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017651#z53>

108 Аманов А.Н., Сандыбаева А.Д., Динашева Л.С., Исаев М.С., Мырзабеков Е.Е. «Қазақстан тарихы» электронды оқыту порталы. <https://kztarih.kz/>

109 Большой энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1991. – Т. 1. – 822 с.

110 Психолого-педагогический словарь для учителей и руководителей общеобразовательных учреждений. – Ростов-на-Дону: Феникс, – 1998. – 544 с.

111 Уман А.И. Модели процесса обучения в историко-педагогическом контексте. – URL: https://pedagog.vlsu.ru/fileadmin/Dep_pedagogical/Lerner2013/Uman_A.I.-statja.pdf (қатынау: 22.05.2025).

112 Кларин М.В. Инновации в обучении: метафоры и модели: Анализ зарубежного опыта. – Москва: Наука, 1997. – 223 с.

113 Долинер Л.И. Выбор модели обучения в процессе построения методической системы // Образование и наука. – 2005. – №1 (31). – С. 39–49.

114 Петрусинский В.В. Акмеологические основы построения автоматизированных систем интенсивного обучения: автореф. дис. ... д-ра пед. наук. – Москва, 1994. – 30 с.

115 Заславская Е.А. Модель учебно-методической деятельности технического вуза, осуществляющего подготовку специалистов водного транспорта // Омский научный вестник. Методика преподавания. – 2013. – №3 (119). – С. 210–214.

116 Сидоров С.В. Модели обучения. – URL: http://si-sv.com/publ/modeli_obucheniya/14-1-0-506 (қатынау: 12.08.2025).

117 Современные модели организации обучения. Виды обучения, их характеристика. – URL: https://spravochnik.ru/pedagogika/sovremennye_modeli_organizacii_obucheniya_vidy_obucheniya_ih_harakteristika/ (қатынау: 06.07.2025).

118 Абдукадилова С. Қазақстан педагогикалық газеттерінің оқушылардың білім сапасын арттырудағы рөлі (1952-1972 жж.): пед. ғыл. канд. дисс. – Тараз, 1998. – 191 б.

119 Jyothish K. Teaching Methods in History Learning // International Journal of Research Publication and Reviews. – 2021. – Vol. 2. – P. 202–208.

120 Талызина Н.Ф. Теоретические проблемы программированного обучения. – Москва: Издательства Московского университета, 1969. – 133 с.

121 Полат Е.С. Основные тенденции развития программированного обучения иностранным языкам // Проблемы программированного обучения. – 1983. №12(1) – С. 9-13.

122 Carroll I. B. A model of school learning // Teachers College Record. – 1963. – Vol. 64(1). – P. 723-733. DOI 10.1007/978-1-4419-1428-6_980

- 123 Block J.H., Anderson L.W. Mastery learning in classroom instruction. – New York: Lend, 1985.
- 124 Кларин М.В. Модель полного усвоения // Завуч. – 1998. – №5(1). – С. 81–92.
- 125 Keller F.S. Good-bye, teacher // Journal of Applied Behaviour Analysis. – 1968. – Vol. 2(1). – P. 79–89.
- 126 Әлімов А. Интербелсенді әдістемелі ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 448 б.
- 127 Подласый И.П. Педагогика: учебник. – 2-е изд., доп. – Москва: Издательство Юрайт; ИД Юрайт, 2011. – 574 с.
- 128 Слостенин В.А., Исаев И.Ф., Шиянов Е.Н. Педагогика: учебное пособие для студентов высших педагогических учебных заведений. – Москва: Издательский центр «Академия», 2013. – 576 с.
- 129 Короткова М.В., Студеникин М.Т. Методика обучения истории в схемах, таблицах, описаниях. – URL: https://vk.com/doc22098713_437834956?hash=a7mGenxyIrQz9p7NOv11DBpptetsE8ykIRRCMmgBF44 (катынау: 18.04.2025).
- 130 Ортаев Б.Т. «Технология» пәнін оқыту әдістемесінің жалпы мәселелері: оқу құралы. – Шымкент: «Әлем» баспасы, 2-ші басылым, 2016. – 132 б.
- 131 Журасова А.Ш. Тарихты оқыту әдістемесі. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ Редакциялық баспа орталығы, 2012. – 160 б.
- 132 Лернер И.Я. Развитие мышления учащихся в процессе обучения истории: пособие для учителей. – Москва: Просвещение, 1982. – 191 с.
- 133 Тұрлығұл Т. Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Ғылым, 2003. – 256 б.
- 134 Bilim Media Group. Bilimland платформасын пайдалану нұсқаулығы. – Алматы, 2021.
- 135 Moodle Documentation. Moodle Learning Management System. – 2022. https://docs.moodle.org/501/en/Main_page
- 136 Google Classroom Help Center. – 2022. – <https://support.google.com/edu/classroom>
- 137 Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы туралы декрет. 1920 жылдың 26 тамызы. ҚР ОММ. 5 қор
- 138 К. Рамзиннің «Орта Азиядағы Революция» кітабынан. 1928. <https://abai.kz/post/184284>
- 139 Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қоры. А.Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М.Дулатов – Алаш жектешілері <https://baitursynov.ksu.edu.kz/kz/photo>
- 140 Кабульдинов З.Е., Сандыбаева А.Д., Лебаев Ф.Р., Қазақстан тарихы: 11-сыныпқа арналған оқулық. (1-бөлім) – Алматы: «Атамұра», 2020, – 165 б.

141 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік орталық мұрағаты, 64-қор, 1– тізім, 322-іс, 116-парақ.

142 The Future of Education and Skills 2030. – Paris: OECD Publishing, 2020. https://www.oecd.org/content/dam/oecd/en/publications/reports/2018/06/the-future-of-education-and-skills_5424dd26/54ac7020-en.pdf

143 Ciriza-Mendivil C.D., Lacambra A.M., Hernández de la Cruz J.M. Technological Pedagogical Content Knowledge: Implementation of a Didactic Proposal for Preservice History Teachers // *Frontiers in Education*. – 2022. – №7. – P. 1–10.

144 Poitras E., Lajoie S., Hong Y.-J. The design of technology-rich learning environments as metacognitive tools in history education // *Instructional Science*. – 2012. – №40(6). – P. 1033–1061.

145 Firmin, M. W., Genesi, D. J. History and Implementation of Classroom Technology // *Procedia – Social and Behavioral Sciences*. – 2013. – №93. – P. 1603–1617.

146 Nishanbayeva S., Kolumbayeva S., Satynskaya A., Zhiyenbayeva S., Seiitkazy P., Kalbergenova S. Some instructional problems in the formation of family and moral values of students // *World Journal on Educational Technology: Current Issues*. – 2021. – №13(3). – P. 529–545.

147 Voogt J., Fisser P., Pareja Roblin N., Tondeur J., van Braak J. Technological pedagogical content knowledge – a review of the literature // *Journal of Computer Assisted Learning*. – 2013. – №29(2). – P. 109–121.

148 Bandarsyah D., Sulaeman. Student Interest in Understanding European History Through the Museum Virtual Tour 360 // *International Conference on Computer & Information Sciences (ICCOINS)*. – 2021. – P. 286–288.

149 Roth R. E. Interactive maps: What we know and what we need to know // *Journal of Spatial Information Science*. – 2013. – №6. – P. 59–115. – DOI:

150 Borrelli, A., Wellmann, J. Computer Simulations Then and Now: an Introduction and Historical Reassessment // *NTM Zeitschrift für Geschichte der Wissenschaften, Technik und Medizin*. – 2019. – №27(4). – P. 407–417.

151 Вергасов В.М. Активизация познавательной деятельности студентов в высшей школе. – Москва: Знание, 1997. – 42 с.

152 Маркова А.К. Формирование интереса к учению у школьников / под ред. А.К. Марковой ; Науч.-исслед. институт общей и педагог. психологии АПН СССР. – Москва: Педагогика, 1986. – 191 с.

153 Морозова Н.Г. Учителю о познавательном интересе. – Москва: Знание, 1979. – 48 с.

154 Щукина Г.И. Роль деятельности в учебном процессе. – Москва: Просвещение, 1986. – 144 с.

155 Бурдые П. Практический смысл / пер. с фр. А.Т. Бикбоева, К.Д. Вознесен-

ской, С.Н. Зенкина, Н.А. Шматко; отв. ред. пер. и послесл. А.Н. Шматко. – Санкт-Петербург: Алетей, 2001. – 562 с.

156 Александров Д.В. Понятие «интерес» в современной западной социологии // Социологические исследования. – 2014. – №8. – С. 57–66.

157 Гребенюк О.С., Гребенюк Т.Б. Теория обучения: учеб. для студ. высш. учеб. заведений. – Москва: ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. – 384 с.

158 Слостенин В.А., Каширин В.П. Психология и педагогика: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – Москва: Издательский центр «Академия», 2001. – 480 с.

159 Педагогический менеджмент и прогрессивные технологии в образовании: сб. ст. XXII Междунар. науч.-метод. конф. / под ред. Б.Н. Герасимова. – Пенза : Приволжский дом знаний, 2005. – 435 с.

160 Ананьев Б.Г. Личность, субъект деятельности, индивидуальность. – Москва: Директ-Медиа Паблишинг, 2008. – 134 с.

161 Хуторской А.В. Современная дидактика. – Москва: Академия, 2007. – 639 с.

162 Карпова О.Л., Еремеева С.П. Проектирование учебного процесса на основе использования дистанционных технологий // Сибирский педагогический журнал. – 2013. – №4. – С. 212-217.

163 Найн А.Я., Шондина И.А. Модель развития эмпатического потенциала студента университета // Сибирский педагогический журнал. – 2013. – № 4. – С. 249-255.

164 Карпова О.Л., Беляева Е.Б. Информационно-коммуникационные технологии в профессиональной подготовке преподавателя // Региональная экономика: теория и практика. – 2014. – №2 (329). – С. 58-62.

165 Sönmez V. Program Geliştirmede Öğretmen El Kitabı (Geliştirilmiş 9. Baskı). – Ankara: Anı Yayıncılık, 2001. – 640 s.

166 Arabacı I.B. Investigation Faculty of Education Students' Cyberloafing Behaviors in Terms of Various Variables // Turkish Online Journal of Educational Technology-TOJET. – 2017. – №16(1). – S. 72–82.

167 Sumner E., Esfer S., Yildirim S. Teachers' Facebook use: their use habits, intensity, self-disclosure, privacy settings, and activities on Facebook // Educational Studies. – 2014. – Vol. 40, №5. – P. 537–553.

168 Sani-Bozkurt S. Özel eğitimde dijital destek: Yardımcı teknolojiler // Açıköğretim Uygulamaları ve Araştırmaları Dergisi. – 2017. – №3(2). – P. 37–60.

169 Churches A. Bloom's Digital Taxonomy. – 2009. – URL: <http://edorigami.wikispaces.com/Bloom's+Digital+Taxonomy> (катынаы: 24.10.2025).

170 Issayev M., Apendiyev T. Teaching history with the help of information and digital technologies // E-Learning and Digital Media. – 2025. – №0(0). – С.1–16.

171 Keller J.M. Motivational Design for Learning and Performance: The ARCS Model Approach. – New York: Springer, 2010. – 323 p.

172 Piaget J. Cognitive Development in Children: Development and Learning // Journal of Research in Science Teaching. – 1964. – №2. – C.176–186.

173 Serpil G. Bloom Dijital Taksonomisine Genel Bir Bakış // International Journal of Computers in Education (IJCE). – 2018. – Vol. 1, №1. – C.39–48.

174 Anderson L.W., Krathwohl D.R. A Taxonomy for Learning, Teaching and Assessing: A Revision of Bloom’s Taxonomy of Educational Objectives: Complete Edition. – New York: Longman, 2001. – 218 p.

175 Mishra P., Koehler M.J. Technological Pedagogical Content Knowledge: A Framework for Teacher Knowledge // Teachers College Record. – 2006. – №108. – C.1017–1054.

176 Punie Y., Redecker C. European Framework for the Digital Competence of Educators: DigCompEdu. – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2017. – 315 p.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
1. ТАРИХТЫ ОҚЫТУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	12
1.1. Қазақстан тарихын оқытудағы білім беру парадигмаларының эволюциясы және олардың ақпараттық қоғам жағдайындағы өзгерістері.....	12
1.2. Тарихты оқытуда ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланудың қазіргі жағдайы мен проблемалары.....	24
1.3. Ақпараттық-цифрлық технологиялардың оқыту процесіндегі педагогикалық-психологиялық маңызы	44
2. «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ	73
2.1. Цифрлық білім беру ресурстарында қамтылатын «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту мазмұны мен мақсаттары.....	73
2.2. Интерактивті цифрлық визуализация құралдармен жұмыс жасау барысындағы оқытудың әдіс-тәсілдері.....	110
2.3. Онлайн-платформаларды және интерактивті оқыту әдістерін қолдану тәжірибесі.....	133
3. «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	160
3.1. Цифрлық технологияларды кіріктірудің тиімді модельдері және әдістемелік үлгілері.....	160

3.2. Білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлауын, зерттеушілік дағдыларын дамытудағы цифрлық әдістер	172
3.3 Ақпараттық ортада оқыту сапасын бағалау және ғылыми- әдістемелік ұсыныстар	202
Қорытынды	232
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	236
Қосымшалар	250

ҚОСЫМШАЛАР

Қосымша А

Білім алушылар мен оқытушылардан алынған сауалнама

ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТ!

Сізге беріліп отырған сауалнама біздің зерттеу жұмысымыз үшін маңызды болып табылады. Берген жауаптарыңыз «Қазақстан тарихы» пәнінің оқыту әдістемесін жетілдіруге негіз болады деген ойдамыз. Сауалнама материалдары Сізге және Сіздің оқу үдерісіңізге кедергі келтірмейді. Мәліметтер сыртқа жария жасалмайды. Берілген сұрақтарға шынайы жауап береді деп сенеміз.

Шынайы жауаптарыңыз үшін алдын-ала рақметмізді айтамыз.

р\с	Сұрақтар	Жауаптар (жауапты дөңгелектеп белгіленіз)	
1	Тарих сабағында ақпараттық және цифрлық (сандық) технологияларды қолдануға беретін бағаңыз	Өте нашар Нашар Орташа Жақсы Өте жақсы	
2	«Қазақстан тарихы» бойынша материалдарды қамтитын отандық ресми интернет сайттарын толық білесіз бе?	Жоқ	Ия
3	Тарих сабағында ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдануда қиындықтарға кездесесіз бе?	Жоқ	Ия
4	«Қазақстан тарихы» пәнінен дәріс сабағында тарихи фильмдерден үзінді көрсетіледі ме?	Жоқ	Ия

5	«Қазақстан тарихы» сабағында архив құжаттарының электронды нұсқасын пайдалана аласыз ба?	Жоқ	Ия
6	«Қазақстан тарихы» сабағында цифрлық карта пайдаланғансыз ба?	Жоқ	Ия
7	«Қазақстан тарихы» сабағында музей жәдігерлерінің 3D форматын қалай көруге болатынын білесіз бе?	Жоқ	Ия
8	«Қазақстан тарихынан» тақырып бойынша алған біліміңізді Kahoot, Quizlet сынды тест бағдарламаларының бірімен анықтағаны Сізге тиімді ме?	Жоқ	Ия
9	«Қазақстан тарихын» оқытуда оқытушының ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдаланумен оқытуы қызықты болады ма?	Жоқ	Ия
10	«Қазақстан тарихын» оқытудағы ақпараттық және цифрлық білім беру ресурстарына көңіліңіз толады ма?	Жоқ	Ия

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫТУШЫ!

Сізге беріліп отырған сауалнама біздің зерттеу жұмысымыз үшін маңызды болып табылады. Берген жауаптарыңыз «Қазақстан тарихы» пәнінің оқыту әдістемесін жетілдіруге негіз болады деген ойдамыз. Сауалнама материалдары Сізге және Сіздің оқу үдерісіңізге кедергі келтірмейді. Мәліметтер сыртқа жария жасалмайды. Берілген сұрақтарға шынайы жауап береді деп сенеміз.

Шынайы жауаптарыңыз үшін алдын-ала рақметмізді айтамыз.

р/с	Сұрақтар	Жауаптар (жауапты дөңгелектеп белгілеңіз)
1	Тарих сабағында ақпараттық және цифрлық (сандық) технологияларды қолдануға беретін бағаңыз	Өте нашар Нашар Орташа Жақсы Өте жақсы

2	«Қазақстан тарихы» бойынша материалдарды қамтитын отандық ресми интернет сайттарын толық білесіз бе?	Жоқ	Ия
3	Тарих сабағында ақпараттық және цифрлық технологияларды қолдануда қиындықтарға кездесесіз бе?	Жоқ	Ия
4	«Қазақстан тарихы» сабағында ақпараттық және цифрлық технологиялар арқылы тарихи фильмдер көрсету бойынша әдістемелік құралдар қол жетімді ме?	Жоқ	Ия
5	«Қазақстан тарихы» сабағында тарихи архив құжаттарының электронды нұсқасын пайдаланғыңыз келеді ме?	Жоқ	Ия
6	«Қазақстан тарихы» сабағында цифрлық карта пайдалануды құптайсыз ба?	Жоқ	Ия
7	«Қазақстан тарихы» сабағында музей жәдігерлерінің 3D форматын көрсету қиындық тудырмайды ма?	Жоқ	Ия
8	«Қазақстан тарихынан» тақырып бойынша студент білімін Kahoot, Quizlet сынды тест бағдарламаларының бірімен анықтау тиімді ме?	Жоқ	Ия
9	«Қазақстан тарихын» оқытуда оқытушының ақпараттық және цифрлық технологияларды пайдалануы білім алушылардың қызығушылығын арттырады ма?	Жоқ	Ия
10	«Қазақстан тарихын» оқытудағы ақпараттық және цифрлық білім беру ресурстарына көңіліңіз толады ма?	Жоқ	Ия

Болашақ тарих мұғалімдерінен алынған тест сұрақтары

1. Қазақстан тарихын зерттеу кезінде қандай екі өркениеттің даму жолдары өзекті мәселелердің бірі болып саналады?

- a) Мұсылмандық және христиандық.
- b) Буддалық және арийлық.
- c) Иудалық және үнділік.
- d) Католиктік және православиелік.
- e) Көшпелілік және отырықшылық.

2. Томиристан басқа кеңінен танымал сақ патшайымын ата:

- a) Тахмина.
- b) Зарина.
- c) Лейла.
- d) Роксана.
- e) Барлық жауап дұрыс.

3. Алғашқы түріктер туралы жазбаша дерек қай тарихшының үлесіне тиеді?

- a) Томпсонға;
- b) Марко Полоға;
- c) Менандр Протекторға;
- d) Левшинға;
- e) Плано Карпиниға.

4. Қазақстан территориясында археологтар тапқан алтын диадема қай тайпалық одақтықы?

- a) түріктердікі;
- b) үйсіндердікі;
- c) қаңлылардікі;
- d) ғұндардықы;
- e) сақтардықы.

5. Венгр ұлтынан шыққан «Қыпшақтар» шығармаларының авторы:

- a) Геза Кун.
- b) Иржи Торма.

- c) Иштван Коныр-Мандаки.
- d) Мурад Аджи.
- e) Иозер Слипка.

6. Қарқаралы қаласында 1905 жылы мамыр айында болған үкіметке қарсы жиынды ұйымдастырушы:

- a) Ахмет Бавйтұрсынов.
- b) Әлихан Бөкешанов.
- c) Мұхамеджан Тынышбаев.
- d) Әліби Жангелдин.
- e) Міржақып Дулатов.

7. Қыпшақтар мен хорезмшах арасындағы бәсекелестіктің тоқталуының басты себебі не?

- a) Хорезмшах Мұхамедтің басқару кезеңінде (1200-1220жж.) қыпшақтардан жеңіліс табуы және Сығанақтан айырылуы;
- b) Хорезмшах иеленген билікке деген қыпшақ ақсүйектерінің бәсекелестігі;
- c) Қыпшақтардың ислам дінін қабылдауға қарсылығы;
- d) Қазақстан территориясына монғолдардың келе бастауы;
- e) Қаңлы басшысы Амин Маликтың хорезмшах Ал-ад-дин Мұхамедпен бауыр-малдық байланысқа түскісі келмеуі.

8. XXғ. 70-80жж. Қазақстандағы импорттық тауарлар болып мыналар саналды:

- a) Түрлі-түсті және қара металдар;
- b) Электровоздар мен металл кескіштер;
- c) Хромдық рудамен феррақортпа;
- d) Медициналық құралдар;
- e) Жіңішке жапырақты болат.

9. Шыңғыс хан қай рудан?

- a) Барлас.
- b) Тайчиут.
- c) Маңғыт.
- d) Найман.
- e) Қият-Боржүгін.

10. ХІ ғасырдағы қоғамдық сана мен сол уақыттағы әлеуметтік топтардың саяси концепциялары туралы мәліметтер қай шығармада келтіріледі?

- a) «Диуани-лұғат-ат-түрік» М.Қашғари.
- b) «Құдатғу білік» Ж.Баласағұн.
- c) «Тарихи рашиди» М.Х.Дулати.
- d) «Диуан-и-Хикмет» А.Яссауи.
- e) «Жамиғат-ат-тауарих» Қ.Жалайыр.

11. Алғашқы адамдардың қазіргі адамға сай келетін бейнесі қай кезеңде пайда болған?

- a) Ерте полеолит.
- b) Кейінгі полеолит.
- c) Орта полеолит.
- d) Мезолит.
- e) Неолит.

12. Қазақ халқының өміріндегі маңызды тарихи жаңалықтардың басым көпшілігі өлеңмен беріліп отырғандығы мәлім. Олай болса келесі үзінді қай өлеңнен келтірілген: «Мына заман қай заман...»

- a) «Арман»
- b) «Биік таудың ажалы»
- c) «Елімай»
- d) «Шанды жорық»
- e) « Әй, Абылай...»

13. 1917ж. көтеріліс алдында большевиктер «кішігірім қойылым» ұйымдастырған еді. Ол қашан болды?

- a) 1917ж мамыр.
- b) 1917ж маусым.
- c) 1917ж тамыз.
- d) 1917ж шілде.
- e) 1917ж сәуір.

14. «Іле қамалына сапар» очеркіндегі қазақ жері туралы пікір кімдікі?

- a) И. Завалишиндікі;
- b) А. Коровковтықы;
- c) А. Салтановтықы;

- d) Ф.Достоевскийдікі;
- e) М.Петрашевскийдікі.

15. Аль-Идриси Алакөлде және Ертісте орналасқан қалалар туралы жазды. Олар кімдердің қарауында болды?

- a) Жоңғарлар.
- b) Қимақтар.
- c) Наймандар.
- d) Қарлұқтар.
- e) Оғыздар.

16. Қытай жылнамалары ғұндардың Қазақстан территориясына алғаш келуін мына жылдар деп көрсеткен:

- a) 49 ж б.з.д.
- c) 47 ж б.з.д.
- d) 34 ж б.з.д.
- b) 45 ж б.з.д.
- e) 35 ж б.з.д.

17. Қарахандардың ақша айналымы:

- a) Теңге.
- b) Дирхем.
- c) Фельс.
- d) Динар.
- e) Бұхара тиындары.

18. «Кяриз» деген бұл -...

- a) Арық жүйесі.
- b) Шөлдегі жұмыс.
- c) Ыдыстар.
- d) Киіз үй деталі.
- e) Дұрыс жауап жоқ.

19. Қай шаруашылық түрінде үлкен мөлшерде азық-түлік мол болды?

- a) отырықшы шаруашылықтары
- b) байлар шаруашылығында
- c) орташа шаруашылықта

- d) отырықшы шаруашылықта
- e) ұсақ шаруашылықта

20. Бұхара түбінде түріктердің қолынан эфталиттердің негізгі күштерінің жеңілген жылы?

- a) 678ж.
- b) 587ж.
- c) 765ж.
- d) 600ж.
- e) 550ж.

21. VII ғ. ортасында түркеш мұрагерлігі үшін күрес кімдердің арасында жүрді?

- a) Оғыздар мен қыпшақтар.
- b) Қарлұқтар мен оғыздар.
- c) Қыпшақтар мен қарлұқтар.
- d) Наймандар мен керейлер.
- e) Қарлұқтар мен ойраттар.

22. Түркістан жерінде дүниеге келіп, Грецияда ескерткіш қойылған және өзінің білімімен басқа елдің көркеюіне көп үлес қосқан сақ ғұламасын ата:

- a) Арабис
- b) Анархарсис.
- c) Ишпакай.
- d) Скунх.
- e) Ширак.

23. 985ж. орыс жылнамаларында қай тайпа туралы мәліметтер келтірілген?

- a) Қарлұқ.
- b) Түрік.
- c) Оғыз.
- d) Торк.
- e) Басмыл.

24. Әлеуметтік-экономикалық реформалар мұнайға, мұнай өнімдеріне, нанға және нан өнімдері мен астық бағаларына либерализация үрдісін енгізбек болды. Ол қай кезеңде өткізілуі тиіс болды?

- a) Үшінші кезеңде.
- b) Екінші кезеңде.
- c) Бірінші кезеңде.
- d) Төртінші кезеңде.
- e) Барлығы дұрыс.

25. «Ағын судай тасыдық, қала түбіне тоқтадық»-деп түрік кезеңіне жататын қай автордың шығармасында айтылған?

- a) Ж.Баласағұн.
- b) М.Қашғари.
- c) Ан-Невейри.
- d) Ибн Хордадбек.
- e) Аль-Бируни.

1. Патша шенеуніктері «әскерлердің бунты» деп атаған Қазақстан қалаларын қамтыған толқулар қашан болды?

- a) 1917ж. күз.
- b) 1916ж. күз.
- c) 1906ж. күз.
- d) 1912ж. күз.
- e) 1905ж. күз.

2. Қазақстанның Ресейге қосылуынан кейін ауыл-шаруашылық түрі өзгергендігі мәлім. Төменде келтірілгендердің қайсысы кеңінен тарады?

- a) жартылай көшпелі шаруашылық.
- b) көшпелі шаруашылық.
- c) отырықшы-мал-егіншілік шаруашылығы.
- d) мал шаруашылығы.
- e) егін шаруашылығы.

3. Қазақстанның оңтүстігіндегі хан иелігіндегі жерлер қалай аталды?

- a) Вақф.
- b) Енші.
- c) Мүлік.
- d) Қауымдық.
- e) Сойырғал.

4. VII-IXғғ. күміс бұйымдарының орталығы қайда орналасты?

- a) Оңтүстік Қазақстан.
- b) Жетісу.
- c) Батыс Қазақстан.
- d) Орталық Қазақстан.
- e) Шығыс Қазақстан.

5. 1991ж. 8 желтоқсан күні ТМД елдерінің құрылуы туралы шешім қайда қабылданды?

- a) Мәскеуде.
- b) Алматыда.
- c) Ақмолада.
- d) Минскіде.
- e) Ашхабадта.

6. Алаш-Орда өкіметінің орталығы қайда орналасты?

- a) Орынборда.
- b) Семейде.
- c) Оралда.
- d) Омскіде.
- e) Ташкентте.

7. Ғұндардың келуіне дейін сарматтар болды.

- a) үнді тілдес.
- b) түркі тілдес.
- c) ирак тілдес.
- d) парсы тілдес.
- e) араб тілдес.

8. Андроновтықтардың шаруашылығы:

- a) аң аулау.
- b) егіншілік және мал шаруашылығы, сауда.
- c) егіншілік.
- d) металлургия.
- e) сауда.

9. Моғолстанның астанасы:

- a) Сығанақ.
- b) Алмалық.
- c) Қойлық.
- d) Тараз.
- e) Қашғар.

10. XX ғасырдың 60-жылдары ғылыми-техникалық прогрестің ең басты бағыты:

- a) Өндірісті автоматтандыру.
- b) Өндірісті электрификациялау.
- c) Еңбекті механикаландыру.
- d) Өндірісті роботтандыру.
- e) Жердің құнарландыру.

11. «Ипатьев жылнамаларында» орыс әскерлерінің қыпшақ сауда керуендерімен кездесуі қай жылы болған деп көрсетілген?

- a) 1150ж.
- b) 1148ж.
- c) 1135ж.
- d) 1125ж.
- e) 1149ж.

12. Түргештердің рубасшысы:

- a) Сұлу-қаған.
- b) Үш-елік-қаған.
- c) Есен-бұға.
- d) Мұқан қаған.
- e) Білге қаған

13.Қазақстан Республикасындағы тұрақтылықтың басты талаптарын анықтаңыз:

- a) Халықаралық жағдайдың жағымдылығы.
- b) Экономикалық өсу.
- c) Қойылған мақсаттарға жетудегі қоғамның ынтымақтылығы.
- d) Әлеуметтік хал-әхуалдың жақсаруы.
- e) Шет елдермен байланыс жүргізу.

14.Қазіргі кездегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының басты факторын анықтаңыз:

- a) Табиғи ресурстар.
- b) Геоэкономикалық жағдай.
- c) Географиялық жағдай.
- d) Адам, олардың еркі, білімі және табандылығы.
- e) Саяси ынтымақтастық.

15. 1718 жылы Аягөзде болған шайқастағы қазақтардың жеңілуінің себебі:

- a) Қазақ әскерлерінің санының аздығы.
- b) Әбілқайыр мен Қайыптың әскери әрекеттерді өзара келіспей жасаулары.
- c) Қазақтардың әлсіздігі.
- d) Ауа-райының бұзылуы.
- e) Жоңғар әскербасыларының шеберлілігі.

16. Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының іргетасы:

- a) Экономикалық ахуалдың өсуі.
- b) Ішкі-саяси тұрақтылық және қоғамның бірлігі.
- c) Халықаралық ынтымақтастық.
- d) Әлеуметтік қауіпсіздік.
- e) Ұлт қауіпсіздігі және егемендікті сақтау.

17. Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармония қашан ашылды?

- a) 1933 ж.
- b) 1936 ж.
- c) 1934 ж.
- d) 1937 ж.
- e) 1935 ж.

18. Қарлұқтар өкіметінің астанасы және көпшілік қалалары қайда орналасты?

- a) Сырдария бойында.
- b) Ұлы Жібек жолында.
- c) Орталық Қазақстанда.
- d) Шығыс Қазақстанда.
- e) Өзен аңғарларының бойында.

19. Жұт немесе басқа да алапаттар кезінде өз руластарының көмегіне жүгіну құқы қалай аталады?

- a) Жылу.
- b) Асар.
- c) Көмек.
- d) Қамқорлық.
- e) Сойырғал.

20. Жазалау әскерлері Бұрындайда асып қойған 1916 жылғы Жетісудағы көтерілістің басшысы кім?

- a) Жәмеңке Мамбетов.
- b) Бекболат Әшекеев.
- c) Ұзақ Саурықов.
- d) Ақкөз Қошанов.
- e) Тоқаш Бокин.

21. Сарматтардың қорғандарынан археологтар жиі табады.

- a) Түріктіктердің заттарын.
- b) Грек заттарын
- c) Арабтардың заттарын.
- d) Қытайлық заттарды.
- e) Монғолиядан әкелінген заттарды.

22. 1916 жылғы көтеріліс барысында құрылған әкімшілік басшысы:

- a) Елбегі.
- b) Жасақшы.
- c) Қазынашы.
- d) Сардарбек.
- e) Кеңес.

23. XIX ғасырдағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық құрылымның өзгеруіне әсер еткен себептер:

- a) Урбанизациялық үрдіс.
- b) Нарықтық талаптардың рулық патриархалдық дәстүрлерді ығыстырып шығуы.
- c) Банктік ақша қатынастарының әсері.
- d) Жеке мүлік теңсіздігі.
- e) Отаршылдық әрекеттердің күшеюі.

24. Қазақстан территориясында Республиканың негізгі заңдарына сәйкес әрекет ететін меншік түрлері:

- a) Мемлекеттік, кооперативтік.
- b) Жеке және мемлекеттік.
- c) Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың меншігі.
- d) Мемлекеттік және акционерлік.
- e) Жалға берушілік және мемлекеттік.

25. Н.Назарбаевтың жаңа қоғам орнатудағы бейімделудің тиімді жолдарын құру үрдісінің маңызды мәселелері қарастырылатын еңбегі қалай аталады?

- a) «Тарих толқынында».
- b) «XIX ғасыр тоғысында».
- c) «Сындарлы он жыл».
- d) «Бейбітшілік кіндігі».
- e) «Қоғамның бірлігі Қазақстандағы прогрестің шарты ретінде».

Динашева Л.С.
Исаев М.С.
Ортаев Б.Т.

**«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІНІҢ ОҚЫТУ
ӘДІСТЕМЕСІН АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ
ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ
ДАМУ**

Монография

Беттеген: Т. Есжанов
Мұқабасын көркемдеген: Р. Скаков

Басуға 22.11.2025 жылы қол қойылды. Пішімі 84x108 $\frac{1}{16}$.
Офсетті қағаз. Офсеттік басылым. Көлемі 16,5 б.т.
Таралымы 239 дана.

«Асыл» баспасы
Байланыс номері: + 7 701 930 24 16

ISBN 978-601-12-4852-5



9 786011 248525